



ADAM MICKIEWICZ  
UNIVERSITY  
POZNAŃ

**«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ МӘНІ МЕН  
МАҢЫЗЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ «ЗНАЧИМОСТЬ НОВЫХ  
ТРЕНДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ  
ОБРАЗОВАНИЯ»**

**COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND  
PRACTICAL CONFERENCE  
«THE IMPORTANCE OF NEW TRENDS AND  
TECHNOLOGIES IN THE EDUCATION SYSTEM»**

**III TOM**

**УДК 378:001**

**ББК 74.58**

**Ұйымдастыру алқасының төрағасы:**

Сейтқұлов Нұрлыбек Акынұлы - Шымкент университетінің ректоры, п.ғ.д., профессор

**Ұйымдастыру алқасы:**

Ажиметов Н.Н. Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор  
Керімбектова А.А. Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор  
Есимов Б.Б. Тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор  
Сәулембаев А.Т. «Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің деканы  
Джанабаев Д.Ж. «Педагогикалық ғылымдар» факультетінің деканы  
Сабдалина А.К. ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы  
Ахынова У.С. Ғылым департаментінің директоры

«Білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен технологиялардың ғылымдағы мәні мен маңызы» атты халықаралық конференцияның ғылыми мақалалар жинағ. III том Шымкент, 2024-352 бет

**ISBN 978-9965-03-347-0**

Жинаққа білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

**УДК 378:001**

**ББК 74.58**

**ISBN 978-9965-03-347-0**

© Шымкент университеті, 2024ж.

# ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ: ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ

УДК: 347.965 (043.5) (575.1)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДВОКАТТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛДІКТЕРІН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мамаева Макбал Нуржановна - аға оқытушы  
Шымкент университеті, Экономика институты, Шымкент қ.  
ORCID: 0000-0002-2126-2638*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабы 3 тармағына сәйкес әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар.

Үш онжылдық бойы қазақстандық адвокатура азаматтық қоғамның ең маңызды институты бола отырып, өзінің конституциялық миссиясын атқарып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мықты және тәуелсіз адвокатураны құру бойынша нұсқаулар, сондай-ақ адвокаттардың жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажеттігін бірнеше рет айтқан болатын.

2023 жылғы 29 наурызда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев адам құқықтарын қорғау жүйесін күшейту қажеттігін тағы да атап өтті.

«Өмірдің барлық салаларында құқық үстемдігі қағидатын сақтау еліміздің үдемелі ілгерілеуінің іргетасы болуға тиіс. Әрбір азаматтың өз құқықтарын қорғауға сенімді болуы, соттардың әділдігіне күмәнданбауы маңызды. Барлық азаматтар сотта өз құқықтарын қорғау үшін сапалы заң қызметтеріне тең қол жеткізуі қажет. Осы мақсатта мемлекет әлеуметтік осал санаттардан зардап шеккендерге заң көмегіне кепілдік береді», - деді Мемлекет басшысы.

«Мықты адвокатура – құқықтық мемлекеттің тірегі» атты VII Халықаралық Қазақстандық адвокаттар форумына қатысушыларға жолдаған құттықтауында Президент мынаны атап өтті: «Адвокатура азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға арналған негізгі институттың бірі саналады. Құқық қорғау тәсілдерін нығайту жолында Республикалық адвокаттар алқасы маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік органдар осы ұйыммен бірлесе жұмыс жүргізіп, сот барысындағы тараптардың бәсекелестігі мен теңдігін қамтамасыз етеді.».

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында:

- 20 аумақтық адвокаттар алқасы.
- 6119 адвокат.
- 143 заң консультациясы.
- 167 адвокат кеңседе жұмыс атқарады.

Соңғы бір жылда адвокаттар саны 204 адамға немесе 3,33%-ға өсті. Жалпы адвокаттар санының жыл сайынғы өсу тенденциясы байқалады:

Диаграмма. Жылдар бойынша адвокаттар саны.



Егер 2012 жылы бір адвокатқа 3,9 мың адам келсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 3,3 мың адамды құрады.

Осылайша, жалпы алғанда, адвокаттар санының өсу қарқыны халықтың жалпы өсу қарқынынан жоғары.

Бұл азаматтардың құқықтарын қорғау үшін білікті заң көмегіне деген сұраныстың артып, бұл тұрғыда адвокат мамандығының сұранысқа ие екендігін көрсетеді.

Адвокаттардың жартысынан көбі қызметті жеке-дара жүзеге асырады.

Адвокаттарды қызмет атқару нысандары бойынша бөлу келесідей:


- Қызметті жеке-дара жүзеге асырады – 3 197 немесе 52%.
- Заң консультацияларында – 2 251 немесе 37%.
- Адвокаттық кеңседе – 671 немесе 11%.

Диаграмма. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары.




Адвокаттардың жартысынан көбі 5 жылдан 20 жылға дейін тәжірибесі бар кәсіби маман. Диаграмма. Адвокаттарды тәжірибе бойынша бөлу.

### Адвокаттық қызмет өтілі бойынша бөлу



Адвокаттардың басым көпшілігі қалаларда заң көмегін көрсетуге қатысады. Диаграмма. Адвокаттардың аумақтық белгісі бойынша бөлінуі.

### Аумақтық белгісі бойынша бөлу



Мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінде (МКБЗК) 2339 адвокат қатысады, бұл жалпы санның 38% құрайды.


## 2. Көрсетілген заң көмегі бойынша статистика

2023 жылы адвокаттар заң көмегін көрсеткен жеке тұлғалардың жалпы саны 406 384 адамды құрайды.

Оның ішінде 322 331 ер адам, 71 579 әйел, 6 629 кәмелетке толмаған, 5 845 шетелдік және азаматтығы жоқ адамдар.

Диаграмма. Заң көмегі көрсетілген жеке тұлғалар.

### Адвокаттар заң көмегін көрсеткен жеке тұлғалар



Көрсетілген көмек түрлері бойынша (мемлекет кепілдік берген заң көмегін қоспағанда) келесі жағдай байқалады:

Диаграмма. Заң көмегін түрлері бойынша бөлу.

### Заң көмегі көрсетілген адам саны



Сотқа дейінгі процесті қоса алғанда, құқықтары қылмыстық процесте қорғалуы тиіс азаматтарға көрсетілетін адвокаттардың заң көмегі аса сұранысқа ие.

1. Адвокаттардың соттардың, прокуратуралардың, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың ғимараттарына кіруіне кедергілер, адвокаттардың өзі қорғайтын адамға қатысты тергеу әрекеттеріне қатысуға кедергі жасау

Қолданыстағы заңнама адвокаттарға заң көмегін көрсету мақсатында сот ғимараттарына және басқа да мемлекеттік органдарға кіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бірқатар кепілдіктерді белгілейді. 2023 жыл бойы бұл кепілдіктер бірнеше рет сақталмады. Осындай фактілер туралы ақпараттар Республикалық адвокаттар алқасына адвокаттардан және аумақтық адвокаттар алқаларынан түсті.

#### 1) Бұзушылықтардың мысалдары

2023 жылдың қыркүйегінде Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы адвокаттар А., А, Б., Ж. және С.-ға қатысты арнайы ұйғарым шығарды, онда сот адвокаттарды кәсіби міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін деген желеумен адвокаттық қызмет кәсібімен айналысу лицензиясынан айыруды талап етті. Аталған адвокаттар бірнеше айыпталушының қорғаушысы болып, сот отырысына қатысу үшін сот ғимаратына келген. Соттың хабарлауынша, қорғаушылар 19 қыркүйекке белгіленген онлайн сот отырысына қашықтан қосылмай, сот залында өз клиенттерімен бірге жеке қатысу құқығын талап етіп, сот отырысын бұзған.

Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші Н.-ның мүддесін қорғаған Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты С.-ны 2023 жылғы 3 сәуірде Қонаев қалалық полиция басқармасының ғимаратына кіргізбеген.

Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты М.-ны Алматы қаласы Бостандық аудандық полиция басқармасының ғимаратына К.-ға қатысты іс бойынша кіргізбеді, осыған байланысты адвокат Алматы қаласы Бостандық ауданының прокуратурасына шағым түсірді.

Алматы қаласы Алмалы аудандық сотында судья сотқа бетпе-бет қатысу және сотқа құжаттарды ұсыну ниеті бар Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты Ч.-ны сот ғимаратына кіргізбеді. Қызметкер адвокатты ішке өткізбей, дәлізде бір жарым сағат күтіп, адвокат сот есігі алдында

отырысқа онлайн режимде қатысуға мәжбүр болған. Кейін сот төрағасы адвокатты кіргізбеу дұрыс болмағанын және бұл жағдайда шара қолданылатынын мәлімдеген.

Келтірілген мысалдар Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағын бұзушылықтарды қамтиды, оған сәйкес әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Олар Конституцияның 16-бабының 3-тармағына қатысы бар, оған сәйкес ұсталған, қамауға алынған немесе қылмыс жасады деп айыпталған әрбір адам ұсталған, қамауға алынған немесе сотталған кезден бастап тиісінше адвокаттың (қорғаушының) көмегін алуға құқылы.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабының 3-тармағының b) тармақшасына сәйкес әркім өзіне тағылған айыпты қарау кезінде өзі таңдаған қорғаушымен келісуге құқылы.

Осы тармақтың d) тармақшасына сәйкес әркімнің өзінің қатысуымен сотталуға және жеке өзі немесе өзі таңдаған адвокат арқылы қорғауға құқығы бар.

Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жасау жөніндегі БҰҰ Сегізінші Конгресі қабылдаған адвокаттар рөлінің негізгі қағидаттарының 1-тармағына сәйкес (Гавана, Куба, 1990 ж. 27 тамыз – 7 қыркүйек) әрбір адам өз құқықтарын қорғауға және қылмыстық процестің барлық сатыларында оны қорғау үшін кез келген адвокатпен байланысуға құқылы.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 70-бабының 2-бөлігінің 3) тармағында қорғаушының күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға, сондай-ақ олардың қатысуымен өзге де тергеу әрекеттеріне және процестік әрекеттерге, оның ішінде қарап-тексеруге, тінтуге, алуға қатысуға құқылы.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңның 33-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін алуға жүгінген адамның мүдделерін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды. Сол тармақта адвокаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттардың, прокурорлардың, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ғимараттарына адвокаттың жеке куәлігін көрсеткен кезде еркін кіру құқығын пайдаланатыны көзделген.

Айыпталушының ашық сотта жеке сотта қаралу құқығы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабында бекітілген әділ сот ісін жүргізу құқығының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

2022 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы мен адвокатура қоғамдастығы арасында өткен кездесуде жоғары сот органының өкілдері адвокаттың өтініші болған жағдайда сот жиналысқа бетпе-бет жеке қатысудан бас тартпауы керек деп анық жауап берді.



## **Адвокаттық қызметтің кепілдіктерін кеңейту жөніндегі ұсыныстар:**

- Адвокаттардың сұрау салуы бойынша сақтандыру, салық, банктік, медициналық құпияларды, жер тізіліміндегі мәліметтерді, бағалы қағаздарға құқықтар туралы, байланыс операторларынан, атқарушылық іс жүргізу туралы, мемлекеттік шекарадан өту туралы, зейнетақы шоттары туралы, жылжымайтын мүлікке құқықтар туралы құжаттардың көшірмелері, дербес деректер, қолжетімділігі шектеулі ақпаратты адвокаттарға беру.

- Қылмыстық кодекстің 435-бабының жаңа редакциясы «Адвокаттардың заңды қызметіне кедергі жасау», орын алған зардаптарды есепке алмай, формалды құрамды белгілеп, нақты әрекеттерді тізбелейді.

- Барлық ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша алқабилер сотының құзыретін кеңейту және алқабилердің санын 10-нан 12-ге дейін ұлғайту.

- Қорғауға құқығы бар куәгерге мемлекет кепілдік берген заң көмегі (МКБЗК) шеңберінде адвокаттан тегін көмек алу мүмкіндігін беру.

- Адвокаттың мемлекеттік құпияларға қол жеткізуін іс материалдарына қоса берілген қолхатпен ауыстыру.

- Барлық процестік әрекеттері туралы адвокатты алдын ала хабардар ету.

- Қылмыстық-процестік кодексіне адвокатты тінту, тексеру және алу ерекшеліктерін белгілейтін жаңа 256-1 бапты енгізу.

- Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін адвокаттық қызметке кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігін жоққа шығаратын ӘҚБК нормаларының күшін жою.

- ӘҚБК-нің 668-бабы «Адвокаттың заңды қызметіне кедергі келтіру» бойынша жауапкершілік туындайтын әрекеттердің тізбесін айтарлықтай кеңейту.

- Тегін заң көмегі көрсетілетін тұлғалар санаттарының тізімін кеңейту.

- Адвокаттың прокурордың келісімінсіз БАҚ-та клиенттің іс бойынша ұстанымын жариялауы, сондай-ақ клиентке қатысты кез келген жалған ақпаратты жоққа шығару мүмкіндігі.

- Адвокаттың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде және сотқа дейінгі тергеу органдарының үй-жайларында техникалық құралдарды кедергісіз пайдалануы.

- Адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыруды ерікті сақтандыруға ауыстыру.

- Ақпарат қолжетімділігі шектеулі ақпарат ретінде жіктелсе, адвокаттың сұрау салуына жауап беруден бас тарту мүмкіндігін жою.

- Адвокат лицензиясынан айыру туралы іс қозғалған жағдайда оның қызметін тоқтата тұру мүмкіндігін жою.



### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. (2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)
2. Закон Республики Казахстан от 5 июля 2018 года № 176-VI «Об адвокатской деятельности и юридической помощи»
3. Закон Республики Казахстан от 26 июля 2007 года № 310-III «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество»
4. Николаев А. Дипломатические привилегии и иммунитеты // Международная жизнь. 1983. N 8. С. 152.
5. Практическое руководство «Международные принципы, касающиеся независимости и подотчётности судей, адвокатов и прокуроров». Международная комиссия юристов. Женева 2007 г. С.72-73
6. Новый закон об адвокатуре: что могут и должны адвокаты в Италии
7. Канафин Д.К. Соблюдение принципа состязательности, равенства сторон и права на защиту в уголовном процессе. Ежегодник Центра исследования правовой политики 2012. Алматы. С. 99-100.
8. Анализ отдельных положений проекта Закона Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34734809](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34734809)

ӘОЖ 336.719

## **КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ АКТИВТЕРІ МЕН ПАССИВТЕРІН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Г.О.Байдаулетова, магистр, оқытушы  
Г.А.Шалғынбаева магистр, аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Банк активтері бұл пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырылған қаражаттары.

Банктің активтерін басқару бұл меншікті және тартылған қаражаттарды орналастыру бағыттары мен тәртібін білдіреді. Қоржындық басқару да активтер біртұтас басқару объектісі ретінде қарастырылып, мұндағы басқарудың мақсаты олардың қажетті өтімділігін ұстай отырып, төменгі тәуекелдігін сақтау арқылы барынша пайда алу болып табылады. Әрине бұл

жерде активтердің тәуекелдігін басқару оларды әр түрлі бағыттарға орналастыру арқылы іске асады [1].

Банктік тәжірибеде жиі орын алатын активтердің өтімділігі мен табыстылығы арасындағы қарама-қайшылықтарды, біздің ойымызша кез келген коммерциялық банк оларды дұрыс басқару үдерісінде шеше алады.

Банктік активтердің құрылымы баланстың актив жағында көрсетілетін сапасына қарай бөлінген баптардың баланс нәтижесіне қатынасын сипаттайды. Активтердің сапасы активтік операциялардың түрлендірілуіне, тәуекелді активтерінің көлеміне, толық құны жоқ активтердің көлеміне және активтердің өзгеріске ұшырау белгілеріне қарай анықталады.

Коммерциялық банктің активтерін төмендегідей төрт топқа бөлуге болады:

- касса және оған теңесетін ақшалай қаражаттар;
- берілген несиелер;
- бағалы қағаздарға жұмсалынған инвестициялар;
- банктің ғимараты мен жабдықтары[2].

Активтердің сапасы, олардың өтімділігіне, тәуекел активтердің көлеміне, толық бағалы емес активтердің үлес салмағына, активтердің көлеміне, табыс әкелуіне қарай анықталады.

Банк стратегиясының басты мақсаты бұл банктің құнын барынша арттыру, банктік өнімдер мен банктік қызметтерді пайдаланушы банк клиенттерінің талабын, сондай-ақ банктің кредиторлары мен дебиторларының талаптарын ескеру болып табылады [3].

Банктік өнімдер мен қызметтерді тұтынушы клиенттердің талаптарын ескеру банктің тұрақты дамуының негізі. Банктің құнының ағымдағы жағдайын айқындау негізінде банктің стратегиясы жасалады.

Корпоративтік стратегия жаңа банк өнімдері мен қызмет түрлерінің есебінен активтерді түрлендіру және жаңа нарықтарға, соның ішінде халықаралық нарықтарға қызмет көрсетуге байланысты банктің мүмкіндіктерін сипаттайды. Корпоративтік стратегияның іске асырылу нәтижесі бизнесті дамыту болуға тиіс.

Бизнес стратегиясы бұл банктің стратегиялық мақсаттары, міндеттері мен шараларының кешенін және оларды банктік ортада іске асыруды білдіреді. Бұл жерде банктің стратегиясы мен саясатын бір бірінен ажырата білген дұрыс. Саясат бұл стратегияда қарастырылған нақты мақсатқа жетуге бағытталған шаралардың жиынтығы. Сондықтан да саясат бұл стратегияға қарағанда мағынасы тар ұғым.

Банк стратегиясының нақтылығы мен іске асырылу жетістіктері банктің қоршаған ортасына және сыртқы және ішкі қауіптерді тура бағалауына тікелей байланысты. Мұндағы банкті қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріне макроэкономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайлар, ақша-несие саясатының басты бағыттары, қаржылық қадағалау ұйымының талаптары және т.б жатады. Басқаша айтқанда, жақын және алыс қоршаған орталардың банк қызметіне тигізетін ықпалы ескерілуге тиіс.

Жалпы банктің даму стратегиясы мынадай стратегияларды қамтиды:  
маркетингтік стратегиясы;  
тәуекелді басқару стратегиясы;  
қызметкерлерді басқару стратегиясы.

Маркетингтік стратегия жасауда банктің өзінің өнімдер мен қызметтерін нарыққа шығару, тұрақты клиенттерді тартуға мүмкіндік беретін жолдары таңдалады. Маркетингтік стратегияны жасау барысында банк жетекшілер мыналарды ескереді:

бұрынғы клиенттерге банкте бар қызметтерді көрсету;  
белгілі бір нарық сегментінде қызмет көрсетуді қысқарту немесе тоқтату;

жаңадан жаулап алған нарықтың сегменттерінде жаңа клиенттерге ескі банктік өнімдерді ұсыну;

жаңадан жасаған қызмет түрлерін жаңа нарыққа ұсыну;  
жаңа қызмет пен өнім түрлерін бұрынғы нарықтарда ұсыну.

Тәуекелді басқару стратегиясы бұл банк өнімдерін сатуға байланысты туындайтын зияндарды азайтуға бағытталған банк қызметін басқару бағдарламасы.

Банк тәуекелдерін басқару стратегиясын жасау ситуациялық талдау нәтижелеріндегі банк қызметінің қауіпті жақтарын ескеруге негізделеді. Банк тәуекелдерін басқару стратегиясын жасау барысында мыналарды ескеру қажет:

әрбір тәуекелдің жоғары шекті дейгейін анықтау;

өткен жоспарлау мерзімінде болған тәуекелдердің шамасын бағалай отырып, жоспарлау мерзімінде болатын тәуекелдердің ықпалдылығын болжау;

банктің тәуекелдердің ағымдағы деңгейіне бақылау жасауды қамтамасыз ететін банкті басқару механизмін жасау;

форс-мажорлық жағдайларда туындайтын әр түрлі тәуекелдерді бейтараптандыруға арналған шаралардың жоспарын жасау.

Банк қызметкерлерін басқару стратегиясын жасауды ситуациялық талдау нәтижесінде анықталған банктің ұйымдастырушылық құрылымының міндеттерді шешуге сәйкес келуі сияқты көрсеткіштер ескеріледі[4].

Банктер дағдарыс жағдайында өзгеру стратегиясына, экономикалық тұрақтылық жағдайында бірігу стратегиясына, ал экономикалық өсу жағдайында жаулап алу стратегиясына көңіл бөлуге тиіс. Бұл жерде қандай стратегия болмасын бәрі нақты жағдайға тәуелді болып келеді.

Өзгеру стратегиясының мақсаты бұл дағдарыстық жағдайдан шығуға байланысты шаралардың жүйесін жасау. Мұндай жағдайда банк менеджменті банк балансының жағдайын сауықтыру мақсатында табыс әкелетін активтердің бір бөлігін сату мүмкіндігін қарастырып, сондай-ақ қызметкерлердің бір қатарын жұмыстан босату және технологияға инвестиция жұмсау есебінен үстеме шығыстарды азайту мүмкіндіктерін қарастыруға тиіс.

Бірігу стратегиясы бұл негізінен өсу стратегиясының жалғасы болып табылады. Консолидациялау стратегиясының мақсаты – банк пайдасын өсіру және нарықтағы үлесін сақтап қалу. Бірігу стратегиясының жағдайында пайданы арттыру банктік технологияларға инвестицияны өсіру, қызметкерлер жағынан қайтарымның өсуі, үстеме шығындары үнемдеу есебінен іске асады. Жаулап алу стратегиясының бір түріне бірігу және қосылу стратегиялары жатады. Бірігу және қосылу стратегияларының негізгі себептеріне мыналар жатады:

- капитал жеткіліксіздігі;

- өсуге деген қажеттілік;

- ақша қаражаттарының сыртқа кету тәуекелінің төмендеуі (өтімділікті жоғалту) және имиджді нағайту;

- бір атаққа ие болу;

- пайданың өсімін алуға ұмтылу;

- нарықтағы үлесін арттыруға деген қажеттілігі;

- білікті кадрларды тарту;

- бәсекелестік ұстанымды нығайту.

Бірігу және қосылу (интеграциялану) стратегияларының негізгі артықшылықтары мынадай:

- банк операцияларының көлемін өсіру нәтижесінде пайданың өсуіне және рентабельділік деңгейінің артуына тез арада қол жеткізу;

- қызметкерлердің біліктілігін толықтыратын жоғары біліктілік деңгейін алу;

- банкті сол елдің, аймақтың немесе қаланың ішінде ең жақсы банктер қатарына қосу.

Бірігу және қосылу немесе өсу стратегиясын дұрыс жасау керек, себебі, мамандардың бағалауынша олардың сәтті қосылу ықтималдығы 50%-ды құрайды.



3 сурет. Банктің қаржылық стратегиясы  
Ескерту – [5] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды

Біздің ойымызша қаржылық стратегияны екі деңгейге, яғни стратегиялық және тактикалық немесе шұғыл дейгейіне бөліп қарауға толық негіз бар. Стратегиялық деңгейге мынадай сатылар кіреді:

1) қаржы нарықтарында операциялардың дамуының басымдық бағыттарын таңдау немесе нарықтың белгілі бір сегментіне (топтық сегментіне) көңіл аудару қажет;

2) осы нарықтарға өнімдер мен қызметтерді өткізуге арналған меншікті және тартылған қаражаттардың мөлшерін және құрылымын анықтау;

3) банктің активтерінің «құндылығы» ұғымын қалыптастыру және оны құрайтын ұйымдастырушылық бірліктер немесе бөлімшелерді анықтау;

4) активтердің құндылықтарын өсіретін мүмкіндіктерді айқындау және ол мүмкіндіктерді іске асырудың негізгі бағыттарына көңіл бөлу;

5) банктің құнын арттыру тұрғысынан алдыңғы сатылардағы жасалған стратегиялық таңдауларға баға беру. Болжамданатын уақыт мерзімінде (мысалы, бір жыл) анықтайды. 3 – сурет бойынша ол өзіне барлық деңгейлердегі бюджеттермен қарым-қатынастарды, ұйымның табысын құру және оны пайдалануды, қаржы ресурстары мен олардың құрылу көздеріне қажеттіліктерін біріктіреді.

Базалық стратегияның мақсаттарының жиынтығы, әр түрлі қаржы нарықтарындағы олардың іске асырылу бағыттарын үлгілеуде нақты көрініс

табуға тиіс. Мұндай көзқарас, банк өнімдері мен қызметтер түрлерін сатып алушыларға өткізудегі менеджменттің қаржы стратегиясындағы көре білуін сипаттайды. Бұл жерде сатып алушыларға ұсынылатын банктің өнімдері бәсекелестік қабілетті болуға тиіс.

Сонымен, қаржылық стратегияда тек қана өзге банктер тарапынан туындайтын бәсекелестіктің деңгейін ескеріп қоймай, сондай өнімдерді ұсынуға қабілетті қаржы делдалдары жағынан болатын бәсекелестік деңгейіне мән беру қажет. Нарықтың жекелеген немесе топтық сегментіне өзінің қызметін бағыттау және ондағы сатып алушылардың тобының банктің өнімдері мен қызметтеріне деген қажеттілігін жоғарғы тиімділікпен қанғаттандыру, бәсекелестерімен салыстырғанда жоғары баға белгілеуге мүмкіндік беріп қоймай, банктің жоғары деңгейде табыс алуына ықпал етеді.

### **Библиографиялық тізім**

1. Дробозина. Л.А. Финансы. Денежное обращение. Кредит.- Оқулық.- Юнити, 2019 – 360 стр.

2. П.Н.Бузаубаева, С.Б.Мақыш. Екінші деңгейлі банктер қызметін тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалаудың шетелдік тәжірибесі //Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы. №1, 2021 ж. – 174-189бб

3. В.Н.Непшина, Ю.В.Трофимова. Стратегическое управление банками Республики Казахстан в системе глобальной экономики // Central Asian Economic Review. №1, 2020 г. – Стр 173-187

4. Khanna, S., Martins, N. (2018), “Six digital growth strategies for banks”, McKinsey Digital, available at:<https://www.mckinsey.com/business-functions/mckinsey-digital/our-insights/six-digital-growth-strategies-for-banks> (accessed: December, 12, 2019)

5. А.А.Адамбекова, Н.Т.Адамбеков. Доступность финансовых услуг в Казахстане: сильные и слабые стороны// Central Asian Economic Review. №5, 2020 г. – Стр 142-155

ӘОЖ 94 (574)

## **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*Бахтибаев А.А. т.ғ.к., аға оқытушы  
Абдурахманов Н.А. т.ғ.к., аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Рухани жаңғыру жолына түскен Жаңа Қазақстанда ұлттың рухани мұрасын танып білу, ұлттық идеяны насихаттау басты мақсатқа айналып

отыр. Бүгінгі Тәуелсіздіктің таңы атқан шақта ұлт үшін басын бәйгеге тіккен асылдарымызды ұлықтайтын мезгіл жеткені анық. Біздіңше ұлттық идены өміршең ету үдерісі сонау 1913 жылы «Қазақ» газеті басыла бастаған тұстан бастау алады. Ұлттық идеяның басты ұстын-тірегінің бірі тіл һәм әдебиет десек, «Қазақта» бұл мәселе де қағажау қалмаған. Мәселен, «Әдебиетімізге көз салу» атты мақалада мынадай ой айтылыпты: «...Біздің алдымызда қазір жаңа тарихымыз майданға қойған һәм шешілуі қажет мәселелер - шүбәсіз тіл һәм әдебиет мәселелері. Жас буынды келер заманға даярламақ үшін ұлт мектебі негізін қалау, ұлттық идеясы мызғымас мемлекет құру, елжіреген жас жүрекке биік идеал жарығын салу үшін ұлт әдебиетін гүлдендіру ісінің уақыты келер, біз де талпынармыз. Қазақ тілі анығында (гибкость) икемділігінде, (плавность) ағымы тегістігінде Радлов секілді түрікшілдердің ойынша Еуропа тілдерінен француз тілімен тең. Бірақ қошеметке мәз болып, тілімізді ескерусіз тастай алмаймыз. Әрдайым тіліміз үшін бар күшімізді жұмсап ажарлауымыз, байытуымыз тиіс.

Халықтың әрбір қайғысын әдебиет айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, әдебиет тұрмыспен берік байлаулы болсын.

Еліктеу сондай нәрсе, оны мүмкін қадір есімізге кім түсірерлік. Бірақ қасқаларға басы бүтін ермеу біз секілділер үшін қиын іс. Тіпті мүмкін емес. Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз. Бірақ кімге еруіміз мақұлырақ? Кімге ерсек заманға, логикаға тура келер?» [1]. Осындай салмақты сауалмен ұлттық идеяны өрістетету жолын талмай іздеген, асыр басындағы біртуарларымыз тағы бір «Бұл бізге бір айна» атты базыналы мақаласында «Адам баласы өзінің тұрмысына керекті болған нәрсенің керектілігін көріп әбден ділгірленбей тұрып, керекті керек білмейді. Біз құдайдың кең даласында жүріп, қымыз ішіп, ет жеп отырғанда дүниедегі бар халықтың бәрінен де өзімізді қайырымды, жомарт, артық халық білеміз. Тек бізге қымыз бен ет табылсын, замана жайы, жұрт ыңғайы, білім, өнер деген нәрселер ойға да кіріп һәм керегі де болып шықпайды. «Таңдағы тамақ - Тәңірден» дейміз де, кедейлер көк шолақтарын, болыс, би өз тамақтарын жүре тойғызып, қыдырып жүре бермек. Бұл күнде тәтті ас ішіп, меймандос болып қана тамағын күйттеген халықты жомарт, қайырымды халық демейді. Қайырымдылық, жомарттық тамақта ғана болмасқа керек. Тіршілік ретіндегі керекті істерді басқаға да сүю ретінде болса керек. Біз осы күнде сан жағынан көп болсақта, білім, өнер жағынан құралақан қалған, керекті керек білмей, ішкен-жегенімізге ғана мәз болған халық екендігімізді өзімізге ашып көрсетіп берерлік бізге айналар көп. Соның бірі - біздегі оқу, оқытудың кемдігі [2] - деп білімсіз елдің биікке өрлемейтінін, ағарту саласын алға бастырып, тілді сақтап, дінді берік ұстап, ділді кірлетпегенде ғана ұлттық сана көтеріліп, ұлттық идея берік орнығып, жарқын болашаққа, кемел келешекке кез келген елдің нық қадам басатынын ашық айтады. Бұл өрелі пікір төңкерістен соңғы «төртінші билік» міндетін мінсіз атқарған «Ақ жол» газетінде де жалғасын тауып, «Қырғыз-қазақтың ұлт мектебін жасауға кірісіңдер!» деген ұран да ортаға тасталып, «Түрлі себептермен жоқ болып,



күнде жоқталып келе жатқан қырғыз-қазақ ұлт мектебін жасау міндет болмақ еді. Мектептерінде мұғалім жоқ, оқу құралдары жоқ. Жат жұрттың молдалары жат тілмен оқытып, жалпыға түсінікті, керекті ұлт мектебі бола алмай отыр.

Бұрын мектебі болып көрмеген жұрт оқуды керек қылса да, жоғының жөнін біліп, көзін тауып істей алмай отыр. Сөйтіп, оқу іздеген қазақ-қырғыз жастары қалаларда шұбырып жүр. Оған жарамайтын шын мектеп жасындағы балалар түк көрмей, отбасында өсіп жатыр. Үлкендер арасына заң тарату, хат таныту дегеннен нышан жоқ.

Мұнан шығатын мән: мектебі жоқ, мәдениеті жоқ. Шаруасы тұрақсыз, тұрмысы орнықты қазақ-қырғыз халқы күн санап азып, оқу орнына мұсылмандықты үйреніп, өнер орнына «сартыққа» жаттығып, аяғынан тозып кетпек.

Өнерлі, шаруасы қаржылы жұрттардың отар қонысы, арзан қосшысы болып келген қырғыз-қазақ еңбекшілері надандық кесірінен өз ішінен шыққан сұмдарға жем болып келген. Қырғыз-қазақ кісілері шаруа майданында саяси ақыларына ие болуда оқусыз күн көре алмақ емес.

Қырғыз-қазақ еңбекшілеріне Бұқара сартының сәлде, шапаны мен дін саныраға керек емес. Көңілі ағаруы, көзі ашылуы тіршілік қамы, дүние өнерін білуі керек. Бұл ана тілі мен ұлт мектептерінен танылмақ. Мектеп келешектің дүкені, жұртшылықтың қорғаны, саясаттың жарамды құралы» [3] - деген сүбелі ой сарапқа салынып, қырғыз-қазақтың ұлт мектебі жасалуы тиістігі мәселесі төтесінен қойылса, Т. атты бүркеншік есімді автордың тағы бір тағылымды дүниесінде Совет хүкіметі жарыққа шығып, мемлекет билігіне пролетариат қосалығымен қатар, ұлт ерікіндігі жарияланған соң ұлт жұмысына жұмыла кірісіп, «Оқындар!» деген құр айқайға зор бергенмен гөрі оқудың мүмкіндігін істесе, орнықты халықтың жастарының қолын оқудың бұтағына іліндіру сонда ғана жүзеге асып, жұрт та ұлттық идеяның бәйтерегінен алыстамай, қазақтығын сақтап қалуға талпынар еді деген тамаша ойды қатаң цензураның қалтарысында тұрып-ақ ірікпей айтып салады [4]. Жалпы ұлттық идеяны сол тұста баспасөз бетінде бүркеншік есіммен насихаттағандар жетіп артылады. Олардың ішінде өзіміздің Оңтүстіктің төл перзенттері де аз емес. Солардың қатарына Тәңірберген Отарбаев та бар.

1893 жылы Шымкент қаласының Қатынкөпір елді мекенінде дүниеге келген ағартушының әкесі Отарбай кедей кісі болған. Кенжеқожаның медресесінде сауат ашқан қаламгер бар биікке өз күшімен жетті. Өзі тұрасындағы өмірбаянда «Тұрмыстың тапшылығынан ауыл мектебін әрең тәмамдап, 1905-1910 жылдары Шымкенттегі медреседе тәлім алғанмын. Ағартушылыққа 1910 жылдан бастап басыбүтін бет бұрып, 1917 жылға дейін Шымкент маңайында мұғалім болдым да, 1917-1920 жылдар арасында осы аймақта жаңа мектептердің ашылуына атсалысып, білім саласында қызмет еттім.

Ал 1920 жылы партия қатарына енген соң, Сырдария губерниясына қарасты Қазпедтехникумда қазақ тілі пәнінің мұғалімі, 1923-1925 жылдары Шымкентте мектеп меңгерушісі, Қожанов атындағы балалар үйінің директоры лауазымында болсам, 1923-1928 жылдарда Шымкент қаласында ашылған Ахмет атындағы тұңғыш жеті жылдық қазақ мектебінде (қазіргі Қ.Сыпатаев атындағы №7 техникалық лицей-мектебі) қазақ тілі мен әдебиетінен балаларға сабақ бердім. 1930 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) педагогика факультетін бітіріп, жоғары оқу орнында да ұстаздық еттім. Денсаулығым жарамай бұл жұмыстан қол үзгесін 1933 жылы Шымкентке қайттым да, 1934 жылы Сарыағаштағы Қапланбек зоотехникалық мал дәрігерлік техникумына ұстаз болып ауыстым» [5] », -деп бәрін бүкпесіз айтқан ол ұлттық идея жайлы да ұдайы қалам тартып, бір мақаласында былай дейді: «...Түрік қауымы мұсылман болудан бұрынғы қалпынан мұсылман болған соң, мәдениет жүзінде жоғарылай алмады. Қайта төмендеді. Жалпақ, кең, таза, бай әдебиетін бұралқы сөздер қатыстырып, тұнық суды лайлағандай-ақ былғады.

Сенім күштерін нашарлатты, болмасқа нанғыш, сенгіш етті. Адамды әулие көрсетіп, табыншақ қылды. Ақыл-ойын, сезім күштерін де осалдатты. «Түстік ғүмірің болса, кештік мал жи» деген аталарының аталы сөздерін ұмыттырды. Келешегін қайғырмайтын тағдыршыл қылды.

Ағарту мекемелерінде қолынан іс келетін істемпаздар аз болса да бар. Бірақ қадамы қарқынсыз. Сол үшін ағарту жабдығымыз жоқтың қасында. Оқу істеріміз түрлі қиыншылықтарға ұшырап, әркім бет алдына жайылып, қайынсыз кетіп барады» [6]. Тәубе, руханият ісінде сан қиындықты бастан кешірген бодан заман келмекке кетті. Азаттық таңы атты. Тәуелсіздік дәуірінде ұлттық идея толық қалыптасып, Қазақ елінің де қанаты қатая түсті. Тұңғыш Президентіміздің септесуімен «жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымы қалыптасып, ана тіліміз өз тұғырына қонды, дін ислам-діңгегімізге қайта оралып, иманды ұрпақтәрбиелеу үдерісінің желісі үзілмей, өз жалғасын тапты. Көпұлтты Қазақстан татулықтың тал бесігіне айналып, 130-дан аса ұлт пен ұлыстың құтты мекеніне айналдық. Ал бүгін Жаңа Қазақстанды қалыптастыруға бет бұрдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз. Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына қалайда жетеді. Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Бұл нені білдіреді?

Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды» [7], - ұлттық идеяның өзегі қайда жатқанын анық аңғартқан болатын. Демек, ұлттық идеясы қалыптасқан Жаңа Қазақстанның жарқын болашақтағы алар асуы да, шығар беелесі де көп болатыны еш күмән тудырмайды.

### **Библиографиялық тізімі**

1. «Қазақ», №164. Сенбі, 9 январь, 1916 жыл (қоян).
2. «Қазақ», №186. Бейсенбі, 23июнь, 1916 жыл (қоян).
3. «Ақ жол» №289. Сенбі, 31 март, 1923 жыл.
4. «Ақ жол» №296. Бейсенбі, 24 апрель, 1923 жыл.
5. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 16-қор, 1л-тізбе, 647-іс, 5 п.
6. «Ақ жол», №545. Жұма, 6 март, 1925 жыл.
7. Тоқаев Қ. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2022 жыл, 16 наурыз.

ӘОЖ 94 (574)

## **АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АЛТЫН ОРДА ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ЖАЙЛЫ ЖАЗБАЛАРЫ**

*Омарова Р.А. т.ғ.к., аға оқытушы  
Абдурахманов Н.А. т.ғ.к., аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Ұлт батырларын ұлықтау, Алтын Орда сынды хандықтың рухани мұрасын, тарихын білу – ұрпақ борышы. Ғасырлар қойнауында, тарих бедерінде ат-атағы кең тараған, дүйім жұртқа дара тұлғалар сыйлаған, дарабоздар шыққан іргелі ел, бірегей мемлекет Алтын Орда еді.

Ұлт тарихын зерделеу – ұлық іс. Қазақтың кешегі талайлы тарихы азаттық жолындағы арпалысқа, Тәуелсіздік жолындағы тіреске, бостандық жолындағы бұлқынысқа толы. Ата жауынан ақырып теңдік сұраған талай батыр бабалар, біртуар баһадүрлер ұлан ғайыр ұлы даланы жау табанына таптатпай, егеулі найзасын қолға алып, еңку-еңку жер шалып, жалынды ғұмырын ат үстінде өткізді. Ұлтарактай жер үшін, ұрпақ қамы, ұлт болашағы үшін қас дұшпанмен қан майданда кескілесіп өткен батырларымыздың, хандарымыздың қарасының қалың болатыны да сондықтан. Әсіресе, шерлі шежіремізге байыппен үңілсек, Алтын Орда тұсындағы тарихи тұлғалардың өзі бір төбе. Демек, дана бабаларымыз айтқандай, батыр ортақ, бақ жалқы. Отанын қасық қаны қалғанша қорғаған, тамам қазақ атын ту еткен, ерлігі ел аузынан түспеген ерлер ол дәуірде де аз болмады.

Тәуекел еткеннің ғана маңдайына бұйыратын бақыт – киелі Тәуелсіздігімізге қолымыз жеткен осынау ширек ғасыр ішінде де талайлы тарихымыздағы тасада қалған қаншама қаһармандарымыз туған халқымен қайта қауышып жатыр. Демек біз тарихи жадымыз қайта жаңғырып, ұлт алдындағы қасиетті борышымыз мүлтіксіз орындалсын десек, өткенсіз болашақтың жоқтығын, бүгінсіз ертеңнің бұлдыр болатындығын қаперде ұстап, ең алдымен, «ақтаңдақтары» аз емес төл тарихымызға зор құрметпен қарап, Алтын Орданың айтулы хандарын, бірегей мемлекет қайраткерлерін, өнер иелері мен өр батырларын кейінгі толқынға кеңінен насихаттауда қашанда алда болуға тиіспіз. Өйткені елінің намысы болған тұлғасын таныған елдің келешегі көмескі болуы әсте мүмкін емес.

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Жалпы, Алтын Орда – Жошы ұлысында ірге көтерген ірі мемлекет. 1240 жылдары орыс княздықтары толық басып алынған соң Моңғол империясының батысын түгел алған бұл хандық Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказдың жерлерін қамтыды. Алтын Орда өз өрлеу кезеңінде ұлан байтақ аймақты алып жатты. Шыңғыс ұрпағы Батый хан негізін қалаған елдің Сарай Бату, Сарай Беркеге секілді астаналары болғанын да білеміз.

Алтын Орда атауы орыс деректерінде де аз кездеспейді. Алтын босағалы ордаға Батыйды кіргізіп, Жошының орнына хан сайлағалы бері осылай аталған хандықты ол 1227-1255 жылдары биледі. Өте әділ билеуші болған Батый Алтын Орданы нығайтумен бірге Батысқа жорыққа шығып, ірі жеңістерге жетті. Жеті жылға созылған жорықтан соң тағы да батысқа аттанып, башқұрттарды, 1236 жылы Еділ бұлғарларын тізерлетті. Үш жылда орыс княздықтарын да күйрете жеңіп, Легница мен Мухида неміс-поляк қосынын да талқандады. Алайда, 1241 жылы Үгедей хан қайтыс болған соң, Венаны алғалы тұрған жерінен елге оралады.

Ал, 1242 жылы Венгрия арқылы Болгарияны да хандықтың иелігіне қосқан жаужүрек Батыйдың атақ-абыройы тіпті аспандады. Қосындары негізінен қыпшақтардан тұратын Алтын Орда Алтайдан Дунайға дейінгі елдердің бәрін де бағындырды. Шығыс Еуропа, Кавказ, Орыс кінәздіктері де бодан болып, Алтын Ордаға салық төлеп тұрды. Әскери билікті беклербектер ұстаса, азаматтық басқару түркілер тұқымынан шыққан әкімдердің әмірімен жүзеге асып отырды. Ислам діні де өркендей түсті.

Берке хан басқарған Алтын Орда Египет сұлтаны Бейбарыспен байланыс орнатып, 1262 жылы екі елдің арасындағы дипломатикалық келісімдерді елшілер жүзеге асырды. Кавказдағы жорықта шейіт болған Берке ханнан соң Меңгу-Темір ханкезінде де сауда-саттық байланысы деңгейге көтерілді.

Онан соң Тохты хан (1290-1312) хандықты биледі. Ол сауда байланысын күшейтті, Египет мәмлүктерімен қарым-қатынасты жолға қойды. Өзбек (1312-1342), Жәнібек хандар (1342-1357), кезінде Алтын Орда тіпті өркендеп, ислам діні мемлекеттік дінге айналып, Өзбек хан Сарай Беркеде көптеген мешіттердің салынуына мұрындық болды.

1357-1380 жылдары тақ үшін талас көбейіп, 1380 жылы Алтын Орданың қолбасшысы Мамай әскері Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен жеңілген соң ұлы мемлекет құлдырай бастады. Соңғы ханы Шейх Ахмед 1502 жылы өлген соң мызғымас Алтын Орда мемлекеті де біржола күйреп, орнында Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Сібір, Қырым, Қазан, Астрахань хандықтары пайда болды.

Әйгілі Сыпыра жыраудың жырларына байыппен үнілсек, Бату (1227-1256 жж.), Берке (1258-1266 ж.ж.), Мөңке Темір (1265-1288 жж.), Туда Мөңке (1282-1287 ж.ж.), Тоқта (Тоқтай 1291-1312 ж.ж.), Өзбек (1312-1342 жж.), Жәнібек (1343-1357 ж.ж.), Тоқтамыс (1380-1395 ж.ж.) – бәрі де алып мемлекеттің атақты билеушілері еді [1]. Халқының денін қыпшақтар, татарлар, түркіленген моңғолдар, қияттар құрайтын, бертініректе қоңыраттар, маңғыттар, ноғайлар, арғындар, тамалар, т.б. қазақ ру-тайпалары толық енген мемлекетті қазақ мемлекеттігінің ұстын-тірегі деуге де әбден болады.

Алтын Орда хандығын зерделеуді қазатың төл тарихын зерттеудің жаңа дәуіріне қадам басу десек те, 1944 жылдан бастап Алтын Орда хандығын зерттеуге тосқауыл қойылды. Алтын Орда хандығын теріс оқытып, өзгенің жерін жаулап алған жат мемлекет ретінде насихатталған соң, бүтіндей бір ұрпақ өз өткенінен көз жазып қалады.

Оны зерттеген ғалымдар да тергеп-тексерілді. Мәселен, Қаныш Сәтбаев «Едіге» эпосын зерделегені үшін қуғын көрді. Яғни, Сәтбаев 1951 жылы Қазақстан КП (б) ОК хатшысы Ж. Шаяхметовке, БКП (б) ОК хатшысы М.А. Суловқа кешірім өтініп, хат жолдап жүріп соттан басын әрең арашалап алды.

Кезінде Жәнібек хан жайлы кеңестік кезеңнің қатаң цензурасына карамай М.Тынышбаев пен С.Сейфуллин де аз-кем қалам тартқанын білеміз.

Жалпы, 1937 жылы Б.Д. Греков пен А. Якубовскийдің ғылыми монографиясы жарияланған соң, Қазақ хандығын Алтын Орданың ізбасары деуге ешкімінің жүрегі дауаламады. 1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннен соң, тарихшылар да үреймен өмір кешті. 1937 жылы репрессияланған Санжар Асфендияров та бұл тақырыпты өзінің іргелі еңбектерінде біраз қозғағанымен, ол да 1937 жылдың 29 қыркүйегінде «Казахстанская правда да» «Тарихшы атын жамылған жапон шпионы» атты мақала шыққасын, «хандарды мақтап, қазақ халқының тарихына қиянат жасаған» Асфендияров та атылып кетті.

Алтын Орданы зерттеуші кеңестік жалтақ тарихшылар «Едіге» эпосын да күресінге тастап, «пантүркизм және ұлтшылдық идеяларына толы хандар мен феодалдардың эпосы» деп халықты ұлтты ұлттық мұрасынан айырды.

Сол Алтын Орда дәуірінің ескерткіштері жайлы Жүсіпбек те қалам тербеген. Ол «Әзірет Сұлтан» атты мақаласында: «Шақырымдай жүрген соң, бұраң көшелі құлаған, қикайған ескі дуалдарға ұшырайсыз. Қыш тамдар андағайлай береді. Анда-санда жерде топырақ томпаяды. Томпайса – басында алақандай кураған ақ шүберек желбеңдейді. «Әулие» екен дейсің. Сайрамдағы сансыз баптардай мұнан да «әулиеден» аяқ алып жүргісіз екен...Ескі мәдениеттің есіл қымбат жұрнағы бет-аузы айғыздалып, сырлауы көшіп, бұрыштары жеміріліп, құбыла жағы толықсып, жантайып, мұнараларының қабырғасы шатынап, құлауға таянған екен» [2],-деп келімсектер орнатқан кедейлер үкіметінің көне кесенені мәдени мұра санатынан шығарып тастағанын тіке айта алмаса да, ғасырлардан бері келе жатқан әулиелі құрылыстың құлағалы тұрғанын нали жеткізіп, қолынан келер қайран жоқтықтан бар ыза-шерін ақ паракқа төккен сыңайлы.

«Ақсақ Темір (Әмір-Темір көреген) хан ел шапқыш, қанішерлігімен атағы шықса да, бір жағынан халыққа мәдениет орнатуға қам қылған. Араб, парсы, Үндістаннан ғалым, өнерпаз алдырып, мектеп-медресе салдырып, дәріс сөйлеткен, үй-жұрт, мешіт, көпір салдырған деседі» [3],- деп дүмбілез зерттеушілермен бірге Әмір Темірді қаралай жөнелмей, шындығын айтыпты.

Қалай десек те, Жүсіпбектің бұл мақаласы, осы тектес өткен дәуірді аңсаған, баба тарихын ұлықтаған мақалалары түбінде өзіне соққы болып тиді. Сүргінге ұшыратты. Оған тағылған «халық жауы» деген жалаға «хандарды дәріптеді» деген қосымша айыптың қосылуына алып келді. Яғни, Жүсіпбектің де Алтын Орда хандарын дәріптегені оның репрессияға ерте ілігуіне әсер етті дей аламыз.

Ал, ел тынысындағы өзекті мәселелерді шешуге жол іздеп, шама-шарқынша ұлттық мүдде жолында қызмет еткен «Қазақ» қоғамдық-саяси газетінде де ұлт зиялысы М. Дулатов Алтын Орда дәуіріне қатысты біраз мақала жариялапты.

Расында ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің өсіп-өркендеуінде өз сүрлеу-соқпағы бар «Қазақ» газетінің орны бөлек. Өйткені, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола біліп, елдің қамын, қалың қазақтың жайын ойлап, жоғын жоқтаған бұл басылым кезінде сол кезеңнің қоғамдық-саяси өмірін мейлінше боямасыз суреттеді.

Олай болса, жаңа дәуірге аяқ басып, ел тілегін жоғары жақтағы төрелерге жеткізіп, мәдени-ағарту жұмыстарын да жандандыруға сеп болған, ұлтты оятуды көздеген ұлттық басылым бола білген «Қазақ» расында да беделі зор газет еді. Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен бес жылдан аса уақыт шығып, биліктің бұйрық-жарлығынан, ел және шет ел жаңалықтарынан, оқу-ағартудан, ауылшаруашылық, мәдениет, медицина, жұрттың тұрмыс жағдайынан бөлек тарихқа да орын берді. Мемлекеттік дума, этнография, әдебиет, құқық, оқу-ағарту саласы, дін, әлеуметтік-экономикалық жағдай, сауда, қамқорлық әкімшілік, сот және сайлау барысы т.б. тақырыптарды да қамтыды.

1913-1918 жылдар аралығында шыққан «Қазақ» газеті шын мәнінде ұлт рухының жаршысы еді. Газет айналасына топтасқан зиялы қауым да әсіресе төл тарихымызға қатысты ойларын ел талқысына салып отырды. Газеттегі «Ішкі хабарлар», «Сыртқы хабарлар», «Басқармаға келген хаттар», «Өлең-жыр», «Оқшау сөз», «Соғыс хабарлары», «Газеталардан» деген тұрақты айдарларында маңызды материалдар жарық көрді. Дегенмен қысым мен қыспаққа қарамастан газеттің беделі өсті. Ұлттық мәселені де, саясатты да батыл көтерген ұлттық басылымда А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, Ш. Құдайбердіұлы, Р. Мәрсеков, М. Жұмабаев, Х. Ғаббасов, Ғ. Қараш, Ж. Жәнібеков, Ж. Тілеулин, С. Дөнентайұлы т.б. тер төкті.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не айтып, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашағына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайын, рақым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып-білуге тиіс болады» деген «Түрік баласының» толғамынан соң іле-шала «Қыр баласы» – Әлихан Бөкейханов «Моңғол халі» мақаласында: «... 1222-інші жылы Шыңғыс опат болды. Шыңғыс ханның немересі Саян хан, дүниеге жайылған аты Бату, еуропаша – Батый Рязан, Владимир, Москваны (1237 жыл), Киевті (1240 жыл) алып, Венгрияға жүремін деп тұрғанда, үлкен хан Үгедей опат болып, Бату жолдан қайтты. Үгедей тұқымы жанжал шығарып, таласып, үлкен хандық Шыңғыстың төртінші баласы Төле немересі Мангуге қалды. Папа Инокентий жіберген софы Плано Карпини, Франция королі Людовик Святой жіберген Рубрук осы Мангуге барған еді (1253 ж). Бату бұл уақытта орысты билейтін Еділ бойында еді. Баласы Сырдак осы күнгі Саратов губерниясында, Атығар уезінде еді.

Мангудің інісі Гулагу Бағдат, Сирияны алды. Мангуден кейінгі зор Құбылай Қытайды анық алып, бұл күнде Қытай патшасы мекен қылған Пекин қаласын салды. Қытайға патша болып, тұқымына Қытай рәсімі бойынша «Иуан» деп ат қойды. Осы Құбылай қолында тұрып, монғол-Қытайды әдемілеп жазған Венеция көпесі Марко Поло (1271-1292).

Құбылай хан оқымысты, ғалымдығы жүйрік еді. Пекинде осы күнде Құбылай хан жиған жұлдыз көретін аспаптар бар. Құбылай хан Маңғолға әліппе шығарыпты. Құбылай хан опат болды 1294-нші жыл»[4],- деп ұлт тарихын терең танитынын байқатса, М. Дулатов «Хазірет Сұлтан» атты еңбегінде:

«... XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты «Йассы» екен. Кішкене ғана Йассы деген қышпақ XII ғасырда, сол жерге Қожа Ахмет Йасауи Әзірет Сұлтан келген соң, даңқы шығып кетіпті. 1166 жылы Қожа Ахмет Йасауи опат болып, онан кейін оның бейітін түрік тұқымы, әсіресе қазақ халқы һәр уақыт зиярат ететін болыпты.



1397-ншы жылы күзді күні атақты Әмір-Темір Йассыға келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылған. Осы күнгі мешіт-белгі сол»[5],- деп Жүсіпбекке дейін-ақ хандық дәуір тақырыбын қаузап қойыпты.

Қорыта айтқанда, Кеңестік қатаң сүзіге қарамай Алаш зиялылары Алтын Орда дәуірі, сол заман батыр-хандары туралы там-тұмдап болса да советтік баспасөзде біраз қалам тартқан. Ендеше сол мәні бөлек мақалаларды тауып, тиісінше зерттеп, таразылап, ұлт тарихының олқы соғып тұрғанын толтыру барша ұлтжанды зиялының азаматтық борыншы екенін де есте ұстағанымыз дұрыс.

### ***Библиографиялық тізімі***

1. Нысаналин А. Алтын Орда ақындары. // Ана тілі, №20. 21-27 мамыр, 2020 жыл.
2. Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан. Шығармалар жинағы. 6-том. А. – 2013. 294-304 бб.
3. Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан. Шығармалар жинағы. 6-том. А. – 2013. 294-304 бб.
4. «Қазақ», №13. 8 май, 1913 жыл.
5. «Қазақ», №16. 31 май, 1913 жыл.

ӘОЖ 631.1

## **КӘСІПОРЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАЙТЫН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

*Г.А.Шалғынбаева магистр, аға оқытушы*  
*Г.О.Байдаулетова магистр, оқытушы*  
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Әлемнің дамыған елдеріндегі кәсіпорындардың қаржылық жұмыстарының тәртібі қаржылық болжау процесіндегі алғашқы орында нақты ақша қозғалысын болжау алатынын растайды. Бірақ, өнеркәсіптік дамыған елдердің тәжірибесінде нарықтық шаруашылық жағдайында қаржылық болжау ғылыми және тәжірибелік аспектіде қызығушылық тудырады, бірақ оны зерттеу, көшіру үшін емес, республика

экономикасының қазіргі жағдайының ерекшеліктері мен экономикалық реформалардың даму дәрежесін есепке ала отырып пайдалану үшін керек.

Нарық жағдайында көптеген шағын және орта бизнес кәсіпорындары әлеуметтік даму жоспарын құрмайды. Мұндай жағдайда көптеген объективті және субъективті себептер бар, солардың ішінде қаржы ресурстарының шектеулі болуы, әлеуметтік шараға табыстан бөлмеу, әлеуметтік мәселелерді шешу – мемлекет мәселесі деп ойлау. Нарықтық экономикада кәсіпорындағы әлеуметтік – еңбек көрсеткіштерін жоспарлаудың басты міндеті – бұл еңбек ресурстарының толық жұмысбастылығын және еңбек өнімділігін қамтамасыз ету, қызметкерлердің жұмыстары үшін қалыпты жағдай қалыптастыру және еңбек ақы деңгейін көтеру, экономикалық деңгейге қол жеткізу және жұмысшылардың өмір сүру деңгейін арттыру. Әлеуметтік – еңбек көрсеткіштерін фирмаішілік жоспарлаудың негізгі міндеті – бұл әрбір кәсіпорындағы жұмыскерлердің барлық санатын толық және тиімді жұмысбастылықпен қамтамасыз ету[1].

Қаржылық стратегия үшін үлкен мәселе – ақпарат беру мен алмастырудың нақты жүйесінің болмауы. Сондықтан да оперативті шешілетін проблемалар мезгілсіз шешіледі. Стратегиялық жоспардың орындалуы өз уақытында жүргізілуі керек. Келетін ақпарат бұрыс болуы мүмкін, сондықтан жоспардың орындалуына кедергі келтіріледі. Мәліметтердің оперативті келуі бекітілген жоспарларға түзету енгізуіне де кедергі келтіріп, төтенше және форс-мажорлық жағдайларда басқаруды қиындатады. Осындай жағдайда кемшіліксіз жасалған жоспар сәтсіздікке ұшырайды. Кәсіпорының қаржылық жағдайын жақсарту, өнімнің бәсекелестік деңгейін қазіргі нарық жағдайында жоғарлату инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл өз кезегінде қаржылық нарық инфрақұрылымының дамуын, кәсіпорынның инвестициялық қызметінің жоспарлау әдістерінің дамуын талап етеді.

Қаржылық стратегияны жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелердің қатарына экономикалық ортаның өзгергіштігі, кәсіпорын қызметтерінің өзгеруі, келешекте тәуекелдердің пайда болуы мен олардың жағымсыз әсерлерін жатқызуға болады. Экономикалық талдаудың тәжірибелері көрсеткендей, кәсіпорында туындаған қандай да бір қиыншылықтар сол кәсіпорында қолданылатын жоспарлаудың әдістері мен формаларына, олардың сапасы мен тиімділігіне байланысты екені анықталды. Себебі олар жоспарлаудың дәстүрлі орталықтандырылған аппараттарында негізделіп отырып, нарықтық шаруашылық механизмдеріне көбінесе толығымен сәйкес келе бермейді.

Әрине, қаржылық стратегияның мәні – кәсіпорын мақсаттарына жету болып табылады. Белгілі бір уақытқа кәсіпорынның мақсаттары түрліше бола алады – пайданы, өндірілген өнімдердің көлемін арттыру, жаңа тауар маркаларын өткізу, компанияның инвестициялық жағдайын жақсарту, бәсекелестік күресте жеңу, кәсіпорын ресурстарын басқарудың тиімді механизмін жасау т.б. Сонымен қатар, қаржылық стратегияның алдында

қойылған міндеттер мен талаптар барлық уақытта бірқалыпты болуы мүмкін емес, олар да өзгеріп отырады. Сауатты жасалған кәсіпорын стратегиясы жұмыс менеджментке өнім түрлерімен бағыттардың арасындағы шектелген ресурстарды бөліп беруге көмектеседі және оңтайлы қызмет пен өнімдердің түрлерін, сонымен қатар қызметкерлерді ынталандыру жүйесін көрсетеді. Кәсіпорынның қаржылық стратегиялық көрсеткіштерін орнатып қана қоймай, оларға жоспар-нәтиже талдауын жасау қажет[2].

Бухгалтерлік бөлімнің көрсеткіштері жоспар жасаудың негізгі нәтижелі көздері болып табылады. Өйткені көптеген жағдайларда осы бухгалтерлік бөлімнің мәліметтері толық және сенімді болып табылады. Сонымен қатар, мысалы активтер қайда жұмсалды, қайдан пайда болды деген тәрізді барлық қозғалыстарды бақылап отырады. Бірақ та оның кемшіліктері де бар. Бірінші кезекте компанияның қаржылық стратегиялық жүйесімен байланысты мәселелерін қарастырайық. Төмендегі суретте кәсіпорында кездесетін қиыншылықтар маңыздылығы бойынша бөлінген:



Сурет 1. Компанияның қаржылық стратегиялық жүйесін ұйымдастырумен байланысты кездесетін мәселелері

Ескерту:[3] әдебиет негізінде құрастырылған

Бұл жердегі маңызды мәселе – құрастырылған қаржылық стратегияның іске асатындығы. Шынымен де, компанияны нақты және тиімді басқару тек жыл, тоқсанға жасалған жүйелі тактиканың орындалуында болып отыр. Іске аспайтын стратегиялық шаралар кері әсерін тигізеді. Сурет мәліметтеріне сүйене келе, қаржылық стратегияның нақтылығы 30%-ды құрайды екен. Стратегиялық шараларды құрастырудың оперативтілігі екінші маңызды мәселе болып саналады. Кәсіпорын стратегиясын құрастырудың жеделдігі 20%-ды көрсетіп отыр. Егер стратегия нақты болжамдалып отырған уақытқа

кешіктіріліп жасалса, тіпті жақсы жасалған тактикалық шаралар болса да керек емес болып қалып жатады. Екінші аптаның соңында бекітілген айлық жоспар өзінің практикалық қажеттілігіне күмән келтіреді. Жоспарды жасаудың оперативтілігінің себебі басқарушыларға белгілі. Бұл: дайындықтың нақты жүйесінің болмауы және бөлімнен бөлімге жоспарлы ақпараттардың берілмеуі, жоспарларды біріктіруге ұзақ процедуралардың қажеттілігі. Басшылық үшін ақпараттың анықтығы 20% құрайды. Көп жағдайда ақпараттардың жетіспеуі мен анық еместігі орын алып жатады. Мысалы, қысқа мерзімді шаралармен ұзақ мерзімді шаралардың арасындағы айырмашылықтар кездеседі. Өйткені қысқа мерзімді жоспар апта, айға арналса, ұзақ мерзімді жоспар бір жылдан артық мерзімді қамтиды.

Әр стратегия өз заңдылығына байланысты құрылады. Зерттеу мәліметтеріне сәйкес, ұзақ және қысқа мерзімді шаралардың арақатынасы 15%-ды көрсетеді. Бұлардан басқа стратегияны жасау барысында туындайтын мәселелердің қатарына оның орындалуы мен кешенділігі жатады. Ол 5%-10%-ды құрайды. Стратегиялық шаралардың жүзеге асуына мыналар жатады: қажетті қаржылармен, материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуі, дефициттің орын алмауы. Шетелдік кәсіпорындар практикасында қаржылық жоспардың жүзеге асуы барысында 30-60% көлемінде дефицит кездеседі екен. Себебі болашақты нақты жоспарлау мүмкін емес, тек шамамен болжамдап қана қоямыз.

Жоспарлардың кешенділігі дегеніміз кәсіпорынның балансы, пайда мен залал туралы есебі, ақшалай қаражат қозғалысының есебі формаларының барлығы бір-бірімен байланысты жоспарлануы қажет дегенді білдіреді. Бұл жоспарлардың барлығы кәсіпорын басқармасы үшін бір формада құрастырылуы қажет. Сонымен бірге, факторлық талдау құралдарын қолданған дұрыс (табыс, баға, шикізат құны), ол қаржылық жоспарлар өзгерген жағдайда мүмкін нұсқаларды бағалауда қажет болады.

Басқару аймағындағы негізгі мәселелер сенімділіктің төмен деңгейі, алынған мәліметтердің оперативтілігі: әрбір қаржылық директор немесе жоспарлау бөлімі нақты ақпарат алғысы келеді. Кәсіпорында оның үлесі 30%-ды құрап отыр. Кәсіпорын қызметкерлері қандай да бір жасалған жоспарлармен хабардар болуы керек. Автоматтандыру дегеніміз қандай да бір қызметті жүзеге асыруда адамның қатысуын жартылай немесе толығымен босатып, оның орнына экономикалық математикалық әдістер мен техникалық құралдарды пайдалануды айтамыз. Кәсіпорында автоматтандыру деңгейі 5%-ды құрап отыр. Кәсіпорын басқармасына оны арттыру қажет[4].

Өнім сапасын арттыру жоспары кәсіпорын үшін маңызды, өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша ҒЗЖ және ҰКЖ барлық кезеңдерінде отандық және әлемдік техниканың жетістіктерімен, техникалық дайындығы, өнімді дайындау мен оған қызмет көрсетуі талапқа сәйкес негізделген, өнім түрлерінің тұтынушылық қасиеті мен ассортиментін жаңарту көрсеткіштерінен тұрады. Осыған байланысты ескі бұйым түрлерін өндірістен алып тастап, оны ауыстыру қарастырылады және оның

ауыстырылу немесе жаңғыртудың нақты мерзімі көрсетіледі, сондай-ақ өндірілетін бұйымның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту, өнімді дайындаудың барлық кезеңдерінде техникалық стандарттар мен шарттар талаптарын сақтау қарастырылады.

Қазіргі компаниялардың экономикалық стратегиясының негізгі мақсаты сапалық көрсеткіштерге – жабдықтарды, жұмыс уақытын, жұмыс күші құрамын пайдалануды жақсартуға қол жеткізу болып табылады. Бұл шаруашылық жүргізудің экстенсивті тәсілдерінен бас тартып, интенсивті тәсілдерге көшуі[5].

Сонымен, жоспарлаудағы негізгі қиындық – оны өндіріске енгізу болып табылады. Жоспар жазу оңай болғанымен, оны жұмыс жасайтындай етіп жасау қажет. Әрине, жоспарлар жұмыс жасай алатындай болуы тиіс. Оларда компанияның жоғарғы басшыларының шынайы тілектері болуы тиіс. Көбнесе, өзге адамдар жасаған жоспарлар көздеген мақсатқа жауап бере алмай жатады. Сондай-ақ, жоспар нарықтық көзқарас тұрғысынан шынайы болуы қажет. Кәсіпорын жұмысының тиімділігі, өндірістің барлық факторларын пайдалануы, бәрінен бұрын, оның пайда табуды қамтамасыз етуге қабілеттілігі қандай деңгейде екендігімен сипатталады. Пайдаланылған ресурстар бірлігіне тең келетін пайда неғұрлым көп болса, кәсіпорын соншама тиімді жұмыс істейді және капиталды инвестициялау соншама тиімді болады. Кәсіпорын қызметінің нәтижелігін көрсететін барынша маңызды көрсеткішке байланысты алдын-ала берілетін қаражаттарға қатысты әрекеттердің табыстылығын немесе сатылған өнім бойынша айналым көлемін сипаттайтын рентабельділік туындайды. Пайдаланылған ресурстардың рентабельділігі кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ерекше маңызға ие, себебі ол жұмыс істейтін капиталдың әрбір теңгесінен алынатын пайданы көрсетеді.

### **Библиографиялық бөлім:**

1. Бердалиев К.Б Стратегиялық менеджмент: Оқулық. – Алматы: - Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011 ж. 256

2. Есенова Г.Ж., Иманғалиева М.А., Дәулетханова Ж.Д. Қазақстан кәсіпорындарының қызметін қаржыландыру көзі ретінде: талдау және мәселелер. *«Тұран» университетінің хабаршысы.* 2021;(4):45-53. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-45-53>

3. Б.С.Есенгельдин, Е.Т.Ақбаев. Қаржылық менеджмент: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2019 ж. 289б

4. Баймұқашева М.Қ.Кәсіпорын экономикасы : оқу құралы. Атырау,2019.- 204 б.

5. Исаева Г.К. Қаржылық жоспарлау және болжау:Оқулық.-Алматы:-Эверо, 2020, 204б

## ШАРИҒАТ ЖОЛЫМЕН НЕКЕ ҚИЮ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Абдукаримова Ж.С. З.ғ.к., аға оқытушы  
М.Б.Абдрахманова Магистр, аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Біздің түсінігімізде, "неке түрі" дегенде неке қандай негізде құрылатыны туралы ой қалыптасуы керек. Белгілі этнограф Н.А. Киселев Орта Азия халықтарында отбасын құру немесе некелесудің төменгідей түрлерін атап көрсетеді:

1. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Орта Азия халықтарында некелесудің ең негізгі түрі қалыңдықты қалың мал төлеп алу арқылы некелесу болды.

2. Патриархалды - рулық құрылыс жүйесінің әлсіреуіне байланысты моногамды неке.

3. Әмеңгерлік салт (левират)

4. Сорорат (балдыз алу)

5. Бесіктен атастыру (ақлай құда)

Ең бірінші қалың малға тоқталайық. Қалың мал қызды тәрбиелеп, өсірген әкесіне және шешесіне "сүт ақы" ретінде төленген [1].

Айталық, қалың мал төленіп болғаннан кейін жас жұбайлардың біреуі қайтыс болса қалың мал қайтарылған. Алайда басқаша жағдайлар да кездескен: егер күйеу жігіт қайтыс болса, ал қалыңдығы қаза болса, қалыңдықты оның ағасына немесе туысына әйелдікке әперіп, ал қалыңдығы қаза болса, күйеу жігіт қалыңдықтың сіңілісін немесе туысқан қызын ала алған. Некелескен кезде қалың малдың мөлшеріне де ерекше мән берілген. Қарақалпақтарда қызды күйеуге қалың малсыз беру оның отбасы мен туысқандары үшін ұят саналған. Қалың малды төлеу қиынға соққандықтан, күйеуі әйелінен 20-25 жас, кейде одан да үлкен болуы жиі кездесті. Қалың малды алу үшін ата - анасы қызын жек көретін адамына тиюге де мәжбүрлеген.

Қарақалпақтар арасында қалың мал басының мөлшері көп болған. Мәселен, қалың ірі қара мал мөлшерімен белгіленген. Құдалардың байлығына қарай ол 40, 60, 80 не 100 бас ірі қараға (тууар) есептелген.

Т.А. Жданконың еңбегінде: «тууар құрамына алты жақсы: мылтық, бас ат ер-тұрманымен, шет (жас) ат, бас өгіз, шет (жас) өгіз және сегіз жел баспақ (қысыр құнажын) кіретін. Осылардың бәрі 28 сиырға теңелетін. Ал қалыңға 60 тууар болған жағдайда 6 жақсыға 12 сиыр қосатын. Жасау құрамына бір ат жегулі арбасымен, киім-кешек, әр түрлі ұсақ-түйек», – деп көрсетіледі. Бірақ тууардың мөлшері заманның өзгеруіне байланысты шартты болып, оның саны әрбір аймақтарда өзгеріп отырды. Қалың малдың орта мөлшері 8 ірі қара малға, 8 ұсақ малға, 4 атқа, 5 пұт тұқымға, 10 пұт ұнға, 8-25 матаға (5 аршын

бойынша), әр түрлі азық-түлікке (қант, темекі, құрғақ жемістер) теңестірілді А.Т. Бекмұратова өзінің еңбегінде «Кейбір жағдайларда қалыңмал алдау мен алыпсатарлыққа айналатын, содан кейін қызды басқа біреуге күйеуге беру жөнінде әр түрлі себептерді ойлап табатын. Қалың мал біртіндеп ақша түріне айналды.

Л.С. Толстованың мәлімдеуінше зеравшандық қарақалпақтарда қалың мал мөлшері 20-дан 200 қойға дейін жеткен. Ал Ферғаналық қарақалпақтарда тұрмысы орташа отбасыларда ол 7-9 ірі қара малды құраған. Ауқатты адамдарда қалың мал мөлшері 30-35 ірі қараға, кейде тіпті 40-80 бас малға жеткен [2].

Бұл орайда қазақтардың қалың малы жөнінде этнограф Арғынбаев былай көрсетеді: "Қазақтарда қалың мал мөлшері бес түрлі". Олар:

1. Жүз қырықтың қалыңы (бұл 100 қой, 40 ірі қара деген келісім). Бұл байлар, билердің қалың малы.

2. Жүз жиырманьың қалыңы (бұл 100 қой, 40 ірі қара деген келісім). Орташа байлардың қызының қалың малы.

3. Қырық жетінің қалыңы (бұл 40 қой, 7 қара) - бұл байлардың қатын үстіне кедейлердің қызын алғанда төлейтін қалың малы.

4. Он екі қара (дөңгелек қалың) орташаның қалың малы.

5. Сегіз қара-кедейлердің қара малы

Әйел алу үшін міне осындай мөлшерде қалың мал төлеу орташалардың жағдайын нашарлатты., ал кедейлер болса қалың малға ақша жинау үшін жылдар бойы жалшы (издолыщыки) болып жұмыс істеп, тіпті қырық жасқа дейін үйлене алмай жүрді. Үленген күннің өзінде жиналған дүниесін қалың малға беріп, мұқтаждықтан арыла алмай жүрді.

Қыздың ата-анасы өз тарапынан жасау берді (бау-шуу). Кедей адамдардың байлармен салыстырғанда жасауы да қарапайым еді. Жасаудың құрамына киіз үй, оның жабдықтары, көрпе-жастық, қалыңдықтың киімдері кірді. Қалың малсыз үйлену мүмкін емес болғанмен жасаусыз күйеуге тие берген; Тек енесі кейде бетіне басатын. Жасау-келінінің жеке мүлігі деп саналады. Бірақ отбасы кедей болса, келіннің жасауын қайынсіңлісі күйеуге шыққанда бере-берген, келін оған қарсылық білдіре алмады[3].

Қарақалпақтардың үйлену тойы төрт негізгі кезеңнен тұрады:

1.Құдаласу.

2.Екі жасты атастыру (помолвка) тойы (қалыңдықтың үйінде өтетін пата той)

3.Некелесу тойы (қалыңдықтың үйінде өтетін негізгі той).

4.Күйеу жігіттің үйінде өтетін той (уллы той).

Қарақалпақтарда балаларын бесіктен немесе анасының құрсағында жатқанда атастыру көп тараған, ол ақлай құда түсу деп аталды. Бесік құда тек қарақалпақтарға ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбіне болғандығын Н.А. Кисляков атап көрсеткен. Кисляковтың айтуынша, мұндай құдалар шамасынша бір-біріне сый-құрмет көрсетіп, кейде баларының көйлектерінің етегіне ішек салып, олардың бірінің күйеу,



екіншісінің қалыңдық болғанын әйгілеген. Мұндай құдалар арасында қалыңмал мөлшері де кейде шағындау болған. Сайып келгенде, бесіктегі нәрестелерді атастыру әдетінің түп тамыры өте көне замандарға яғни аналық дәуірге кететін тәрізді. Ана үстемдігі дәуірінде бір аналық рудың ұлдары туысымен екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналса, еукінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналатын неке түрін Л.Я. Штернберг ортодоксалды неке деп атаған. Сөйтіп ортодоксалды неке топты некеден дара некеге өтуі кезеңімен тығыз байланысты болған.

Бесік құдалықтың ортодоксалды некемен ұштасатындығын гияяктар арасындағы деректер негізіне сүйене отырып, Л.Я. Штернберг: «Әрбір ұл тапқан әйел босанысымен қызы бар туысына балаларды атастыру керек екенін дереу өтініп, құда түсетіні де, олардың білектеріне иттің жүнінен иірілген жіп байлайтын» – дейді. Құда түсу арқылы некелесудің бұдан өзгеше де түрлері болады. Оған ең алдымен қарсы құда болу әдетін жатқызу керек.

Қарсы құдалық үш құданың (А, Б ж В) арасында да болатындығын Л.Я.Штернберг келтірген, яғни А ұлын Б-ның қызына атастырса, Б ұлын В-ның қызына, ал В ұлын – А-ның қызына атастыратын болған. Қарсы құдалықтың жоғарғы келтірілген түрлерінің қайсысы болсын неке құрудың ортодоксалды көне түріне жататындығын, яғни оның қалдығы екенін алғаш рет гияяктар дерегіне сүйене отырып Л.Я. Штернберг дәлелдеген болатын.

Тіпті, егер балалары есейсе де, олардың тағдырын ата-аналары шешкен.

Қалыңдық таңдағанда жігіттің туыстары оның түріне, пысықтығына, отбасылық жағдайына аса мән берген.

Мәселе шешілгенде құда, яғни жаушы жіберген. Оған ықпалды, беделді адамды таңдаған.

Құда күткенде қыздың барлық ағайын - туысы жиналған (кішігірім той - бата той). Егер екі жақ та некеге қарсы болмаса, қалың мал туралы және үйлену тойының уақытын келіскен. Неке туралы келісімнің белгісі ретінде қыз жақ құдаларға қарғыбау сыйлап, май қосылған тары - майсөктен дәм татырған.

Бата той күні құдаларға кетер алдында қыз жақ "тоғызлық", яғни тоғыз зат сыйлық ретінде берген, олар: екі білезік, бес тақия, мата қиықтары. Бұған ұқсас дәстүр ХІХ ғасырда қазақтарда болған. Этнограф Арғынбаевтың айтуынша ХІХ ғасырда қазақтарда қалыңдықтың қалың малы мен жасауы "тоғыздық" бойынша анықталған. "Тоғыз" санының ырым - жораларда ұзақ сақталуы жасауға байланысты көне наным - сенімдермен ұштастырылады. Қалыңдықтың жасауының құрамына ауқатты адамдарда киіз үй, неке киімі қоржын, қалыңдықтың әшекейлері енген. Аталған заттың біреуі болмаса, кейде неке тойын артқа шегерген.

Бата той (құда түсу) күні міндетті рәсімнің бірі - нан сындыру болатын; Осы арқылы екі жақ келісімді бұзбау туралы бір-біріне уәде берісті. (Самарқандық, Ферғаналық).

Бұхарлық қарақалпақтарды үйлену тойына байланысты салттарында маслахат - той (ақылдасу тойы) маңызды роль атқарды. Бұл тойда екі жақ негізгі тойдың (қатта той) өткізілу барысын ақылдасқан (айталық, тойға қанша мал сою керек (сойымлық), бәйге, лақ тартысудың жеңімпаздарына қанша мөлшерде сыйлық дайындау сияқты мәселелер).

Жекелеген жағдайларда өзара келіскеннен кейін неке қию рәсімі өткен. Қалыңдықтың үйінде той жасалып, оған күйеу жігіт туыстарымен, дос-жарандарымен келген. Әдетте, үйлену тойы мен қалыңдықты күйеу жігіт жақ үйінен алып кеткенге дейін қалың мал төленіп бітуі тиіс еді; егер күйеу жігіттің отбасы нашар тұрса, үйлену тойы да ұзақ уақытқа созылады.

Бұл кезеңде екі жас ұрын кездесіп тұрды (күйеулеу). Ол туралы қыздың ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл хабардар болса да, үйреншікті нәрседей қабылдады. Екі жастың кездесетін жері қыздың ағасының үйі болды. Кейде тіпті қыздың аяғы ауырлап, әкесінің үйінде босанған (оны жақта туш-оң босағада туу). Бұл қыздың әкесі, отбасы үшін ұят саналмаған. Сөйтіп, қыздың әкесінің үйінде туылған бала қыздың ата-анасының тәрбиесінде қалған.

Қызға күйеуінің үйіне кеткенше еркін жүріп тұруға рұқсат етілген, атап айтқанда, отырыстарға барып, бозбаламен қалжыңдасу т.б. Осыған байланысты қыз болашақ күйеуінен емес, басқа адамнан аяғы ауырлаған оқиғалар кездескен. Бұл үшін қыз кінәланбаған. Ал баланы болашақ күйеу асырап алған [4].

Қалың мал жиналып болғанда, ол туралы қыздың ата-анасы хабардар етіліп, олар қалың малды алып кету үшін, күйеу жігіттің үйіне аттанған. Онда қонақтар үшін қой сойып, дастарқан жайылған. Келген қонақтар дайындалған қалың малды түгендеп, мұқият тексерген. Қыздың әкесі қалың малды алғаннан кейін қой сойып, жиналған қауымға қой етін ауыз тидірген.

Үйлену тойы жақындағанда күйеу жігіт пен қалыңдықтың үйлерінде қонақтар жиналып, жиын ұйымдастырылған. Күйеу жігіттің үйіне келген қонақтар тойға көмек ретінде шама-шарқынша сыйлықтар әкелген. Сол күні қалыңдықтың үйіне жігіт жақ өгіз әкеліп, қыздың туыстарының бірі оны сойып, етінен бүкіл ауылға дәм татырған («соғым» рәсімі).

Күйеу жігіт үйлену тойына келгенде қыздың жеңгелеріне ақшалай түрде көптеген кәделер берген (қызды сатып алу). Бұл тойда жігіт - жолмен жүру үшін де, ауылға кіру, киіз үйге кіру үшін де (босағадағы өтірік өлген кемпірге), «шаш сипатар», «қол ұстатар» т.б. төлем төлеген.

### **Библиографиялық тізім**

1. Мың бір хадистер. Аударғандар: Төрежан Жүнісов, Файзулла Жүнісов. Шымкент. 2008ж
2. Оразкүл Көбеева Дінтану негіздері. Алматы 1999 ж.
3. Құранның қазақша аудармасы. Халиф Алтай 1999ж.

4. Мұхаммед Пайғамбардың әйел және отбасы туралы өсиеттері (Мұхаммед Пайғамбардың хадистері мен Әзірет Әліге айтқан өсиеттері бойынша) 2000ж

## ҚАЗАҚСТАНДА АСТЫҚ ӨНІМДЕРІ КЛАСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

*Магистр, аға оқытушы Рысбаева С.К.,*

*э.ғ.к., аға оқытушы Иманбаев А.А.*

*Шымкент университеті. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы  
satti\_01\_64@mail.ru, ali\_askar78@mail.ru*

**Аннотация.** Тәуелсіздігімізге 30 жылдан асқанымен, Қазақстан әліде шикізат өнімдерін шығарушы, дамушы аграрлық ел болып қалып отыр. Елімізде инфляция деңгейі жылдан жылға өсіп, 2022жыл 19% жетіп қалды. Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды. Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Кілтті сөздер: экономика, өндірістік кластер, астық нарығы, мемлекеттік реттеу, баға белгілеу.

**Резюме:** Несмотря на более чем 30 лет независимости, Казахстан по-прежнему остается развивающейся аграрной страной, производящей сырьевую продукцию. Уровень инфляции в стране растет из года в год, достигнув почти 19% в 2022 году. Сами зерновые продукты, которые мы производим, продаются дорого. Данные вопросы свидетельствуют о необходимости совершенствования путей формирования и развития

зернового кластера в Казахстане. В свою очередь, эффективная организация зернового кластера и тщательное размещение производственно-торговых отношений способствуют стабилизации цен на зерновые культуры.

**Ключевые слова:** экономика, кластерное производство, рынок зерновой продукции, государственное регулирование, ценообразование.

**Summary:** Despite more than 30 years of independence, Kazakhstan is still a developing agricultural country producing raw materials. The inflation rate in the country has increased from year to year, reaching 19% in 2022. The grain products that we produce are produced and sold expensively. These issues indicate the need to improve the ways of formation and development of the grain cluster in Kazakhstan, in turn, the effective organization of the grain cluster and careful placement of production and trade relations contribute to the stabilization of prices for grain crops.

**Keywords:** economy, cluster production, grain products market, state regulation, pricing, supply and demand.

**Талдау мәліметтері.** Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды, "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысымен пилоттық кластерлерді дамытудың негізгі бағыттары айқындалып бекітіліп жүзеге асырғанымен, қазіргі таңда Қазақстандық өндірістік кластерлер дамымай отыр.[2] Сондықтанда, Жаңа Қазақстанды құру алғы шартында ҚР Президентіміз Қ.К.Тоқаев 2022-жылдың 1-қыркүйектегі Жолдауында атқарушы билік органдарын сынға алып, жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары ретінде: –жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру; - бәсекелестікті дамыту; - сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу бойынша кезек күттірмейтін мәселелерді шешу қажеттігін ескерді.[3]

Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық

кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Экономиканы дамытуға кластерлік тәсілдің маңызды артықшылығы - бұл саладағы еңбек өнімділігін арттырады және шығындарды азайтады. Сондықтан астық кластерін қалыптастыру мен дамытудың салдары интеграциялық байланыстарды қалыптастыру және мемлекеттік реттеуді жетілдіру негізінде ішкі өндірісті кеңейту және астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кластердің жұмыс істеу тиімділігін көбінесе мынандай факторлар анықтайды: ғылыми-техникалық базаның жақындығы; инновациялы-инфрақұрылымды дамыту; ресурстық базаның болуы; венчурлық капиталдың қолжетімділігі; жүйені ұйымдастырушылардың кәсіпкерлік қабілеттері; жоғары білікті кадрлардың болуы.

**Зерттелу деңгейі.** Кластерлік өндірістік кешен құрылымының пайдалылығы мен тиімділігі, шикізат өнімдерін өндіруден бастап, соңғы түпкі өнімге дейінгі өңдеуге арналған бағыттары, схемалық түзілістері мен кластерлік кешенді дамыту бағыттары отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде соңғы кездері көптеп жарияланып жатыр, себебі бұл біздің экономикамызда жүргізіліп жатырған жаңа өндірістік іс-шара болып табылады. Осы мәселелерді жетілдіру, аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттігін арттыру, адам ресурстарының маңыздылығы жайында келесі Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жарияланған: Кошанов А.К., Калиев Г.А., Алимбаев А.А., Соколенко С., Сабден О.С., Ниязбекова Р.К., Сагадиев К.А., Қалдыбаев О.Қ., Кенжегузин М.Б., Татибеков Б.Л., Берешев С.Х., Утаров А.К., Купешев А.Ш., Таласов М.Ж., Бишимбаев К.В., Ризаходжаев А.А. және т.б. Кластерлеуді экономикалық категория ретінде зерттеген ресейлік ғалымдардың: Третьяк В.П., Евсеенко А.В., Зверев В.С., Огрызко К.В., Иванов В.В., Плетнев К.К. және Цыганов С.А. еңбектерін атап өтуге болады. Ал аймақтық кластердің негізін қалаған шетелдік ғалымдардың: А. Маршал, Е.Дахмен, Л.Г.Мэтсонның және кластер кешенін басқару жүйесіне толық талдау жүргізген М.Портердің еңбектерін алға қойсақ болады.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кластерлерді қалыптастыру арқылы аймақ экономикасын дамыту мен оның бәсекеге қабілеттігін арттыру мәселелері жан-жақты зерттелген. Алайда, астық кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарында ғылыми әлеует пен интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорлары арасында байланыстарды нығайту жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін көрсетеді. Астық кластерін қалыптастыру және дамыту мәселелерін өңдеуде адам капиталының ролі кластердің дүниежүзі бәсекеге қабілеттігін арттырудың ең негізгі факторы болғандықтан, оларды дамытуға кластер пайдасынан қаржы бөлуді ғылыми тұрғыдан негіздеу, зерттеудің мақсаты мен мәселелерін туындатты.

**Зерттеудің мақсаты** – әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдірудің

теориялық, әдістемелік негіздерін жасау және оларды енгізуге тәжірибелік ұсыныстар беру.

«Кластер» түсінігін басқада көптеген зерттеушілер қолданғаны кездеседі, олар әрқилы салалар арасындағы технологиялық байланыс орнату мәселелерін зерттеу жүргізгенде қолданған, себебі ең соңғы өнім өндіруде кластерге әр түрлі саладағы өндірушілер араласқандығы белгілі. Бірқатар француз зерттеушілері технологиялық байланыс орнатқан секторлар туыстарын түсіндіруде «фильер» терминін енгізген. Оның маңыздылығы, бір сектордың технологиялық қуаттылығы басқа секторларға тәуелді екендігін білдіреді.

«Кластер» ұғымының саналуандығы ірі швед корпорациясының қызметін талдау жөніндегі басылымдарда да орын алады. Яғни Е.Дахмен «блоктық дамыту» жөнінде және бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына байланысты екендігін көрсетеді [4. 8-бет].

Л.Г.Мэтсон еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формаларына көңіл аударады.[5. 38-бет]

Ерекше назарды М.Портер кластер ішіндегі кәсіпорындардың байланыстарына аударады. Мұнда тікелей зерттеу объектісі ретінде – аймақтар мен елдер арасындағы бәсекелестік байланыстарын алған. Компанияның бәсекеге қабілеттілік деңгейі, бәсекедегі артықшылығы компанияның ішінде емес, ал оның жабдықтаушылары, әріптестері, еншілес кәсіпорындары арасында да болатындығын көрсетеді.[6. 495-бет]

Біздің зерттеуіміз бойынша, аймақтардың бәсекелестік артықшылықтары сонымен қатар, жалпы экономикалық даму көрсеткіштерімен ғана емес, ал бір-бірімен байланысты сала топтарының бәсекелік артықшылықтарына да байланысты болады. «Бір бәсекеге қабілетті сала, бір-бірімен тығыз қарым қатынас жасау барысында басқа саланың бәсекеге қабілеттігін арттырады. Мұндай салалар жиі сатыпалушыларға тәуелді болғандықтан, олар тарапынан тауар мен қызметтерге талаптардың қойылуына да байланысты болады. Елде мұндай талаптардың болуы, сала-жабдықтаушыларының бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауын анықтаушы қажетті факторға айналады.

**Ғылыми жаңашылдығы.** Аймақ экономикасын дамытуда кластерлік бағытты қолдану жөнінен ғылыми басылымдар көздеріне шолу жүргізілгенде, ғылыми әдебиеттерде Қазақстан экономикасын дамытуда кластер түсінігі экономикалық категория есебінде және басқару объектісі ретінде жеткілікті дәрежеде зерттел-мегендігін көрсетеді. Алғашқы кластер түсініктері шетелдік әдебиеттерде ғана кездеседі. Бұл саладағы зерттеу жұмыстарына Альфред Маршаллдың шығармасы, инновация және оны өдіріске ендіру туралы әдебиеттерде француз ғалымдары Е.Дахменнің бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына әсер ететіндігін көрсететін және Л.Г.Мэтсонның еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формада болатындығын көрсететін еңбектері жатады. Мемлекет немесе аястықғы кластерлік дамудың әр деңгейлі байланыстары және бәсекелестіктері жайында толық

талдауды М.Портер жасады. Ол кластерді «географиялық көршілес байланыстағы компаниялар мен қарым-қатынас жасаушы ұжымдардың, жалпы қоғамдық істегі бірін-бірі толықтырушы сипатындағы анықталған саладағы қызмет көрсетуші топтар» ретінде деп анықтайды.[4,5,6,7]

Аймақтар тарапынан кластерлік даму технологияларын қолдану кәсіпорындар, мемлекет және білім беру ұйымдары ара қатынастарының тиімді жүргізу механизмі тетіктерін құруға бағытталуы мүмкін. Жұмыс нәтижесі аймақтық билік және басқару органдарына, ғылыми және білім беру ұйымдарына, сондай-ақ және аймақ кластеріне қатысуына мүмкін басқа да қатысушыларға бағытталады. Жұмыстың басты бағыты – еліміздің солтүстік өңірінде аймақтық экономиканы дамытудың инновациялық бағыты ретінде кластерлік кешендерді қалыптастыруды жетілдіру, жаһандану жағдайында әлемдік нарықта оның бәсекеге қабілеттігін арттыруға әсер етуші инновациялық факторларды дамыту, инвестициялық тартымдылықты және тұрғын халықты еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету үшін, аймақтық экономиканы кластерлеу қажеттілігін дәлелдеу. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирма-аралық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту, кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аймақтық көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аймақтық бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Жаһандану нарығы жағдайында жоғары тиімділікке ие аймақтың экономикалық стратегиясын өңдеу, бар кезде жұмысшыларды оқыту және оларды дайындау, ғылыми және технологиялық мүмкіндіктерін жоғарылату,



халықаралық нарықта даму және сол аймақтың экономикалық көтерілуін қамтамасыз етіп отырады.

Біз зерттеу жұмысымызда, аймақтық кластерлеу процесін, технологиясын жинақтаған және өзінің даму бағыттарында негізгі концепцияларын өңдеп жатырған қазіргі таңдағы кластерлеудің экономикалық даму бағыттарын үлкен төрт топқа бөлуге болады:

- Салалық аудандар кластерлеу бағыты. Салалық аудандар кластерлеу бағыты сала кәсіпорындарының айнала шоғырланып орналасу, өз-ара инновациялық дамуға алып келетін бір-біріне сенімділік орнату және «өндірістік мамандану» құру арқылы өркендеуге негізделген.

- М.Портер кластерлеу бағыты. Бұл кластерлеу бағыты айнала шоғырлана орналасуда күшті территориялық жақындықты орнату (әр түрлі қорларды қабылдаудың ең жақын жолдары, жергілікті бірлесіп жұмыс жүргізу және жергілікті тұтынушылар арқылы даму) сияқты сипаттамасына ие.

- «Солтүстік» кластерлеу бағыты. Бұл кластерлеу бағыты білімнің құндылығына негізделген, кластерлердің негізгі сипаттамаларына инновациялық оқыту және жергілікті жерлерде қалыптаспаған білімдер құндылықтарын ықшамдау, одан әрі жетілдіру процестерін қамтиды.

Біздің зерттеу бағытымызда осы мектептің мақсаты мен маңыздылығы кластердің дамуында ең басты ролді атқаратындығын көрсетеміз. Ғылыми еңбекті ұйымдастыру теориясымен жетекшілік ету - бәсекелестік маңызында, мамандар деңгейіндегі қалыптасқан жалпы білімділіктің айырмашылықтары мен адам капиталының іскерлік сипатына ие.

- «Калифорниялық» кластерлеу бағыты. Бұл үлгідегі кластерлеу бағыты тік интеграциялды, тасымалдау шығындары азайту, мамандандырылған жергілікті еңбек нарықтарын біріктіру, территориялық шарттар, қалыптаспаған білімдер мен әдет-ғұрыптарды азайту сипаттамаларына ие.

Бұл жұмыста, аймақтық экономиканы кластерлеу әдістемесінің негізін қарастыруда барлық кластерлердің әртүрлілігіне қарамастан олардың *жалпы сипаттамалары мен қатар ерекше сипаттамаларын* атап көрсетуге болады (*Қосымша 1*). Бұл сипаттамалар авторлардың зерттеуі бойынша кластердің бәсекеге қабілетті болуына әсер етуші факторларына байланысты іріктеледі. Кластер кешендерінің тарихи қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу арқылы: олардың шекаралық сипаттамаларға, технологиялық парктер мен зерттеу институттарына тәуелділігі, кластердің әртүрлі кәсіпорындары әрқилы тұтынуға ие екендігі, кластердің өмір циклі әртүрлі және әр аястықғы кластерге әр түрлі факторлар әсер ететіндігі сипатталды. Бұл кластерлердің ерекше сипаттамаларынан жалпы барлық кластерлерді бәсекеге қабілетті дамуына әкелетін жалпы сипатталарын негіздеу құралды. Бұл сипаттамалардың барлығынан кластердің дамуы жаңа технологиялық, ғылыми-инновациялық құрылымдар, соның ішінде интеллектуалды адам

ресурстарын нығайтушы, шоғырландырушы аймақтың ғылыми әлеуетіне байланысты екендігі анықталады.

Жоғарыда көрсетілген сипаттамалардан аймақтық экономиканы кластерлеудің екі базалық негізін қалыптастырумен қатар, және де кластерлер типологиясын анықтау әдістерін де айқындайды. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирма-аралық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту, кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аймастық көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аймастық бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Ғылыми еңбекті ұйымдастыру теориясымен жетекшілік ету кезінде бәсекелестік маңызында, мамандар деңгейіндегі қалыптасқан жалпы білімділіктің айырмашылықтары мен адам капиталының іскерлік сипатына ие екендігі берілген. Қазіргі таңда қалыптасқан білімнің жоғары деңгейлілігі әлемнің барлық түпкірінде орын алып отырғандығын байқаймыз. Қалыптасқан білімнің өрісі, жинақылығы өсуде. Сонымен қатар, теорияшылардың бір қатары елдің және аймақтардың бәсекеге қабілеттігін арттыруда құндылыққа және тапшылыққа ие қалыптаспаған білімнің де қажеттігі үлкен орын алады деп көрсетеді. Яғни кластерлік кешеннің әлемдік бәсекеге қабілетті болуы интеллектуалды адам факторларын ұйымдастыру мен жетілдіруге байланысты болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. ҚазАқпарат: Қазақстанда үн бағасы 8 пайызға қымбаттады. <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2022/05/26/213197/>
2. "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысы;
3. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2022 <https://exk.kz/kk/news/140682/kasym-zhomart-tokaievtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauynyn-tolyk-mtini-zhariialandy>
4. Dahmen, Erik. Entrepreneurial Activity and the Development of Swedish Industry, 1939, 8-бет.
5. Mattson, Lars Gunnar. "Management of Strategic Change in a 'Markets-as-Networks' Prespektive." In The Management of Strategic Change, edited by Andrew M. Pettigrew. Oxford, New York: Basil Blackwell, 1987, 38-бет.
6. М. Портер Конкуренция. – Издательский дом «Вильямс», 2001.–495 бет.

ОӘЖ 94(075.8)

### **ПОНТИАК СОҒЫСЫ**

*А.Ж.Абдиханова т.ғ.к., аға оқытушы  
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік  
Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ.*

Понтиак көтерілісі Ұлы көлдер аймағын шарпыған Солтүстік Америка үндістерінің Британ империясына қарсы көтерілісі. Үндістер британдық отаршылдық саясатына наразы болды, бұл бірнеше үнді тайпалары қатысқан көтерілістің басты себебі болды. Көтеріліс британдықтарға қарсы шыққан үнді көшбасшыларының бірі оттава тайпасының көсемі Понтиактың атымен аталды. Белсенді бо 1763 жылы басталды — жеті жылдық соғыс аяқталғаннан кейін және британ әскерінің қолбасшысы генерал Джеффри Амхерст үндістерді жаулап алған халық деп санады. Қарулы қақтығыс көтерілістің ең танымал қатысушысы оттава тайпасының көсемі Понтиактың құрметіне аталған. Бастапқыда қақтығысты атау үшін "Кайасута мен Понтиак соғысы" термині қолданылды, себебі осы атаумен оны фронттирдің тұрғындары атады. Кайасут - ықпалды тайпа көсемі минго Гайасута есімінің балама айтылуы. XIX ғасырдың екінші жартысында соғыс 1851 жылы Фрэнсис Паркманның кітабы баспадан шыққаннан кейін "Понтиактың

қастандығы" деген атпен танымал болды. Бұл кітап бүгінгі күнге дейін қайта басылып келеді.

Әр түрлі үндістер, еуропалықтар, құлдықта болған және еркін африкалықтар мекендеген Солтүстік Америка XVIII ғасырда империализм мен нарықтық капитализмнің үлкен сыртқы күштері соқтығысқан Атлантикалық әлемнің бір бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін бос емес және қатал даулы кеңістік болып қала берді. Британдық сарбаздар мен колонизаторлар арасындағы әскери қатынастардың саяси, әлеуметтік және мәдениаралық аспектілерін үндістердің тәжірибесін зерттемей-ақ толық түсіну мүмкін емес.

Отаршылдық немесе британдық әскерлер болған жерде жиі орын алатын зорлық-зомбылық пен қатыгездік даладағы әрекеттердің толық бейнесін бермейді.

Ғалымдар соғысқа әкелген оқиғалар тізбегін және бейбіт келісім бойынша күрделі келіссөздер процестерін егжей-тегжейлі сипаттағанына қарамастан, Оңтүстік-Шығыстағы Британдық әскерлердің әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне талдау ұсынбайды[1]. Олар әдетте 1760-61 жылдардағы англо-Чероки соғыстарын жеті жылдық соғыс туралы жазбаларына енгізді, бірақ көпшілігі оны британдық әскерлер мен маңызды рөл атқарған Үнді жауынгерлері арасындағы күнделікті бейресми және ресми алмасулар тұрғысынан бағаламады.

АҚШ-тың әлемде алатын орнына деген қызығушылығы үнемі артып келеді, өйткені әркім не істеу керектігін, неден қорқу керектігін, болашақта оқиғалар қалай дамидыны және өз елдерінің мүдделеріне қалай әсер ететінін түсінуі керек. Американың түсінігін кеңейту, басқа авторлар Ресей, Қытай және Біз үшін маңызды басқа елдер туралы түсінігімізді кеңейтеді. Бұл біздің геосаяси бәсекелестіктің қиын жағдайында маневр жасау қабілетімізді арттырады.

Көптеген ғалымдар жеті жылдық соғыс пен американдық революцияны колониялар көтерілісінің себептерін талқылау кезінде бөлуге болмайды деп санайды. Олар егжей-тегжейлі бөлінгенімен, барлығы жеті жылдық соғыссыз американдық тәуелсіздік болмас еді деп мәлімдейді. Олардың барлығы соғыстың нәтижелерін, әсіресе Британдық саясаттағы американдық көңілсіздіктің қозғаушы күші ретінде батысқа қарай кеңейуді тоқтату және қаржылық шығындарын өтеу әрекеттерін көрсетеді.

1754-1763 жылдар аралығында Еуропа империялары арасындағы даулар Еуропада, Азияда және Солтүстік Америкада қақтығыстар тудырды. Еуропада болған шайқастар жеті жылдық соғыс (1756-1763) деп аталып, Пруссия, Ганновер және Англияның Біріккен күштерін Австрия, Франция, Ресей, Саксония және Швеция Одағына қарсы соқтығысқан [2].

Олар еуропалық соғыс қимылдарына қатысқанымен, Франция мен Англия үшін соғыстың ең маңызды бағыттары олардың Азия мен Америкадағы колониялары болды. Карнатикалық соғыстардың соңғысында

(1756-63) бұл екі отаршыл держава Шығыс Үндістанды бақылау үшін шайқасты - бұл жарыс Англияның жеңісі шешуші болды.

Халықаралық қақтығыс Солтүстік Америкада ең ұзаққа созылды, онда ол белгілі болды француз және үнді соғысы (1754-63). Онда ол тағы да ирокез Конфедерациясымен Біріккен ағылшындарды алгонкин тілінде сөйлейтін көптеген тайпалардан, француздардан және испандықтардан тұратын әлдеқайда үлкен коалицияға қарсы қойды. Евых қимылдарының көп бөлігі Огайо өзенінің бассейнінде және Ұлы көлдер аймағында болды. Бір таңқаларлығы, олардың саны аз болғандықтан, ирокездер мен ағылшындар одағы басым болды. Париж келісімінің шарттары бойынша (1763) Франция Миссисипи өзенінің шығысындағы колонияларын Англияға берді. Англия қазір Гудзон шығанағынан Мексика шығанағына дейін және Атлант мұхитының жағалауынан Миссисипи өзеніне дейін созылатын кең аумақты басқарды[3].

Сол кездегі келісімдер, әдетте, аумақтың егемендігін бір монархтан екіншісіне ауыстырды, бірақ жергілікті тұрғындарды олардың меншігінен айырған жоқ және монарх пен субъект арасындағы бұрынғы келісімдерді жойған жоқ. Адамдардың санаттары бір-бірін алмастыратын ретінде қарастырылды: егер Егемен (бұл жағдайда Франция) басқа монархтың (бұл жағдайда Англия) иелігіне айналуы керек аумақтағы субъектілерге уәде берсе, соңғысы келісімді орындайды деп күтілді. Аймақта тұратын субъектілер, мұнда жаңа Францияның байырғы және отаршыл халықтары да бірінші монархтан екіншісіне адалдықтарын береді деп күтілген. Еуропалық және еуроамерикалық колонизаторлар мұндай мәселелерде дауыс беру құқығына ие болмауға дағдыланғанымен, аймақтың байырғы тұрғындары ұлттар емес, субъектілер ретінде қаралуға қарсылық білдірді. Шартқа қатысушы болмағандықтан, олар оны сақтаудың ерекше қажеттілігін сезінбеді.

Ағылшындардың билігімен қоныстанушылардың әдеттегі ағымы келді. Жаңа Англия мен Орта Атлантикадағы отандастары сияқты, Францияның бұрынғы территориясындағы алғашқы ұлттар ағылшындардың қоныс аударушылардың шабуылын қаламайтынын немесе алдын ала алмайтынын байқады. Ұлы көлдер аймағындағы байырғы тұрғындар топтары жыл сайынғы сауда тауарларын тарату тоқтатылды деп алаңдады. Ағылшындар сыйлық беру қажетсіз шығын деген қорытындыға келді және одан құтылуға қуанышты болды. Керісінше, байырғы халық оларды Солтүстік Американың ішкі аймақтарына шетелдік кіруге рұқсат бергені үшін қарызы бар кірістерінен айырады деп сенді.

1763 жылы Ұлыбритания үкіметі соғысты төлеу үшін орасан зор ақша алды және қазір қарызға батып кетті. Көптеген британдық шенеуніктер колониялар соғыстың бір бөлігін, әсіресе Британдық әскерлерді колонияларға орналастыру шығындарын төлеуі керек деп есептеді. Ұлыбритания өзінің қаржылық мәселелерін шешу үшін қабылдаған саясат колонизаторларды алаңдатып, екі тарапты да қарсыласу жолына қойды.

1763 жылдың көктемінде Делавэр пайғамбары деп аталатын американдықтардың діни жетекшісі Боттава халқының көсемі Понтиакты ағылшындарға қарсы соғыс бастауға көндірді. Оттава, Делавэр, Шони және Сенека сияқты бірнеше американдық топтарды біріктіре отырып, Понтиак әскерлері шекара бойындағы бекіністерге шабуыл жасап, британдық әскерлер оларды тоқтатқанға дейін бірнеше қалаларды өртеп жіберді[4].

Понтиак соғысы Британдық шенеуніктерді таң қалдырмады. Олар 1758 жылдан бастап қоныстанушылар колонияның жергілікті үндістермен келісіміне қайшы Батыс Пенсильванияға қоныс аударғаны туралы алғашқы хабарламалар пайда болғаннан бері қиындықтарды күтті. Британдық шенеуніктер тағы бір соғыстың шығындарын көтергісі келмеді. Көптеген шенеуніктер аймақта жұмыс істейтін аң терісі сауда компанияларының акцияларына иелік етті және аң терісі саудасын бұзғысы келмеді. Олар ең жақсы шешім жаңа шарттарға қол жеткізілгенге дейін батыстық келісімді шектеу болады деп шешті.

Осы және басқа да мәселелер жергілікті халықтарды француздар мен үндістер арасындағы соғыстың аяқталуын белгілейтін тәртіпсіз кезеңде өздерінің артықшылықтарын пайдалануға мәжбүр етті. Іс-қимыл бірлігінің осы Күшін мойындай отырып, Оттава көшбасшысы Понтиак аймақтық ұлттар коалициясын ұйымдастырды. Ретінде белгілі болған қақтығыстағы басқа әрекеттердің қатарында Понтиак соғысы (1763-64), байырғы коалиция Ұлы Көлдердің жанындағы бірнеше ағылшын бекіністерін басып алды. Әскери шеберлік пен санның осы және басқа да демонстрациялары Король Георгий III министрлерін шығаруға итермеледі. 1763 ж. американдық үндістердің құқықтық реттеуіндегі маңызды құжаттардың бірі. Ол тайпалардың пайдалануы үшін "батыс пен солтүстік-батыстан теңізге құятын өзендердің бастауларынан батысқа қарай жатқан барлық жерлер мен аумақтарды" сақтап қалды. Яғни, Аппалач таулары мен Миссисипи өзені арасындағы және Ұлы көлдерден Мексика шығанағына дейінгі жер тек үндістер пайдалану үшін сақталған деп жарияланды. Декларация сонымен қатар ағылшын монархына осы тайпалық жерлерді сатып алуға немесе басқаша бақылауға айрықша құқық береді.

Жариялау сонымен қатар барлық қоныстанушылардан аймақтан кетуді талап етті. Осы мандатқа қарамастан, мыңдаған ағылшын қоныстанушылары ата-бабаларының отаршылдық билікті елемеу дәстүрін ұстанды және Понтиак соғысынан кейін салыстырмалы түрде тыныш қорық аумағына көшті. Француз канадалықтары да қозғалыста болды, өйткені Британ Заңы католиктерге мемлекеттік лауазымдарды атқару сияқты бірқатар іс-шаралармен айналысуға тыйым салды. Британдықтар Француз-канадалықтардың наразылығын Квебек Заңын беру арқылы есепке алуға тырысты Квебек Заңы (1774). Ол діннің еркін қабылдануын және француз азаматтық құқығының жалғасуын қамтамасыз ететін бірқатар ережелерді қамтыды.

1763 жылы жеті жылдық соғыстың аяқталуы және Канаданың Франциядан Англияға ауысуы француздардың қорқынышын американдықтардың санасынан алып тастады. Оның метрополиясына француздардың ықтимал шабуылына тәуелді болудың қажеті жоқ еді. Сондықтан американдық колониялар британдықтардың отаршылдық көзқарасына қарсы тұруға шешім қабылдады.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Белан М.А Колониальные идеи в общественно-политической мысли Англии второй пол. XVI – первой четверти XVII вв. /Дис. на соискание уч.степени к.и.н. по специальности 07.00.03 – Всеобщая история (средние века). Москва, 2014. 390 с.

2. Бугашев С.И. «Великий год». Военная кампания 1759 г. (из истории Семилетней войны 1756-1763 гг.). Текст научной статьи по специальности «История и археология»/ <https://cyberleninka.ru>

3. Князев С., Лобанов М. Эксплуатация целого материка: как началась колонизация Северной Америки. 21.10.2020 г./<https://russian.rt.com>

4. Остин Стюарт диссертация «Границы и власть: западные чероки, территориальность и политика земель и движения на транс-Миссисипском Западе, 1763-1840 годы». 2020

ӘОЖ 336.057.87

## **КЛАСТЕРЛЕУ ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫН КЕҢІСТІКТІК ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Айтжанов Т.А. магистр, аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент*

Аймақ экономикасын дамытуда кластерлік бағытты қолдану жөнінен ғылыми басылымдар көздеріне шолу жүргізілгенде, ғылыми әдебиеттерде Қазақстан экономикасын дамытуда кластер түсінігі экономикалық категория есебінде және басқару объектісі ретінде жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін көрсетеді. Алғашқы кластер түсініктері тек ғана шетелдік әдебиеттерде ғана кездеседі. Осы түсініктерді өзіне ыңғайлы мағынадағы терминдермен салыстырғанда, қалыптасқан «кластер» анықтамасының шығу тектері ажыратылатындығы білінеді. Ерекшелігі, бұл шығу тектері Ұлттық

экономикадағы «кластер» түсінігінің пайда болуы мен аймақ экономикасында «кластер»ді дамыту анықтамалары бір-бірімен қиылыспайды. «Кластер» түсінігі жайлы ой туындатуда егер бизнесті сөз етсек, ауданда өндіріс технологиялары арқылы бір өнімді шығару немесе бір түрдегі өнімдерді, немесе бір тұтынушы топ өнімдерін шығару, өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру, сол өнімдерді жаһандық тауар нарығында сату бағасы мен сұраныс көлемінің жүргізілуі деп анықталуы мүмкін еді. Қашанда өндірісті ұйымдастыру және тауарлар тобын сатудың әрқилы амалдарын атап көрсеткеніндей, жаһандық нарықта бір топтағы тауарларды сату және өндіру ауданында кластерлеу пікірі мемлекет саясатына сайып кетеді. Өнеркәсіпте бизнесті ұйымдастырудың әрқилы түрлерінің артықшылықтары туралы ой-пікірлер ертеде-ақ пайда болды. Бұл саладағы ең бірінші зерттеу жұмыстарына Альфред Маршаллдың шығармасы жатады, ол мұнда Ұлыбританияның өнеркәсіптік аудандарына зерттеу жүргізген. Ол өзінің зерттеуінде «жекеленген өндіріс» немесе «өндірістік аймақ» деп аталатын нақты терминдерді енгізгені жоқ, бірақ жазу барысында, фирма аралық терең еңбек бөлінісінің кластері түрінде болғандығы баяндалады.

А.Маршалл экономикалық құрылымдарды бөліп, «белгіленген жерде көптеген кіші бизнестердің бірігуі арқасында тұрақты тиімділікке әкелетіндігін» көрсетті. Ол «айналадағылардың әсері» сияқты, жағдайларды есепке алып және олардың кіші бизнеске тигізер ықпалдарының өте жоғары дәрежеде екендігін сөз етеді. Айналадағылардың әсерлері түсінігінің астарында жоспарланбаған ұтыстар, басқаша айтқанда, орташа қызметті жүргізу барысындағы алынған, ойда жоқ немесе кездейсоқ қосымша өнімдерді шығару қызметтерінің дамуын көрсетеді [1].

освоив весь материал и успешно сдав экзамены Алиби Джангильдин по направлению школы уезжает в Оренбург, где поступает в духовное училище. Здесь он встретился с великими земляками, но понял что их цели может быть и благородные, но выбранный ими способ их достижения не смогут изменить древние обычаи и несправедливые устои в степи. Сдав экзамены экстерном, благо что суть обучения заключалась в заучивании духовных цитат, он уехал в Казань где поступил в учительскую семинарию. Также как и сейчас студентов отчисляют за активное проявление своих политических убеждений, так и нашего героя всего через год обучения отчислили из семинарии за революционную деятельность [1].

Тогда, в конце 1905 года Джангильдин поступает в Московскую духовную семинарию на исторический факультет. Как всякий любознательный человек, он пытается разобраться, что же происходит в мире, откуда берется несправедливость и есть ли страны, где все уже построено для обычных работающих людей. Поэтому после окончания семинарии, он отправляется в путешествие. «Пешком прошел Польшу, Австро-Венгрию, Болгарию, Турцию, побывал также в Палестине, в Египте, в Абиссинии. На жизнь зарабатывал, делая фотоснимки проходимых мест и продавая их за хорошую цену. Обрато прошел через Аравийский полуостров: Месопотамию, Персию, Индию, остров Цейлон, Малайский архипелаг, Сиамское королевство, южную часть Китая, а в 1912 году прибыл в Японию. Таким образом, за 5 лет я прошел 12000 верст» [2]. Этаким казахский Марко Поло, а в Швейцарии он знакомится с Владимиром Лениным и вдохновляется идеями социализма. «Мы создадим страну, где не будет деления на богатых и бедных. Где каждый честный трудящийся будет обеспечен достойной жизнью». На что Джангильдин отвечал: «А разве такая страна возможна? Ведь богатые и бедные существовали всегда, с незапамятных времен». На что Владимир Ленин отвечал, что конечно возможно и рекомендовал Джангильдину прочитать труды Карла Маркса [3].

На чужбине он видел все то же самое, что и у себя на Родине – богатство и бедность, всесилие одних и бесправие других. По возвращении Алиби пишет свои мемуары о путешествии, и попутно рассказывает людям о борьбе и жизни трудящихся в других странах. Но после подозрения о революционной деятельности ему пришлось покинуть Казахстан снова. Сначала он поехал в Крым, где работал на метеостанции и познакомился с большевиками, а потом в Петроград где вступил в РСДРП (партию большевиков) и получил партбилет из рук самого Ленина.

В 1916 году Алиби Джангильдин возвращается в Тургай, где вместе с Амангельды Имановым возглавляет восстание батраков против царского правительства. К слову, Алаш-Орда выступала против этого восстания, и весь 1917 год Джангильдин метается между Петроградом и Тургаем, и пропаганду ведет настолько яростную, что даже Временное правительство, обычно закрывавшее глаза на такие дела, арестовывает его. Сразу же после революции, Джангильдин стал военным комиссаром Тургая. В отличии от

других политиков, сидевших в уютных юртах, Алиби как настоящий революционер не стеснялся брать оружие и садиться на своего боевого скакуна. Меньше чем через год после революции, Джангильдин вел боевые действия против белых войск (т.н. белогвардейцев) и милицейских отрядов Алаш-Орды. Стоит отметить, что Алиби не метался из стороны в сторону, переходя то на сторону красных или на сторону белых войск. И даже в самые трудные времена он оставался верным правому делу, и когда вам скажут что Букейханов переходил из одного лагеря в другой из-за конъюнктуры, то вы можете указать на пример Джангильдина, который этой конъюнктуре не поддавался и свои социалистические принципы ради сиюминутной выгоды не предавал. Но правда и алашевцы были преданы своим буржуазным принципам, за что и были наказаны.

В самый пик гражданской войны, когда генерал Колчак оккупировал всю Сибирь, а в западном Казахстане хозяйничали казачьи отряды атамана Дутова, отряд под командованием Джангильдина прошел через жгучие пустыни Мангышлака и доставил боеприпасы Актюбинскому фронту, за что был награжден орденом Красного знамени. Конечно после гражданской войны нужно было снова отстраивать страну, ведь кровавые большевики так «ненавидели» казахстанцев, что немедленно создали государственную комиссию для оказания медицинской и юридической помощи населению, которая называлась «Қызыл керуен». И возглавил ее никто иной как наш герой, Алиби Джангильдин. Естественно, трудящихся нужно было организовывать, рассказывать как работает социализм, устранить явную экономическую и социальную несправедливость и необразованность народа в целом. Занялась этим организация под названием «Қосшы», и у истоков создания данного союза был Джангильдин. И как результат, к 1925 году в этой организации Казахстана числилось свыше 30 000 человек, было построено: 1. 584 читальных дома 2. 93 волостные библиотеки 3. Больницы и школы [4].

Когда на СССР напала фашистская Германия, бесстрашный Алиби Джангильдин тут же подал заявку, чтоб его отправили на фронт, но не в Туркестанский легион как это делали некоторые пантюркисты и фундаменталисты зарубежом, а в рабоче-крестьянскую Красную армию. Трое его сыновей добровольцами ушли на фронт, вернулся живым только один. Тогда Алиби попросили создать надежный тыл в Казахстане и он со всей своей пассионарной революционностью принял за это дело. Днями и ночами этот казах вкладывал силы в организацию новых воинских частей, размещение эвакуационных заводов и людей, за что и был награжден орденом Ленина. Уже после победы и до последнего дня своей жизни, не жалея сил и здоровья Джангильдин занимался восстановлением экономики республики. Он умер в один год со Сталиным (в 1953 году) как бы подводя итог эпохи «титанов».

Так кем же был Алиби Джангильдин? Его именем названы школы, улицы, его памятник стоит на привокзальной площади Алматы-1, но память

о нем постепенно выветривается из нашего сознания. Между тем, такому человеку нужно памятники приумножать, а главные улицы должны называться его именем. Если про Амангельды Иманова говорят, что он был конокрадом, то главное обвинение в сторону Алиби Джангильдина в том, что он был христианином по вероисповеданию. Сейчас людей судят не по поступкам, а по религиозной и национальной принадлежности или может еще по постам в Твиттере начнем судить людей, вот парадокс современного общества. В связи с этим хотелось бы привести воспоминание известного общественного деятеля и ветерана ВОВ Дабаева Изгилика: «Помню, как Алиби Тогжанович в августе 1952 года вручал орден известному ученому-историку Ермухану Бекмаханову. Последний тут же, при вручении пожаловался на своих гонителей за книгу «Казахстан в 20-30 гг. XIX столетия» и просил помочь, мол, заклевали совсем. Джангильдин, не откладывая дела в долгий ящик, при нас подчиненных, звонит первому секретарю ЦК партии республики Жумабаю Шаяхметову: «Жумаш у меня сидит Бекмаханов. Ты знаешь, он родился в 1916 году, ему было всего год, когда я устанавливал Советскую власть. Ты ему подскажи, как книгу исправить. Если мы будем наказывать всех за то, что их книги нам не нравятся, никто и писать тогда не станет» [5]. Эта совершенно справедливая мысль Джангильдина нашла яркое подтверждение в 1954 году в речи тогдашнего первого секретаря ЦК КПК Пономаренко. Пантелеймон Кондратьевич тогда сказал: «Ученые молодого государства ищут в архивах поэтов, ученых, полководцев прошлого. Бекмаханов нашел не того героя. Вместо того, чтобы подсказать, чтоб он нашел другого героя, отправили ученого в тюрьму. Я бы эти 25 лет, которые ему дали, распределил между пятью секретарями ЦК – как раз по пять лет. Это было бы справедливо».

Разве человек, трудившийся на благо страны, готовый пожертвовать в любой момент своей жизнью, и который не искал себе ни денег ни славы, а лишь народное счастье и сделавший все, чтоб создать его, не является патриотом Казахстана? Конечно нет, он был и остается тем человеком, кто заслужил право всегда быть истинным патриотом своей родины, своего Казахстана.

#### **Список использованной литературы:**

1. Симашко М. Комиссар Джангильдин. Алма-Ата: Жазушы, 1978. - 454 с.
2. Джангильдин А.Т. Мой путь. В кн.: Алиби Джангильдин: Документы и материалы. Алма-Ата, 1961. - с. 10 - 75.
3. Степной комиссар (Публикация документов А.Джангильдина в годы гражданской войны). - «Партийная жизнь Казахстана», 1964, № 6.
4. Бейсембаева С. «*Политические деятели России 1917*». Биографический словарь. Москва, 1993. - 132 с.
5. Дабаев И. XX век: портреты выдающихся деятелей. Серия очерков.- Алматы: ИП Бексултан и Комп.", 2015. - 476 с.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗДЕРІН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қ.М. Қалықұлов э.ғ.к., доцент,  
Д.А. Асырауов аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Технология дамуындағы адамдардың түсінуі немесе оған жауап беруі үшін тым тез дамып жатқан жағдайды психология мен ғылыми фантастикада «техношок» деп атайды.

Қазір әрбір сала кәсіпорын ресурстарын басқару жүйелерін (Enterprise Resource Planning, ERP) құру және дамыту кезінде өзіндік техношокты бастан кешіруде.

Жаңадан дамып келе жатқан технологиялар белгілі бір деңгейден өткенде, бұрыннан қалыптасқан өндірістер жарамсыз болып қалады. Прогресс осылай жүреді. Өмір сүру үшін компаниялар соңғы технологияны қабылдап, оны жылдам орындауы керек. Сондай технологиялардың негізгі бөлімі ретінде жасанды интеллект (ЖИ) арқылы жұмыс істейтін ERP жүйесін алуға болады.

ЖИ жүйелеріне көшу ұйымдардың техникалық мүмкіндіктерін арттырады. Дегенмен, ЖИ-і іске асырудың екі аспектісі бар - технологиялық және мәдени [1]. Технология жиі қиындықтар туғызбайды, бірақ қызметкерлерге жаңа жүйелерді пайдалануды үйренуге көмектесу – бұл нағыз қиындық.

Жаңа технологияға көшуді қиындық деп емес, мүмкіндік деп қарау керек. ЖИ-тің шынайы құндылығы оның қызметкерлерге өз ұйымдарында кейіпкер болуға көмектесу қабілетінде жатыр. Бұл оларға ұйымның бұрын бір-бірінен айырмашылығы бар деректерін түсінуге көмектеседі. Осы білім арқылы қызметкерлер мүмкіндіктерді болжай алады, ақылды шешімдер қабылдай алады және бизнеске стратегиялық құндылық бере алады.

Экономикалық сауаттылық – бұл елдегі, әлемдегі экономикалық жағдайды адекватты түрде қабылдау, болашақ жұмыс берушімен, әріптестермен, мемлекеттік және коммерциялық экономикалық құрылымдармен қарым-қатынасын дұрыс құру, ресурстарды ұтымды бөлу және пайдалану, қажеттіліктерді теңестіру қабілеті.

Ең табысты қызметкерлер жаңа технологияларды өзіне және компанияға пайда келтіру үшін қалай жақсырақ пайдалану керектігін түсінетін қызметкерлер болады. Ұйымдар интуитивті интерфейстері бар шешімдерді таңдау арқылы қызметкерлерге бейімделуге көмектесе алады. Бүгінде қызметкерлер смартфон сияқты пайдаланудың қарапайымдылығын күтеді, мұнда дауысты тану және виртуалды көмекшілер сияқты технологиялар навигацияны жылдамдатуға көмектеседі.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект адам қызметінің барлық дерлік салаларында қолданыла бастады.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін талдай отырып, ғалымдар оны пайдаланудың жаңа бағыттарын, ең алдымен бизнес-процестерді жетілдіруге байланысты іздей бастады. Бұл салада ЖИ қолдану бизнес-процестерді икемді және бейімделгіш етуге, дәстүрлі конвейерлерден бас тартуға және заманауи жасанды интеллект жүйелері мен адамдарды біріктіру идеясына көшуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл роботтар мен адамдардың біріктірілген топтарын құра отырып, машина мен адам арасындағы өзара әрекеттесуді түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Мұндай командалар өндірістік операциялар кезінде үлкен көлемдегі деректерді жылдам өңдей алады, жаңа ақпаратты игереді және үнемі өзгертін жағдайларға бейімделеді. Мұндай ЖИ мүмкіндіктері жаңа көзқарастағы компанияларға бизнес-процестерін қайта құруға, олардың өнімділігін айтарлықтай арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, индустриалды интеллектіні дамыту мен енгізудің негізгі бағыттарының бірі бизнес-процестерді реинжиниринг болып табылады [2].

ЖИ көмегімен кәсіпорын ресурстарын жоспарлау (ERP) жүйелерін оңтайландыруға болатын бірнеше сала бар. Оларға сатуды басқару, тұтынушыларға қызмет көрсету және қызмет көрсетуді қанағаттандыру, сондай-ақ инвентаризация, қаржылық және адам ресурстарын басқару кіреді. Бұл мақалада ЖИ пайдалану жағдайларына шолу жасалады.

Тәжірибелік мысал ретінде, «Бал Текстиль» ЖШС-де қолданылған автоматтандырылған жобалау бағдарламасын (ERP) алайық.

ERP бағдарламалық жасақтамасы кәсіпорындағы келесі мәселелерді шешеді:

- ресми, яғни белгілі алгоритмдер бойынша, мысалы, дизайн параметрлерін есептеу мәселелері;
- ресми емес, яғни пайдаланушының интерактивті белсенділігін қолдануға қиын мәселелерді;
- ресімделмейтін, яғни эскиздеу немесе модельдеудегі шығармашылық ізденіс мәселелерін.

Жеке тоқталар болсақ, ERP бағдарламалық жасақтамасын енгізудің «Бал Текстиль» ЖШС-де инновациялық белсенділікке әсерін бағалап көрдік.

Тоқу станогында кілем бұйымдарын өндірудің оңтайлы технологиялық көрсеткіштерін алу мәселесін шешу үшін «Бал Текстиль» ЖШС-нің тоқу цехы базасында тәжірибе жүргізілді.

Негізінде, экономикалық модельдерді қалыптастыру үшін экономикалық ғылыммен қатар математикалық әдістерді де меңгеру қажет.

Жүргізілген эксперименттердің негізгі мақсаты ең аз қымбат бақылауларды пайдалана отырып, зерттеушіні қызықтыратын көрсеткішке (еңбек өнімділігіне) зерттелетін факторлардың әсері туралы объективті ақпараттың максималды көлемін алу болып табылады.

Жүргізілген эксперимент келесі түрдегі таңдалған  $Y$  оңтайландыру параметрі  $X_1$ ,  $X_2$ ,  $X_3$  факторларының әсерін сипаттайтын екінші ретті математикалық модельді алуға мүмкіндік береді:



$$Y = b_0 + b_1 X_1 + b_2 X_2 + b_3 X_3 + b_{11} X_1^2 + b_{22} X_2^2 + b_{33} X_3^2 + b_{12} X_1 X_2 + b_{13} X_1 X_3 + b_{23} X_2 X_3;$$

Материалдық өндірістің технологиялық процесін зерттеу алдын ала эксперименттен басталды, оның нәтижесінде  $X_0$  факторларының негізгі деңгейлерінің мәндері,  $I$  факторлардың өзгеру аралықтары, вариацияның жоғарғы және төменгі деңгейлері -  $X_B$  және  $X_N$  анықталды. Алынған мәліметтер кестеде келтірілген (1-кесте).

Белсенді эксперимент деректерін өңдеу және кейіннен кілем тоқудың технологиялық процесін оңтайландыру үшін ERP бағдарламалық жасақтамасы арқылы жүргізілген белсенді эксперимент деректері бойынша тоқыма өндірісінің технологиялық процестерін оңтайландыру жүзеге асты.

**Кесте 1 – Экспериментті жүргізу шарттары**

Экспериментті жүргізу шарттары	і-ші фактордың кодталған мәндері			і-ші фактордың натуралды мәндері		
	x1	x2	x3	X1	X2	X3
$X_0$ факторының негізгі деңгейі	0	0	0	350	24	6
$I$ фактор үшін вариация аралығы	1	1	1	20	4	5
$X_B$ факторының жоғарғы деңгейі	+1	+1	+1	360	26	9
$X_N$ факторының төменгі деңгейі	-1	-1	-1	340	22	1

Ұсынылған тоқу өндірісінің технологиялық процестерін оңтайландыру бойынша ERP бағдарламалық жасақтамасы жоспарлау матрицасы арқылы жүзеге асырылған белсенді эксперименттің мәліметтерін өңдеуге мүмкіндік береді (2-кесте).

**Кесте 2 – Эксперимент нәтижелері**

№ п/п	Факторлардың кодталған мәндері			Факторлардың натуралды мәндер			Эксперимент нәтижесінде алынған шығыс параметрінің орташа мәндері
	x1	x2	x3	X1	X2	X3	
1	+	+	+	340	25	8	20,55
2	-	+	+	320	25	8	20,15
3	+	-	+	340	21	8	17,15

4	-	-	+	320	21	8	12,40
5	+	+	-	340	25	2	19,65
6	-	+	-	320	25	2	8,15
7	+	-	-	340	21	2	16,65
8	-	-	-	320	21	2	14,10
9	+	0	0	340	23	5	11,15
10	-	0	0	320	23	5	17,15
11	0	+	0	330	25	5	12,15
12	0	-	0	330	21	5	17,15
13	0	0	+	330	23	8	16,65
14	0	0	-	330	23	2	9,10

Белсенді тәжірибенің мәліметтерін өңдеу нәтижесінде кілем және кілем бұйымдары өнімінің таңдалған тоқу станогының параметрлеріне тәуелділігін сипаттайтын формула бойынша құрастырылған регрессия теңдеуі алынды:


$$Y = 12,72 + 1,25X_1 + 0,25X_2 + 1,87X_3 + 0,342X_1X_2 - 1,045X_1X_3 + 1,25X_2X_3 + 1,21X_1^2 + 1,71X_2^2 + 0,02X_3^2;$$

Математикалық модельді алғаннан кейін оны талдауға болады, яғни шығыс параметрінің мәніне сәйкес фактордың үлесін сипаттау үшін регрессия коэффициенттерінің мәндерін пайдалануға болады. Сонымен, алынған теңдеуден мынадай нәтижелер алынды.

Бал Текстиль» ЖШС-де ERP бағдарламалық жасақтамасын енгізу арқылы шикізатты сатып алуды жоспарлау процесі жеңілдетілді. Егер бұрын шикізат сатып алу жоспарын 3 қызметкер жасаған болса, «ERP» тапсырманы жеңілдеткен, осылайша 3 қызметкердің орнына 1 қызметкер жеткілікті. Әр қызметкердің айлық жалақысы 200 000 теңге болса, кәсіпорын жылына кемінде 4 800 000 теңге үнемдейді.

ЖИ экономикалық үрдістерді болжау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл компаниялар мен үкіметтерге инвестициялары мен саясаттары туралы көбірек негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Экономикалық үрдістерді болжайтын экономистер жақсы аналитикалық дағдыларға және ЖИ негіздерін түсінуге тиіс. Сонымен қатар, экономикалық деректерді талдау үшін арнайы құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана білуі керек [3].

Белгілі бір уақыт кезеңіндегі кәсіпорынның инновациялық жағдайын сипаттауға және оның динамикасы бойынша дамуын болжауға мүмкіндік беретін диагностикалық матрица әзірленді және кәсіпорынның негізгі көрсеткіштерінің болжамдық мәндері келтірілді (1-сурет).



Ескерту: Зерттеу мәліметтері негізінде автор құрастырған.

### Сурет 1 - «Бал Текстиль» ЖШС-і негізгі көрсеткіштерінің болжамдық мәндері

Экономикалық заңдылықтар, әдетте, экономикалық шамалар арасындағы күрделі сызықты емес қатынастарды білдіреді, олардың айқын нысанын тікелей орнату қиын. Егер тұрақты заңдылық болса, шамалардағы шамалы өзгерістерді шамамен дифференциалдармен ауыстыруға болады. Сонда шамалар арасындағы сызықтық емес қатынастар сәйкесінше шамалар мен олардың туындылары арасындағы қарапайым сызықтық қатынастармен ауыстырылады. Бұл қатынастар дифференциалдық теңдеулер болып табылады, олардың көмегімен экономикалық жүйенің немесе процестің математикалық моделі құрастырылады.

Зерттеп отырған «Бал Текстиль» ЖШС кәсіпорынындағы енгізілген инновацияларды дифференциалдық теңдеулерді пайдалана отырып зерттеу нәтижесінде мынандай қорытынды жасауға болады.

Бұл математикалық құрал көпфакторлы модельдермен және тенденциялармен салыстырғанда бүкіл зерттелетін технологиялық процестің айнымалыларындағы өзгерістерді дәлірек есепке алуға мүмкіндік береді [4].

Енді «Бал Текстиль» ЖШС-дегі технологиялық процестегі цифрландырудан болған айнымалылардың инновациялық өзгерістеріне тоқталайық (3-кесте).

**Кесте 3 – «Бал Текстиль» ЖШС-дегі технологиялық процесті цифрландыру бойынша инновациялық өзгерістер**

Кілем тоқудағы технологиялық процестер кезеңдерінің тізбегі	Цифрландыруға дейінгі нәтижелер	Цифрландырудан кейінгі нәтижелер
1 кезең. Тұтынушыдан тапсырыс қабылдау  2 кезең. Тапсырысты алдын- ала өңдеу (станок еніне қарай кілемдерді толтыру)	1 және 2 кезеңдерде көрсетілген процесстер Excel арқылы жасалатын. Бұл өз кезегінде ұзақ уақыт талап ететін. Қателесу мүмкіндігі жоғары болатын.	1 және 2 кезеңдерде көрсетілген процесстер толық ERP бағдарламасына енгізілді. Клиентке ыңғайлы тапсырыс формасы Excel-де әзірленді. Клиент форманы толтырып жібергесін, документ автоматты түрде программаға жүктеледі. Бұл уақыт үнемдейді, әрі қателесу тәуекелін едәуір төмендетеді.
3кезең. Тапсырыстағы кілемдердің әр мөлшердегі дизайнерларын әзірлеу	3 кезеңде көрсетілген процесс архив дизайнер бағдарламасында жасалынып, жүйедегі папкаға жүктелетін.	3 кезеңде көрсетілген процесстегі дайын дизайнерлар тікелей ERP жүйесіне жүктеледі.
4 кезең. Толық өңделген тапсырысты тексеріп тоқыма жоспарын жасау	4 кезеңде көрсетілген процесстегі кілем тоқу жоспары бөлек Excel файлдар мен дайын дизайнерлар бар папкаларды қолданып оператормен жеке-жеке тексерілетін.	4 кезеңде көрсетілген процесс ERP арқылы автоматты түрде тапсырыстарды нөмірі арқылы пішіндері, размерлері бір программаның ішінде оңай тексеріледі.
5 кезең. Тоқыма жоспарына сәйкес, дайын тапсырыстарды тоқылу үшін станокқа жүктеу	5 кезеңде көрсетілген процесс Weavelink программасына жеке-жеке толтырылатын. Тапсырыс мөлшері Excel документі арқылы жүктеліп, әр кілем тұсына дизайнерлар бөлек жүктелетін.	5 кезеңде көрсетілген процесс ERP арқылы автоматты түрде Weavelink программасына жүктеледі. Жүктелетін ақпарат ішінде тапсырыстағы кілемдер пішіндері, дизайнерлар толық автоматты түрде енеді.
6 кезең. Станоктың жіптерін әзірлеу (шикізат қоймасы). Жіп тапсырысын беру	6 кезеңде көрсетілген процесс кілем тапсырысын тоқуға қажетті жіптерді бөлек VOP бағдарламасы арқылы тексеріп, қағазға толтырылған жіп тапсырысын қоймаға апарып беретін.	6 кезеңде көрсетілген процесс толықтай ERP жүйесінде жасалады. Оператор бір программа ішінде тез арада қоймадағы жіптерді (шикізат) тексеріп, программа ішінде жіп қоймасына қажетті жіптерді онлайн түрде тапсырыс береді.

7 кезең. Тапсырыс кілемдерінің тоқылуы	7 кезеңде кілемдердің тоқылу нәтижесін көру үшін Weavelink программасына арнайы кіріп қарайтын.	7 кезеңде кілемдердің тоқылу нәтижесін көру үшін бірыңғай ERP бағдарламасынан көруге болады.
8 кезең. Сапа бақылауы	8 кезеңде сапа бақылау нәтижесінде кілемдердің арасынан шыққан ақаулы кілемдердің статистикасы жүргізілмейтін.	8 кезеңде сапа бақылау нәтижесінде кілемдердің арасынан шыққан ақаулы кілемдердің статистикасын онлайн түрде ERP бағдарламасынан көруге болады.
9 кезең. Кілемдерді алдын-ала өңдеу: латекс жағу, кептіру, үтіктеу, тазалау, түгін қысқарту, размерін кесу, этикеттеу	9 кезеңде кілемдер есебі тек қана этикет басылған сәттен бастап белгілі болатын. Сонымен қатар, штрих кодты этикеттеу BMS бағдарламасы арқылы жүретін.	9 кезеңде кілемдер есебі толықтай әр этапта онлайн түрде көріп отыруға болады. Сонымен қатар штрих-кодты этикеттеу толықтай ERP жүйесі арқылы жүргізіледі.
10 кезең. Кілемдердің соңғы өңделуі: оверлок, лента, бахрома, тігу, буып-түю жұмыстары	10 кезеңде кілемдердің статистикасын қадағалау мүмкіндігі болмаған.	10 кезеңде бұл этапта кілемдердің статистикасы толықтай ERP жүйесі арқылы жүргендіктен, кез-келген тапсырыстағы кілемдер қай кезеңде болғанын анықтауға болады.
11 кезең. Дайын өнім қоймасына қабылдау	11 және 12 кезеңдерде көрсетілген қойма есебі процессі VOP бағдарламасында жүретін.	11 және 12 кезеңдерде өрсетілген қойма есебі процессі ERP бағдарламасында жүреді, әрі тапсырысты толық циклда қадағалаудың соңғы кезеңі болып табылады.
12 кезең. Тапсырыстағы кілемдерді тұтынушыға жөнелту		

Қазіргі кезеңде «Бал Текстиль» ЖШС-де автоматтандырылған жобалау бағдарламасы ERP сәтті жұмыс істеп тұр.

Өндірістік процесте жасанды интеллектті қолдану, өнімді шығаруда техникалық жобаларды дайындаудан бастап, өндірістік қалдықтарды кәдеге жаратуға дейінгі кезеңдерді қамти отырып, нәтиже бере бастады.

Сондықтан жасанды интеллектті қолдануда «Бал Текстиль» ЖШС-нің тәжірибесі инновациялық шешімдерді қолдану деңгейін және бизнес-процестерді цифрландыруды дұрыс көрсете алады. Нәтижеде компанияның өсуі болды, ол тез арада Қазақстан Республикасы нарығында көшбасшыға айналды және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «Үлгілі цифрлық зауыттар» тізіміне енді.

Қорыта келе, экономикалық сауаттылықты қалыптастыру – өндіруші жұмысының міндетті шарты. Қолданбалы есептерді шешу математиканың практикалық маңыздылығын көрсетеді, нәтижесінде өндіріс қызметкерінде болуы керек: айналадағы өзгермелі әлеммен сәтті әрекеттесуге дайындығы, әртүрлі өмірлік есептерді шешу қабілеті.

Жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдысы бар экономистер кәсібиліктің жаңа деңгейіне көтеріліп, еңбек нарығында сұранысқа ие болады. Олар өз қызметінде ЖИ қолданатын әртүрлі компаниялар мен ұйымдарда жұмыс таба алады.

### ***Библиографиялық тізім:***

1. Искусственный интеллект, машинное обучение и глубокое обучение: в чём разница. - Текст: электронный // Skillbox Media: [сайт]. - URL: [https://skillbox.ru/media/code/iskusstvennyu\\_intellekt\\_mashinnoe\\_obuchenie\\_i\\_glubokoe\\_obuchenie\\_v\\_chyem\\_raznitsa/](https://skillbox.ru/media/code/iskusstvennyu_intellekt_mashinnoe_obuchenie_i_glubokoe_obuchenie_v_chyem_raznitsa/) (дата обращения: 07.02.2023).

2. Как искусственный интеллект решает задачи бизнеса и делает нашу жизнь лучше. - Текст: электронный // vc.ru: [сайт]. - URL: <https://vc.ru/ml/210518-kak-iskusstvennyu-intellekt-reshaet-zadachi-biznesa-i-delaet-nashu-zhizn-luchshe> (дата обращения: 07.02.2023).

3. Ефимова Софья Андреевна Развитие искусственного интеллекта // Цифровая наука. 2020. № 6. - С. 57 - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-iskusstvennogo-intellekta> (дата обращения: 07.02.2023).

4. На что способен искусственный интеллект сегодня и каков его потенциал. - Текст: электронный // РБК: [сайт]. - URL: <https://trends.rbc.ru/trends/industry/cmrn/619766d59a79471862e77e8a> (дата обращения: 07.02.2023).

ӘОЖ 372.8:718

## **СОТ САРАПТАМА МІНДЕТТЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ**

*Шымкент университеті  
Студент: А.А. Мырзабек  
ҚҚ-122 тобы студенті  
Ғылыми жетекшісі: заң ғылымдарының,  
магистр оқытушысы С.Қ. Камалханов*

Тақырыптың өзектілігі: Сот өндірісінде арнаулы ғылыми білімдердің қолданылуы негізінен дұрыс және біртекті түсіндірілуінен тұрады. Қылмыстық процесс практикалық юриспруденцияның саласы болып табылады.

Таным теориясында арнаулы білім-гносеологиялық категория ретінде орын қарастырылмаған; соңғы кезге дейін бұл анықтама қылмыстық іс жүргізу заңында орын алмаған.

Құқықтану әдебиеттерінде осы «арнаулы білім» деген анықтаманы айқындап, мағынасын ашып көрсетуге көптеген қадамдар жасалды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті: Арнаулы білімнің мазмұнын, қолданатын субъекттерін, нысандарының мазмұнын да айқындау керек. Г.М.Надгорный арнаулы білім мен кәсіптік дайындық және қызметтер арасындағы байланысқа назар аударады: «Арнаулы білім ғылыми және инженерлі техникалық негіздерді құраушы ғылыми және техникалық білімдер. Қылмыстық сот өндірісінде арнаулы білімдер дәлелдемелерді табу бекіту, алу және бағалау зерттеу үшін қолданылады.

Дәлелдемелерді табу, бекіту, зерттеуге байланысты арнаулы заң ғылымдарынан басқа заң ғылымдары арнаулы білім болып табылмайды». 2015 жылғы жаңа ҚР ҚПК-ң 7-бабы 41 тармақшасында арнаулы білім жайлы былай түсінік берілген: «арнаулы білім – адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім».

Зерттеу деңгейі: Криминалистік экспертизаның тууы және дамуы жайлы фундаменталды анализ А.В. Дулов және И.Ф. Крыловтың еңбектерінде қарастырылады. Экспертизаның тарихы және табиғаты жайлы жекелеген түсініктер ХІХ және ХХ ғ. басында орыс юристері К.К.Арсеньев, И.Я.Бариев, Е.Ф.Буринский, С.И.Викторский, Л.Е.Владимиров, С.Годлевский, М.М.Гродзинский, Д.А. Дриль, Б.Д.Спернаский, Д.Г.Тальберг және т.б. еңбектерінде көрсетілген.

Зерттеу пәні: Сот сараптамасының процессуалдық аспектілеріне жағымды өзгерістер енгізіле отырып 1997 жылы 12 қарашада ҚР-ң «Сот сараптамасы» туралы заңы қабылданды. Бұл заңда сот сараптамасының принциптері (қағидалары), сараптамалық қызмет және оны жүргізу, тағайындау нысандары анықталды.

ҚР-ның ҚПК-де 80 баптың 1-бөлігінде маманға былайша түсінік беріледі: «Тергеуге және сот әрекеттеріне маман ретінде қатысу үшін іске мүдделі емес дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам шақырылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар қатысатын тергеуге және өзге де іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы педагог те, сондай-ақ оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де іс жүргізу процестеріне қатысушы дәрігер де мамандар болып табылады.

Маман: қылмыстық істі жүргізуші органның шақыртуы бойынша келуге; дәлелдерді табу, бекіту және алу үшін арнаулы білімін, дағдысын және ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып тергеу іс-әрекеттерін жүргізу мен сот талқылауына қатысуға; өзі орындаған іс-

әрекеттер жөнінде түсініктеме беруге; өзіне іске қатысуына байланысты белгілі болған істің мән-жайлары туралы мәліметтерді жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға міндетті».

Заңды және жеке тұлғалардың жазбаша өтініші бойынша сот сараптамасының ғылыми құралдары мен әдістерін пайдаланумен Орталықтың мамандары орындайтын Орталықта ақылы негізде мамандандырылған зерттеулер-процессуалды емес зерттеулер жүргізіледі.

Орталықтағы мамандандырылған зерттеулерді тікелей жүргізудің процесі мамандардың объектілерді, ілестірме құжаттарды (хаттар, өтініштер) және аумақтық бөлімше басшысының (оның орынбасарының) жазбаша өкімін алған кезден басталады.

Маман барлық келіп түскен материалдарды Орталықтың аумақтық бөлімшесінде сараптамаларды тіркеу журналына қол қойып алады.

Бұл жағдайда маман ретінде Орталық қызметкерінің сот сараптамасының ғылыми құралдары мен әдістерін пайдалана отырып жүргізген мамандандаралған зерттеулерінің нәтижелері жазбаша түрде баяндалады және мынадай нысанда рәсімделеді: жазбаша консультация, маманның қорытындысы, бағалаушының есебі.

Маманның қорытындысы маманның атынан жасалады және мекеме мөрімен куәландырылады.

Маманның қорытындысында сарапшы «маман» деп қол қояды. Ілестірме хатқа аумақтық бөлімше басшысы (оның орынбасары) қол қояды.

Маманның қорытындысы сарапшының қорытындысы сияқты кіріспе, зерттеу, синтездеу бөлімдері мен тұжырымдамадан құрылады.

Маманның қорытындысы екі данадан тұрады. Бірінші данасы мамандандаралған зерттеулер тағайындаған адамға жіберіледі, екіншісі – Орталық мұрағатының бақылау өндірісінде сақталады.

Маманның қорытындысы мәтіндік қосымшалармен немесе зерттеу барысы мен алынған нәтижелерді безендіретін фотокестелер, ксерокөшірмелер, сұлбалар, сызбалар, графиктер түрінде безендірілген материалдармен қоса берілуі мүмкін.

Безендірілулерге маман қол қояды және мекеме мөрімен куәландырылады.

Маманның қорытындысы кіріспе бөлімінде мыналар көрсетіледі:

- зерттеуді тағайындаған адам (ұйым);
- зерттеуді жүргізуге негіздеме (өтініш, хат);
- зерттеу объектілерінің тізбесі;
- сарапшылық зерттеумен шешуді керек ететін сұрақтар;
- кейбір сәттерді нақтылайтын, зерттеу процесінің өзін түсіндіруді талап ететін ескертпелер.

Маман қорытындысының зерттеу бөлімінде зерттеу процесі және оның нәтижелері баяндалады, анықталған фактілерге негіздеме беріледі.



Сарапшы қорытындысындағы баяндаумен салыстырғанда, зерттеу процесін қысқаша баяндауға рұқсат етіледі.

Тақырыптың методологиялық негіздері: Дипломдық жұмыс диалектикалық танымдық арнайы нақты, таихи салыстырмалы, әлеуметтік, ғылыми әдістерді құрайды.

Жұмыстың теориялық негізінен заңгер ғалымдардың құқық нормасы мен элементтері және құқық нормасы арқылы құқықтық қатынастарды реттеу мәселесі бойынша ғылыми тұжырымдамаларды ұсыну.

Диплом жұмысының құрылымы: Жұмыс кіріспе, 3 бөлім, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 58 беттен тұрады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 2018
2. ҚР Қылмыстық кодексі, 2015 ж. (өзгетурлер мен толықтыруларды қоса)
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық – Алматы: «Жеті Жарғы», 2018 ж.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Ерекше бөлім. Сотқа дейінгі сатылар: Оқулық // Төлеубекова Б.Қ., Қапсәләмов Қ.Ж., Шынарбаев Б.Қ., Бекішев Д.Қ. – Алматы: ҚазГЗУ, 2018 ж.
5. Божьев В.П. Потерпевший в советском уголовном процессе. Автореферат кандидатской диссертации. – М., 2003.
6. Божьев В.П. Уголовно-процессуальное правоотношения. – М., 1995.
7. Божьев В.П. Уголовный процесс. Общая часть. – М., 2001.

ОӘЖ 330.322

### **КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК АРЕНАДАҒЫ ОНЫҢ ДАМУ ДЕНГЕЙІ**

*э.ғ.к. Жадигерова Г.А., э.ғ.к. Сергазиева М.Р., э.ғ.м. Асильбеков Д.К.  
Шымкент университеті. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы  
Gulshat\_zhadigerova@mail.ru*

**Түйіндеме:** Кәсіпорын, кәсіпкерлік қызмет құрылыс звеносының негізі болып табылады. Осы жерден бастап және ары қарай «кәсіпорын» мен «фирма» ұғымы боламалап қараймыз. Рас, олардың бір-біріне өзара айырмашылығы бар: «фирма» термині жиынтық ұғым, оған бір немесе бірнеше кәсіпорын мен өндіріс енуі мүмкін. Әдетте, кәсіпорынға бір жақты, бір өнімді өндіретін яғни құрылыстық процесті жатқызамыз. Қазіргі жаңа жағдайда нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорындар өзінің құрылыстық қызметінде толық өз бетінше еркіндігін алуда: ал барлық халық

шаруашылығы кешенінен техникалық, ұғымдық, экономикалық және құқықтық тұрғыдан дараланған. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері заңды тұлға құрмай тұрып, азаматтық- құқықтық қытынастардың, әсіресе шетелдік заңды тұлғалармен қатынаста белсенді қатысушысы болуы белгілі дәрежеде қиын екендігін мойындау қажет. Сондықтан да соңғы жылдары еліміздің кейбір аймақтарында, әсіресе солтүстікте, шаруа қожалықтарының заңдық тұлға құра отырып, шаруашылық жүргізудің ірірек ұйымдық – құқықтық түрлеріне бірігу фактілері елеулі құбылыс болып отырғаны кездейсоқ емес. Мұнда шешім кәсіпкерліктің осынау жаңа субъектілерінің еңбек материал және басқа ресурстарын біріктіруге, сондай-ақ оңтайлырақ еңбек бөлінісін және өндірістің мамандандырылуын жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

**Кілттік сөздер:** кәсіпкерлік, кәсіпорын, экономика, нарық, өндіріс

**Аннотация:** Предприятие, предпринимательская деятельность является основой строительного звена. Отсюда и далее будем рассматривать понятие «предприятие» и «фирма». Правда, они отличаются друг от друга взаимностью: термин «фирма» является собирательным понятием, которое может включать одно или несколько предприятий и производств. Как правило, к предприятию относим односторонний, производящий один продукт т. е. строительный процесс. В современных новых условиях в условиях рыночных отношений предприятия обретают полную самостоятельность в своей строительной деятельности: а из всего народнохозяйственного комплекса индивидуализированы с технической, понятийной, экономической и правовой точек зрения. Следует признать, что субъектам предпринимательской деятельности до образования юридического лица трудно быть активными участниками гражданско - правового государства, особенно в отношениях с иностранными юридическими лицами. Поэтому не случайно в последние годы в некоторых регионах страны, особенно на севере, существенным явлением становятся факты объединения крестьянских хозяйств в более крупные организационно – правовые формы хозяйствования с образованием юридического лица. Здесь решение позволило объединить трудовые материальные и другие ресурсы этого нового объекта предпринимательства, а также осуществить оптимальное разделение труда и специализацию производства

**Ключевые слова:** предпринимательство, предприятие, экономика, рынок, производство

**Summary:** Enterprise, entrepreneurial activity is the basis of the construction link. Starting from here and further, we will consider the concepts of "enterprise" and "firm". True, they have a mutual difference between each other: the term "firm" is a collective concept, it can include one or more enterprises and production. As a rule, we refer to the enterprise as one-sided, that is, a construction process that produces one product. In the current new conditions, in the conditions of market relations, enterprises are gaining complete freedom in their construction activities: and the entire National Economic complex is individualized from a technical, conceptual, economic and legal point of view. It is necessary to

recognize that before the formation of a legal entity by business entities, it is difficult to be an active participant in Civil Law relations, especially in relations with foreign legal entities. Therefore, it is no coincidence that in recent years in some regions of the country, especially in the north, the facts of the unification of peasant farms into larger organizational and legal forms of economic management with the formation of a legal entity have become a significant phenomenon. Here, the solution made it possible to combine labor material and other resources of these new business entities, as well as to implement an optimal division of Labor and specialization of production.

**Keywords: entrepreneurship, enterprise, economy, market, production**

**Теориялық талдау.** Елімізде нарықтық қатынастар орнығып, экономикамыз ретке келген тұстан бастап, құрылыс саласы ерекше қарқын алуда. Бүгінгі таңда ел дамуында бұл саланың өзіндік орны мен салмағы бар деп айта аламыз. Осы құрылыстың қарқын алуы, оған шетелдік жаңа технологиялардың келуі нәтижесінде аз жылдың өзінде Сарыарқаның төсінде маржандай жайнаған Астанамызды салдық. Алматы қаласы қанатын кеңге жая түсті. Облыс орталықтарында әсем ғимараттар пайда болды. Міне, осылайша құрылыс саласы Қазақстан экономикасының локомотивтерінің біріне айналды. Егер соңғы 4-5 жылдың ішінде елімізде жүргізілген реформалық шараларға көз жүгіртер болсақ, Қазақстан Үкіметінің нақ осы құрылыс саласына үлкен мән беріп отырғандығы байқалады. Әлемді шарлаған дағдарыспен күрестің ауқымды шаралары еліміздің қаржы жүйесі мен құрылыс саласының тұрақтылығын сақтап қалудан бастау алғандығы белгілі. Осы аптада өткен Үкімет отырысы енді осы саланы одан әрі дамытудың бірқатар маңызды мәселелерін қарастырды. Соның бірі үлескерлер проблемасын шешу мәселесі болды. Аталған мәселе жөнінде баяндама жасаған еліміздің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттігінің төрағасы Серік Нокин айтуы бойынша үлескерлер проблемасы барынша ушыққан 2017 жылдың қыркүйек айында елімізде 63 мың үлескердің қатысуымен салынып жатқан 450 тұрғын үй кешенінде проблемалы жағдайлар пайда болған. Осы кезеңнен бастап Қазақстан Республикасының Президентінің арнайы тапсырмасы бойынша Үкімет үлескерлер проблемасын шешу ісімен жүйелі түрде шұғылданып келеді. Міне, содан бері екі жарым жылдай уақыт өткен екен. Осы қысқа уақыт аралығында бұл салада көптеген жұмыстар жүзеге асты. Жоғарыдағы 63 мың үлескердің 41 мыңы үйлі болып үлгерді. 450 тұрғын үйдің 322-сінде құрылыс жұмыстары аяқталып, олар пайдалануға берілді. Енді 2020 жылдың 1 наурызындағы мәлімет бойынша 132 тұрғын үйде құрылыс жұмыстары аяқталуы керек. Бұларда 26 721 үлескер бар. Осы үлескерлердің басым көпшілігінің мәселесі биылғы жыл шешімін таппақ. Атап айтқанда, 112 нысанда құрылыс жұмыстары аяқталып, 21 мың үлескер үйлі болмақ. Қалған 20 нысандағы 5000 үлескердің мәселесін шешу келесі жылдың үлесінде тұр. Серік Нокин өз баяндамасында жоғарыдағы айтылған 21 мың үлескердің

мәселесі қалай шешілетіндігі жөнінде жан-жақты баяндап берді. Сол деректерге көз жүгіртер болсақ Астанадағы проблемалы деп табылып отырған 61 нысанның 26 нысанындағы бос пәтерлерді қала әкімдігі сатып алатын болады. Бұл 3965 үлескердің мәселесін шешеді. 7 тұрғын үй нысаны «Жаңа құрылыс» ЖШС өкілетті құрылыс ұйымының күшімен аяқталады. Бұл 2659 үлескердің мәселесін шешуге мүмкіндік береді. 3524 үлескер бар 19 тұрғын үйді аяқтау міндетін «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры өз мойнына алып отыр. Мұның сыртында 1182 үлескері бар 9 нысанды аяқтау құрылыс компанияларының өз күшімен жүргізіледі. Сөйтіп, бір Астана қаласының өзінде биылғы жылы 12 646 үлескер үйлі болады. Ал Алматы қаласында құрылысы аяқталмаған 33 тұрғын үй нысаны бар екен. Бұлардағы үлескерлердің жалпы саны – 8141. 2020 жылы осы нысандардың 16-сында құрылыс жұмыстары аяқталып, олар пайдалануға беріледі. Сөйтіп, 3 мыңнан астам үлескердің мәселесі шешілетін болады. Үкімет әлемді шарлаған дағдарыс қиындықтарына қарамастан, үлескерлердің мәселесін шешу жөнінде белсенді жұмыстар жүргізді. Осының нәтижесінде ешбір үлескер далада қалмақ емес [1-2]. Сөйтіп, бұл саладағы жүйелі жұмысты Үкіметінің үлкен бір жетістігі деп бағаласақ, артық емес. Қазақстанда қарқын алған құрылыс саласын бұдан әрі қалай алға жылжытамыз? Қазақстандықтарды баспаналы етудің қандай жолдары бар? Осы мәселемен Үкімет тұрақты түрде шұғылданып келеді. Соның бір мысалы ретінде отырыста қаралған екінші мәселені атап көрсетуге болады. Бұл мәселе халықтың «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-тағы салымдарын іске қосу жағдайын қарастырады. Осы жайында баяндама жасаған Серік Нокиннің айтуы бойынша, ол басқаратын Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруа-шылық істері агенттігі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-пен бірлесе отырып, осы банктің салымшылары үшін тиімді кестені жасаған. Осы кесте бойынша аталған банк өз салымшыларының ішінен белгіленген төмен баға бойынша тұрғын үй сатып алғысы келетіндердің пулын қалыптастырады. Пул қалыптасқаннан кейін банк жергілікті атқару органдарына тұрғын үй салу жөнінде тапсырыстар береді. Жергілікті атқару органы бұл құрылыстарды республикалық бюджеттен бөлінетін несиелі қаржыға жүргізетін болады. Осы үшін жер телімдерін бөліп, оларды қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді. Тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін оны пайдалануға беру үшін жергілікті атқару органы банк салымшыларымен келісім-шарт жасасып, осының негізінде жаңа тұрғын үйдегі пәтерлерді оларға бөлетін болады. Ал банк салымшылардың қаржысын жергілікті атқару органы есебіне аударады. Жергілікті атқару органы осы қаржымен республикалық бюджеттен несиелерін өтейді. Әзірге бұл қанатқақты жоба Астана, Алматы қалалары мен Ақтөбе облысында жүзеге аспақ. Құрылыстың шығындарына және жер телімдеріне бағасына байланысты тұрғын үй бағасы да әркелкі болады. Мәселен, Алматы қаласында осындай жолмен салымшыларға берілетін пәтердегі 1 шаршы метрдің бағасы 142,5 мың теңгені (950 доллар) құраса, Астана қаласында 1 шаршы метрдің бағасы 121 мың теңге (807 доллар), ал

Ақтөбе облысында 90 мың теңге (600 доллар) болмақ. Бұл – болжамды баға. Ал нақты баға құрылыстың жобалық-сметалық құжаттары жасалып, олар мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін айқындалатын болады. Серік Нокиннің айтуынша, осы кесте бойынша елімізде 2011 жылы 50,1 мың шаршы метр немесе 745 пәтер салынбақ. Бұл пәтерлердің 364-і Астана қаласында, 285-і Алматы қаласында, 96-сы Ақтөбе облысында тұрғызылмақ. Бұл үшін республикалық бюджеттен 7,7 миллиард теңге қаржы бөлінуі керек. Мұның 4,1 миллиард теңгесі 2020 жылы құрылысты бастау үшін, 3,6 миллиард теңгесі 2021 жылы құрылысты аяқтау үшін бөлінеді. Үкімет отырысына интерактивті байланыс арқылы облыс әкімдері де қатысып отырған еді. Олардың көпшілігі осы жобаға ықылас танытты. Үкіметке мұндай жоба еліміздің барлық өңірлері бойынша жүргізілсе деген өтініштерін жеткізді. Осы мәселе жөнінде сөз алған «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басшысы Ибрагимова Л.Е. өзі басқаратын банктің қанатқақты жобаны еліміздің барлық өңірлерінде жүргізуге мүмкіндігі бар екендігін айтты. Сонымен аталған мәселе тағы бір пысықталатын болды. Отырыста құрылысқа қатысты қаралған үшінші мәселені революциялық шешім ретінде бағалауға болады. Бұл мәселе Қазақстанда осы уақытқа дейін ұзақ жылдар бойы пайдаланып келген құрылыс саласын техникалық тұрғыдан реттеу мәселесіне арналды. Қазіргі қолданыстағы құрылыс саласын техникалық реттеу мәселесі бізге Кеңестер одағынан көшкен мұра. Бұл норма әміршілдік тәсіл бойынша жүргізіліп келеді. Мәселен, белгілі бір құрылыс нысанын жүргізу үшін осы норма бойынша алдын ала ол нысанның қандай материалдарды қолданып салынатындығы, қандай тәсілдермен жүргізілетіндігі айқындалады. Бірақ сапа мәселесі көп ескеріле бермейді. Құрылысты жүргізуші алдын-ала белгіленген осы нормадан ауытқымауы керек. Егер соңғы 4-5 жылдың айналасында пайда болған әлемдік тәжірибеге назар аударатын болсақ, дамыған елдердің көпшілігі бірінші кезекте түпкі нәтижеге бағытталған шараларға ауысып жатыр. Оларда бірінші кезекте салынған құрылыстың тұрмысқа жайлы болуы, берік болуы ескеріледі. Ал осы құрылысты қандай тәсілдермен жүргізеді [3]. Оған қандай материалдарды пайдаланады, бұл – құрылыс жүргізуші компанияның өз еркіндегі мәселе. Компания құрылыс жайлы да сапалы болу үшін өз бетінше ізденіске түсіп, оны салуда әлемде пайда болған соңғы технологияларды қолдануға ұмтылады. Ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде жаңадан пайда болған құрылыс материалдары бойынша жұмыс істейді. Бұл материалдар осы уақытқа дейін қолданыста болып келген заттарға қарағанда, әлдеқайда арзан болуы мүмкін. Міне, осылайша салынған құрылыстың өзіндік құны да төмендей түсуі мүмкін. Қазақстанда ендігі қолданысқа енгізілетін құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесі осы жаңалықтарға негізделмек. Оны әзірлеуде Австралия, Ұлыбритания, Еуропа одағы, Канада, Жаңа Зеландия, АҚШ, Жапония секілді елдердің тәжірибелері ескерілген.

Кәсіпкерлік істің қозғаушы күші – мол пайда табу. Ресурстарға төлем. құрылыс факторлары жеке кәсіпорындарға ақшалай табыс ретінде беріледі:

- Материалдық ресурстар бергені үшін капиталға пайыз алады;
- Жер, су бергеніне рента алады;
- Жұмыс күшін жалдағаны үшін еңбек ақы алады;
- Кәсіпкерлік табысты пайда деп атайды, зияны да болуы мүмкін.

Кәсіпкерлік субъектілерінің жіктелуі, түрлері. Кәсіпкер тауарлар өндіреді, содан соң оларды сатады. Осыған орай, кәсіпкерлік - құрылыстық, коммерциялық, қаржылық және кеңес берушілік болып бөлінеді. Осылардың әрбір формасы өзіндік ерекшелігі, өзгешелігі, демек өзіндік технологиясы болады.

Құрылыстық кәсіпкерлік- бұл кәсіпкерліктің негізгі түрі. Мұнда тауар өндіру, қызмет көрсету асырылады. Тұтынушылардың кейіннен сатып алуына тиісті құрылыстық өнім өндіру, жұмыстар жүргізу және қызмет көрсету, жинау, өндеу және ақпарат беру, рухани құндылық жасау тағы басқаларға бағытталған қызметтер жатады.

Құрылыстық кәсіпкерліктің мүдделік өрісі едәуір түрліше және оны іске асыру үшін қаржылық және материалдық ресурстар, ал кейде олар көп мөлшерде қажет болады. Құрылыстық кәсіпкерлік қызметінің нәтижесі мол құрылыстық өнім өндіру және оны сату мүмкіндігі болып табылады.

Кәсіпкерлікпен айналасу үшін қандай тауар өндіру, қандай қызмет көрсетуді іске асырумен шұғылдану керектігін білу керек.

Одан кейін маркетингтік іспен шұғылдану болашақ тұтынушылармен байланысу сонымен қайырыныс, материалар, энергия т.б. жабдықтаушылармен ара қатынасты орнату.

Келесі кезең құрылыс факторлары: а) негізгі құрылыстағы қорлар, ғимараттар, құрылыстар, құрылыстық құрал жабдықтарды сатып алу немесе арендаға алу. б) құрылыстағы айналым қоры; еңбек заттары, шикізаттар, негізгі және қосымша материалдар, отын және энергетика ресурстары, жөнінде жасауға қосалқы бөлшектер, сатылып алынатын құрастыру бөлшектері, полуфабрикаттар келешекке керекті шығындарды жабу көзі. Инструменттер мен инвентарлар айналым қорына екі белгісімен: бағасмен және пайдалану мерзімінен бөлінеді.

Алдағы уақыттағы шығындар дегеніміз –бірінші кезегі тауар өндіруді меңгергенше көбірек шығатын шығындар. Ол шығындар тауар өніміне тікелей қатынасады.

Жұмыс күшін кәсіпкер еңбек биржасы, немесе құлақтандыру арқылы жалдап алады. Жұмысқа аларда кадрлардың білімі, мамандығы, тәжірибелілігі жеке қасиеттері т.б. ескерілуі керек.

Қажетті ақпарат – ресурстары қосымша қосуға мүмкіндіктерді ойластырып, алдын ала есептеу.

Коммерциялық кәсіпкерліктің іс өрісі тауар биржалары сауда мекемелері. Тауар биржалары ең көп тараған бірқалыпты істейтін көтерме сауда нарығы. Тауар биржаларында тауармен, жабдықтаушылармен, сауда жасаумен бірге, келісім шарттар жасау, яғни фьючерлік айырбас келісімдері жасалады. Мұнда шарттар бойынша төлемді мерзім уақыт өткеннен кейін

келісімге бағамен сатады. Мысалы, диханшылардың егін оруға қаражаты жоқ. Оған банкир ақша берем, сен 4-5 айдан кейін астағыңды мынандай бағамен сатасың деп келісім шарт жасайды. Ол көпшілік жағдайда нарық бағасынан төмен болады.

Тауар биржалары мынандай қызмет атқарады:

- Сауда –сатық келісім жасауға делдалдық қызмет атқарады;
- Тауар сатуды тәртіпке келтіреді, сауда операцияларын реттейді
- Баға туралы, өндіріс жағдайын, тағы басқа бағаға ықпал ететін

факторлар жөнінде мәліметтер жинап жариялайды.

Тауар биржасының айналымының көп бөлігі нақты тауарлар сату емес, тауарларды келісім бойынша сату, болашақта тауарлармен тұтынушыларды жабдықтау туралы шарттар жасаудан тұрады.

Коммерциялық кәсіпкерліктің негізгі жұмысы тауарды сатып алу –сату операцияларымен байланысты. Құрылыс кәсіпкерліктен коммерциялық кәсіпкерліктің айырмашылығы, бірінші тауар өндірісе, екіншісі сатып алып сатады. Сауда өндірістің жалғасы болып табылады.

Коммерциялық кәсіпкерлікке – қызмет түрін сипаттайтын, оның мазмұнының мәнін айқындайтын тауар-ақша қатынастары, тауар айырбастау операциялары жатады. Мұның құрылыстық кәсіпкерліктен айырмашылығы – мұнда құрылыстық өнім өндіруге – байланысты құрылыстық ресурстарды қамтамасыз ету қажеттілігі тумайды. Технологияның бастапқы сатысы ретінде, не сатып алу, нені қайта сату және қай жерде екенін таңдай білу қажет. Бұл мәселелерді іске асыру, ең алдымен тауар бағасының өткізу бағасы жағдайында көтерме сатып алу бағасы елеулі жоғары болуы керек екеніне сүйену қажет.

Коммерциялық кәсіпкерлікпен шұғылданар алдында нарықты маркетингалық талдау жасау керек. Жалпы алғанда маркетинг барлық шаруашылық істерді ұйымдастыру, басқару жүйесін жасақтау болып табылады.

Коммерциялық келісімдер бағдарламасы:

- Сауда делдалдық жұмыс атқаруға жұмысшылар жалдау;
- Ғимараттар, қоймалар, ұсақ сауда үй сатып алу немесе жолдау;
- Тауар сатып алу, сату;
- Тауар сатып алуға керекті несиелерді ұйымдастыру, табу және оны уақытында пайыз ставкасымен қайтару;
- Жоспарлауға керекті ақпараттарды табу, жасақтау;
- Тұтынушыларға тауар сатып ақшасын алу;
- Финанс органдырына салық және басқа төлемдер мерізіміне төлеу.

Қаржылық кәсіпкерлігіненегізімен коммерциялық банкілер және қор биржалары кіреді. Коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі, солай болғандықтан оның сатып алу, сату объектісі айрықшылығы – тауар болып есептелінеді: ақшалар, валюта, құнды қағаздар (акциялар, облигациялар, вексельдер, кепілдіктер және т.б.), яғни бірдей ақшаларды сату тікелей немесе жанама формада жүргізледі. Солай болғандықтан қаржылық

кәсіпкерлік – бұл коммерцияның бір түрі, онда қаржылық кәсіпкерліктің технологиялық мәмілесі коммерциялық технология мәмілесімен ұқсас болады, айырмасы тек тауар – қаржы активтері болып саналады [3].

Коммерциялық банкілер – бұл финанс – кредит мекемелері, негізінен акционерлік типте болады. Олар көпшілікке коммерциялық кәсіпорындарға несие береді, ол үшін пайыз ставкасымен берген несиеcін қайрады. Банкіде активті және пассивті операциялар болады. Қор биржалары- бағалық қағаздар нарығы. Ол капиталдың қорзғаласын жеделдетеді және активтердің реалдық құнын анықтамайды.

Кеңес берушілік кәсіпкерлік бұл ой нарығының бір бөлігі онда мынандай жұмыстар істеледі, финанстық, инвестициялық саясаттарды жасақтау белсенді маркетинг тәуелсіз кеңестер. Нарыққа бағыттану туралы финанстық, шаруашылық талдауды жасауға, басқару мәселелері жөнінде көмектер т.б. көрсетіледі. Консультация ( кеңес беру ) әдістері:

1. эксперттік кеңес беру –мұнда маман өз бетімен диагноз қояды, шешімдер жасақтайды және енгізуге ұсыныстар береді;

2. Процестік кеңес беру –кәсіпорынның маманы клиентпен белсенді түрде қарым – қатынаста болады, оны өз ойы айтуына ынталандырады, клиентпен бірге талдау жасайды сонан кейін ұсыныстар белгілейді;

3. оқулық кеңес беру – лекция оқу, семинар өткізу, оқу құралдарын жасақтау т.б.

Кәсіпкерлік нарықтық экономиканың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Экономиканың осы сферасының дамуы бір-бірінен оңашаланған көптеген ұсақ жеке кәсіпорындардың пайда болуымен басталды.

1 кесте-Кәсіпкерлік қызметтің негізгі ұйымдар блок түрлерінің артықшылығы мен кемшілігі

Кәсіпкерліктің түрлері	Артықшылығы	Кемшілігі
Бір тұлғалы жекеленген шаруашылық	Ұйымдастырудағы қаапайымдылығы. Қызмет жасауының толық еркіндігі. Нарықтық саладағы мінез-құлқының икемділігі, қызметінің құпиялылығын сақтау мүмкіндігі. Барлық табыс табудағы максималды мүдделілігі.	Капиталды тартудағы көптеген қиындықтары. Болған зардаптарға жауапкершіліктің шексіздігі. Барлық ұйымдық және басқарушылық іс-әрекеттің біріктірілу қажеттілігі.
Серіктестіктер	Басқару бойынша міндеттерді бөлу. Қаржы тартудағы үлкен мүмкіндіктер. Еркін және оперативтік іс-әрекеттің әріптестерімен келісу кезіндегі шектеулілігі.	Әріптестердің өзара өнімсіздігінің ықтималдылығы. Сенімсіздік арқасындағы әлеуметтік-психологиялық комфортсыздық. Әріптестердің өзара келіспеушілігінің арқасындағы



		бұл түрінің тұрақсыздығы.
Акционерлік қоғамдар	Қосымша капиталды тезірек және кеңірек тарту мүмкіндігі. Корпорация қызметі әртүрлі сала шеңберіндегі капитал қозғалысының еркіндігі. Акционерлердің шектеулі жауапкершілігі.	Басқарудың тым күрделілігі және оның оперативтілігінің төменділігі. Акционерлердің басқаруға қатысуы мен бақылау деңгейінің жоғары еместігі. Кәсіби құпияның ашылу мүмкіндігі.
Ескерту: автормен құрастырылған		

Қазақстан нарығында барлық кәсіпорынды бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Жеке ( жеке меншік ) кәсіпорындар- бір ғана иесі және жалдамалы жұмыскерлердің саны шектеусіз кәсіпорындар.

2. Серіктестік кәсіпорындар – белгілі бір пропорция бойынша, өз капиталдарын, өз үлесін алып тұруға келісім жасап, осы кәсіпорынның иесіне айналатын кәсіпкерлердің бірлестігі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Шаруашылық серіктестік жайлы және Мемлекеттік кәсіпорын Жарлығына сай кәсіпкерлік қызмет шаруашылық серіктігісінің түріне қарай жеке және ұйымдық болуы мүмкін:

- Жай, ол бірлескен қызмет шартына негізделеді;
- Толық, барлық мүлікке ынтымақтастық жауапкершілік жүктеледі;
- Жауапкершілік шектелген, салынған салым құны шеңберінің жауапкершілігі жүктеледі;
- коммандитті –аралас жауапкершілік (біреудің толық мүлікімен және басқаның салынған салымымен);
- Қосымша жауапкершілікпен, өзінің салымдарымен және оған жататын мүлікпен қосымша жауапкершілік мойына алынады;
- Өндіріс және тұтыну кооперативті;
- Консортциумдар;
- Акционерлік қоғамдар.

3. Корпорациялар - ол адам осы кәсіпорындарға өз қаржысын орналастырған және кәсіпорын әрекетіне байланысты мәселелерді шешуге араласуға құқығы барлығын білдіретін акция иесі және корпорациялардың барлық әрекеттеріне белгілі бір үлес қоса алатыны негізінде кәсіпорынды ұжымдық иеленуге атсалысады, әрбір акция оның иесіне бір дауыс құқығын береді.

4. Мемлекеттік және қазыналық кәсіпорын –акция пакетіне үкімет иелік ететін немесе әкімшіл - әміршіл экономикалық үкімет балансындағы кәсіпорындар иелік жасайтын корпорациялар. Мемлекеттік кәсіпорындар – бұл негізгі қорлары мемлекет меншігінде болатын және басқару органдарын мемлекет тарапынан ұйымдар тағайындайтын кәсіпорындар болып табылады. Ал, егер кәсіпорын мемлекеттік ұйымдардың қарамағында болса, ол кәсіпорын қазыналық болып есептеледі яғни біріншісі шаруашылықты жүргізу құқығына негізделсе, екіншісі – оперативті басқару құқығына негізделген. Шын мәнінде мұнда шаруашылық есептің екі түрі

қолданылады: таза мемлекеттік – толық шаруашылық есеп; қазыналық – толық емес шаруашылық есеп.

Бүгінгі таңда мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру нәтижесінде меншік пен кәсіпорындардың алуан түрлері мен формаларының барлығы бірдей заң жүзінде орнықтағанымен, дұрыс қалыптаса бастады. Олардың ең алдымен мемлекеттік меншікке негізделетін және төмендегідей формаларда жұмыс жасайтын түрлері бар:

1. Мемлекеттік бюджетте тұрған кәсіпорындар мен ұйымдар несие негізінде коммерциялық қызметпен айналысатын мемлекеттік-бюджеттік кәсіпорындар;

2. Шаруашылық есеп, өзін өзі басқару негізінде жұмыс істейтін мемлекеттік шаруашылық есептегі кәсіпорындар.

3. Мемлекеттік – жалгерлік кәсіпорындар, оның бір бөлімшесін немесе басқа мүліктерін сондағы еңбек ұжымының өзі жалға алған жағдайда құрылады. Жалға беру –мүліктерді (құрал –жабдықтарды) шарт бойынша белгілі бір төлем үшін уақытша басқа субъектілерге (кәсіпорындар, ұжымдар, жеке адамдар ) пайдалануға беру.

4. Кооперативтік кәсіпорындар –бұл жаңа түрлі кооперативтер. Олар жалға алған немесе олардың пайдалануына берілген мүліктерді пайдаланып, тауар шаруашылығымен айналысу мақсатымен кооперативке мүше ретінде ерікті түрде бірлескен адамдар тобы. Олар өндірісті дербес, өзін өзі басқару және өзін өзі қаржыландыру принципіне сәйкес ұйымдастыру.

**Қорытынды.** Еліміздің құрылыс саласына мұндай норманы енгізу жеңіл емес, ол үшін осы уақытқа дейін қалыптасқан нормативтік база, қадағалау мен бақылау жүйесі, сәйкестікті бағалау жүйесі түбірінен қайта қарастырылуы керек. Міне, осындай жағдайда ғана аталған реформадан сәттілік күтуге болады. Сондықтан бұл жаңалықты біртіндеп енгізу қажет. Осы жаңалықты өмірге әкелудің жолдарын қарастыратын құжат Қазақстан Республикасының құрылыстағы техникалық регламенті деп аталады. Тіпті мұны өзінің маңызы мен ерекшелігін ескере отырып, еліміздің құрылыс саласының жаңа техникалық конституциясы деп те атауға болады.

#### **Әдебиеттер**

1. «Қазақстан 2021 жылы» / Статистикалық жылнамалығы / қазақ және орыс тілдерінде / 485 бет.- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті.

2. Шеденов Ө.Қ, Сағындықов Е.Н, Жүсінов Б.А, Байжамартов Ү.С, Комягин Б.И «Жалпы экономикалық теория» Ақтөбе –2014 жыл, 145-бет.

3. Дауранов И., Курбанова Г., Рудецких А., Шишкина А. Малый бизнес Казахстана: тенденции и проблемы развития. Алматы: РГП «Институт экономических исследований», 2011 год 167с.

## ҒАЖАЙЫП ҚАЗАҚСТАН: ОҢТҮСТІКТІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ

*Ирисмедова Л. - Студент*

*Шымкент университеті. Шымкент қ.*

Қазақстан – ашық аспан астындағы мұражай деуге болады. Қорғандар, мешіттер, ғибадатханалар, батырлар жерленген орындар – осының бәрі біздің мемлекетіміздің тарихы. Осынау киелі жерлер Отанымыздың, тарихымыздың негізгі тірегі деуге саяды. Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту, балалардың бойында ұлттық сананы ояту, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін тәрбиелеу мақсатын көздеген виртуалды саяхаттың арқасында балалар Қазақстанның киелі жерлері туралы көптеген мәліметтерге қанық болды. Оңтүстік Қазақстан облысында киелі жерлер көп. Қасиетті Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Ибрагим ата, Қарашаш ана кесенесі, Ақ мешіт үңгірі, Тараздағы недеген керемет Айша бибі кесенесі, Карахан кесенелері осы аймақта орналасқан. Мәселен, Арыстан баб кесенесі жанында емдік қасиеттері бар өте тұзды сулы құдық бар десе, түркі халықтары Түркістан қаласын екінші Мекке ретінде санайды. Ал, Сайрам ауылындағы XIX ғасыр сәулетінің тарихи ескерткіші Қарашаш ана кесенесі Қожа Ахмет Ясауидің анасына арнап салынған. Сондай-ақ, осы ауданда Ибраһим ата кесенесі бар. XI ғасырда Сайрам ислам дінін тарату ошағы болды. Мұнда көптеген діни ұстаздар мен ғалымдар тұрды. Ал Түркістан қаласындағы 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі XIX ғасырдың соңына қарай тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағаны мәлім. Өңірдің әр ауданында аңыз болып тараған әулие-әмбиелер жатқан жерлер мен ескерткіш, кесенелер де жетерлік. Өңірде сонымен қатар табиғаты тамаша көрікті жерлер мен аңыз ретінде танылған киелі орындар да бар. «Ақ мешіт әулие» үңгіріне кезінде 10 мың әскер еркін сыйған деседі «Ақ мешіт әулие» үңгірі - Бәйдібек ауданы, Көктерек ауылының жанындағы Қаратау сілемінің бөктерінде, 250 м биіктікте орналасқан. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз бойынша бұл жерде бағзы дәуірде жерасты мешіті болған деседі. Ортадағы алаңнан бірнеше қамалдарға жолдар жалғапты. Кейін сол жолдар бітеліп, мешітке адам кіре алмай қалған. XX ғасырда күмбездің бір бөлігі опырылып, содан үңгірге кіретін саңылау пайда болыпты. Қасиетті жерге жол тапқан адамдар бұл орынды әулиелі жерге айналдырады. Үңгірдің іші қоңыр салқын, салқын леп ұрып тұрады. Оның кереметі сол, ішінде түрлі ағаштар мен өсімдіктер, құстар бар. Үңгірдің ортасында биіктігі 10-15 м, көптеген жылдан бері жиылған қазақта «киелі құс» деп аталатын үкі саңғырығының үйіндісі жатыр. Киелі «Ақ мешіт әулие» үңгірі күмбезінің әр жерінен су тамшылап тұрады. Күмбез шаңырақтың қасиетінің арқасында судың тамшылары қысы - жазы тамшылағанымен ауада ешқандай келеңсіз патогенді ауру бактериялары

болмайды. Сондықтан мұнда көгеру, шіру деген процесс жүрмейді екен. Қазіргі таңда киелі мекенге Алматыдан, Тараздан, Қызылордадан, Шымкенттен өзге ұлттың адамдары да ағылып келуде. Ұкаша ата туралы аңыз көп Оңтүстікке келген туристер жиі келетін киелі мекеннің бірі - Ұкаша ата кесенесі. Халық арасында айтылатын аңызда «Ұкаша ата сахаба Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың замандасы, сенімді серігі әрі күзетшісі, Ислам дінін таратушы болған. Жергілікті тұрғындар «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жауырынының астындағы мөрді сүйгеннен кейін Ұкаша сахабаның денесіне атса оқ, шапса қылыш өтпеген». Осы әңгіме ел арасында кеңінен тараған. Бәлкім бұл ғажайып ертегідей естілер. Десе де мұны білікті қазақ ғалымдары өз еңбектерінде айтып өткен. Шәді төре Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы біраз деректер қалдырған. Бұл кісілердің шығармаларында Ұкаша атаның есімі Ғакаша деп беріледі. Бізге аңыз болып жеткен Ұкаша сахаба жайында Ш. Уәлихановтың кітабында да (онда Оксе деген есіммен көрсетілген) айтылған. Бұдан ұққанымыз, Ұкаша атаның ешқандай да аңыз ертегі емес тарихи тұлға, өмірде болғандығын анық көрсетеді. Тағы бір деректі қоса кетейік. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-мұражайы ғылыми зерттеу бөлімінің мәліметінше, Ұкаша сахаба біздің даламызға Ислам дінін алғаш алып келген тарихи тұлға. Ол Түркі тайпаларының бірінен шыққан. Қазақ шежіресінің бастауында тұратын Әнес сахабалармен бір қатарда тұрады дейді. Тағы бір аңызда Ұкаша атаны жау жеңе алмаған. Ол тек таң намазын оқыған кезде қорғансыз болады екен. Оны білген кәпірлер Ұкаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып Ұкаша ата басы оған түсіп жерасты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 м белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Ұкаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның жасаған күнәларының кесірі, дейді. Жалпы кесене Түркістан қаласынан 60 шақырымдай аумақта, «Серт» деп аталатын елді мекеннен 12 шақырым жерде орналасқан. Кесененің жанында құдық бар. Мұнда келген әрбір адам бірінші Ұкаша атаның қабірі орналасқан кесенеге кіріп құран оқыған соң, тау басындағы құдықтың басына барып су алады. Кереметке толы құдық пен сахабаның қабірі жатқан кесене жайлы аңыз-әфсана бұрнағы уақытта жыр-дастандар арқылы кеңінен таралған. Домалақ ана кесенесі ХІ ғасырдың ескерткіші. Домалақ ана кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстігі Қаратау бөктерінде Балабөген өзенінің бойында орналасқан. Кесене Али Сыланқызы Нуриланың мазарының үстінде салынған, Нурила апамыз халық арасында Домалақ ана деген атқа ие. Домалақ ана Байдибек атаның ең кенже әйелі. Ол өзінің ақылдылығымен, сабырлығымен танымал, және жақсылық пен ананың символы болып

табылады. Домалақ ана парсы тілінен аударғанда «Дихнат мама» , яғни Әулие ана мағнасын білдіреді. Кейіннен Дихмет деген сөзді Домалақ деп ауыстырылған. Сонымен қатар, Домалақ ана халық арасында дауларды шешуімен, тапқырлығымен танымал болған. Домалақ ана Жетусі жерінің, Әулие ата, Шымкент, Ташкент халқының арғы анасы болып табылады екен. Оның ұлы жарықшақ Такентте Әмір-темірдің кеңесшісі болған, содан кейін Жетісудың билеушісі болды. Түсіне кірген Бәйдібек атаның әмірімен өмірінің соңғы жылдары өзінің туып өскен жері қаратау бөктіеріне оралады. Домалақ ананың немересі дулат Бұқарадан Абдулла Шері шеберін шақырып, апасының мазарының үстіне қазіргі таңға дейін сақталған, көп адамдардың бас иетін жеріне айналған төрт бағаналы кесене тұрғызады. Алғашында кесене 1456 жылы төрт куполды болып салынды. XI-XV ғасырлары Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қайта жөндеуден өткен болатын. XX ғасырда салынған кесене 6 бағаналы болған. 1957 жылы қайта қалпына келтірілген ескерткіш бұл күнге сақталмаған. 1966 жылы Маңғыстаудан алып келінген ақ тастардан қайта қаланған болатын. Домалақ ана кесенесінің биіктігі 12 метр. Аңыз бойынша Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек шана таза адам өте алады. Мұражайда қолдан жасалынған көптеген заттар сақталған. Ибрагим ата кесенесі – әйгілі уағызшы мазарына қойылған сәулет ескерткіші. Ақсу ауылы жолында Сайрам ауылының шетінде биік төбеде орналасқан. Алғашында кесене XVI – XVII ғасырларда салынған, бірақ ол құлап қалғаннан кейін XIX ғасырда қайта салынды. 50-жылдары қатты жер сілкінісі кезінде кесене күмбезі құлағаннан кейін басқа қалыпта қайта жасалды. Ибрагим ата – атақты сопы Қожа Ахмет Яссауидің әкесі, діни көсем, әрі осы өңірлерге танымал уағызшы болған. XI ғасырда Сайрам ислам дінін тарату ошағы болды. Мұнда көптеген діни ұстаздар мен ғалымдар тұрды. Ибраһим ата текті отбасынан шыққан, табысты жер өңдеуші болды. Халық арасында оның әулиелігі мен уағызшы қабілеті жайлы аңыздар тараған. Ибраһим ата мұқтаж адамдарға көмектесіп, тақуалық өмір сүрді және мыңдаған ізбасарларға ислам дінін уағыздады. Ғайып Ерен Қырық Шілтен әулие. Төлеби ауданы, Қазығұрт тауы баурайында орналасқан «Ғайыперен қырық шілтен – арабтың, көне түркінің және парсының сөздерінен құралған ғажап тіркес. Арабтың «ғайыбы» «жоқ болып кету», «көзден тасалану» деген мағыналарда жұмсалады. «Шілтен» парсы тілінде «қырық тән немесе қырық дене» деген ұғымды білдіреді. Бұған қоса, мынадай да діни жорамалдар бар. Жалпы, әулиеліктің жеті сатысы бар. Оның ең жоғарғысы – құтып, екінші сатысы – әруақуль муқаддас, үшінші сатысы – Ғайыперен қырық шілтен болып саналады. Қырық шілтеннің құрамында қырық әулие болады. Әулиелердің ұлықтары Ғайыперен қырық шілтенмен бірігіп, Жаратқанды ұлықтап намаз оқиды екен». Айша бибі кесенесі — XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сан түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер

ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған. Тараз қаласынан 18 км қашықтықта басқа да діни ескерткіш орналасқан. (XI- XIIғғ.) Қазіргі кезде ол кесене ЮНЕСКО қатарына алынған. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938 — 39 жылы А.Н. Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ғылым академиясының экспедициясы зерттеген. Қарахан кесенесі – ортағасырлық сәулет ескерткіші. Қараханидтер әулеті өкілдерінің біреуінің бейіті үстінде салынған. Кесене Қазақстан аумағындағы ортағасырлық сәулет өнерінің әсем үлгісі. Шамамен XI ғасырда салынған. Ол Тараз қаласындағы Төле би және Байзақ батыр көшелерінің қиылысында орналасқан.

### **Биографиялық тізім**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017.
2. Нұрқатова Ләззат. Бәсекеге қабілеттілік-басты өлшем // Айқын, 19 мамыр 2017.
3. Амангелді Айталы. Адами капитал деген не? // Ақиқат, №5, мамыр, 2017
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Астана: Елорда, 2017.
5. Смағұлов Е. Конфессияаралық келісімнің Қазақстандық тәжірибесі. /<http://kazislam.kz>., 31.08.2013.
6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2
7. Пославский И.Т. Развалины города Отрара // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год III. Ташкент. 1898, с. 237.

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Ғ.К Қонысбеков***

*ҚР ИМ Б.Момышұлы атындағы оқу орталығы  
Арнайы пәндер циклінің аға оқытушысы,  
полиция подполковнигі, Шымкент қ.*

Құқықтық тәрбие беру білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатысты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз

жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау – ұзақ уақыт бойы жасалған тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы» – деп Әбу Насыр Әл Фараби өз еңбектерінде бекер айтпаған болса керек.

Ендігі кезекте мақаламыздың өзекті мәселесіне айналып отырған «құқықтық білім беру» сондай ақ «білім беру» ұғымдарына тоқталсақ...

Жалпы білім беру ортасы терең мағынаға ие және жеке тұлғаны дамытуға, оның қоғамдағы өміріне қажетті білімнің, дағдылардың негізін қалыптастырып, мамандықты саналы түрде таңдауға және кәсіби білім алуға бағытталған білім берудің түрлі кезеңдерінен құралады. Қазіргі жаһандану жағдайында азаматтардың білім алу құқығын асыру қоғам мен мемлекет дамуының маңызды және қажетті шарты болып табылады. Жеке адамның қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім алу құқығы — бұл адам мен азаматтың іргелі конституциялық құқықтарының бірі. Білім алудың жалпы маңыздылығы, оның ішінде қоғамның мәдениеті мен адамгершілік бағыттарын зерттеу білім алу процесін жеке адамның ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесіне белсенді әсер ететін, белгілі бір білім беру институттары мен педагогикалық процестің белгілі бір модельдерін қолдайтын қоғам мен мемлекеттің де қызығушылығын тудырады. Білім алу құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында «азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік берілетіні және орта білім алу міндетті екендігі, сонымен қатар, азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар» екендігі бекітілген [1]. Осылайша, білім алу құқығы қоғамның және тұтастай мемлекеттің жұмыс істеу жүйесінде нормативтік негізі бар азаматтың негізгі конституциялық құқықтарының бірі болып табылады.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе оның құрамды бөлігі – адам құқығының мәдениеті. Адам құқықтары туралы ақпаратпен жүйелі қамтамасыз етудің қажеттілігі маңызды екенін ескерсек, онда бұл салада адам құқығы мәдениетін қалыптастыруда маңызды құралдың бірі - білім беру ұжымдары десек қателеспейміз.

«Адам құқығы туралы айтқан кезде бүгін біз адам мен мемлекеттің арасындағы өзара қатынасын айтамыз», - дейді М.Новицкий»[2]. Заңгер ғалымдарымыз: «Адам құқығы–адам мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, өзі заң арқылы қорғалатын болуы мүмкін іс-әрекеттің (мінез-құлықтың) өлшемі (шамасы)» — деп анықтама берген [3]. Адамның құқықтары мен бостандықтары табиғи және оған тумысынан берілген, ажырамайтын, табиғи ретінде танылады және ең жоғары әлеуметтік

құндылық болып табылады. Адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау мемлекет функцияларының бірі.

Тәрбие қоғамдық талаптарға сәйкес болуы міндетті. Жалпы адамзаттық құндылықтар қалыптастырудың маңыздылығын ескерумен бірге әлеуметтік ортаның кездейсоқ та, мақсатты бағытта да әсер, ықпал жасайтынын ұмытпаған жөн.

Тәрбие – кездейсоқтық оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет. Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жастардың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және осыған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Тәрбиелеу – халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерді дарыту ( Әл Фараби)

«Тәрбие – біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал ету... Тәрбие – бізге мәлім адамгершілік әдет-ғұрыптарын меңгеруді мақсат көздеп, бір адамның екінші адамға ықпал етуі» (Л.Н Толстой)

Тәрбие – көпжақты процесс болып табылады. Жасөспірімдерді азамат етіп тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы еңбекке баулу процесі қоғамның барлық азаматтарының міндеті, отбасы, мектеп және көпшілікпен бірлесіп атқаратын ортақ мақсаты. Дей тұрсақ та, ата-аналар мен сыртқы факторлардың әрекетін қадағалап, бағыт-бағдар беріп, олардың бала тәрбиесіндегі жұмыстарын бірыңғай бағытта ұйымдастырып отыратын ол – педагог-ұстаздар ұжымы.

Көбінесе құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Оған мысал ретінде, 2022 жылы орын алған «Қаңтар оқиғасын» айтсақ болады. Сондықтан да әрбір жасөспірімнің, әрбір өз елінің «патриотының» санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу – құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Дегенмен де құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталатыны баршамызға белгілі. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыс көзі – отбасындағы теріс «тәрбие», маскүнемдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғышарты осыдан басталады. Мектеп жасындағы жастар арасында бұл теріс құбылыстың орын алып отырғаны жасырын емес. Яғни, мектеп жасындағы жасөспірімдердің тәртіп бұзуына себеп болар жағдайлардың көпшілігі – отбасыдан бастау алып жатыр. Зерттеулершілердің айтуынша, жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылық жасауға жиі әсер ететін факторлар: ата-аналар тарапынан тиісті қадағалау мен бақылаудың жоқтығы, ата-аналардың ішімдікке құмар болуы, тәрбие жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілмеуі, отбасының әлеуметтік жағдайының төмен болуы. Мұндай отбасында тәрбиеленген бала қылмыс жасауға бір



табан жақын тұратынын көп зерттеушілеріміз өз еңбектерінде көптеп жазып жүр. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтардың алдын-алу үшін жүргізілетін шаралар:

- тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою;
- бала тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;
- оқу, еңбекке баулу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;
- отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспа-сөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Тұлғараалық қарым-қатынас мәдениетіне балабақшадан, мектеп қабырғасынан баулу арқылы өмірде өзара әрекеттестіктің ізгілік қағидаларын ерікті түрде орындай және қорғай білетін құқықтық мінез-құлықты қалыптастырамыз. Осының нәтижесінде өнегелік- құқықтық мәдениеті жоғары тұлғаны әлеуметтендіруге қол жеткізе аламыз. Бұл тұлғаның жауапкершілігі, тәртіптілігі, еңбексүйгіштігі, заңды құрметтеуі, жеке басының намыс сезімі, білімге құмарлығының артуы сияқты іс-әрекетінен көрініс табады. Сондықтан да бала кезден бастап азаматтарға құқықтық білім беру, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру әлеуметтік дағдыларды меңгерудің, өмірге бейімділіктің, жеке тұлғалық қабілеттерін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады.

### **Библиографиялық тізім**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Д.Ж.Нукатаева. Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларға құқықтық тәрбие беру. Алматы, 2010.
3. Сырых В.М. Введение в теорию образовательного права / В.М. Сырых. — М.: Центр образовательного законодательства Министерства образования России, 2002. — С. 215, 216.
4. А.Ә.Маханбетова, Р.С.Егізбаева, «Кәмелетке толмағандарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу», Алматы, 2010 ж, 20 бет
5. Г.Искакова, Н.Ғазизова, А.Сембаева, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу құралы, Астана, 2008 ж, 9 бет
6. Васильева Н.В. Образование сегодня и завтра: пути преодоления кризиса / Н.В. Васильева. — М.: Экономика, 2011. — 250 с.
7. Ожегов С.И. Лексикология. Лексикография. Культура речи: учеб. пос. для вузов / С.И. Ожегов. Вступит. ст. и коммент. Л.И. Скворцова. — М.: Высш. шк., 1974. — 626 с.

### **Website:**

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007ж 27 шілдедегі №319 Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

## АДАМ САУДАСЫ ҚЫЛМЫСТАРЫН АНЫҚТАУ, АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Дүйсенов Б.С.*  
*ҚҚ-223 тобының студенті*  
*Қожаниязов Е.И Аға оқытушы*  
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Адам саудасы - бұл адам құқықтарын, ұлттық және халықаралық құқықтың барлық қабылданған жалпы нормалары мен принциптерін дөрекі түрде бұзатын, трансұлттық қылмыстардың бір түрі.

Қазіргі таңда Қазақстанда адам саудасы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл туралы 2020 жылы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Адам саудасына қарсы күрес мәселесі де күн тәртібінен түспейді. Бұл жағынан Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы жағдайы айтарлықтай емес. Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жетілдіре түсуі керек»деп көрсеткен болатын.

Бұған қоса, 2020 жылдың 22 қазанында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сенім ұлттық кеңесінің төртінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, адам саудасына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу және анықтау тиімділігін арттыру бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды, сондай-ақ адам саудасының және мәжбүрлі еңбектің құрбаны болған барлық адамдарға, соның ішінде шетелдіктерге де көмек көрсетуді тапсырды [

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес адам саудасы ауыр қылмыстардың қатарына жатады. Бұл қылмыстарды жасағаны үшін, оның мән-жайларына байланысты, мүлкі тәркіленіп, төрт жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [3]. Қылмыстық жаза ауырлағанына қарамай, бұл қылмыстар әлгі күнге дейін орын алуда.

Құқық қорғаушылардың мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда адам саудасының құрбандарының көпшілігі сексуалды және еңбекті қанау үшін тартылатындығын атап отыр. Олардың мәліметі бойынша соңғы жылдары еңбекті қанау түрі кобейген, бірақта қылмыстық статистика бойынша адам саудасына байланысты қылмыстық істердің көпшілігі сексуалдық қанау бойынша қозғалған. Бұл жағдайда мамандар, еңбек қанауына байланысты дәлелдемелерді жинаудың әр түрлі қиындықтарға тап болатынын алға тартып отыр.

Көп жағдайларда осындай әрекетке баратындар ол жеке меншік мал шаруашылығымен айналысатындар, олар қылмыс құрбандарын мал бағуға, малға карауға және басқада шаруашылық жұмыстарында қолданады. Көп жағдайда осындай шарауашылықтар (мал базы) ауылдан тыс жерлерде орналасқан болады. Бұл бөтен адамның көзіне түспеу мақсатында жасалады.

Жергілікті халық ол туралы білуі де мүмкін, бірақ ол туралы мәлімет беруден бас тартады. Оның себептері, қазақ халқының минталитетінде, әр түрлі болуы мүмкін, оларға келесі жағдайларды жатқызуға болады: кінәлі туысқаны болуы мүмкін; кінәліден қорқуы мүмкін; кінәлімен таныс немесе ауылдас болуы, ұялғаннан, құқық қорғау органдарына сенбегендіктен және т.б. жағдайлардан туындауы мүмкін.

Көп жағдайларда адам саудасының құрбандары тергедің алғашқы сатысында кінәлілерді жауапқа тартуға құштарлық білдірсе, тергеудің кейінгі сатыларында өздерінің алғашқы берген мәліметтерінен бас тартып, берген арыздарын қайтып алып жатады. Бұлай болудың себептері, біздің пікірімізше келесіде:

1. Қылмыстың латенттілігі. Адам саудасы бөтен көзге көрінбей, жасырын өтеді. Көп жағдайларда бұндай істердің негізгі дәлелдемесі ретінде тек жәбірленушінің берген мәліметтері болып табылады. Егерде қылмыстың құрбаны арыз бермесе немесе арыз беруден бас тартса, онда қылмыстың болғанын анықтау қиындыққа түседі, дәлелдемелер жинау ұзақ уақытқа созылып, көп күштерді тартуға әкеліп соғады. Бұл әрекеттердің әр уақытта өң нәтиже беруіде күмән туғызады.

2. Тергеу процессінің ұзақтылығы және тергеуге қарсы әрекет. Жоғарыда айтылғандай бұл қылмыстар бойынша дәлелдемелер жинау қиындыққа соғады, сол себептен құқық қорғау органдарына тергеу мерзімін созуға тура келеді. Тергеу мерзімінің созылғаны, қылмыстық істі тергеуге кері әсерін тигізеді. Осы уақытты кінәлінің өзі немесе туыстары мен таныстары, қылмыстың құрбанына әсер етеп (ақша беріп, қорқытып, т.б.) оны алғашқы берген жауаптарынан бас тартып, арызын қайтып алуына әрекет етеді.

Адам саудасына байланысты қылмыстарды тергеуге қарсылық көрсетудің келесі екі жолын көрсетуге болады. Қылмыстық іс әрекеттің анықталуына дейін криминалистикалық мағынасы бар ақпарат қайнар көзіне әсер ету және тергеу өндірісінің әр жақты, толық және объективтік түрде өткізуге әр түрлі жолдармен қарсылық көрсету. Тергеуге қарсылық көрсету формаларын, түрлерін, әдістерін және оны жасайтын субъектілерді білу адам саудасын тергеу бағдарламасын құру үшін қажет. Бұл білімдер аталған қылмыстарды тергеуде көрсетілген қарсылықтарды жою үшін ұсыныстар жасау үшін қолданылады. Кейбір жағдайларда істің бұзылуына тілелей құқық қорғау қызметкерлерінің өздері де себепкер болады. Тәжірибенің көрсетуіндей полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері, қылмыстық істі дұрыс жүргізбеуі, қылмыс құрбандарының жағдайы мен өмірінің немқұрайлықпен қарауынан, көптеген істер сотқа дейін жетпеуде. Қылмыстың құрбаны полиция қызметкерлеріне сенбейді, оларды күдіктілермен байланысты деп ойлайды. Істердің көпшілігі адам саудасы қылмысының құрамы жоқ, деген негіздермен тоқтатылады. Бұл туралы мемлекеттік емесе ұйымдар тиісті орындарға мәліметтер беріп отырады. Бірақ осы органдар күдік туындаған қызметкерлерді тексеріп, оларға қатысты

шара қолданбайды, олар жауапкершілікке тартылмайды [5]. Адам саудасы туралы мәліметтер қылмыстың құрбанынан, оның туыстарынан, үшінші жақтың және құқық қорғау қызметінің нәтижесінде алынуы мүмкін. Осыған сай жұмыстар екі бағытта жүргізіледі: қылмыс құрбанының берген мәліметтер негізінде және жедел-ізвестіру қызметінің негізінде. Осы екі бағыттың негізгі міндеттерінің бірі, ол қылмыстық әрекет жасаған субъектілер туралы арыз және куә ретінде мәлімет беруге дайын адамдарды табу және оларды осы әрекеттер жасауға тарту [6,107 б]. Тексеріліп отырған қылмыстың объективтік жағдайы құрылымының күрделілігі оны тергеу барысында қиындықтар туындатады, әсіресе тергеудің алғашқы сатысында. Тергеу ситуациясы қандай болмаса да, тергеудің алғашқы сатысында, негізгі күштердің барлығы, адам саудасы фактісін дәлелдеуге керекті мәліметтерді жинауға бағытталуы керек. Мәліметтер жинаудың негізгі әдістері ол жедел-ізвестіру шаралары болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай қылмыстық істер қылмыс құрбанының немесе үшінші жақтың арызы негізінде қозғалады. Ал, осындай қылмыстар түрін анықтаудың тиімді, жедел-ізвестіру шараларын өткізу барысында жиналған мәліметтер бойынша қозғалмайды [7]. Осы жерде Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 120-бабының 2-тармағына, сәйкес «Жедел-ізвестіру қызметі туралы», «Қарсы барлау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары сақтала отырып алынған, құқыққа қайшы әрекеттер туралы нақты деректер тіркелген материалдар құжаттар болып табылады және қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін» деген ережені еске салу керек шығар.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңның 14-бабында «Жедел-ізвестіру қызметі процесінде алынған материалдар тергеу әрекеттерін әзірлеу мен жүзеге асыру және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу жөніндегі жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу үшін, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді және бағалауды регламенттейтін ережелеріне сәйкес тексерілген жағдайда қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінде пайдаланылуы мүмкін» деген ережелерді алға тарта отырып келесі тұжырым жасауға болады: Адам саудасына байланысты қылмыстарын анықтауда, олардың алдын алу және жолын кесуде жедел-ізвестіру шараларын өткізу барысында жиналған мәліметтер негізінде сотқа дейінгі тергуді бастауға заңдық негіздер болғанымен, олар тәжірибеде қолданылмайды. Біздің пікіріміз бойынша, бұлай болудың себебі келесіде:

1. қылмыстың латенттік түрде өтуінде, сол себептен оны анықтау ұзақ уақыты және көп күштерді талап етілуінде.

2. жедел-ізвестіру қызметі барысында алынған мәліметтердің заң талаптарының бұзылуымен алынуы немесе алынған мәліметтердің әділ екендігіне күмән туғызылуында.

Аталған себептер, жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыру барысында қызметкерлердің кәсіби дайындығының төмен екендігін көрсетеді немесе олардың әр түрлі себептерге байланысты қылмыстың құрамын жасыруға қызығушылық білдіруінде болуы мүмкін.

Алайда, қылмыстарды, әсіресе, қылмыстық топпен ұйымдастырылып жасалған ауыр және аса ауыр қылмыстарды анықтау, алдын алу немесе олардың жолын кесу жедел-іздігіру қызметінсіз мүмкін емес. Сондықтан, қазіргі таңда, құқық қорғау органдарының алдында тұрған міндеттердің бірі ол халықтың сеніміне кіру және осы сенімді ақтау. Ол үшін құқық қорғау органдарының басшылары үнемі өз қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерін дамытып және кәсіби біліктілігін жоғарлатып отыруы қажет. Жедел-іздігіру қызметінің жоғарғы сапада өткізілуіне көңіл бөлінуі қажет.

Адам саудасына байланысты қылмыстық әрекеттерді әшкерелеу негізінен жедел-іздігіру шараларын қолданып жүзеге асырылу тиіс. ЖІҚ жүзеге аыратын органдарына адам саудасы туралы мәліметтер келіп түскен уақыттан бастап, осы мәліметтерді тексеруге тиісті және жедел есепке алу істерін ашу қажет. Адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алу мақсатында хылықтың арасында азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілу керек. Әсіресе бұл жұмыстар ауылды жерлерде, ауылдардан алшақ орналасқан қыстауларда, фермаларда, шаруашылықтарда, қойшылардың арасында жүргізілуі тиіс. Егерде осындай іс қимылдар туралы мәліметтер анықталса, оларды учаскелік инспектор немесе жедел-іздігіру қызметкерлері тексеру қажет. Егерде тексеру барысында мәліметтер расталса. Онда жедел есепке алу ісі ашылып тиісті жедел-іздігіру шараларын өткізу арқылы қылмыстық іс қозғауға жеткілікті мәліметтер жиналуы тиіс.

Жедел есепке алу ісіне: адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасалу фактілері туралы мәліметтер, оның ішінде, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; бірнеше рет; өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп; қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып; екі және одан да көп адамға қатысты; алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен; адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып; жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып; жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған іс-әрекеттер; олар абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғуы, туралы мәліметтер тіркелуі тиіс.

Тәжірибенің көрсетуіндей, адам саудасымен байланысты қылмыстар, қылмыс құрбанының берген арызын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнаманың шеңберінде және жедел-іздігіру шараларын қолдана отырып тексеруден басталады. Осы жерде жиі қолданылатын жедел-іздігіру шараларына адамдарға сауал қою,

анықтамалар алу, байқау, енгізу, телефон арқылы сөйлесулерді тыңдауды жатқызуға болады. Жедел-іздістіру шараларының қай түрін қолдану, ол тергеудің алдында тұрған мақсаттарға байланысты және олардың нәтижелеріне байланысты таңдалады

Тергеуші адам саудасы қылмысының криминалистикалық сипаттамасының ережелеріне бағытталып, жиналған мәліметтерді талдай отырып, тану объектісін құрайтын байланысты ашады, дәлелдеуге жататын жағдайларды анықтауда туындайтын мәселелерді қарастырады. Қылмыстық іс-әрекеттің жасалу жағдайын зерттеу негізінде және жиналған дәлелдемелер тергеудің кейінгі кезеңінің бағытын, іске байланысты анықталмаған фактілер бойынша болжамдар жасауға әсерін тигізеді.

Егерде тексеру барысында адам саудына байланысты мәліметтер дәлелденбесе. Күдік тудырған адамдармен профилактикалық әңгіме жүргізу керек деп ойлаймыз. Қылмыс жасады деген кінәсі заңда белгіленген тәртіппен дәлелденбеген, сондай-ақ өздеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілмеген адамдарға қатысты жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде алынған материалдар тиісті жедел есепке алу ісі тоқтатылған кезден бастап бір жыл сақталады, содан соң жойылады.

Қорытындылай келгенде, адам саудасының алдын алу және аталған қылмысқа қарсы ымырасыз күрес кез келген елдің, жеке азаматтардың назарындағы басты мәселелердің бірі болуы тиіс. Өйткені бұл адамның тағдыры, денсаулығы, өмірі, оның құқығының қорғалуы деген сөз. Адам баласы үшін бұл ең басты құндылық.

### **Әдебиеттер**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)

2. Қорған Төреқожа, Ернар Нысанбай. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында қандай мәселелер қозғалды? <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/429464-ltty-o-amdy-senim-ke-esini-onlajn>

3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2020.30.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31575294#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2)

4. <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/MainMenu>

5. Доклад по торговле людьми в Казахстане за 2020 год. <https://kz.usembassy.gov/ru/tip-report-kazakhstan-2020/>

6. Смирнов Г.К., Варчук Т.В., Дубовая Л.С. Типологический подход при производстве по уголовным делам о торговле людьми. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009

7. Алина БЕКИРОВА В Казахстане большинство жертв торговли

людьми вербуются для трудовой эксплуатации. Алматы  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31183018#pos=3;-52](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31183018#pos=3;-52)

8.Тюрюканова Е.В., Сеницын Ф.Л. Программы БДИПЧ по борьбе с торговлей людьми. Выявление жертв торговли людьми, а также предоставление им помощи и защиты в Российской Федерации (на примере Московского региона). М., 2008

ӘОЖ 349.6

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Панова Ш.Ф. ҚҚ-423 тобының студенті  
Қожаниязов Е.И. Аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазіргі таңда мемлекеттер экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету бойынша дүниежүзілік тенденцияларды мұра етеді, өз азаматтары үшін белгілі экологиялық құқықтарға кепілдік береді, нақтылы экологиялық міндеттер және жауапкершіліктер артады. Бұл кез келген мемлекеттің азаматының экологиялық құқығының негізін құрайды. Алайда азаматтарының нақты экологиялық құқықтары және міндеттері, жауапкершілік дәрежесін әрбір мемлекет өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, заңға сүйенген тағы басқа мінездемелеріне байланысты жеке-жеке анықтайды. Сондықтан да азаматтың экологиялық қауіпсіздік тақырыбы өзекті болып саналады

Бүгінгі таңда адамның қалыпты өмір сүруіне және дамуына шарт ретінде табиғи ортаны сақтау мәселесі мемлекет назарында ғана емес, әрбір адамның жеке назарында болу керек. Халықаралық декларацияларында бекітілген қағидалар және табиғатты сақтаудың шарттары әрбір адам, қандай мемлекеттің азаматы болмасын ұстану қажет. Адам бір қатар экологиялық құқықтарға ие болды, оның ең маңыздысы – қолайлы қоршаған табиғи ортаға ие болу құқығы. Оның орнына адам баласына қоршаған табиғи ортаның сақтауға көмектесуі, өз әсерлерімен табиғатқа зиян келтірмеу міндеті жүктелуі керек. Дүние жүзінің ғалымдары әрдайым құқыққа сәкес келмейді, себебі құқық адамға табиғаттан берілген, ал міндетті мемлекет жүктеу тиіс [2].



Қазіргі кезде, экологиялық қауіпсіздік жалғыз біздің Республикамыз үшін емес дүниежүзі жұртшылығының назарын аударып отырған ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Табиғи ортада экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері белең алған: кейбір аймақтарда топырақтың тозуы, су ресурстарының тартылуы, ластануы, техногендік шөлейттену, тірі табиғаттың генетикалық қорының бүлінуі, тіршілікке қатер төндіретін қауіпті ұлы қалдықтардың қолдануы. Еліміздегі осындай экологиялық дағдарысқа химия, мұнай, металлургия, отын өнеркәсіптерінің жедел және мөлшерден тыс дамуы үлкен әсерін тигізуде.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін технологиясы бар мемлекеттің келешегі зор. Қоршаған ортаның теріс ықпалының салдарынан денсаулығына зиян келтірілген орнын сот арқылы толтыру азаматтардың құқығы болып саналады. Адам мен азаматтың құқық пен бостандықтарын сот арқылы қорғауы, Қазақстан Республикасы заңымен ескерілген.

Әрбір азамат лауазымды және қызметтік тұлғаларының заңсыз шешімдер әсерлерімен немесе үкіметтің мемлекеттік құрылымдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әрекетсіздік келтірілген заттық және моральдық зиянының орнын толтыруына конституциялық құқығы болады [3].

Мысалы, қоршаған табиғи ортаның теріс ықпалы салдарынан азаматтарының денсаулығына келтірілген зиян денсаулықтың толық немесе жартылай жоғалтуы болып саналады, сондықтан өтем дәрі-дәрмектер жасауды, денсаулықты емдеу және қалпына келтіруіне шығындарды тағы сол сияқтылар, заттық шығындарының орнын толтыруы өткелге қатысты жаңа тұратын жері, мезгілсіз күтуге тағы басқа шығындары зейнет салдарынан мешеулікті, жоғалтылған кәсіби қызметтің мүмкіндіктері, сонымен бірге жәбірленушілердің моральдық бейнеттерінде болатын моральдық зиян толтыру қажет.

Қоршаған табиғи ортаға теріс ықпал салдарынан, табиғи баланс бұзылып азаматтарының дүние-мүлкіне келтірілген зиян табиғи ортаның өнімінің объектілерінің жоғалтуы, ауылшаруашылық өнім, алынып болмаған пайданың жоғалтуында, дүниенің қалпына келтіруі, қоршаған ортаның бұзылған күйін қайта бастауға мәжбүр шығындарында өтеу тиіс. Егер де табиғи апат адам жасаған салдарынан болса, сол адам барлық шығынды өтеуі тиіс. Егер де бұл табиғи болса, онда мемлекет жаппай әлеуметтік көмек ретінде өзі белгілеген мерзімде азаматтарға көмек көрсетеді.

Қазақстандағы азаматтар сотқа аз шағымданады. Себебі өз құқықтарын толық білмейді, соттың тиімділігіне және әділеттігіне сенбейді. Бұдан басқа, істердің бұл дәрежелері сот төрешілерінің арасында жаңа болып саналады, олардың өзі соттық рөлі бұндай мәселеде шешуші болмау керек деп санайды [4].

Үкіметтік емес ұйымдардың Қазақстандағы экологиялық проблемаларды шешуде және азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғауда маңызы зор.



Азаматтардың құқығын қорғау әкімшілік және сот жүзінде, сондай-ақ экологиялық болып бөлінеді. Азаматтың экологиялық құқықтық статусы конституциялық статусының бір бөлігі ретінде танылып экологиялық саладағы міндеттер мен құқықтардың жүйелік жиынтығы саналады.

Сонымен, азаматтардың экологиялық құқықтары – бұл айналадағы ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғи ортаны қолдануға мүмкіндік беретін заңмен бекітілген кепілдік жүйесі. Азаматтарды экологиялық құқықтармен қамтамасыз ету мемлекеттің экологиялық саясатының негізі және оның мақсаты болып табылады.

Экологиялық міндеттіліктердің терминін анықтаулары үшін құқықтың теорияларындағы құқық міндеттерінің анықтамасы бола алады, әрине, қорғау және қоршаған ортаның қауіпсіздігінің қамтамасыз етуінің ерекшеліктерінің есепке алуымен. Сонымен, экологиялық міндеттер дегеніміз – азаматтардың құқықтық жүйесімен бекітілген, қоғамдық қажетті және қоршаған ортаның сақтауы және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған азаматтардың мінез-құлқы.

Азаматтардың экологиялық құқықтары олардың жүзеге асырылатын деңгейіне байланысты салалық деңгей және сала аралық деңгей болып екі түрге бөлшектенеді: салалық жүзеге асыруға келесі экологиялық құқықтарды жатқызамыз:

- азаматтың өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз қоршаған ортаға құқығы;
- қоршаған орта күйі мен оның адамдардың денсаулығына тиетін ықпалы туралы толық жәнәсенімді мәліметтің алу құқығы;
- қоғамдық экологиялық сараптаманы өткізудегі қатысу құқығы;
- қоршаған ортаның қорғауы, табиғи қорлардың тиімді және кешенді қолдануы бойынша өндеудегі қатысу құқығы және шараларды жүзеге асыруы;
- табиғи қорлардың ортақ және арнайы пайдалануын жүзеге асыру құқығы.

Сала аралық деңгейлерде жүзеге асырылатын азаматтардың экологиялық құқықтарына жатады:

- орналастыру, құрылыс және қоршаған табиғи ортаның күйіне негативті ықпал ете алатын объектілердің қалпына келтіруінің материалдарының жобаны және заңды актілерді талқылауындағы қатысу құқығы және органдарға, мекемелерге, ұйымдарға бұл сұрақ бойынша шаруашылық ұсыныстардың енгізуі;
- экологиялық білім алу құқығы;
- қоршаған табиғи орта салдарынан негативті ықпалдың денсаулыққа немесе дүниеге келтірілген зиянды өтеу туралы мемлекеттік құрылымдарға, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға талабы бар сотқа шағымдану құқығы.

Азаматтардың құқықтары тек мойындау, оларды іске асыру үшін жеткіліксіз. Сондықтан да барлығына ортақ декларацияның кіріспесінде

былай деп айтылады: зомбылық және езушілікке қарсы көтеріліске адамдар шықпау үшін адам құқығы заңмен және билікпен қорғалу керек.

Қазақстанның және көп елдердің адамның құқықты қорғау заңдары, халықаралық талаптарға әбден сәйкес келмейді.

Бұндай жағдайда не істеу керек? Әрине, барлығына ортақ шешім болмайды. Бірақ жүзеге асқан тәжірибені ескере отырып әрекет етуге болады.

Біріншіден, азаматтардың экологиялық құқығын мойындату қажет.

Екіншіден, олардың жүзеге асуын сотқа дейінгі әдіспен шешуге, болмаса сотта шешілуі тиіс.

Бірінші, жол экологиялық қозғалыс мүшелері, ең алдымен, құқықтық сұрақтарды білудің аса маңызды маңыздылығының түсінуі.

Екінші – сауаттылық және біртіндеп әсерлер, шыдамдылық және табандылықтың жолы.

Барлық деңгейлерде жұмыс істелуі керек. Халықаралықпен басталып жергіліктімен аяқталуы керек.

Себебі Халықаралық деңгейде азаматтың құқытарын мойындау және іске асыру жолында жұмыс істейді Сондықтан, мысалы, бұл, тіпті, адам және жоғары аталған қоршаған орта декларацияның жобасының олардың идеяларының популяризациясы бойынша жұмыс үлкен жетістіктерге алып келу мүмкін. Ұлттық заң ұлттық заңның дамытуы үшін тіпті айтарлықтай конвенциялардың орындауы үшін бейімдеуі керек бұл қорғаудың тетігі экологиялық адам дұрыс айтады. Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлде жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылуының және қалыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың жақсы ұйымдастырылған және аумақтық таралған жүйесін – қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқарудың жылдары болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті. Алайда Қазақстанда көптеген онжылдықтар бойы қоршаған ортаға төтенше жоғары техногендік салмақ түсіретін, табиғат пайдаланудың көбінесе шикізат жүйесі қалыптасты. Сондықтан әзірге экологиялық жағдайдың түбегейлі жақсаруы әзір бола қойған жоқ әрі ол бұрынғысынша биосфераның тұрақсыздануына, оның қоғамның тіршілік әрекеті үшін қажетті қоршаған ортаның сапасын оның қолдау қабілетін жоғалтуына апаратын табиғи жүйелердің тозуымен сипатталады [73, с.123].

Ұлттық экономиканың барлық салаларын реформалау табиғи ресурстарды пайдалануға көзқарастардың өзгеруіне, қоршаған ортаны сақтауды ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыруға негіз болды.

2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын әзірлеудің өзектілігі және басымдықтары.

Әлемдік тәжірибе көрсететіндей, экологиялық проблемаларды табысты шешу мен экологиялық апаттардың алдын алудың негізі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін экологияландыру болып табылатынын көрсетеді.

Ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік тұрақты дамудың міндетті шарты және табиғи жүйелерді сақтаудың және қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі болады.

Осы Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы "Қазақстан–2030" Стратегиясының басымдықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарына сәйкес және ХХІ ғасырдағы Күн тәртібінің негізгі ережелері мен Қоршаған орта және даму жөніндегі 1992 жылғы Рио-де-Жанейро декларациясының қағидаттарын, сондай-ақ Йоханнесбургте өткен (2002 жыл) Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммиттің шешімдерін ескере отырып әзірленді. Қоршаған ортаның жай-күйінің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, экологиялық қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету осы Тұжырымдаманың ережелерін кезең-кезеңмен іске асыруды көздейді.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының 01.2007 жылғы Экологиялық кодексі // Параграф ақпараттық жүйесі.

2. Байсалов С., Исаева Ж. Правовое обеспечение экологической безопасности // Вестник Министерства Юстиций Р.К. – № – октябрь. – 1995.

3. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан: совершенствование и кодификация: Автореф. дис. док. – Алматы,

4. ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалдың экономикалық ережесін бекіту туралы» №535 қаулысы // Параграф ақпараттық жүйесі.

5. ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасының №1167 қаулысы // Параграф ақпараттық жүйесі.

## ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

*э.ғ.к. Әбілқасым А.Б., э.ғ.м. Айтжанов Т.А., э.ғ.м. Байдаулетова Г.О.  
Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан  
Gulshat\_zhadigerova@mail.ru*

**Түйіндеме:** Елімізде өтіп жатқан нарықтық қатынастар тек экономиканы дамыту үшін ғана емес, бүкіл қоғамдық өмір үшін де арасан зор маңызы бар екендігін республикамыздың тәуелсіздігінің соңғы жыл ішінде атқарылған жұмыстар көз жеткізе дәлелдейді. Реформа қалыптасқан экономикалық қатынастарға елеулі өзгерістер енгізді және сайып келгенде әрбір еңбекшінің мүддесін қамтыды, сондықтан бұған дейін ынта-ықыластың уақыт өткен сайын әлсіремейтіндігін, қайта арта түсетіндігін өмір көрсетіп отыр. Өнеркәсіп өңір экономикасының дамуын анықтайтын басты саланың бірі болып табылады. Осыған қарамастан, тұрғындардың өмір сапасы, адамдық даму индексі, облыстың аймақтық жалпы өнімі, жол және коммуникация инфрақұрылымдарының дамуы сияқты, бірқатар көрсеткіштер динамикасында абсолютті және салыстырмалы мәні бойынша, Түркістан облысы инвестицияларын қаржыландыру көздерінде өзіндік қаражаттардың үлесі республика бойынша ең соңғы қатарды алады.

**Кілттік сөздер:** кәсіпкерлік, кәсіпорын, экономика, нарық, өндіріс

**Аннотация:** Проводимые в стране рыночные отношения имеют большое значение не только для развития экономики, но и для всей общественной жизни. Реформа внесла существенные изменения в сложившиеся экономические отношения и в конечном итоге охватила интересы каждого трудящегося, поэтому жизнь показывает, что энтузиазм со временем не ослабевает, он снова растет. Промышленность является одной из ключевых отраслей, определяющих развитие экономики региона. Несмотря на это, по абсолютному и относительному значению в динамике ряда показателей, таких как качество жизни населения, индекс человеческого развития, валовой региональный продукт области, Развитие дорожной и коммуникационной инфраструктуры, доля собственных средств в источниках финансирования инвестиций Туркестанской области занимает последнее место по Республике.

**Ключевые слова:** предпринимательство, предприятие, экономика, рынок, производство

**Summary:** The work carried out during the last year of independence of the Republic proves that the market relations taking place in the country are of great importance not only for the development of the economy, but also for the entire social life. The reform made significant changes in the existing economic relations and ultimately covered the interests of every worker, so life has already shown that enthusiasm does not weaken over time, but increases again. Industry is one of the

main sectors that determine the development of the region's economy. Despite this, in absolute and relative terms in the dynamics of a number of indicators, such as the quality of life of the population, the index of human development, the regional gross product of the region, the development of road and communication infrastructure, the share of own funds in the sources of financing investments of the Turkestan region occupies the last place in the Republic.

**Keywords:** entrepreneurship, enterprise, economy, market, production

**Теориялық талдау.** Қазіргі уақытта аймақтың құрылыс индустриясы ілгері дамып өсуде, қаланың аумағы кеңеюде, Түркістан облысының 2016-2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы жүзеге асуда. Жақындағы бесжылдықта аймақта 4,8 млн. ш.м. тұрғын үй соғу жобалануда, Түркістан облысында жыл сайын 2025 жылға дейін 1 млн. ш.м. тұрғын үйді “Нұрлы Жер” мемлекеттік бағдарламасы бойынша пайдалануға беру жоспарлануда. Аймақта “Оңтүстік” атты әлеуметтік экономикалық аймақ сәтті жұмыс істеуде. Сонымен қатар, бүгінгі күнде Шымкент қаласын Қазақстанның үшінші мегаполисі ретінде дамыту жайындағы және Шымкент қаласының 2025 жылға дейін даму Концепциясы Елбасының тапсырмасы бойынша “Shymkent City” жобасы аясында орындалуда.

Түркістан облысының құрылыс саласындағы жұмыстардың жағдайы туралы барынша толық және объективті ақпаратты алуға себептес болып өзекті сұрақтар бойынша пікір айтылады, ТМД елдері арасында және Қазақстанның әр-түрлі аймақтардағы кәсіпорындар арасында іскерлік қатынасты орнатады.

Қазақстанның құрылыс саласы бүкіл ел экономикасында айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Құрылыс кешенін дамыту және жаңғырту Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың маңызды шарты болып табылады[1-2].

Түркістан облысының құрылыс саласының ұйымдық-экономикалық негіздерін бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін сараптау 2017 жылы облыс аумағында облыстық құрылыс және аудан/қала әкімдіктері тапсырысшы болып табылатын 233 инвестициялық жобаның іске асырылуына 66 452,2 млн.теңге қаралған.

Құрылысы жоспарланған 233 нысанның, жыл соңына дейін 115-ін пайдалануға тапсыру жоспарланса, 118 нысан жоспараға сәйкес 2018 жылға өтпелі. 2017 жылы пайдалануға тапсырылуы жоспарланған 115 нысан толық пайдалануға тапсырылды.

Түркістан облысының құрылыс басқармасы бойынша 2017 жылдың 31 желтоқсанына қаржыландыру жоспары 66 569,6 млн. теңгені құраса, қарлған қажы толығымен 100%-ға игерілді.

Шымкентте құрылыс көрмелерін жыл сайын өткізу Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан өндірушілер мен жеткізушілер санының өсіп келе жатқандығына байланысты өзекті болып қала береді. Өткізілу орны

аймақтың инфрақұрылымын жыл сайын дамытуға байланысты таңдалды: облыста «Нұрлы Жол» бағдарламасының аясында ауқымды жобалар іске қосылды, салынып жатқан нысандардың саны 124% артты. Тұрақты өсу көрсеткіштері тұрғын үй құрылысы бағдарламасының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тазарту қондырғыларын, мемлекеттік мекемелер, автомобиль жол айрықтарын және Shymkent City іскерлік орталығын салу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ географиялық тұрғыдан қазақстандық және шетелдік келушілерді тартуға көмектесетін перспективалық орналасуы да маңызды.

Жаңа қатысушылардың стендтерінде «ЛИТ Қазақстан» компаниясының ғимараттар мен құрылыстарды, ашық жылу жолдарын, ауа өткізгіштерді, мұнай және газ құбыр желілерін қаптау бойынша шу өткізбейтін материалдардың толық кешені, «Арқарлы Тас» компаниясының габбро-диабаз тау жынысының табиғи тастарынан жасалған тауарлары, «Пежвак» компаниясының ғимараттардың сыртын қаптауға және қайталанбас зер салуға қажетті декоративтік сылауға арналған ерекше жылу өткізгіш керамикалық кірпіштері, «ARLAN Оңтүстік Құрылыс» компаниясының пенопластан жасалған архитектуралық қасбеттік элементтері, сұйық травертиндері, жылублоктары және ерекше 3D панелдері ұсынылған.

Көрмеге бетон өндірісіне арналған құрылғылар шығаратын «Камский бетон зауыттары» алғаш рет қатысты. «Ariston Thermo S.P.A» компаниясы сужылытқыштар мен газ қазандықтарын ұсынса, «Fleet & Equipment Solutions» жоғары технологиялық жол және құрылыс құрал-жабдықтарын әкеліпті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына 2022 жылдың 16 наурыздағы жолдауында құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық секторына заманауи технологияларды енгізуді атап өтті.

Іске асырылап жатқан мемлекеттік бағдарламалардың арқасында Қазақстанда пайдалануға берілетін тұрғын үйдің көлемі жылына 10 млн. шаршы метрден асты.

Жетекші отандық және шетелдік компаниялар, кәсіпорындар және ұйымдардың қатысуымен көрмені өткізу еліміздің экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын құрылыс секторын одан әрі дамытуға ықпал ететін жақсы дәстүрге айналуда [3].

Құрылыс саласы Түркістан облысы экономикасының құрылымында басты орындардың біріне ие және оның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру және экономикалық өсуді сақтаудың маңызды шарты құрылыс кешенін жаңғырту, инновациялық әзірлемелер, технологиялар және материалдар енгізу болып табылады. Сонымен қатар, аймақтың географиялық орналасуы Орталық Азия елдерімен интеграциялық үдерістердің қолайлы дамуына ықпал етеді.

Бүгінде құрылыс индустриясы жылдам қарқынмен дамып келеді. Бүгінгі күрделі жағдайда көрме ерекше маңызға және мәнге ие болып отыр, көптеген ресейлік және шетелдік компаниялардың назарларын аударуда, қазіргі кездегі жетістіктерді паш етуге және алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибемен танысуға мүмкіндік береді.

Түркістан облысында құрылыс – басымды салалардың бірі, және мұнда бизнес белсенділік өте дамыған. Құрылыс секторында тартылғандардың барлығы жаңа технологияларға, жаңа жабдықтарға, жаңа серіктестерге және келісімшарттарға мұқтаж болып табылады. Сондықтан Түркістан облысы құрылыс және интерьер көрмесі «Shymkent Build» «World Build Shymkent» біздің өңірді дамытуда маңызды рөл атқарады..

1 кесте-Түркістан облысы бойынша өнеркәсіп кәсіпорындардың негізгі көрсеткіштері

атауы	2018	2019	2020	2021	2022
Өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі, млн. теңге	552 558	604 001	616 358	677 179	696 768
Өнеркәсіптік өнімнің нақты көлем индекстері:					
өткен жылға пайызбен	102,3	104,6	101,9	113,5	106,5
2015 жылға пайызбен	249,8	261,3	277,2	289,3	299,5
Өнеркәсіп өнімінің жалпы республикалық көлеміндегі облыс өнеркәсібі өнімінің үлесі, пайызбен	3,1	3,3	3,4	3,5	3,7
Кәсіпорындар және өндірістер саны – барлығы	811	807	805	809	810
оның ішінде:					
негізгі қызмет түрі	697	683	650	700	668
Негізгі қызметтегі қызметкерлердің саны, мың адам	43,3	45,5	47,6	49,4	48,5
Негізгі қызметтегі қызметкерлердің жалпы республикалық санындағы жұмыспен қамтылған негізгі қызметтегі қызметкерлердің облыстағы алатын үлесі, пайызбен	6,1	6,6	6,5	6,7	6,8
Өнеркәсіптің негізгі қызметіндегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, теңге	77 306	88 289	99 121	112 087	120 970
өнеркәсіптегі жалақының орташа республикалық деңгейіне пайызбен	80,6	75,7	77,4	78,5	77,9
Республикадағы негізгі қызметтегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысына облыстағы негізгі қызметтегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысының қатынасы, пайызбен	81,1	76,4	82,2	80,3	82,5
Салық салуға дейінгі пайда (залал), млн. Теңге	164 585,7	203 753	161 111	90 414	136 170
Пайдалылық, пайызбен	36,0	38,8	27,3	13,0	13,7

Облыстағы өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі, өткен жылға пайызбен	104,0	118,1	105,7	105,5	102,4
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. Теңге	125 063	124 187	140 066	134 122	172 507
өткен жылға пайызбен	157,3	93,1	106,7	91,5	122,1
Ескерту: автормен жасалған					

2021 ж. облыста 445 139 шаршы м тұрғын үй іске қосылды. Тұрғындардың есебінен – 240 006 шаршы м, мемлекет меншігі – 107 919 шаршы м, жеке меншік есебінен - 97 214 шаршы м пайдалануға берілді. 4 602 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Өңірге шаққанда тұрғын үй ауқымының жартысына жуығы Шымкент (48,8%), Түркістан (8,7%) қалаларында, Созақ (5,3%) ауданында іске қосылған.

Облыстағы тұрғын және тұрғын емес нысандардың құрылысы елді мекендердің бекітілген бас жоспары мен елді мекендердің даму және құрылысын салу сұлбаларына сәйкес жүргізіліп келеді.

Облыс бойынша тұрғын саны 5000-нан асатын 54 елді мекеннің бас жоспары дайындалды, нәтижесінде барлық елді мекен 100 % бас жоспармен қамтамасыз етілді[3].

Түркістан облысы бойынша өнеркәсіп кәсіпорындардың негізгі көрсеткіштеріне келетін болсақ, есепті кезеңде 2020 жылды 2021 жылмен салыстырсақ, Түркістан облысы өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі 1,9 есеге немесе 287643 млн теңгеге өскен. Республикада алатын үлесіне келетін болсақ, 2,6 % - дан 3,3% дейін өскен. Өнеркәсіптік кәсіпорындар саны 57 бірлікке өскен. Өнеркәсіпте істейтін жұмысшылар саны есепті кезеңде 3,9 мың адамға өскен. Бұл Түркістан облысы өнеркәсіптерінің қарқынды даму үрдісін немесе жаңа өндіріс ошақтарының ашылғанын білдіреді. Жалақы немесе еңбек ақы мөлшеріде есепті кезеңде өскенімен, салық салуға дейінгі пайда мөлшері 164 585,7 млн теңгеден 2021 жылы 136 170 млн теңгеге дейін қысқарған

2 кесте - Түркістан облысының экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млн. теңге

атауы	2017	2018	2019	2020	2021
Өнеркәсіп – барлығы	552 558	604 001	596 768	602 558	616 021
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	72 776	81 340	140 238	146 025	149 422
Өңдеу өнеркәсібі	211 872	257 397	312 901	355 265	397 371
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	27 864	33 381	37 620	42 366	48 728
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	3 845	5 062	6 009	8 902	8 481



Түркістан облысының экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі бойынша алдыңғы орында кен өндіру және өңдеу өнеркәсіптері алады және осы екі сала да 2 еселік өсімді құрайды

Өңір экономикасын дамытудың басты басымдықтарының бірі нақты сектордың бәсекелесу қабілетін арттыру болып табылады және өнеркәсіптің салаларын тұрақты дамуына қол жеткізу, халықаралық стандарттарға өту, жаңа технологияларды ендіру және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған кешенді шараларды іске асыруды көздейді.

Өнеркәсіптің дамуына позитивті әсері бар өңірдің күшті жақтары:

- ауыл шаруашылығын тиімді дамытуға мүмкіндік беретін өңірдің топырақ-климаттық жағдайының қолайлы болуы;

- жеңіл және тамақ өнеркәсібінің дамуы үшін, жергілікті шикізаттың болуы;

- өндірістік-экономикалық әлеуеттің болуы;

- экспортқа бағдарланған өндірістердің болуы (тоқыма, металлургия, кен өндіру өнеркәсібі, мұнай өңдеу);

- кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайдың болуы: қаржылық-несиелік ұйымдар (қаржылық даму институттары, екінші деңгейлі банктер, шағын несиелік ұйымдар, «Максимум» АИО» ЖШС), «Шымкент» ӘКК ҰК» АҚ, «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақ, индустриалды аймақтар, «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» ЖШС, «Шымкент инновация» ЖШС, «ТО өңірлік технопарк» ЖШС, түрлі консалтингтік компаниялар және бизнес-инкубаторлар.

Қол жеткен жетістіктерге қарамастан, өнеркәсіптік өсу мен экономикалық белсенділік әлеуетіне ие қалалар мен аудандардың, оларды экономикалық өсу орталықтарына айналдыруда нүктелік көзқарас бойынша дамытудағы мәселелер жеткілікті дәрежеде шешілмеуде.

Негізгі құралдардың тозу дәрежесінің жоғары пайызы басым аудандарда байқалады, өнеркәсіпті жаңғырту дәрежесі, оның өңір экономикасына әсері жеткіліксіз болып қалуда, экспорт көлемінде өнеркәсіптің шикізаттық сектор тауарларының үлесі жоғары болуда. Экспорттың осындай құрылымы өңірдің сыртқы факторларға экономикалық тәуелділігін арттырып отыр, бұл жағдай әсіресе соңғы жылдары тауарлық нарықтарда байқалып отырған жаһандық конъюнктураның тұрақсыздығына байланысты.

Бірқатар салаларды диверсификациялық қайта жабдықтау саясаты, өңірге тән жүйелік әлсіз факторлардың орын алуына байланысты, толық көлемінде іске асырылмады:

- облыста шығатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің жоғары сапалық сипаттамаларын қамтамасыз ететін заманауи технологиялардың жеткіліксіздігі;

- облыс бюджетінің субвенциялылығы;

- инженерлік инфрақұрылымдар мен коммуникациялардың төмен деңгейі;

- облыстың энергия ресурстарының тапшылығы;
- шикізаттық емес сектордағы жобалардың өзін-өзі өтеуі ұзақ уақыт алады, заманауи өндірістік жабықтарға, технологияларға едәуір инвестициялар қажет;
- еңбек өнімділігінің төмен болуы, өндірістің ескірген үлгіде ұйымдастырылуы, көлік-логистикалық, үйлестіру компаниялардың болмауы;
- жоғары мамандандырылған кадрлардың жетіспеушілігі және өндірісті ұйымдастыруда әкімшілік кедергілердің орын алуы.
- Облыстың даму Бағдарламасының бірінші кезеңінің (2011-2013жж.) жүзеге асырылуы экономика қызметінің қорытындысы бойынша өнеркәсіп дамуының болымды динамикасының сақталғанын көрсетеді.
- Өңірдің индустриалды-инновациялық даму стратегиясын іске асыруы өнеркәсіптің жекелеген салаларының дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, аудандар мен қалалардың өндірістік әлеуеті артты.
- Нақты сектордың тұрақты экономикалық дамуы инфляция деңгейін тежеумен; кәсіпкерлікті дамытумен; қолайлы инвестициялық климатпен; тұрғындардың өмір деңгейін көтеру нәтижесінде ішкі сұраныстың өсуімен; сонымен қатар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің қарқынының өсуімен қамтамасыз етілді, бұл ішкі және сыртқы сауда көрсеткіштеріне болымды әсерін тигізеді[3].
- Нақты сектордың инновациялық құрамдасын дамыту бойынша жұмыс жүргізілді. Қазіргі күні облыс ЖООмен, «Риц «Максимум» ЖШС жобалар, бағдарламалар мен ғылыми-техникалық идеялардан мәліметтер қоры жинақталды. 2021 жылы Республика өндірісінің жалпы көлемінде ТО үлесіне мақта-талшығы өндірісінің 100,0 %, трансформаторлар өндірісінің 99,2 %, фармацевтикалық препараттар өндірісінің 48,0 %, бензин өндірісінің 46,1 %, жанар мазуты өндірісінің 22,9 %, цемент өндірісінің 16,8 %, сыра өндірісінің 16,7 %, шарап өндірісінің 24,9 %, ұн өндірісінің 15,0 % түседі.
- 2021 жылы Республика өндірісінің жалпы көлемінде (табиғи түрде) ТО үлесіне мақта талшығы өндірісінің 100,0%, мақта-мата және трансформаторлар 98,3%, минералды сулар – 50,0%, дәрі-дәрмек препараттар – 21,7%, бензин – 37,3%, дизельді отын – 26,9%, отындық мазут – 30,1%, цемент – 24,5%, сыра – 8,5%, ұн – 21,8% тиесілі.
- ТО Статистика департаменті мәліметтері бойынша 2020 жылы белсенді өнеркәсіп кәсіпорындар мен өндірістер саны 722, 2021 жылы – 760, 2022 жылы – 724, 2013 жылы – 811, 2014 жылы – 751 құрады.
- ТО Статистика департаменті мәліметтері бойынша 2020, 2021 және 2022 жылдардың 1 қаңтарына жұмыс істейтін өнеркәсіп кәсіпорындар мен өндірістердің саны тиісінше 2020 жылы - 949, 2021 жылы - 1094 және 2022 – 1291 бірлікті құрады. 2021 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда жұмыс істейтін өнеркәсіп кәсіпорындар саны 197 өскен.
- ТО ірі кәсіпорындары қатарында келесілерді атауға болады: «Петро Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Химфарм» АҚ, «Шымкентцемент» АҚ, «Стандарт цемент» ЖШС, «Меланж» АҚ, «Ютекс» АҚ, «SOUTH

TEXTILINE KZ» ЖШС, «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «Шымкентмай» АҚ, «Шымкентсыра» ЖШС, «Алдын дән» ЖШС, «Рахат-Шымкент» ЖШС, «Шымкент-құс» ЖШС, «Алекс» ЖШС, «Састөбе Технолоджис» ЖШС, «Феррум-Втор» ЖШС, «Құрылыс металлоконструкциялар зауыты» ЖШС, «Шардара СЭС» АҚ, «3-Энергоорталық» АҚ, «Шымкент Ремсервис» ЖШС, «Ақ Жол» ЖШС, «Ақ-Берен» ЖШС, «Қоңыр-Ат» ЖШС, «Мырзакент» МӨЗ» ЖШС, «Контал» ЖШС, «Корпорация «Ақ Алтын» ЖШС және т.б.

- Индустрияландыру картасы шеңберінде 146,7 млрд. теңгелік 103 жоба іске қосылып, 8873 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде: 2020 жылы – 7 жоба (33,7 млрд. тг., 1775 ж.о.); 2021 жылы – 22 жоба (57,3 млрд. тг., 1235 ж.о.); 2022 жылы – 29 жоба (14,7 млрд. тг., 2226 ж.о.).

**Қорытынды.** Бүгінгі таңда Түркістан облысы цемент, тауар бетоны және құрғақ құрылыс қоспаларынан бастап металпрокат пен жоғары технологиялы жол және жөндеу мен әрлеуге арналған құрылыс жабдықтарына дейін құрылыс материалдары мен құрылыс жабдықтарының толық кешенін өндіреді. Облыстың тұрғындары санының жоғары қарқынмен өсуі өңірдегі құрылыстың екпінді дамуына алып келді. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2020-2021 жж. 10,8 %-ға артып, 2021 ж. 199,1 млрд. теңгені құрады. Қарастырылып отырған кезеңде облыста 1 252,9 мың шаршы м тұрғын үй салынды. Соңғы 3 жылда әлеуметтік салада бірқатар нысандар қолданысқа берілді. Білім саласында 47,7 мың оқушы орнына арналған жаңа мектептер, 13,4 мың оқушылық мектепке дейінгі мекемелер пайдалануға берілді. Денсаулық саласында 0,640 мың төсекке арналған нысандар, бір ауысымда 4,7 мың келушілерге арналған амбулаториялық-емханалық мекемелер іске қосылды.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі 2010-2014//Статистикалық жинақ/ қазақ және орыс тілдерінде.-Астана, 2015-191 б.
2. Кусаинов М. Стратегические приоритеты развития Казахстана до 2010 и 2030 года // Экономист. - 2008. - №11. - С. 17-24
3. Алимбаев А.А., Утешев С.Б., Ахметов С.Н., Таубаев А.А. Региональная социально-экономическая система (Том 1).-Караганда: Типография ТОО «Сана», 2010.-514с.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ҚЫСҚАРТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІНІҢ ТҮСІНІГІ

*Ескендерова Г.Т. Магистр, аға оқытушы*  
*Айдарбекова К.Ж. Магистр, аға оқытушы*  
*Шымкент университеті. Шымкент қ.*

Қылмыстық істі қысқартудың негізгі жағдайы мен себебі болып, істі қысқартудың негізі табылады. Әрбір негіздің өзіндік сипаттамасы бар. Олар бір бірін алмастыра да толықтыра да алмайды. Заңи әдебиеттерде қылмыстық істі қысқартудың негіздерін жүйелеу енгізілмеген [1].

Атақты профессор В. Случевский өндірістік істі жалғастырудың негіздерін фактілік және заңдық деп бөледі. Осы көзқарасты ұстаушы ғалым И.Я.Фойницкий қылмыстық істі қысқартудың фактілік жағдайларына айыптауға жеткілікті негіздердің болмауын, істің мәнісі бойынша айыпталушыға ұсынған айғақтардың жеткіліксіздігі, ал заңдық жағдайларына – қылмыстық әрекетті, жазаны жоятын жағдайларды себептерді жатқызады.

Совет ғалымы С.А. Голунский заңдық негіздерге қылмыстық әрекеттердің жазалануы мен қылмыстық сипатты жоятындырды, ал фактілікке – сотқа беруге мәліметтің аздығы сияқты себептер жатқызылады.

Кейінірек мұндай көзқарастар советтің процесуалдық әдебиеттерінде сынға ұшыраған Н.В.Жогин және Ф.Н. Фаткуллин заңмен көзделген барлық себептер заңдық негіздерге жатады деп көрсеткен. Сонымен қатар, әрқайсысы жеке – жеке анықталған фактілерді білдіреді, нақты фактілі деректермен негізделеді, осы тұрғыдан алғанда фактілік сипатқа ие.

С.А.Шейфер келесідей жүйелеуді ұсынады:

1. Қылмыстылықты жоятын немесе қоғамға қауіптілікті жоятын негіздер.

2. Жазаны жоятын негіздер

3. Бір айыптау бойынша екінші рет айыптауды жоятын негіздер

М.С.Строгонович қылмыстық істі қысқартудың негіздерін үш топқа бөлген. Бірінші топқа: ол заңға сәйкес қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтатын, жоятын негіздерді, ал екінші топқа: тергеушіге қылмыстық істі қысқарту құқықтарын беретін, бірақ міндеттемейтін негіздер, ал үшіншіге қылмыстық іс бойынша жеткілікті дәлелдемелер жиналмауына байланысты сотқа жіберуге жатпайтын нақты жағдайлар бойынша негіздерді жатқызады [2].

А.Я. Дубинский қылмыстық істі қысқартудың үш тобын бөліп көрсетеді:

1. Қылмыстық іс-әрекет болмағанын дәлелдейтін негіздер.

2. Қылмыстық жауаптылықтан босататын негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту негіздері.

3. Фактілерді қайта тергеуді болдырмайтын негіздер.

Әдебиеттерде ең көп тараған топтастыруды П.М. Давыдов пен Д.Я. Мирский ұсынды. Материалдық құқықтық және процесуалдық негіздер.

Материалдық құқықтық негіздерге қарағанда процесуалдық негіздер іс жүргізушілік заңда арнайы бекітілген негіздерді жатқызады. Оларға қылмыстық өндірісті жүргізуді жоятын негіздер жатқызылады.

Соңғы көзқарасты ұсынатын авторлар материалдық – процесуалдық негіздерге төмендегілерді жатқызады:

- қылмыс оқиғасының болмауы
- қылмыс құрамының болмауы
- ескіру мерзімінің өтуі
- рақымшылық актісінің негізінде, егер жасалған әрекет үшін жазаны жоятын болса

-қоғамға қауіпті әрекет жасаған кезде қылмыстық жауаптылық жасына толмауы

- қылмыс жасаған немесе кінәлі тұлғаның өлімі
- қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін жағдайлардың болуы;

Қылмыстық істі қысқартудың процесуалдық негіздеріне мына төмендегілер жатқызылады:

- сол айыптау ісі бойынша заңды күшіне енген шешімнің болуы, сол негіз бойынша қылмыстық істі қысқарту туралы соттың ұйғарымы немесе қаулысының болуы;

- анықтама, тергеу прокурордың сол іс бойынша айыптау қаулысының болуы;

- жәбірленушінің шағымының болмауы, егер қылмыстық іс оның шағымы бойынша қозғалуы қажет болса;

- жәбірленуші мен айыпталушының бітімгершілікке келуі, егер істің қозғалуы жәбірленушінің шағымы бойынша жүзеге асырылған болса;

Тәжірибелік маңызы жағынан, процесуалдық тәртіпке сәйкес қылмыстық істі қысқартудың маңыздылығы басқа жүйелеудің негізіне ие. Осыған сәйкес қылмыстық істің негіздерін былай жүйелейді :

1.Ақтайтын негіздер

2.Ақтамайтын негіздер

В.В. Вандышев, Н.А. Власова, П.М. Давыдов, В.А. Ковалев, И.Л. Петрухин, В.И. Радченко, А.В. Смирнов сияқты ғалымдардың пікірінше қылмыстық іс бойынша өндірісті екі топқа бөлуге болады. Олар:ақтайтын және ақтамайтын.

В.В. Вандышев пен А.В. Смирнов сияқты ғалымдар төмендегідей анықтама береді: Реабилитация (ақтау) – бұл қылмыс оқиғасының болмауы, қылмыс құрамының болмауы, қылмыстық әрекетті жасауда айыпкердің кінәсінің дәлелденбеуі деп көрсетеді. Ал қалғандары ақтамайтын негіздер.

Дәл осындай көзқарасты Н.А. Власова ұсынады: ақтайтын және ақтамайтын. Ақтайтын негіздер деп – тұлғаның кінәлі еместігін куәландыратын немесе дәлелдейтін жағдайлардыкөрсетеді. Оларға: қылмыс оқиғасы, қылмыс құрамының жоқ болуы және тұлғаның жоқ болуы және тұлғаның қылмыс жасаудағы кінәсіздігі [3].

Ю.М. Грошева мен П.А. Лупинская ақтайтын және ақтамайтын негіздерді нақты көрсетеді, бірақ толық сараламайды. Ақтайтын негіздер жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша қалады, ал ақтамайтын негіздерге жағдайдың өзгеруін қосады, бірақ бұл негіз біздің заңнамада көрсетілмеген, амнистия мен ескіру мерзімінің өтуін көрсетеді. Көріп отырғанымыздай бұл жіктеу толық емес.

«Ақтайтын (лат.Rehabilitation, re –қайта, қайтадан - *habilitas /habilitatis/* - жаралуы, қабілет, икемділік, ағылшын тілінен *rehabilitation*)

1) азаматтардың құқықтарын қалпына келтіру;

2) қайтадан жақсы атағын қалпына келтіру.

Осыдан келіп, ақтамайтын негізге сәйкес қылмыстық істің қысқартылуында «қалпына келтіру» туралы сөз болмайды.

Қылмыстық істі қысқартудың осындай негіздері тәжірибеде кең қолданылады. Бұл мынамен негізделеді қылмыстық істі ақтамайтын негіздер бойынша қысқарту қылмысты тергеу мен істі айыптау қорытындысымен сотқа жіберумен тең болады. Бұл жүйелеу айлық, тоқсандық, жарты жылдық және жылдық есеп беру кезінде тиімді, сонымен қатар тергеушілермен анықтама жүргізетін органдардың жеке ауыртпалықтарын есептеуде де тиімді [4].

### ***Библиографиялық тізім***

1. Оспанов С.Д. Уголовный процесс РК . - Алматы. 2000. 45 б.

2. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право РК. Часть общая: Учебник. - Алматы, «Баспа», 1998. 67 б.

3. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть общая: Академический курс. Книга первая и вторая / Под ред. д.ю.н., профессора Б.Х. Толеубековой. - Алматы: ТОО Издат. компания «НА8», 2004. 81 б.

4. Когамов М.Ч. Предварительное расследование уголовных дел в РК. - Алматы, 1998. 28 б.

## ҚОЛМА ҚОЛСЫЗ АҚША ҚАРАЖАТЫМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАРДЫҢ СИНТЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

*магистр., аға оқытушы Ирзаханов С.Ж.  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Өнімдер жиынтығының өндірісі барысында туындайтын көптеген жағдайларға байланысты қаржы айналымы екі түрге бөлінеді: өнімдерді өндіру және ақшаға айналдыру үрдісін көрсететін айналым, яғни тауар есептерімен байланысты айналымдар; тауарлық емес есептерімен айналысатын айналымдар.

Қаражат қызметі мен есеп айырысу тәсілдерінің ерекшеліктеріне байланысты қолма-қолсыз ақша айналымдары пайда болады.

Қаржы айналымының негізгі бөлігін қолма-қолсыз айналым құрайды. Өнеркәсіптер мен ұйымдардың, несиелік мекемелер мен қаржылық ұйымдардың есеп айырысулары қолма-қолсыз қолма-қолсыз іске асады, яғни клиенттердің банктардағы несиелік құжаттары мен өзара талаптарын көрсететін қағаздар арқылы келісе береді.

Қолма-қол есеп айналым дегеніміз - қолма-қол ақшамен төлем жасау жиынтығы.

Егер қолма-қолсыз айналымда ақша төлемақы қызметінде қолданылса, қолма-қолсыз айналымда ақша төлемақы мен келісім құралы ретінде пайдаланады.

Келісім ретінде қолма-қолсыз ақша біріншіден, халықтың бөлшектік саудамен айналысатын өнеркәсіптермен есеп айырысуында пайдаланады.

Тауар базарлар мен жеке адамдардан қолма-қолсыз ақшаға сатылып алынады. Өндіріс орындары, ұйымдар мен мекемелер төлемақының сомасы заң бойынша рұқсат етілген шектен шығып кетпеген жағдайларда қолма-қолсыз ақшаға қажетті тауар сатып алады.

Қолма-қолсыз ақша көбінесе жұмыскерлер мен қызметкерлердің еңбекақысын төлеуде қолданылады. Сонымен қатар, қолма-қолсыз ақша зейнетақы, шәкіртақы мен жәрдемақы төлеуде; банкілердің халыққа тұрғын үй құрылысына және шаруашылық қажеттіліктерін қанағаттандыратын несиелер беруде; сақтандыру өтемін төлеуде, т.б. пайдаланады.

Қаржы айналымын қарастыра отырып, қолма-қол және қолма-қолсыз айналымдардың айырмашылығын анықтап алу қажет. Қолма-қолсыз айналымда ақша тек төлемақы ретінде қолданылады, сәйкесінше, қолма-қолсыз ақша мен ақша тек төлем құралы ретінде пайдаланатын бөлігі қолма-қол айналымның негізгі элементі болып табылады. Олай болса, төлемдік айналым қаржы айналымының бір бөлігі ғана болып шығады, ал қолма-қолсыз айналым — тек төлемдік айналымның бір бөлігі.

Жоғарыда келтірілген дәйектерді ескере отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: ақша айналымы - ұдайы өсіп отыратын халық сұраныстарын қанағаттандыру үрдісі мен төлемдік және келісім қызметінде жүретін қолма-қолсыз ақша қозғалысының жиынтығы.

Қаржы айналымын ұйымдастыру қаржылық шығындармен салыстырғанда табыс көздерінің үнемі дамуына келіп тіреледі. Бұндай мақсатқа шаруашылық ұйымдар мен халық арасындағы есеп айырысуды жеделдету арқылы қаржы айналым үрдісін тездету көмегімен жетуге болады.

Есеп айырысу арқылы қаражат өндірістік қорларға ауысады, табысты ақшалай түрде тіркейді.

Осылайша есеп айырысу қаражат айналымының маңызды бөлшегі болып табылады, ал оның уақытында аяқталуы өндіріс үрдісін қалыптастыруға шарт болады.

Нарық пен нарықтық қатынастар жағдайларындағы маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелер қатары айналым, төлем және қорлар ретінде қызмет ететін ақша айналымын белгілейтін ақша қаражатының қалыптасуын зерттеуді талап етеді.

Қаржы айналымын екі түрде қарастырсақ толық түсінік ала аламыз: біріншіден, экономикалық айналымға қатысушылардың табыс пен шығын арасындағы тепе-теңдік байланыстары, екіншіден, банк жүйесі арқылы жүретін ақша қозғалысы. Сәйкесінше, бұл қаржылық табыстар мен шығындар көрсеткіштерінің, төлем қабілетті сұраным мен оны қанағаттандыратын экономиканың жеке секторларының (қаржы өндірісі, өндірістік емес сала, мемлекеттік бюджет, тұтынушы сектор), сонымен қатар банк жүйесі арқылы жүретін ақша қозғалысының қалыптасуынан көрінеді.

Ақша қаражаты банк есеп-шоттарында сақталады, ал банктар есеп айырысу операцияларын іске асырады, сонымен қатар төлеушілерге немесе қаражат алушыларға несие беріп отырады. Алайда, қаржы айналымы толығымен банк басқармасының нысаны болып табылмайды.

Қаржы айналымы қызметінің басты саласы шаруашылық ұйымдары ақша айналымының қалыптасуы мен таратылуы шеңберінде етеді. Сонымен қатар банк жүйесі жеке қаражат иелері арасында пайда болатын экономикалық қарым-қатынастар, эмиссиялық және несиелік қатынастар өзіндік қатынастар саласын, дәлірек айтқанда еліміздің экономикалық шекарасы шеңберіндегі банктік несиелеу мен ақша айналымы заңдарына сәйкес қаражат көздерінің құрылуы мен пайдалану саласын айқындайды. Бұл банктік несиелеу саласын, есеп айырысу, ақшалық және несие механизм негізіндегі ақша қаражатының қажетті мөлшері айналымының қалыптасу саласын басқарады.

Шаруашылықтың қызмет ету саласы тауар ағымдарының біртіндеп ақшаға айналуын, немесе керісінше ақшаның тауарға айналуын, сонымен қатар, әрбір уақытта бір жағынан тауар бір жағынан ақша ағымы айналымдарының қалыптасуын бақылайды.



Ақша ағымы қолма-қолсыз ақша қаражатын анықтайды. Сатылған тауар, көрсетілген қызмет пен орындалған жұмыс үшін қолма-қол ақша алатын ұйымдар мен өперкәсіптер қаражатты банктардың есеп-шоттарына тапсыруға міндетті. Өз кезегіне, өнеркәсіптер мен ұйымдар банк мекемесінен еңбекақы, жәрдемақы, сапармақы мен т.б. шаруашылық қажеттіліктерді өтеуге қолма-қол ақша алады.

Бұл операциялар банктің қассалық бөлімінде іске асады. Банктағы барлық

қолма-қол ақша жиынтығы банктің операциялық қассасы деп аталады. Оның құрамына кіріс-шығыс қассалары, операциялық күн аяқталғаннан кейін қолма-қолсыз ақша қабылдауға арналған кешкі қассалар, қаржылық табысты санайтын қассалар кіреді. Операциялық қассалар саны банктің көлемі мен қызметіне байланысты.

Қолма-қолсыз ақша қаражаты чектар, вексельдар, карточкалар арқылы іске асады, операциялар клиенттердің банктардағы жеке есеп-шоттары арқылы жүзеге асырылады.

Шаруашылық қатынастар - банк қызметінің міндетті шарты. Олар банк қызметінің тоқтаусыз үрдісін қамтамасыз етеді. Шаруашылық қатынастар бір жақта қызмет көрсету саласы, екінші жақта клиенттер тұрған жағдайда келісімдік қатынастар арқылы тіркеледі.

Есеп айырысу қатынастары дегеніміз - бір жақ келісімдік міндеттерін орындаған кезде, екінші жақ белгіленген мерзімде тауарлар мен көрсетілген қызмет бағасын төлеуге міндетті.

Ақшаны қабылдау мен тарату немесе қолма-қолсыз қолма-қолсыз қаражатты ерекше формалы құжаттар арқылы банк шотына тіркейді. Солардың арасында қолма-қолсыз ақшалы жарна, чек, төлем тапсырысы, есеп айырысу чектері, талаптар жиынтығы, аккредитивтар кеңінен пайдаланады.

Несие – пайыз төлей отырып ақшаны немесе тауарларды қарызға беру; экономикалық құн категориясы, ақша-тауар қатынастарының ажыратылмас элементі.

Несиенің пайда болуы және дамуы капиталдың шыр айналуымен және айналуымен байланысты. Негізгі және айналым капиталының қозғалыс процесі барысында ресурстардың босатылуы орын алады. Несие саясаты несие меңгерудің барлық процесінің негізін жасайды. Несие саясаты займ беру, рәсімдеу және оларды басқаруға жауапты банк қызметкерлері негізге алуға тиіс объективті стандарттар мен өлшемдерді анықтайды. Несие саясаты директорлар кеңесінің, заңгерлердің және стратегиялық шешімдерді қабылдайтын тұлғалардың іс-әрекетінің негізін бекітіп, сыртқы және ішкі аудиторларға банктегі несие меңгеру сапасы мен дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Несие саясаты дұрыс құрылып жоғарыдан нақты түрде өткізілгенде және банктің барлық деңгейлерінде жақсы ұғынылғанда банк басшыларына

несие саласындағы дұрыс стандарттарды сақтауға, керексіз тәуекелдерден қашық болуға және істі дамыту мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға көмектеседі.

Банк жұмысын бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар банктің қонымды несие саясаты несие тәуекелдігін дұрыс басқарудың негізі болып табылады деп есептейді. Ауыспалы кезеңдегі дамушы елдерде несие саясатын көп жағдайда қаржы билеушілері анықтайды да банктер несие саясатында айқын критерияларды ұстанбайды және оларды өздері құруға да тырыспайды.

Мемлекет қаржы нарығынан кете бастағанда банктерге дамудың ішкі саясатын белсенді түрде өздері жасау қажеттілігі туындайды. Несие берудегі коммерциялық банктердің айырықша ролі банктік операциялардың негізі болып табылады. Банкирдің жұмысы салым салушылардың ақшаларын кімге сеніп тапсыруға болатынын шешу.

Банктердің бұл функциясы капитал құрылымындағы ливеражды өсіретін өте маңызды және мейілінше сезімтал процесс болып табылады. Банк қандай несиелерді бере алатындығын, ал қандай несиелерді бере алмайтындығын, несиелердің әр түрінен қанша несие беретіндігін, несиелерді кімдерге беретіндігін және бұл несиелер қандай жағдайда берілуі мүмкін екендігін анықтап алуға тиіс. Оп-оңай және тез уақытта ауыр жағдайға душар болып қалу мүмкін бизнестің банктерден басқа салаларын табу қиын. Тәуекелге мән бермеуге болмайды.

Осы маңызды шешімдер несиелер, депозиттердің, өз капиталының және міндеттерінің оптималды арақатынастарын сақтауды несие саясатының мақсаты қылуды талап етеді. Сауатты несие саясаты несие сапасының өсуін қамтамасыз етеді. Несие саясатының мақсаттары заңдық бақылаудың жекелеген элементтерін, тәуекелдің саналы дәрежесі, несиелік портфельдің балансын және мезгіл міндеттерінің құрылымын енгізу керек.

Директорлар кеңесі несие саясатының негізгі бағыттарын анықтайды. Жұмыс несие берудің негізгі ережелерді және осындай несиені беру рәсімдерін бекітетін кеңес мақұлдаған құжаттан басталады.

Банктің алдында экономиканың күрделі және үнемі өзгеріп отыратын жағдайына бейімделу қажеттігі туындағанда және бұрын қойылмаған немесе қойылсада жете мән берілмеген мәселе пайда болғанда несие саясатын құрудың маңыздылығы арта түседі. Саясаттың құрастыруы директорлар кеңесі жағынан не банктің несие комитетінің жағынан банк жұмысының нәтижелілігі және табыс тұсынан тәуекелдің орындылығын бағалауды керек етеді.

Коммерциялық банктер өз мамандануға сәйкес несие саясатының жалпы негіздерін құрастырады (әлемдік тәжірибесінде – несие саясатының меморандумы), оның негізгі мақсатын жасайды және несиелендірудің негізгі бағыттарын анықтайды.

Несиелік операциялар өндірістің ыдырауы, экономиканың тұрақсыздығы жағдайында едәуір өсетін тәуекелмен байланысты. Бұның ішінде табыс мәселеге қарамастан тәуекелді операциялардың бөлігі

неғұрлым аз банктің сапалы несиелік портфелінің қалыптасудың қажетін анықтайды.

Тәуекел дәрежесі несиелік ресурстардың бағасы мен банктің әкімшілік шығындарын есептеумен несие бойынша табыстың жалпы нормасына сәйкес болу керек. Несие саясатын анықтау барысында несие стратегиясы бәсеке жағдайында қажет клиенттерінің және ұсынатын қызметінің диверсификациясына бағытталу керек.

Несиелендіру тәжірибесін жетілдіру банк үшін оптималдық несиелендіру ұйымдастыруды керек етеді.

### *Библиографиялық тізім*

1. Ақша, несие, банктер теориясы: Оқулық. — Алматы: «Жеті жарғы»,

## **ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАПТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАСТАР**

*Қадыр Г.Т. магистр, оқытушы*  
*Ахметова Ж.Ш. магистр, оқытушы*  
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы негізгі өлшемдер әлеуметтік-таптық түсініктерге тән. Себебі әлеуметтік –таптық құрылымның компоненттері көп жағдайда қоғамның ішкі жүйесінде елеулі әсер етеді. Әлеуметтік таптық құрылымдағы жастар, жалпы жастардың алатын орны қандай сұрақтар бүгінгі күнгі өзектілігі жағынан алып қарағанда жоғары болып отыр. Негізінен жастарды әлеуметтік таптық құрылымының ішіндегі әлеуметтік топ ретінде қарастырылады. Көптеген әдебиеттерде, ғылыми мақалаларда да негізінен жастарды осы тұрғыдан қарастырады. Сондықтан да біз алдымен әлеуметтік таптық құрылымдағы «әлеуметтік топ» түсінігін талдау керек. Топ - мүшеліктің ресми немесе бейресми критерийлерімен шектелген индивидтердің (адамдар немесе заттардың) ұжымы немесе көпшілігі. Әлеуметтік топ оның мүшелері өзара рөлдер мен әрекеттерді қамтитын әлеуметтік интеракцияға қосылған кезде пайда болады. Мүшелік тұрғысынан әлеуметтік топтар салыстырмалы ашық және қозғалмалы (достар тобы) немесе жабық және қозғалыссыз (масондық ұйымдар) болуы мүмкін [1].

Әлеуметтік топ — жеке тұлғалардың ортақ, ынтымақты, үйлескен іс-әрекетті жүзеге асырудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамдар бірлестігінің, өзара әрекетінің негізгі түрі, бірігу дәрежесі әрқилы бірлестіктердің құрамын белгілейін өте кең ұғым. Жалпы, әлеуметтік топ ұғымы мүдделердің, құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларының ортақтығы мен айырмашылықтарына орай халықтың жіктелуін бейнелейді.

Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда әлеуметтік топтар ретінде таптар, сословиелер, таптар және сословиелер ішіндегі бөлімшелер, этникалық, кәсіптік, жыныстық, жас ерекшелігіне қарай, мекендік, тұтынушылық, діни, білімі бойынша және басқа да топтар қарастырылады. Әлеуметтік топтар теориясында топтар үлкен, орта және кіші болып бөлінеді:

Кең мағынасында «әлеуметтік топ» ұғымы адамдардың кез-келген әлеуметтік бірлесуін – отбасынан, құрдастар тобынан елдің, тіпті, бүкіл адамзат қоғамына дейінгі түсінікті қамтиды. Бірақ әлеуметтануда көбіне тар мағынада - қандай да бір жеке, ұжымдық немесе қоғамдық мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыруды көздеген өзара әрекеттегі адамдар жиынтығы - қоғамның ішіндегі құрылым ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік топ мүшелері өздерін осы топқа жатқызады және де басқалар да оларды сол әлеуметтік топтың мүшесі ретінде мойындайды (Р. Мертон). Әлеуметтік топ санына қарай үлкен және кіші; әрекет етудің ұйымдасуы мен реттелуіне қарай ресми және бейресми болып бөлінеді [2].

1. Жоғарғы әлеуметтік топтарға халықты қамтитын бірлестіктер кіреді. Оларға сословиелер, таптар, әлеуметтік жіктер, жыныстық жас ерекшелігіне байланысты, этникалық, діни және т.б. топтар. Топтарға елеулі саяси ықпалға ие болғандықтан әр түрлі әлеуметтік қозғалыстардың базалық негізі болуы мүмкін.

2. Орта топтар өндірістік, территориялық бірлестіктерден құрылады. Олардың арасында әр түрлі мүдделер мен саяси бәсекелестік болуы мүмкін.

3. Төменгі топтарға, ең алдымен мүдделер ортақтығы негізінде пайда болатын тұрақты немесе уақытша ассоциациялар жатады. Отбасы шағын өндірістік бірлестіктер, қоғамдық өмірдің әр түрлі ұйымдары кіші топтар түрлері ретінде есептеледі.

Аталмыш барлық топтық бірлестіктер қандай дәрежеде болмасын қоғамның саяси өміріне қатысып, саясат субъектісі бола алады. Осы топтардың ішінде үлкен топтың қызметі ерекше.

*Еңбекші шаруалар табы* - (кәсібі қара күшімен жер өңдеу, құқық көлемі шектеулі, мүліктік жағдайы орташа немесе орташадан төмен);

Жалдамалы жұмысшылар табы (кәсібі көбіне қара күшке негізделетін сауда өнеркәсіптік мекемелерге жалданып жұмыс жасау, құқық көлемі шектеулі, еңбек қатынастарына сүйенеді, мүліктік жағдайы орташадан немесе кедейлікке дейін);

*Жер иеленушілер табы* - (кәсібі жер салығымен күнелтетін, зиялы басқарушылық қызмет атқаратын жер иелері, құқық көлемі артық дәрежелі, парасатты, мүліктік жағдайы жұмысшы және шаруа табымен салыстырғанда бай):

*Капиталистер табы* - (кәсібі-өндірістік, сауда және қаржы капиталдарының иелері, құқық көлемі жер иеленушімен салыстырғанда айрықша құқыққа ие, артық дәрежелі, парасатты, мүліктік жағдайы –бай).

Саяси ғылымда әлеуметтік топтар саяси қатынастарының маңызды субъектілері ретінде қарастырылады:

**Шағын топ** – барлық мүшелерінің арасында тікелей қатынас болатын әлеуметтік топ, оның синонимі қатынастық топ.

**Атаулы топ** – талдау мақсаты үшін мағынасы зор бірқатар белгілер бойынша бөлінетін адамдар жиынтығы. Мысалы, жас ой өрісі тұрғылықты орны бойынша топтар.

**Алғашқы топ** - негізінен бастапқы әлеуметтенуді индивидтің басқа топтарға кіруін қамтамасыз ететін шағын топтың бір түрі (отбасы, достарыдң топтары, кейде көршілер топтары).

**Референтті топ**-әлеуметтік саылыстыру процесінде индивидтер үшін үлгі ретінде болатын, олар өзінің әлеуметтік жағдайын, мінез-құлқы мен ұстанымдарын салыстыратын нақты немесе елестетілетін әлеуметтік топ.

**Әлеуметтік топ** -кең мағынада белгілі бір нақты әлеуметтік, яғни ең алдымен қоғам өмірімен байланысты белгілердің қоғамдағы қоғамдық қатынастар жүйесінің негізіндегі топтық қауымдастықтардың кең жиынтығы.

**Ресми топ** - заңды статусы бар, әлеуметтік институттың, ұйымның бір бөлігі болып табылатын, осы институт немесе ұйым ішіндегі еңбек бөлінісі шеңберінде белгілі бір нәтижеге (өнімге, қызметке, т.б.) жетуді мақсат тұтатын әлеуметтік топ.

**Этникалық топ** -ядросы басқа әлеуметтік ағзаның құрамында болатын этностың (тайпаның халықтың, ұлттың) бөлігі.

**Топтық динамика** –белгілі бір уақыт арасында бір топта пайда болатын және топтың бір кезеңнен бір кезеңге қозғалуын , яғни оның дамуын бейнелейтін динамикалық процесс жиынтығы.

**Теңдер тобы** - тең статусы индивидтер тобы. Термин көбінесе отбасының иерархиялық тәжірибесіне қарағанда өз жасындағылар тобында әрекет ете отырып, әлеуметтенуіне әртүрлі ықпалды сезінетін балалар мен жасөспірімдерге қатысты қолданылады.

**Топтық динамика**- әлеуметтік топтар ішіндегі интеракцияларға қосылған процестер. Әлеуметтану негізінен қақтығыстардың қысымы үлгісінің ауысуы, топ ішіндегі түзетулер мен ынтымақтастыққа, сондай-ақ, басқару стильдерін зерттеуге басты назар аударады.

**Топтық терапия** –психологиялық ауруларды «бетпе бет», бірлесе қобалжу мен эмоция арқылы топтық процеспен емдеу тәжірибесі. Бұлүлкен өзін-өзі түсіну түзетуге әсер етеді. Терапевтік топтар негізінен лидерге немесе «жеңілдеткішке» ие болады. Себебі олардың құрамы мен бағдарламасы мұқият жоспарланған болуы керек және барлық теоретикалық тәсілдермен бекітілуі мүмкін, мысалы, психодинамикалық, роджерияндық, феминистік.

Топтастыру бақыланатын объектінің бірліктерін маңызды белгелері бойынша біртекті жиынтықтарға біріктіру.

*Қысым топтары*- мемлекеттік органдардың нақты шешім қабылдауына қолдау көрсететін немесе кедергі келтіретін ұйымдарды білдіретін мүдделер тобының түрі.

*Мүдде топтары* -өзі үшін қолайлы және пайдалы шешімдерді қабылдау мақсатымен саяси институттарға ықпал етуге талпынатын ортақ мүдделер негізіндегі бірлестігі. [3].

Адам әлеуметтік тіршілік иесі болғандықтан, түрлі әлеуметтік топтармен қарым-қатынас жасайды. Ол белгілі бір топтың ғана мүшесі болатын жағдай іс жүзінде кездеспейтіндіктен, жеке адамның әр түрлі топтарға қатысты жағдайын, сондай-ақ оның әрбір топқа қатысты функционалдық мүмкіндіктерін талдау үшін әлеуметтануда әлеуметтік мәртебе мен әлеуметтік рөл ұғымдары пайдаланады.

Әлеуметтік мәртебе деп адамның топтағы немесе қоғамдағы ұстанымын, жағдайын айтады. Әлеуметтік мәртебе жеке адамның жан-жақты және сонымен бірге жалпылама сипаттамасын: кәсібін, біліктілігін, атқаратын жұмысының сипатын, лауазымын, материалдық жағдайын, саяси ықпалын, іскерлік байланыстарын, ұлтын дінін, жасын, отбасылық жағдайын, туыстық байланыстарын және т. б. қамтиды.

Жоғарыдағы жазбалар арқылы қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымын, соның ішіндегі әлеуметтік топ түсінігін жіктеп алынды. Әлеуметтік-таптық құрылымдағы жастардың жай күйі, олардың алатын орны, атқаратын қызметі қандай екендігін зерделеп көрелік.

Еңбекші шаруалар табындағы жастар (кәсібі-қара күшімен жер өңдеу, құқық көлемі-шектеулі, мүліктік жағдайы-орташа немесе орташадан төмен);

Негізінен бұл топқа қазіргі күнде жастардың біршамасын жатқызуға болады. Мысалы. Оқуға түсе алмай ауылда қалып, қара жұмыспен айналысып жүрген жастарды осы топқа жатқызамыз. Олардың кәсібі мал бағу немесе өзге бір жер иесінің егініне аз жалақы алу үшін көмектесу болып табылады. Қазіргі замануи жаңалықтар мен дамудан көш артта қалған жастардың бұл шоғырының табысы өте төмен. Тек өзінің ғана тамағын тойдыруға жетерлік табыс табады. Игерген кәсібі жоқ болғасын, алатын нәсібі де аз.

Жалдамалы жұмысшылар табындағы жастар (кәсібі-көбіне қара күшке негізделген сауда-өнеркәсіптік мекемелерге жалданып жұмыс жасау, құқық көлемі –шектеулі, еңбек қатынастарына сүйенеді, мүліктік жағдайы-орташадан немесе кедейге дейін); Бұл таптағы жастардың жағдайын да алдыңғы таппен шамалас немесе сәл ғана дұрыс. Негізінен бұл таптағы жастарға ауылда қалуды жөн санамай қалаға келіп, құрылыстарда, ірі кәсіпорындарда, зауыттарды жалдамалы қара жұмысшы болып қызметке тұра алмағандар. Сондықтан нәсібін лажсыз ауыр еңбектен іздеген жандар. Қазіргі таңдағы жастардың көбі осы таптың өкілдері болып отырғаны жасырын емес. [4].

Жер иеленушілер табындағы жастар (кәсібі-жер салығымен күнелетін, зиялы басқарушылық қызмет атқаратын жер иелері, құқық көлемі –артық

дәрежелі, парасатты, мүліктік жағдайы-жұмысшы және шаруа табымен салыстырғанда бай); Бұл таптағы жастарға біз белгілі бір кәсібі бар немесе тұрақты қызметі, орташадан жоғары табысы бар жастардың жатқызамыз.

Соңғы жылдары жеке кәсіппен айналысып жүрген жастарымыздың саны артуда. Олардың бірқатары өздерінің жеке фирмаларын құрып, шет елдермен байланыс орнатып тірлігін дөңгелетіп отыр. Шағын және орта бизнестегілердің де бірқатары осындай жастар. Бұл әрине қуантарлық жағдай. Ал қызмет маңындағы жастарға тоқтала кетер болсақ, лауазымды орындықтарда отырғандардың саны санаулы. Ал тұрақты мемлекеттік қызметтегі жастар, жалпы жастар санының 20% -ға жуығын құрайды. Жеке салада қызмет ететін жастар да шамамен 30% көрсеткіш шамасында. Ал 30% пайызға жуығы әр түрлі жұмыстар жасап күнелтсе, 20% -ының мүлдем жұмысы жоқ.

Капиталистер табындағы жастар (кәсібі-өндірістік, сауда және қаржы капиталдарының иелері, құқық көлемі –жер иеленушімен салыстыған айрықша құқыққа ие, артық дәрежелі, мүліктік жағдайы бай). Бұл тап өкілдерінің арасындағы жастар көп емес. Олар негізінен ауқаттылардың балалары немесе жақын туыстары. Бүгінгі Қазақстан қоғамы жағдайында өз күшімен өсіп ондай мансапқа ие болу үшін жиырма тоғыз жас жеткіліксіз. Әрине кез-кезген қоғам үшін де бірден «қызметтік баспалдақ» арқылы көтелу қиын. Себебі оған ұзақ уақыт жұмыс жасайтынын ұмытпау керек. Ал қызметте лифт арқылы тез көтерілуді қалайтындар белгілі бір сатыға жеткенде қателіктерге бой алдырып, төмен құлдылайтыны жасырын емес. Мұндай қиялдарға жастардың бой алдыруы өздері үшін де, қоғам үшін де тиімді емес.

Саяси ғылымда әлеуметтік таптар саяси қатынастардың маңызды субъектілері ретінде мойындалады. Осы тұрғыдан қарастырғанда әлеуметтік таптардың бөлігіндегі жастар да әлеуметтік –саяси қатынастардың маңызды субъектісі болып табылады. [5].

#### ***Библиографиялық тізім***

1. Бринкерхоф Д, Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.-464 б

2. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. 10- басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2018.-856 б.

3. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. «Социология: Уч.пособие». – Алматы: Эверо,2016. – 584с.

4. Әбдірайымова Г.С. «Жастар социологиясы»: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 224с.

5. Абдыкалыков, У. К Саясаттану : жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / Электрон. текстовые дан. 3,43 МБ. - Алматы, 2018.

## ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТИ ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА В АСПЕКТЕ АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКОЙ ПАРАДИГМЫ

*К.ф.н., старший преподаватель М.Л. Дүйсенбекова  
Магистр, старший преподаватель Э.И. Избасарова  
Магистр, старший преподаватель К.Д. Калымбетова  
Шымкентский университет, г.Шымкент*

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные признаки и типология анализа профессиональной языковой личности Чокана Валиханова, впервые предпринимается попытка анализа языковой личности ученого в аспекте антропоцентрической парадигмы. В исследовательской статье личность Чокана Валиханова определяется как универсальная, элитарная языковая личность, стремящаяся к элитарному типу речевой культуры, характеризующаяся соблюдением языковых, речевых, этических норм.

**Ключевые слова:** Чокан Валиханов, языковая личность, элитарная языковая личность, антропоцентрическая парадигма, этические нормы.

Бірінші бесжылдық жоспарды бағалау кезінде тарихшылар бірдей түрде олардың масштабтылығына қарамастан толықтай түрде орындалуы үшін нақтылы болатын оның тапсырмасының салмақтылығын атап көрсетеді. Жоспармен бесжылдық ішінде өнеркәсіп өнімдерін 180%-ға, өнеркәсіптің өндірістік құрал-жабдықтарын – 230%-ға, ауыл шаруашылық өнімдерін – 55%-ға, ұлттық табысты – 103%-ға, шығаруды ұлғайту қарастырылды. Өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 110%-ға, нақтылы жалақы – 71%-ға, шаруалардың табыстары – 67%-ға өсуі тиіс болды. Сөз шекті түрде әлемдік тарихтағы қолда бар баламалары жоқ, жылдамдатылған прогрес туралы болды[6].

Жоспар шаруашылықтың және әлеуметтік саясаттың барлық бағыттары бойынша болатын ауқымды құлауы жағдайларын да емес оның ЖЭС-тің аумағында іске асырылуында болжамдалынды. Барлығының негізгі өнеркәсіпті дамытудың нарықтық әдіс-тәсілдеріне деген тіректегі кәсіпорынның шаруашылық есебі болуы міндетті жағдай болуы тиіс еді.

1929-ж. жазды бесжылдық жоспар туралы заң қабылданғанына қарамастан, оның жақтылық цифрының айналасындағы дүрбелең басталды, дегенмен де қозғалыс төменнен де, жоғарыдан да жүрді. Өзінің тегіндегі революциялық шыдамдылықтың, бұқараның энтузиазмінде, дауылпазшылар мен төтеншеліктердің көңіл-күйлерін пайдаланушылық та болып өтті. Кездейсоқ жоспарлардың көрсеткіштерінің аясында қазірдің өзінде материалдық қамсыздандыру болатындай, көрсеткіштері сөзсіз түрде қабылданды. Өнеркәсіптік түрде артта қалушылық пен КСРО-ның халықаралық жағдайда оқшаулануы да ауыр өнеркәсіптің жеделдетілген дамытудың жоспарын таңдауды реттеді. 1929-шы желтоқсанда екпінділердің съезінде И.В. Сталин. Басжылдықты төрт жылда орындау! ұранын ұсынды.

Осымен бір мезгілде олардың ұлғаюы жағындағы жоспарлы міндет қарастырылды. Жыл сайын қор жинау мен өнімді өндіруді 30%-ға ұлғайту міндеті алға қойылды. Ел бастапқыда жоспарланғандай түсті және қара металдарды, автомобилдерді, ауыл шаруашылық машиналарын, шойынды және т.б. қарағанда екі есе көп шығаруға міндетті болды. Өнеркәсіптің дамуында үлкен секіріске бағыт алынды, ол көп жағдайда партиялық басшылықтың шыдамсыздығымен және де халықтың көлемді бөлігінің ушыққан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді бірден бітіруді және де шаруашылықтың қалыптасқан ғұрыпынан түбірлі сынықтарының және халық шаруашылығының пропорциясының революциялық әдіс-тәсілдерінің, КСРО-ғы социализмнің жеңісін қамтамасыз етумен де байланысты болды. Большевиктердегі терең тамырлары болатын жалған сенімділік те өзінің рөлін алды, ол саясатындағыдай, экономикада да әрекет етуге болатын еді-бұқара халықты жоғары идеяларды ұйымдастыру мен шабыттандыру және оларды жарқын идеяларды іске асыру үшін шешуші күреске тастауға болатын еді. Нәтижесінде тұрақты, материалды түрде бекітілмеген шаралардың қаулылардың өкімдердің, бұйрықтардың формасындағы жүргізілетін іс шаралардың таусылмастығы іс жүзінде бүкіл елді боршалап тастады.

Бесжылдықтың алғашқы екі жылында әзірге ЖЭС-тің резервтері таусылмай тұрған да, өнеркәсіп жоспарлы міндеттері сәйкестілікте дамыды және тіпті олардан асып түсті. 30-шы жылдардың басында оның өсу екіні айтарлықтай түсіп кетті. 1933-жылы олар 1928-1929 жылдардағы 23,7%-ға қарсы 5%-ды құрады. Индустриализацияның жеделдетілген екіні қор жинаудың ұлғаюынталап етті. Өнеркәсіпті субсидияциялау негізінен өнеркәсіп ішіндегі жинақтау мен ұлттық табыстың мемлекеттік бюджет арқылы оның пайдасына қайта бөлінуі есебінен де жүргізілді.

”Секірістің” қаржылануының маңызды қайнар көзі аграрлық сектордан болатын құрал-жабдықтың индустриалды секторға “құйылуы” болды. Бұдан басқа, қосымша құралдарды алу үшін үкімет мемлекеттік займдардың облигациясын босатуды бастады, ақшаның 2 іске асырды, бұл құнсыздандудың шұғыл түрдегі тереңденуін туындатты.

Құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі ауыр өнеркәсіптің салынып жатқан нысандарының негізі 1659-ның 613-ін қаржыландырылуының тоқтатылуына әкелді. Қалалардағы әлеуметтік шиелініс өсе түсті, оған туған жерлерінен ұжымдастыру нәтижесінде қуылған миллиондаған ауыл тұрғындары шұбырды. Кешегі шаруалардың арзан еңбегі бесжылдықтың құрылыстарында пайдаланылды, оның көптеген нысандарды қолмен жаратқандырылды, яғни өнеркәсіптік өсім еңбек өнімділігін жоғарлату жолмен емес, жаңа жұмысшы қолдарының тартылуы есебінен жүрді.

Қайтадан салынған кәсіпорындар ұзақ уақыт бойы және үлкен қиыншылықпен жобаланған қуаттылыққа шықты. Жаңа жұмысшылардың төменгі кәсібилігі күшінде техника баяу игерілді, қымбат тұратын импорттық машиналар жарамсыздыққа түсті немесе ұзақ уақыт бойы өнімділіктің стандарттық нормаларына сәйкестік түрін бере алмады.

Индустриализацияның екпінімен болатын коммуникация жүйесі артта қалды – әлсіз орын темір жол, теңіз және өзен транспорты болып қалды. Жоспарда қарастырылған құрылыстың жаңа транспорттық жолдарының 2 үштен бірі ғана іске асырылды, ал радикалды түрдегі транспорттық модернизациясы болса да басталмады. Халық шаруашылығында шынайы диспропорциялар қалыптасты: жеңіл өнеркәсіп ауыр индустрияның құрбандығына шалынды және одан айтарлықтай қалып қойды, ауылшаруашылық өндірісі құлдырауға ұшырады.

”Үлкен секіріс” жылдарында ғана терең халық шаруашылығындағы диспропорциялар қалыптасты, олар ондаған жылдар бойына алдын ала толығымен алғанда Қазақстанның да экономикасының барлық дамуы үшін тән болды.

Орталық және жергілікті баспасөздің сталиндік индустриализацияның табыстары туралы жеңімпаздық реңі елдегі 1931-1932 жж даму үстіндегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың ушыққан түрдегі нақтылы көрініс беруімен шұғыл қарама-қайшылыққа кірді. Тарихшылар бірінші бесжылдықтың жоспарының орындалуының үзілуінің оның жоспарлауларға түзетулер енгізу үшін де шұғыл орындалуы туралы сталиндік басшылықтың жариялануында пікірлері ұқсас[7].

Осындай көрінісінен, индустриализациядағы сталиндік секіріс болғандығы нақтылауға болатындығы туралы қорытынды жасауға болады. Бұл қиял емес, бұл экономиканы күштеп қайта құруға ұмтылу үдерісі, село державияның (дербес білікті) орнықтыруды және социализм туымен қоғамның дамуының жаңа үлгісінің тууы болды. Алағаш рет ұзақ мерзімге экономикадағы идеологияның басымдылығы нақтылық болды.

1928-1931-жылдар бойында ұлттық табыс өзгеріссіз бағаларда бір жарым есе, ал өндірістік емес тұтыну бар жоғы 7%-ға ұлғайды, ал сол кезде нақтылы жинақтау 3,7 есеге ұлғайды. Ұлттық табыстағы жинақтаудың фонының үлесі 14,4%-дан 36%-ға дейін өсті, ал тұтынушылық қорының барлық үлес салмағы 83%-дан 60%-ға дейін түсіп кетті[8].

Осылайша ұзақ жылдар бойына сақталған, тұтынудан жинақтауға деген ресурстарды құюдың екпіні берілді. Шекті өлшемде, бірінші уақытта осы құйылудың бастапқы социалистік жинақталуындағы кезеңде қайдан шыққаны да түсінікті. 1917-жылғы революция алдында Ресейдің ұлттық табысының жартысынан астамы ауыл шаруашылығында жасалынды және 20-шы жылдардың соңына қарай оның ұлттық табысқа қосқан үлесі 50%-ға жақын болды. Шындығында, ауылдың өзі индустриализацияның қажеттіліктері үшін басты ”жинақталудың қайнар көзі” болды, ал оның ұжымдастырылуы ауыл шаруашылығынан өнеркәсіпке деген құралдардың қайта бөлінуінің айтарлықтай сенімді механизм болды. Одан кейінгі ұлттық табыстағы өндірістік емес тұтынушылықтың үлесінің шектелуі экстенсивтік экономикасының, тағы да ең алдымен барлық өнеркәсіптік дамудың өзі үшін керекті ресурстардың тұрақты қайнар көзін қамтамасыз етті.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Кан Г.В. История Казахстана. А. 2011г. с. 195
2. Горинов М.М. 30-е годы // История Отечества: люди, идеи, решения. Очерки истории Советского государства. М., 1991, с. 165-216.
3. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк).-А. 1993, с. 316.
4. Новейшая история Отечества. XX век. М. 1998, Т.2, с. 31.
5. Орлов А.С., Георгиев В.А., Георгиева Н.Г., Сивохина Т.А. История России с древнейших времен до наших дней. М., 2001, с. 366.
6. Политическая история: Россия – СССР – Российская Федерация. М. 1996, Т.2, с. 318.
7. Соколов А.К. Курс советской истории. 1917-1940. М. 1999. – 19.
8. История России XX век. – Минск 2005г., с. 187.

ӘОЖ 372.8:718

## **АЛЖИР ЛАГЕРІ МЕН ТҰТҚЫНДАРДЫҢ ТАРИХЫ**

*Жансая Т.М Студент*

*Шымкент университеті. Шымкент қ.*

XXғасырдың 30-жылдарынан басталған қуғын-сүргін салдарынан елімізде 70-мыңға жуық адам атылса, 100 мыңнан аса азамат қамалып, өзге аймақтарға айдалып кетті. Нақақтан нақа жазаға іліккендердің кейбірі Қазақстанның әр жерінде орналасқан лагерьлерге қамалды. Яғни ел аумағында Карлаг, Степлаг, Жезлаг лагері және т.б. лагерлер бірінен соң бірі ашылды. Солардың бірі - халық арасында «АЛЖИР» деп аталып кеткен әйелдер лагері қазіргі Астана қаласына жақын жерде орналасқан болатын. Бұл жерге саяси айыптаулармен сотталған әйелдер Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әкелінді. Бұлардың дені елдің белгілі мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерінің әйелдері, аналары, қыздары болатын. Басқарудың басты әдісі – зорлық-зомбылық және халықтарды жаппай лагерлерге тоғыту болды. Түрмеге қамалғандардың орасан көп мөлшерін ұстау үшін концентрациялық лагерлер желісін құру керек болды. Ол лагерлерге саяси тұтқындар – «халық жауларының» туған-туыстары болғаны үшін ғана әйелдерді де қамауға ала бастады. 1937 жылы басталған ОСОМ (*Отан сатқындары отбасыларының мүшелері – авт.*) әйелдерді жазалау науқаны арнайы концентрациялық лагердің құрылуына әкелді. Бастапқыда СОКП ОК Саяси бюросының мәжілісінде ПХК (*Ішкі істер халық комиссариаты – авт.*) ұсынысымен «барлық сотталған оңшыл-троцкистік, тыңшы-диверсанттық ұйымдар мүшелерінің, Отан сатқындарының әйелдерін кемінде 5-8 жылға

лагергерге жабу» туралы «қатаң құпия» грифімен арнайы құжат қабылданады. Бұл лагерлерді Қазақстанның Нарын өлкесі мен Торғай даласына орналастыратын болды. ОСОМ (Отан сатқындары отбасыларының мүшелері) категориясына аналары, апа-қарындастары да және қыздары да жатқызылды. Сол кездің заңнамалық құжаттарындағы лагерлердің атауларында ОСОМ (УСИР) термині қолданылатын. Тіпті әйелдерін ғана емес, жесірлерін қамауға алған жайттар жиі кездесетін. 1937 жылы 15 тамызда «Отан сатқындарының» әйелдеріне қатысты ұсыныстарды егжей-тегжейлі түсіндірмемен сипаттаған КСРО ІХК-ның шұғыл бұйрығы шығады. Онда қамауға алу сәтінен бастап, түрмеге жапқан кездегі, тергеу істерін жүргізу мен айыптау үкімін шығару, лагерьлердің біреуіне, тіпті нақты қайсы түрмеге жөнелткенге дейінгі барлық үдеріс толық қамтылды. **Ақмола лагерінің құрылу тарихы (Алжир).** Лагерьлердің айтарлықтай бөлігі Қазақстан аумағында орналастырылды. Оның өз себептері болды. Біріншіден, Қазақстанның, әсіресе оның орталық және солтүстік аудандарының қатал климаты түрмеге түскендерді орналастыру үшін ыңғайлы болды. Екіншіден, ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы халықты қынадай қырған ашаршылықтан этникалық қазақтардың 70%-на дейін бөлігі, сондай-ақ, басқа этнос өкілдерінен 200 мың адам жойылғаннан кейін, өлке халқы сирек орналасқан аймаққа айналды. Үшіншіден, табиғи ресурстары бай республика шикізатты алып шығу үшін қажетті арзан жұмыс күшіне зәру болды. Қарағанды еңбекпен түзеу лагері Қазақстандағы ең ірі лагерь болды. Ол 1930 жылы құрылды. Сол лагердің базасында Отан сатқындарының Ақмола лагері (АЛЖИР) құрылды. Алжир – бейресми атау, оны лагердің анықтамасының бастапқы әріптерін белгілеу негізінде әйелдердің өздері ойлап тапқан. Бірақ, бұл атау лагердің атауы ретінде мықтап бекіді. 1938 жылдан 1953 жж. аралығында Алжир қаласының дәмін 20 мың тұтқын тартты. Түрмеде болғандардың нақты саны әлі күнге дейін анықталмаған.

#### **Алжирде тұтқындарды орналастыру мен ұстау**

Алғашқы тұтқындар Ақмола бөлімшесіне 1938 жылғы қаңтар айында Мәскеу, Орынбор, Иркутск, Ростов және басқа да қалалардан әкелінді. Мұнда оларды асығыс салынған барақтар, күшейтілген қарауыл мен 3-8 жылға дейін толық оқшаулау жүйесі күтті. Бұл лагерлерге Қазақстанның тумалары да қамалды. Тұтқындардың туған-туысқандарымен кездесуіне және хат жазысуына тыйым салынған қатал тәртіп орнады. Ішкі күн тәртібі ерекше қатаң болды: тұрақты қарауыл; лагерь ішінде еркін жүріп-тұруға тыйым, күнделікті тексерулер, тінту, хат жазуға, күнделік жүргізуге тыйым салынды. Осы тәртіпті бұзушыларды карцерге жиі қамайтын. Олардың орамалдарында, арқаларында және сырт киімінің етегіне лагерьлік нөмірі жазылып қойылды. Ақмола бөлімшесінде қамауда болған мерзімнің өн бойында тұтқындардың тұрмыстық жағдайлары өте ауыр болды. Тұтқындар 40 градусық аяздар кезінде жартылай жалаңаш күйде жұмыс істеді, нәтижесінде жиі үсік алып, өліп қалып жатты. Тамақтану өте мардымсыз және біркелкі: тілім қара нан, бір ожау сұйық шай кесе мөлшерінде «ботқа-

быламық». Жұқпалы аурулар жайлады, сондықтан өлім-жітім мөлшері жоғары болды. Әйелдердің өз жұбайлары мен балаларының тағдыры туралы еш хабарсыз болуы жағдайды одан сайын жаман ушықтырды. 1941 жылы 26 маусымда Ақмола бөлімшесіне «контрреволюциялық қылмыстары» үшін сотталған ерлер мен әйелдердің үлкен этапы әкелінді. Осы кезден бастап Алжир таза әйелдер лагері болудан қалады. Соғыс жылдары бұл бөлімшеге саяси себептер бойынша сотталғандар ғана емес, таза қылмыскерлер де әкелінді. **Алжир тұтқындарының ішіндегі танымал есімдер.** Мұнда КСРО мен республиканың жоғары лауазымды әскери, қоғамдық және саяси қайраткерлерінің әйелдері мен туған-туысқандары жазасын өтеп жатты. Мысалы, Бухарин әйелі; қолбасшы М.Н. Тухачевскийдің әйелі, қызы, екі қарындасы; Я.Гамарниктің екі әпке-қарындасы; Блюхердің әйелі; А.С.Янукидзенің әйелі мен қызы, ақын Б.Оқуджаваның анасы, Қазақстанның көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткерлері И.Қабыловтың, А.Калменовтың, А.Сырғабековтың, А.Қаспақбаевтың, Ұ.Құлымбетовтың, С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, Ж.Шаниннің, Т.Рысқұловтың, Т.Жүргеновтің, С.Асфендияровтың, С.Мендешовтың, С.Қожановтың, Қ.Таштитовтың, Н.Манаевтың және т.б әйелдері. **Алжирдегі балалар.** Емшектегі балалар лагерде аналарымен бірге тұрды. Алжирде шамамен 400-дей бала болды. Мұнда төрт жасқа дейін рұқсат етілді, одан кейін балалар үйіне жөнелтілді. Сондай-ақ балалар өлімі жоғары болды. Мысалы, 1943 жылы Қарағанды лагерінде 226 бала өлімі тіркелген. Мұнда балалар өмірге келіп, кейіннен балалар үйіне жөнелтіліп отырды. Алжирдегі балалар Осакаров, Долина балалар үйіне және Қарағанды облысындағы 18 балабақша мен бөбекжайларда тәрбиеленді. Жазасын өтеп болғаннан кейін аналар өз балаларын қайдан іздерлерін білмеді. Алжир лагерінде болған бір тұтқын Т.Шахова өз естелігінде: *«80 пайыз аман қалғандар өз балаларымен қайта қосыла алмады. Бұл біздің өміріміздің соңына дейінгі психологиялық жазылмайтын жара болып қалды және өте ауыр еді»*. Лагердегі **өндірістік қызмет.** Ақмола лагерінде басты сала шаруашылығы тігін өндірісі мен кесте тігу өндірісінде 3 мыңға жуық адам жұмыс жасады. Соғыс жылдарында тігін фабрикасы әскери қызметшілер үшін киім-кешек тігу тапсырмаларын орындады. Лагердің өз астығы, жеміс-жидегі мен картоп сақтау орындары, диірмені, наубайханасы, май шайқау, жармалау цехтары жұмыс жасады. Алжирдің өз электростанциясы болды. Сондай-ақ, егін шаруашылығы, бау-бақша дамыды. Үлкен емес көлемде мал шаруашылығымен де айналысты. Жалпы егін шаруашылығы мен бау-бақша егістігі 5 мың гектардай жерді алып жатты. Сонымен қатар екі ферма ұйымдастырылды онда 250 ірі қара малы болды. Тұтқындар таңқурай еккендіктен күні бүгінге дейін бір ауыл Малиновка деп аталды. **Қазақ халқы тарапынан тұтқындарға көмек.** Жергілікті қазақ халқы тарапынан лагердегілерге қолдан келгенше көмек жасалынды. Дегенмен бұндай мүмкіндіктер жиі болып тұрған жоқ, өйткені тікен сым темірмен қоршалған лагерь аумағында қатаң күзет кедергі келтірді. Жергілікті тұрғындар қамыс



аркылы оларға нан, ет лақтырып отырды. Жергілікті тұрғындар тарапынан бөлған көмек жайында тұтқындардың өз естеліктерінде қызықты мәліметтер келтірілген. Лагерге жақын көл жанында орналасқан Жаңажол ауылының тұрғындарына деген аман қалған тұтқындардың алғысы шексіз. Жұмыс жасап жатқан әйел тұтқындардың қасына келген қазақ ақсақалы, оның соңын ала келген әйелдердің қолдарында көтерген балалары бар. Соңғысының қолындағы сөмкеде ауыр ұсақ тасқа ұқсас зат болды. Күтпеген жағдайда балаларға осы тастарды лақтырып отырды. Бұны байқап қалған айдауылдар күліп: **«Міне, көрдіңдер ме сендер халық жауысыңдар, сендерді тек Мәскеу гана жек көрмейді, ауыл тұрғындары да жек көргендіктен сендерге тас атып жатыр»**. Тұтқындар үшін бұл өте ауыр болатын. Қазақтар кеткеннен кейін бір әйел қамысқа лақтырған тасты алып келді. Одан сүт пен ірімшіктің иісі аңқып тұрған болатын. Сонда ғана барып жазасын өтеушілердің өмірлерін сақтап қалу үшін жергілікті тұрғындар бұларға құрт (*келтірілген ірімшік - авт.*) лақтыратынын білді. **Толық ақталу дәуірі**. 1990 жылдың 13 тамызында КСРО Президентінің «20-50-жылдардағы барлық саяси нәубет құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы» Жарлығы шықты. Ол, шын мәнінде, нәубет құрбандарын қайтадан қосымша ақтаудың басы болды. Дәл осындай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң 1993 жылдың 14 сәуірінде Қазақстанда қабылданды. Заңның **«құзыры 1917 жылдың 25 қазанынан (7 қарашасынан) кейін саяси қуғын-сүргінге тікелей ұшыраған барлық адамдарға жүрді және ақтау мақсатында оларға келтірілген моральдық және материалдық зардаптың өтемақысы ретінде мүмкін болған күллі жеңілдікті қамтамасыз ету көзделген»**. **«Ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адаммен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныстандыру орындарында болған балалар да саяси қуғын-сүргін құрбандары болып саналады»**. 1997 жыл елімізде бүкілхалықтық келісім және саяси қуғын-сүргін жылы деп жарияланды. Қоғам сталиндік лагерьлердің шынайы тарихын ғана емес, ондағы тұтқындарды қинап-жәбірлеген шектен шыққан сорақы әрекеттері туралы көптеген жайттарға қанық болды. Алжир мен басқа лагерлердегі тұтқындары туралы көптеген мақала, монографиялық еңбектер, деректі фильм жарық көрді. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың ұсынысын ескер отырып, Қазақстан Елбасы Н.Ә. Назарбаев 31-мамырды *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні* етіп белгілеу туралы Жарлыққа қол қойды. **Алжир – адамдардың аза-мұңы мен естелік орны**. Бертінге дейін Алжирдің орнында Малиновка кенті болды. 1975 жылы онда Целиноградтық құс өсіру өнеркәсіп бірлестігі «Ақмола–Феникс» құрылды. Кентте бір кездегі тұтқындардың тағдыр-талайы туралы сыр шертетін шағын мемориалдық мұражай жұмыс жасады. Кенттің кіреберісі ХХ ғасырдың 30–50-жылдары тұтқында болған әйелдердің отырғызған терек саяжолмен қоршалған. Терек өскен жол бойында қапаста жапа шеккен әйелдерге арналған ескерткіш белгі орнатылған: ортасынан екіге жарылған қызыл түсті жұлдыздың тереңге

жарылған ортасындағы бөлігіне жүрекке қадалған қара темір тор мен тікенекті сым Алжир тарихын бейнелейді. Бұл жерге мыңдаған, жүздеген адамдар келеді. Олар болашақта мұндай зұлмат ешқашан болмайды деген нық сенімді, тарихтан тағылым санасына ұялатады. Музей қызметкерлері кең көлемдегі іздеу, экспозиция жұмыстарын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

### **Биографиялық тізім**

1. «Акмолинская правда» газеті 31.09.2017 г
2. «Егемен Ұзақтан» газеті № 542 – 543
3. «Ұлан» газеті
4. «Алжир» деректі фильм
5. Қазақстан тарихы: Оқулық / Ж. Артықбаев, С. Раздықов – Нұр-Сұлтан Фолиант, 2021. – 240 б
6. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2020. - 880 бет.
7. Тасымбеков А., Жан даусы, Алжир архипелагы, А., 2018ж.

УДК: 347.965 (043.5) (575.1)

## **МОДЕРНИЗАЦИЯ КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ОТ ТЕОРИИ К ПРАКТИКЕ РЕФОРМ**

*Бимаханова Зарина Маралбековна студент 1-курса  
Абдуали Жансая Қазыбекқызы студент 1-курса  
Шымкентский университет, Институт экономики, г.Шымкент.*

**Введение:**Изучение Конституции и вопросы конституционного реформирования в нынешних условиях обретают актуальность и особую значимость. При этом теоретические и научно-практические работы позволяют провести некоторые суждения в понимании роли и значения Основного закона Республики Казахстан.

Конституционно-правовое воздействие на развитие законодательства, выстраивание государственных и публичных структур, развитие общественных институтов, соблюдение прав и свобод человека трудно переоценить. Конституция, обладая высшей юридической силой в иерархии нормативных правовых актов, задает векторы совершенствования законодательства и правоприменительной практики.

Как справедливо отмечено академиком Г.С. Сапаргалиевым, Конституция является основным главным нормативным правовым актом государства и общества, содержащий колоссальный политико-правовой потенциал. Конституция служит источником конституционного права и, в целом, является источником для всех отраслей права.

Поскольку вопросы изучения конституции охватывают множество аспектов, при этом сама конституция в каждом государстве - явление уникальное по своей структуре и содержанию, конкретизируем, что основным объектом исследования выступает Конституция 1995 года и соответствующие поправки, принятые до момента подготовки настоящей статьи.

#### Материалы и методы

В целях наиболее полного проведения исследования изучены труды казахстанских и зарубежных ученых в области юриспруденции по теме статьи. В работе использованы общеполитические и частные методы научного познания, системный анализ, формально-юридический метод исследования.

#### Обсуждение

Рассмотрение вопросов принятия и развития конституции, как высшего государственного акта в Республике Казахстан, оправданно начать с правовых условий зарождения первой Конституции страны. Основным законом государства принимался с учетом опыта разработки, утверждения и существования Декларации о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики (далее - Декларация о государственном суверенитете, Декларация). Историческая по своему значению Декларация о государственном суверенитете была принята Постановлением Верховного Совета Казахской ССР 25 октября 1990 года.

Преамбула Декларации о государственном суверенитете провозглашала государственный суверенитет Казахской Советской Социалистической Республики, а также указывала на волю народа Казахстана, стремление к созданию достойных и равных условий жизни для всех граждан Республики, признание Всеобщей декларации прав человека и право наций на свободное самоопределение.

Декларация впервые определяла принципы верховенства Конституции и законов Казахской ССР на её территории (пункт 8), исключительной собственности Казахской

ССР на всё национальное богатство, составляющее основу суверенитета (пункт 9).

Следует отметить, что в Декларации провозглашены атрибуты и признаки государства: территория, гражданство, самостоятельность государственной власти на территории республики, верховенство Конституции и законов, исключительная собственность Республики на землю и ее недра, воды, воздушное пространство, растительный и животный мир, другие природные ресурсы, культурные и исторические ценности народа, весь экономический, научно-технический потенциал - всё национальное богатство, имеющееся на её территории, право на собственные внутренние войска, органы государственной безопасности и внутренних дел, право самостоятельного субъекта международных отношений, герб, флаг и ГИМН.

Таким образом, Декларация о государственном суверенитете стала фундаментом для последующего конституционно-правового реформирования Казахской ССР и построения независимого государства Республики Казахстан.

Следующим актом государственного масштаба следует отметить Конституционный закон Республики Казахстан «О государственной независимости Республики Казахстан», принятый Верховным Советом Республики Казахстан 16 декабря 1991 года. В преамбуле Конституционного Закона Республики Казахстан провозглашалось, что Верховный Совет Республики Казахстан, выражая волю народа Казахстана, признавая приоритет прав и свобод личности, закрепленных во Всеобщей декларации прав человека, иных общепризнанных нормах международного права, подтверждая право казахской нации на самоопределение, исходя из решимости создания гражданского общества и правового государства, осуществляя миролюбивую внешнюю политику, заявляя о своей приверженности принципу нераспространения ядерного оружия и процессу разоружения, торжественно провозглашает государственную независимость Республики Казахстан.

Принятие Декларации о государственном суверенитете, затем Конституционного закона «О государственной независимости Республики Казахстан» заложило политико-правовые основания для разработки и принятия Конституции Республики Казахстан.

Первая Конституция Республики Казахстан принята 28 января 1993 года на девятой сессии Верховного Совета Республики Казахстан двенадцатого созыва.

В научной литературе отмечалось, что до принятия Конституции 1993 года звучали предложения принять временную конституцию. Приводились доводы о наличии переходного кризисного периода, сопряженного политическими и экономическими преобразованиями и отсутствием условий для тщательной разработки постоянной конституции.

Следует отметить, что Конституция 1993 года содержит в себе историческую и политико-правовую ценность, поскольку заложило основы конституционного развития государства. Впервые был заложен принцип прямого действия Конституции. Ранее конституции Казахской ССР закладывали принципы, основы правового регулирования, но они не применялись непосредственно государственными органами. Для такого применения требовалось принять соответствующие законы, другие нормативные правовые акты.

Действующая в настоящее время Конституция явилась второй в истории Республики Казахстан и принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года. Опыт функционирования Конституции 1993 года показал места напряжений, разрешение которых оттягивало внимание от насущных проблем в период становления независимого государства.

При разработке Конституции 1995 года использовался опыт развитых зарубежных стран, в частности, Франции. Так, в состав экспертно-консультативного совета при Президенте по проекту новой Конституции Республики Казахстан вошли зарубежные ученые: советник Государственного совета Франции Жак Аттали, председатель Конституционного Совета Франции Роллан Дюма, председатель Научного совета исследовательского центра Российской Федерации, член-корреспондент Российской академии наук С.С. Алексеев. В составе экспертно-консультативного совета над проектом Конституции работали отечественные ученые Ю.Г. Басин, В.А. Ким, К.А. Колпаков, А.К. Котов, Б.А. Мухамеджанов, Е.К. Нурпеисов, Г.С. Сапаргалиев, М.К. Сулейменов и Н.А. Шайкенов.

В преамбуле Конституции Республики Казахстан 1995 года провозглашается «Мы, народ Казахстана, объединенный общей исторической судьбой, созидая государственность на исконной казахской земле, сознавая себя миролюбивым гражданским обществом, приверженным идеалам свободы, равенства и согласия, желая занять достойное место в мировом сообществе, осознавая свою высокую ответственность перед нынешним и будущими поколениями, исходя из своего суверенного права, принимаем настоящую Конституцию». Данным актом выражается волеизъявление народа и демократические посылы принятия Основного закона государства.

В соответствии со статьей 1 Конституции, Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. основополагающими принципами деятельности Республики являются: общественное согласие и политическая стабильность, экономическое развитие на благо всего народа, казахстанский патриотизм, решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами, включая голосование на республиканском референдуме или в Парламенте.

Согласно пункту 2 статьи 4 Основного закона, Конституция имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики.

По справедливому мнению ученых, конституционное развитие Республики Казахстан корректируется соответственно потребностям общества и международным трендам с учетом политико-правовых, социально-экономических условий.

Следует привести справедливое мнение академика Г.С. Сапаргалиева: «И юридически, и фактически народ Казахстана, приняв на референдуме Конституцию Республики, выступил как учредитель государственной власти. Конституция закрепила демократические принципы организации и деятельности государства.».

Тем самым Конституция, принятая на референдуме и выражающая волю народа, выступает нормативным правовым актом, обосновывающим государственность и закладывающим основы государства.

В контексте развития и полноты изучения доктрины правовой природы Конституции, заслуживает внимания мнение академика О.Ш. Жалаири и профессора К.К. Айтхожина: «Важно отметить, что Конституция принята и действует не только ради оформления новой государственности, основанной на принципах демократии, сколько, прежде всего, для закрепления правового статуса человека и гражданина.».

Демократическое и цивилизованное развитие провозглашается в конституции – основном законе государства, которое служит ценностным и стержневым ориентиром для выработки правомерных решений во всех сферах государственной и общественной жизни, для дальнейшего развития отраслевого законодательства в соответствии с Конституцией. Правовые категории правосубъектности, собственности, конституционные права и обязанности гражданина и человека, взаимодействие органов государственной власти, основы функционирования общественных институтов заложены в Конституции и определяют концептуальные позиции в последующей законотворческой работе.

Как приводится в Послании Конституционного Совета Республики Казахстан «О состоянии конституционной законности в Республике Казахстан», представленном Парламенту Республики Казахстан 9 июня 2017 года, реализация положений и норм Конституции 1995 года, а также конституционных новелл 1998, 2007 и 2011 годов, значительно изменили облик общества и государства, подтвердили правильность последовательно проводимого конституционного строительства.

Понимая ограниченность объема возможной публикации, необходимо отразить основные черты конституционных новелл, состоявшихся реформ и изменений в Конституции Казахстана.

В 1998 году внесены поправки в 19 статей Основного закона, включающие вопросы развития механизмов разделения ветвей власти и последующего развития заложенного потенциала правового государства.

В 2007 году конституционные новшества внедрены в 40 статей Конституции и она дополнена статьей 94-1. Данной реформой предусмотрены конкретизированные подходы формирования и взаимодействия общественно-политических институтов. Изменения затронули понимание функций государства, взаимоотношения государственных органов и граждан, их объединений.

В 2011 году статья 41 Конституции дополнена пунктом 3-1, направленным на конституционное регулирование внеочередных выборов Президента Республики Казахстан. В 2017 году коррективке подверглись 25 статей Основного закона и посредством этого на конституционном уровне состоялось перераспределение полномочий между Главой государства, Парламентом и Правительством, уточнены нормы конституционного

контроля, деятельности судебных органов и органов прокуратуры, а также местного государственного управления и самоуправления.

В 2019 году внесены поправки о переименовании столицы Республики Казахстан.

В 2022 году дважды внесены поправки: в июне по результатам республиканского референдума и в сентябре, направленные на модернизацию институтов законодательной власти, избирательного процесса, закрепление принадлежности народу земли и ее недр, вод, растительного и животного мира, других природных ресурсов. Возобновлена деятельность Конституционного Суда, укреплены правозащитные институты. Также на конституционном уровне отменена смертная казнь, введено ограничение переизбрания более одного раза одного и того же лица на должность Президента Республики Казахстан.

Следует отметить, что Европейская комиссия за демократию через право Совета Европы (Венецианская комиссия) рассматривала поправки в Конституцию Республики Казахстан и на 110-й пленарной сессии представило положительное заключение по проекту закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан». Данная Комиссия указала ряд положительных конституционных новшеств, в частности, отметила, что усиление механизмов подотчетности и подконтрольности Правительства Парламенту является позитивным изменением, которое соответствует логике предыдущих конституционных реформ, проведенных в 1998 и 2007 годах.

Конституционные реформы и развитие правовой доктрины положительно сказалось на развитии всего законодательства и позволило выявить основные черты конституционализма в Казахстане. Идеи конституционализма широко представлены в зарубежной литературе и разработка научных идей конституционализма проявила особенности казахстанской модели конституционного развития и достижения проведенных реформ.

Конституционные положения проецируются на всем массиве законодательства, особенно явно это можно наблюдать в отраслевом законодательстве. При изменении общественных отношений в законотворческой деятельности коррекция норм отраслевого законодательства проводится в соответствии с конституционными нормами.

#### Результаты

Проведенный анализ Конституции, как основного акта государства, базиса конституционализации общественных отношений в истории независимого государства - Республики Казахстан, а также текущей ситуации в этой сфере позволяет сформулировать следующие выводы и предложения.

Изучение вопроса правовой природы конституции, своего рода правового явления, позволяет показать роль Конституции Казахстана 1995 года как акта волеизъявления народа и основу материального воплощения

идеи государственности Республики Казахстан. Конституция выступает основным законом государства, содержащим стержневые положения функционирования государственных органов, общественных институтов, международной правосубъектности государства, закрепления прав и свобод гражданина, человека.

Анализ опыта принятия Конституции, обращений к ней для разрешения стратегических задач и коррекции политико-правового поля показал особую важность Конституции, закладывающего гарантии и векторы демократического, правового развития.

Основной закон выполняет главенствующую роль в направлении развития отраслевого законодательства и конституционные нормы находят своё воплощение в других нормативных правовых актах с учетом происходящих изменений в общественных отношениях.

Рассматривая Конституцию в смысле юридической категории можем отметить её ключевое значение в формировании в Республике Казахстан конституционализма как явления в правовой доктрине и в законотворческой практике.

Заключение: Полагаем, что проведенное исследование будет полезно для изучения вопросов правовой природы Конституции Республики Казахстан, подходов конституционного развития и для развития идей конституционализма в нашей стране.

#### **Литература**

1. Сапаргалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 528 с.

2. Кубеев Е.К., Амандыкова С.К. Конституция Республики Казахстан: теоретико-правовой анализ. – Алматы: Білім, 2008. - 301 с.

3. Рогов И.И. Конституционные реформы в Казахстане и России: сравнительный анализ // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. 2021. №1. - [Электронный ресурс]. Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsionnye-reformy-v-kazahstane-i-rossiiravnitelnyu-analiz> Дата доступа: 17.11.2022 г.

4. Конституция Республики Казахстан. Научно-правовой комментарий / Под ред. Г. С. Сапаргалиева. Изд. 2-е, испр. и доп. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 584 с.

5. Копабаев О.К., Айтхожин К.К. О предмете конституционного права Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2008. №4 (12). - [Электронный ресурс]. Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-predmete-konstitutsionnogo-prava-respubliki-kazahstan> Дата доступа: 17.11.2022 г.

6. Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане. Монография. – Караганда: изд-во КарГУ, 2022. - 439 с.



## НЕКЕ ҰҒЫМЫ, ТҮРЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

*Абдукаримова Ж.С. З.ғ.к., аға оқытушы  
Абдрахманова М.Б. Магистр, аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

“Алғашқы жаратылыс жан-жануарларға көз тігіп олардың жұп-жұбымен жүргенін байқап, өзінің жалғыз екенін түсінді”. Бұл жаратылыс кітабындағы алғашқы адамның жанында өзі іспетті жұбының болғанын қалаған оқиға екенін барлығымыз жақсы білеміз. Кейіннен жаратушыдан өзіне көмекші сұрап алған адам, онымен алғашқы отбасын құрып, неке түсінігінің туындауына себепкер болды.

Бұл оқиғадан кейін көптеген ғасырлық уақыт тарих қойнауына қатталды. Дегенмен, ер мен әйел әлі күнге дейін одақ құрады және жалғыз жүруді қаламайды. Табиғатынан жанында көмекшінің болуын аңсайтын еркек және ер азаматқа тәуелді болып келетін әйел заты неке құруды өмірлік міндет ретінде түсінеді. Ғұмырымыздың мәні мен мағынасы отбасын құрып, перзент тәрбиелеп, ұрпақ қалдыру деп түсінетін адамдар да жетерлік. Сондықтан, шаңырақ көтеріп, отбасылық өмір кешудің бірден-бір жолы – ол заңды некеге тұру. Бірақ қазіргі қоғамда ер азамат пен әйел өз қарым-қатынастарын заңдастырмауды да шешіп жатады. Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңының бірінші тарауына жүгінетін болсақ, неке – отбасын құрудың негізі болып табылады делінген. Яғни, ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке қатынастарды туындататын мақсат заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Осы ретте отбасының ары қарай да заңдық және құқықтық негізде толыққанды одақ болу үшін мемлекеттік органдарда тіркелген некенің маңызы зор [1].

Алайда, қазақи салтпен немесе мешітте кесілген некені де отбасы деп түсінуге болады.

Өйткені, отбасылық қатынастардың болуы – перзенттің дүниеге келуі, ортақ туыстарға қамқорлық көрсетілген жағдайларда, Қазақстан заңы бойынша отбасы деп танылады. Дегенмен, мұндай заңсыз некелердің көптеген кемшін тұстары бар.

Біріншіден, дүниеге келген перзент некесіз туылған бала деп танылуы мүмкін.

Екіншіден, отбасылық қарым-қатынас ешқандай құқықтық нормаларға жауап бермейді. Заңсыз некеде тұрған отбасылар қандай да бір себептермен айырылысуды шешетін болса, ешбірінің құқығы заңдық тұрғыдан қорғалмауы мүмкін.

Қазіргі жастардың заңды некеде емес, әншейін ғана отбасылық өмір сүруі негізінен батыстық өмір салтына еліктеушілік. Мұндай қатынастар Қазақстан Республикасының құқықтық және заңдық тұрғысынан

айыпталмайтыны рас, бірақ оның салдары ерлі-зайыптылар арасында өнегелік нормалардың төмендігінде көрініс тапқан.

Мәселен, «Неке және отбасы туралы» заңның 1 тарауының 5-ші бабына сәйкес отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді деп нақты айтылған [2].

Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, ізгілік-өнегелік нормалары негізінде реттеледі. Бұл – өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық көрінісі. Әрине, жаратушының өзі сыйлаған отбасылық өмірді бақытты ете білу өз қолымызда екенін ұмытпаған жөн. Ал заң негізінде қиылған некелік отбасы екі есе жауапкершілікті арттыратыны хақ. Осыған байланысты заңдағы некенің құқықтық табиғатына тоқталып өтсем деймін.

Шығыс елдеріне тән түсінік бойынша әйелдің отбасындағы құқықтары ер азаматтан азырақ деп қарастырылады. Осы ретте заңның 6 тарауының 29 бабында «ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады» делінген. Демек, некеде ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тең, әйелдердің құқығын шектеуге заң жүзінде жол берілмейді. Бұл әйелдердің үй шаруашылығын жүргізумен айналысып қана қоймай, сондай-ақ ерімен бірге бизнеспен айналысуына, мансапқа талпынуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар заңды некеде тұрған ер азаматтың екінші әйел алуы, заңды жұбайының құқығын шектеу деп қарастырылған. Демек, Парламентте бірнеше рет талқыға салынған ер азаматтың екінші некеге тұруы заңның алғашқы бабына қайшы. Неке және отбасы туралы заңның 3-тарау 11 бабында қандай жағдайларда неке қиылмайтыны көрсетілген. Ең алғашқы себебі болып неке қиюға арыз берушілердің біреуінің басқа адаммен заңды некеде болуы деп айтылған.

Қазақстан азаматы тек бір ғана заңды некеге тұра алады, ал екінші рет отбасын құру үшін оған бірінші некенің заңды бұзылғаны жайлы мәліметті көрсету қажет болады. Бұл зайырлы қоғамның негізгі талаптары деп түсінген абзал. Дамыған мемлекеттердің неке қатынастарын реттейтін заңдарында көбіне әйел құқығын шектейтін жағдайларға жол берілмеген. Әрине, бұлай сөз еткеніміз әйелдің күйеуінің алдын орап, сыйламай қоюдың белгісі емес. Отбасы иесі болып ер азамат саналады және оның отағалық міндетін ешкім дауламайды.

Егер отбасының ортақ қазанына түсетін қаржының басым бөлігі әйелдің үлесі болса да, әйел ер адамның орнын иемдене алмайды. Сонымен қатар бақытты және ғұмырлы неке құру үшін неке жасына жетудің үлкен маңызы бар. Некеге тұрушылар белгілі бір рухани және күш-қуат кемелділігіне ие болуы керек, ол белгілі бір жаспен байланысты. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас. Бірақ дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендету де қарастырылған. Ол жеке куәлік алып, орта білім беретін мектеп қабырғасынан кеткенімен расталу керек. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата – аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

Жүктілік немесе баланың тууы, әскери қызметке шақырылуы, кәмелетке толмағандардың нақты отбасын құрудағы дәлелді себептердің қатарына жатады. Бірақ егер неке күш көрсету, алдау, қорқыту жолымен қиылған болса, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін [3].

Айта кететін тағы бір жайт, қазіргі кезде отбасын құруға талпынған жұп медициналық, сондай-ақ медициналық-генетикалық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультациялар алып, тексеруден өтулеріне де болады. Мұндай тексерулер некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана өткізілуі тиіс.

Некеге тұратын адамдарды тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін. Неке құруға ниеттенген жұп сонымен қатар, некелік шарт жасасуы да мүмкін. Некелік шарт – біздің тұрмысымызға салыстырмалы түрде жақында енген ұғым. Некелік шартты некені тіркегенге дейін, сондай-ақ некеде тұрған кез келген уақытта жасасуға болады. Бірақ некелік шарт жасасу – некені тіркеу үшін қажетті шарт болып табылмайтындығын атап өту керек.

Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы заңы 1998 жылы қабылданып, келесі уақыттарда оған бірнеше өзгерістер енгізілген болатын. Зайырлы қоғам мен жаңа өмірдің талаптарына сай, әрине барлық заңға толықтырулар мен түзетулер енгізілгені орынды. Бірақ, отбасындағы қатынастар заңдық емес, өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құрылса екен деп ойлаймыз. Өйткені, өздеріңіз байқап отырғандай, заң мінсіз, дегенмен ол отбасын заңдық тұрғыда қорғағанымен, бақытты ете алмайтыны сөзсіз.

Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі – зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет.

**Неке** - ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ[4].

Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады. Егер кәмелетке толған балалары ата – анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе – бұл да отбасы. Егер кәмелетке толған ағалары мен қарындастары ата – анасыз бірге тұрып, бір – біріне қамқорлық жасайтын болса – бұл да отбасы.

Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайын қатынастар **отбасылық қатынастар** деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, **адамгершілік, ізгілік**

- **өнегелік нормалары** негізінде реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық қолдаудың көрінісі. Отбасылық өмір қалыбы, көбінесе ұлттық дәстүрлер мен әдет – ғұрыптарға сүйенеді (үлкендерді қадірлеу, отбасын қамтамасыз ету оның басшысы ретінде толықтай ер адамға жүктеледі, туысқандарды қадірлеп, құрметтеу).

Некені заңды түрде рәсімдеу дегеніміз оны азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркеу болып табылады. Белгілі бір тәртіппен тіркелген некенің ғана құқықтық күші болады. Бұл ереже неке-отбасы заңдары негіздерінің бірі болып табылады.

Қазақстан аумағында қолданылып жүрген неке және отбасы туралы заңда некені міндетті түрде тіркеу барлық кезде талап етілмеді. Мұндай ереже 1926 жылға дейін болды да, кейін 1944 жылғы 8-шілдедегі КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығы болды. Бұл Жарлық бойынша іс жүзінде некеде болып, бірақ тіркелмеген адамдардың некесі мойындалмады. Ал, мұндай қатынастағыларға бірге тұрған кездерінің уақыты көрсетіле отырып АХАЖ органдарында тіркеу жолымен рәсімдеу құқығы берілді[5]. Кейін ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған, майданда хабарсыз кеткен жағдайларда аман қалғанының және балаларының мүддесі үшін іс жүзіндегі неке қатынастарын заңдастыру мүмкіндігі сот тәртібімен шешіліп отырады.

### ***Библиографиялық тізім***

1. ҚР Отбасы құқығы., Дайрабаева Г.М., Оқу құралы. Шымкент-2017ж.
2. Отбасылық міндеттемелер., Дайрабаева Г.М., Оқу құралы. Шымкент-2020ж.
3. Отбасы құқығы., Абилшеева Р.К., Шаяхметова Ж.Б., Өтебалиева Қ.Е. , Оқу құралы ., Алматы -2019 ж.
4. Дайрабаева Г.М. Отбасылық міндеттемелер. Оқу құралы. 2020 ж.
5. Мұқалдиева Г.Б. Қазақстан Республикасының отбасы құқығы. Оқу құралы Алматы Қазақ Университеті 2016ж.

ӘОЖ 336.717.061 (043.3)

## **МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ**

*Ескендерова Г.Т. Магистр, аға оқытушы  
Айдарбекова К.Ж. Магистр, аға оқытушы  
Шымкент университеті. Шымкент қ.*

Мемлекеттің шығу белгісіне оның өзі жатады:

- а) қоғамдық құбылыс;
- ә) саяси құбылыс;
- б) жүйе ретінде, яғни тұтастығы, өзінің бөліктері мен белгілі мақсатты шешуге бағытталған құрамдарының барлығы.

Тұтасымен мемлекеттің түсініктемелі сипатын екі бағытта өткізуге болады:

а) «жоғарыдан төмен» - мемлекеттің қоғамдық-ру құрылымындағы билік органдарынан өзгешелігі;

ә) «көлденең» - мемлекеттің қоғамдағы басқа саяси ұйымдардан өзгешелігі.

Алғашқы қауымдық қоғамнан билік органдарынан мемлекетті мыналар айырып тұрады:

-биліктің «көпшілік» белгісі. Жалпы көпшілік, яғни қоғамдық, әрбір билік болады, бірақ бұл кезде бұл атауға арнайы мән беріледі, нақтысында, мемлекет субъект ретінде билікті өз объектісінен (қоғамнан) жеке функцияларды алып жүруші, одан бөлінген (билік) «субъект - объект» принциптері негізінде ұйымдастырылған. Бұл кезде өзінің барлығын кәсіби мемлекеттік аппараттың барлығына байланысты көрінеді. Алғашқы қауымдық қоғамның билік органдары өзін-өзі басқару принципінде ұйымдастырылған және қоғамның өз ішінде тұрғандай көрінген, яғни субъектілер мен билік объектілері сәйкес келген (толығымен, не жекелеген). Ф. Энгельс айтқандай, ру старшинасы «қоғамның ішінде тұр», ал монархтар және басқа мемлекеттік қайраткерлер «еріксіз бірдененің сыртында және соның үстінде деп ойлауға тырысқан». Сонымен, мемлекеттің негізгі бір принциптеріне жататындар көпшілік биліктің аппараты болып табылады. Мемлекет осы белгісі жағынан көпшілік биліктің саяси ұйымы ретінде сипатталады:

-рулық қоғамда адамдар өздерін өздері басқарған. Қандық туысқандық белгілері арқылы біріккен. Мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамда тікелей басқарылады және әлеуметтік процестер ұйымдастырылады, ол белгілі (мемлекеттік) аумақтарда өтеді: адамдар мемлекеттік биліктің, тұтасымен белгілі аумақтарды басқаратын органдардың қарамағына түседі, себебі олар сол өз аумақтарында тұрады, яғни мемлекеттік билік аумақтық принцип негізінде ұйымдастырылады және осы мәнінде мемлекет - ел болып есептеледі.

-мемлекеттік қазына белгісінің болуына байланысты оларға қатысы бар құбылыс салық (көпшілік билікпен белгіленген тұрғындардан жиналатындар, ертеректе уақытына сай, белгіленген мөлшерде күшпен тұрғындардан жиналған), ішкі сыртқы заңдар, мемлекеттік несиелер, мемлекеттің қарыздары, яғни мұның барлығы мемлекеттің экономикалық қызметін сипаттайды және оның қызметтерін қамтамасыз етеді. Марксизм теориясында атап етілгендей, «салықта мемлекеттің өмір сүруінің экономикасы көрсетілген». Әдебиетте осы туралы мынандай пікірлерді кездестіруге болады, яғни салықтың қажеттігі сонда, «бірнеше салаға бөлінген мемлекеттік аппараты, материалдық игілікті өндіруге қатыспағандарды, көпшілік билікті асыруға» қажеттігі (профессор М.И.Байтин) [1]. Егер іс тек осылай болса, тұрғындардан салық жинау қажеттілік деп айтуға болады. Мұндағы негізгі назарды мынаған аударған

жөн, яғни салық жинау бұл мемлекеттік қазынаны толтыру мақсатында жүргізілетін маңызды жолдардың негізі, оның ішкі функциясын орындаудың экономикалық жағдайы. Сонымен бірге, мемлекеттік аппаратты асыру мемлекеттік шығынның бір бабына жатады.

Басқа саяси ұйымдардан мемлекетті айыратын, ең алдымен, оның егемендігі. Мемлекеттің егемендігі мына екі жақтың бірлігі болып есептеледі:

- а) мемлекеттің сыртқы тәуелсіздігі;
- ә) мемлекеттің ел ішіндегі үстемдігі;

Мемлекеттің сыртқы тәуелсіздігі басқа мемлекеттің егемендігімен тежеледі (бір адамның бостандығы екенші адамның бостандығымен тежелгендей).

Мемлекеттің егемендігінен (мемлекеттік биліктің үстемдігі) мемлекеттің басқа белгілері шығады, ол оның басқа саяси ұйымдардан бөлек екендігін көрсетеді:

- мемлекет өзінің билігін елдің мемлекеттік шекарасына сай барлық аумақтарға таратады;

- мемлекеттің тұрғындармен тұрақты заңды байланысы бар (қол астына қарайтындар мен азаматтар түрінде), оларға өзінің билігін жүргізеді және олардың ел ішінде және сырт жерде де қорғалуын қамтамасыз етеді;

- тек мемлекет қана жалпыға бірдей міндетті билік ұйымдарын (заңды нормаларды) шығара алады. Сонымен қатар, ол басқа қоғамдық биліктің, кез келген жұмысын мойындамай жоққа шығара алады;

- тек мемлекеттің ғана легалды күш қолдану монологиясымен тұрғындарға қатысты пайдалана алады (оның ішінде дене күшімен мәжбүрлеуге);

Keywords: economic security, economic stability, economic development, economy.

Экономическая безопасность государства – это такое состояние национального хозяйства, при котором оно способно обеспечивать поступательное развитие общества, его экономическую, социально-политическую стабильность, высокую обороноспособность в условиях воздействия неблагоприятных внешних и внутренних факторов, эффективное управление, защиту экономических интересов на национальном и международных уровнях. Экономическая безопасность является базовой составляющей национальной безопасности.

Для понимания сущности экономической безопасности важно также уяснить её связь с понятиями «развитие» и «устойчивость».

Развитие – один из компонентов экономической безопасности. Если экономика не развивается, то у государства резко сокращаются возможности сопротивления негативным внешним и внутренним факторам, а также военного характера.

Устойчивость – важнейшая характеристика экономики как единой системы. Она отражает прочность и надёжность её элементов, вертикальных, горизонтальных и других связей внутри системы, способность выдерживать внутренние и внешние нагрузки.

В том же случае, если экономическая система не способна к развитию, ее возможности к сопротивляемости, выживаемости и приспособлению к угрозам внешней и внутренней среды сокращаются. Именно поэтому развитие выступает неотъемлемым элементом обеспечения безопасности национальной экономики государства.

Вторым основополагающим компонентом экономической безопасности выступает устойчивость экономики. Свое проявление она находит в надежности и прочности ее элементов, а также характеризует способность к выдерживанию внешней и внутренней нагрузки.

Экономическая безопасность представляет собой совокупность факторов и условий, которые обеспечивают независимость экономических систем, их устойчивость и стабильность, а также способствуют их непрерывному совершенствованию и обновлению.

Экономическая безопасность государства в целом и ее регионов определяется уровнем развития производительных сил и состоянием социально-экономических отношений, развитием научно-технического прогресса (НТП) и использованием его достижений в народном хозяйстве, внешнеэкономическом обмене и международной обстановке.

Материальную основу экономической безопасности составляют:

- во-первых, развитие производительных сил, способных обеспечить расширенное воспроизводство. Здесь можно сказать, что основным критерием экономической безопасности выступает стабильный прирост производительности общественного труда, как правило, на уровне не менее 5%. Данный показатель определяется как отношение национального дохода к среднегодовой численности работников, которые заняты в сфере материального производства;

- во-вторых, материальную основу экономической безопасности составляют цивилизованный (высокий) уровень жизни граждан;

- в третьих, экономическая независимость государства;

- в четвертых, эффективное управление (в т.ч. государственное) на всех уровнях экономики.

К основным уровням экономической безопасности относится страна в целом, отдельно взятый регион, хозяйствующий субъект, гражданин или предприниматель.

Таким образом, экономическая безопасность имеет многоуровневый характер, однако на каждом из них она сохраняет свою важность.

Основополагающей целью экономической безопасности выступает обеспечение устойчивости экономического развития государства в интересах удовлетворения его экономических и социальных потребностей.

Сущность или содержание категории «экономическая безопасность» может быть рассмотрено с различных сторон:

- как состояние;

- как процесс;

- как система.

Экономическая безопасность как состояние – это функционирующий комплекс экономических, производственных и технологических факторов, позволяющий осуществлять воспроизводственный цикл.

Экономическая безопасность как процесс – это создание и упрочнение условий, обеспечивающих надежное функционирование национальной экономики в ходе её развития.

Экономическая безопасность как система включает в себя следующие структурные элементы:

- материальное обеспечение производства;
- состояние рабочей силы;
- размеры и прогрессивность основного производственного капитала (фондов);
- развитие сферы исследований, разработок и технологических нововведений,
- возможности сбыта продукции на внешнем и внутреннем рынках.

Экономическую безопасность необходимо рассматривать как взаимосвязанную систему её различных уровней:

1. международного;
2. национального;
3. уровня отдельно взятой хозяйственной структуры;
4. личности.

Под международной экономической безопасностью понимается состояние мировой экономики, при котором обеспечиваются взаимовыгодное сотрудничество сторон в решении национальных и интернациональных (глобальных) проблем хозяйствования, свободный выбор и осуществление ими своей стратегии социально-экономического развития и участия в международном разделении труда.

Экономическая безопасность страны (национальная) характеризует система показателей, включающая способность экономики страны функционировать в режиме расширенного воспроизводства, устойчивость финансовой системы, рациональную структуру внешней торговли, поддержание на требуемом уровне научного потенциала, сохранение единого экономического пространства и целостности российского рынка, создание экономических и правовых условий, исключающих криминализацию общества, обеспечение необходимого регулирования экономических процессов, обеспечение приемлемого уровня жизни населения.

Под экономической безопасностью предприятия (отдельно взятой хозяйственной структуры) понимается такое состояние, при котором обеспечивается эффективное использование имеющегося капитала, стабильность роста, высокое качество управления, постоянное обновление технологий и информационной базы.

Под экономической безопасностью личности понимается такое состояние жизнедеятельности человека, при котором обеспечиваются правовая и экономическая защита его жизненных интересов, соблюдение конституционных прав и обязанностей.

Изучение сущности экономической безопасности предполагает рассмотрение ключевых понятий.

Объекты экономической безопасности. Ими выступают как экономическая система в целом, так и её составляющие: природные богатства, производственные и непроизводственные фонды, недвижимость, финансовые ресурсы (а также финансовые экономические ресурсы), хозяйственные структуры, семья, отдельная личность и другие.

Субъекты экономической безопасности. Ими выступают: государство и его институты (министерства, ведомства, службы и др.), законодательные структуры, учреждения и ведомства как государственного, так и частного сектора экономики.

Казахстан успешно прошел процедуру Взаимной оценки на соответствие стандартам FATF (Группы разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег).

В ежегодном рейтинге Базельского института управления «Basel AML Index» (самый авторитетный источник в сфере противодействия отмыванию доходов и финансированию терроризма) наша страна улучшила свои позиции сразу на 27 пунктов, добившись наилучшего показателя с 2012 года.

Мы получили статус наблюдателя в Азиатско-Тихоокеанской группе по борьбе с отмыванием денег (региональная группа по типу ФАТФ), в которую входит 41 страна (США, Канада, Австралия, Япония и др.).

Обеспечено снижение уровня теневой экономики до 18,78% (при прогнозном значении 19,75%) к ВВП.

На сегодня удалось:

ликвидировать 36 финансовых пирамид, вернуть пострадавшим 4,6 млрд тенге, заблокировать свыше 7,7 тыс. сайтов и аккаунтов, рекламирующих их деятельность;

наладить практику блокирования финансовых операций наркодельцов, закрыть 924 банковских счета, которые использовались для отмывания наркодоходов;

совместно с БВУ и финансовыми регуляторами исключена возможность перечисления денег в адрес контор лицами моложе 21 года и тем самым заблокировать их участие в играх;

закрыть доступ к 4,2 тыс. подозрительным сайтам;

исключить 38 непродуктивных посредников из цепочки поставок и в 14 областях снизить цены на 14 товаров из социальной корзины;

приостановить подозрительные операции на 77 млрд тенге;

пресечь деятельность 27 теневых площадок по криминальному обналичиванию, ликвидировать 6 ОПГ;

предотвратить необоснованные расходы бюджетных средств на 14,4 млрд тенге;

обеспечить возмещение ущерба потерпевшим на 85 млрд тенге и возврат активов государству на 187 млрд тенге, вернуть в собственность государства АО «Инвестиционный фонд Казахстана» и Риддерскую ТЭЦ.

### **Список литературы:**

1. Экономическая безопасность и виды угроз экономической безопасности. Электронный портал: <https://doingbusiness.kz/news/46-fondovyy-rynok-i-tsennye-bumagi>
2. Экономическая безопасность. Электронный портал: <file:///D:/%D0%B7%D0%B0%D0%B3%D1%80%D1%83%D0%B7%D0%BA%D0%B8/367.pdf>
3. Совет безопасности. Электронный портал: [https://www.akorda.kz/ru/executive\\_office/executive\\_office\\_news/obespechenie-ekonomicheskoi-bezopasnosti-odin-iz-osnovnyh-prioritetov-raboty-apparata-soveta-bezopasnosti](https://www.akorda.kz/ru/executive_office/executive_office_news/obespechenie-ekonomicheskoi-bezopasnosti-odin-iz-osnovnyh-prioritetov-raboty-apparata-soveta-bezopasnosti)
4. Национальная безопасность. Электронный портал: [https://www.akorda.kz/ru/security\\_council/national\\_security/zakon-respubliki-kazahstan-o-nacionalnoy-bezopasnosti-respubliki-kazahstan](https://www.akorda.kz/ru/security_council/national_security/zakon-respubliki-kazahstan-o-nacionalnoy-bezopasnosti-respubliki-kazahstan)
5. Анализ и оценка угроз экономической безопасности РК в условиях интеграции в мировое сообщество. Электронный портал: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-i-otsenka-ugroz-ekonomicheskoy-bezopasnosti-rk-v-usloviyah-integratsii-v-mirovoe-soobschestvo>

## **IMPROVING THE WAYS OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF A CLUSTER OF GRAIN PRODUCTS IN KAZAKHSTAN**

*Рысбаева Саттигуль Клышбековна, магистр, аға оқытушы  
Иманбаев Алий Асанович, э.ғ.к., аға оқытушы  
Шымкент университеті*

Тәуелсіздігімізге 30 жылдан асқанымен, Қазақстан әліде шикізат өнімдерін шығарушы, дамушы аграрлық ел болып қалып отыр. Елімізде инфляция деңгейі жылдан жылға өсіп, 2022жыл 19% жетіп қалды. Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар

экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды. Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды, "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысымен пилоттық кластерлерді дамытудың негізгі бағыттары айқындалып бекітіліп жүзеге асырғанымен, қазіргі таңда Қазақстандық өндірістік кластерлер дамымай отыр.[2] Сондықтан, Жаңа Қазақстанды құру алғы шартында ҚР Президентіміз Қ.К.Тоқаев 2022-жылдың 1-қыркүйектегі Жолдауында атқарушы билік органдарын сынға алып, жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары ретінде: –жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру; - бәсекелестікті дамыту; - сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу бойынша кезек күттірмейтін мәселелерді шешу қажеттігін ескерді.[3]

Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Экономиканы дамытуға кластерлік тәсілдің маңызды артықшылығы - бұл саладағы еңбек өнімділігін арттырады және шығындарды азайтады. Сондықтан астық кластерін қалыптастыру мен дамытудың салдары интеграциялық байланыстарды қалыптастыру және мемлекеттік реттеуді жетілдіру негізінде ішкі өндірісті кеңейту және астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кластердің жұмыс істеу тиімділігін көбінесе мынандай факторлар анықтайды: ғылыми-техникалық базаның жақындығы; инновациялы-инфрақұрылымды дамыту; ресурстық базаның болуы; венчурлық капиталдың қолжетімділігі; жүйені ұйымдастырушылардың кәсіпкерлік қабілеттері; жоғары білікті кадрлардың болуы.

Кластерлік өндірістік кешен құрылымының пайдалылығы мен тиімділігі, шикізат өнімдерін өндіруден бастап, соңғы түпкі өнімге дейінгі өңдеуге арналған бағыттары, схемалық түзілістері мен кластерлік кешенді дамыту бағыттары отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде соңғы кездері көптеп жарияланып жатыр, себебі бұл біздің экономикамызда жүргізіліп жатырған жана өндірістік іс-шара болып табылады. Осы мәселелерді жетілдіру, аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттігін арттыру, адам ресурстарының маңыздылығы жайында келесі Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жарияланған: Кошанов А.К., Калиев Г.А., Алимбаев А.А., Соколенко С., Сабден О.С., Ниязбекова Р.К., Сагадиев К.А., Қалдыбаев О.Қ., Кенжегузин М.Б., Татибеков Б.Л., Берешев С.Х., Утаров А.К., Купешев А.Ш., Таласов М.Ж., Бишимбаев К.В., Ризаходжаев А.А. және т.б. Кластерлеуді экономикалық категория ретінде зерттеген ресейлік ғалымдардың: Третьяк В.П., Евсеенко А.В., Зверев В.С., Огрызько К.В., Иванов В.В., Плетнев К.К. және Цыганов С.А. еңбектерін атап өтуге болады. Ал аймақтық кластердің негізін қалаған шетелдік ғалымдардың: А. Маршал, Е.Дахмен, Л.Г.Мэтсонның және кластер кешенін басқару жүйесіне толық талдау жүргізген М.Портердің еңбектерін алға қойсақ болады.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кластерлерді қалыптастыру арқылы аймақ экономикасын дамыту мен оның бәсекеге қабілеттігін арттыру мәселелері жан-жақты зерттелген. Алайда, астық кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарында ғылыми әлеует пен интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорлары арасында байланыстарды нығайту жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін көрсетеді. Астық кластерін қалыптастыру және дамыту мәселелерін өңдеуде адам капиталының ролі кластердің дүниежүзі бәсекеге қабілеттігін арттырудың ең негізгі факторы болғандықтан, оларды дамытуға кластер пайдасынан қаржы бөлуді ғылыми тұрғыдан негіздеу, зерттеудің мақсаты мен мәселелерін туындатты.

Зерттеудің мақсаты – әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдірудің теориялық, әдістемелік негіздерін жасау және оларды енгізуге тәжірибелік ұсыныстар беру.

«Кластер» түсінігін басқада көптеген зерттеушілер қолданғаны кездеседі, олар әрқилы салалар арасындағы технологиялық байланыс орнату мәселелерін зерттеу жүргізгенде қолданған, себебі ең соңғы өнім өндіруде кластерге әр түрлі саладағы өндірушілер араласқандығы белгілі. Бірқатар француз зерттеушілері технологиялық байланыс орнатқан секторлар туыстарын түсіндіруде «фильер» терминін енгізген. Оның маңыздылығы, бір сектордың технологиялық қуаттылығы басқа секторларға тәуелді екендігін білдіреді.

«Кластер» ұғымының саналуандығы ірі швед корпорациясының қызметін талдау жөніндегі басылымдарда да орын алады. Яғни Е.Дахмен «блоктық дамыту» жөнінде және бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына байланысты екендігін көрсетеді [4. 8-бет].

Л.Г.Мэтсон еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формаларына көңіл аударады.[5. 38-бет]

Ерекше назарды М.Портер кластер ішіндегі кәсіпорындардың байланыстарына аударады. Мұнда тікелей зерттеу объектісі ретінде – аймақтар мен елдер арасындағы бәсекелестік байланыстарын алған. Компанияның бәсекеге қабілеттілік деңгейі, бәсекедегі артықшылығы компанияның ішінде емес, ал оның жабдықтаушылары, әріптестері, еншілес кәсіпорындары арасында да болатындығын көрсетеді.[6. 495-бет]

Біздің зерттеуіміз бойынша, аймақтардың бәсекелестік артықшылықтары сонымен қатар, жалпы экономикалық даму көрсеткіштерімен ғана емес, ал бір-бірімен байланысты сала топтарының бәсекелік артықшылықтарына да байланысты болады. «Бір бәсекеге қабілетті сала, бір-бірімен тығыз қарым қатынас жасау барысында басқа саланың бәсекеге қабілеттігін арттырады. Мұндай салалар жиі сатыпалушыларға тәуелді болғандықтан, олар тарапынан тауар мен қызметтерге талаптардың қойылуына да байланысты болады. Елде мұндай талаптардың болуы, сала-жабдықтаушыларының бәсекеге қабілеттігінің жоғарылауын анықтаушы қажетті факторға айналады.

Аймақ экономикасын дамытуда кластерлік бағытты қолдану жөнінен ғылыми басылымдар көздеріне шолу жүргізілгенде, ғылыми әдебиеттерде Қазақстан экономикасын дамытуда кластер түсінігі экономикалық категория есебінде және басқару объектісі ретінде жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін көрсетеді. Алғашқы кластер түсініктері шетелдік әдебиеттерде ғана кездеседі. Бұл саладағы зерттеу жұмыстарына Альфред Маршаллдың шығармасы, инновация және оны өдіріске ендіру туралы әдебиеттерде француз ғалымдары Е.Дахменнің бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына әсер ететіндігін көрсететін және Л.Г.Мэтсонның еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формада болатындығын көрсететін еңбектері жатады. Мемлекет немесе аястықғы кластерлік дамудың әр деңгейлі байланыстары және бәсекелестіктері жайында толық талдауды М.Портер жасады. Ол кластерді «географиялық көршілес байланыстағы компаниялар мен қарым-қатынас жасаушы ұжымдардың, жалпы қоғамдық істегі бірін-бірі толықтырушы сипатындағы анықталған саладағы қызмет көрсетуші топтар» ретінде деп анықтайды.[4,5,6,7]

Аймақтар тарапынан кластерлік даму технологияларын қолдану кәсіпорындар, мемлекет және білім беру ұйымдары ара қатынастарының тиімді жүргізу механизмі тетіктерін құруға бағытталуы мүмкін. Жұмыс нәтижесі аймақтық билік және басқару органдарына, ғылыми және білім беру ұйымдарына, сондай-ақ және аймақ кластеріне қатысуына мүмкін басқа да қатысушыларға бағытталады. Жұмыстың басты бағыты – еліміздің солтүстік өңірінде аймақтық экономиканы дамытудың инновациялық бағыты ретінде кластерлік кешендерді қалыптастыруды жетілдіру, жаһандану жағдайында әлемдік нарықта оның бәсекеге қабілеттігін арттыруға әсер етуші инновациялық факторларды дамыту, инвестициялық тартымдылықты және



тұрғын халықты еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету үшін, аймақтық экономиканы кластерлеу қажеттілігін дәлелдеу. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирма-аралық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту, кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аймастық көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аймастық бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Жаһандану нарығы жағдайында жоғары тиімділікке ие аймақтың экономикалық стратегиясын өңдеу, бар кезде жұмысшыларды оқыту және оларды дайындау, ғылыми және технологиялық мүмкіндіктерін жоғарылату, халықаралық нарықта даму және сол аймақтың экономикалық көтерілуін қамтамасыз етіп отырады.

Біз зерттеу жұмысымызда, аймақтық кластерлеу процесін, технологиясын жинақтаған және өзінің даму бағыттарында негізгі концепцияларын өңдеп жатырған қазіргі таңдағы кластерлеудің экономикалық даму бағыттарын үлкен төрт топқа бөлуге болады:

- Салалық аудандар кластерлеу бағыты. Салалық аудандар кластерлеу бағыты сала кәсіпорындарының айнала шоғырланып орналасу, өз-ара инновациялық дамуға алып келетін бір-біріне сенімділік орнату және «өндірістік мамандану» құру арқылы өркендеуге негізделген.

- М.Портер кластерлеу бағыты. Бұл кластерлеу бағыты айнала шоғырлана орналасуда күшті территориялық жақындықты орнату (әр түрлі қорларды қабылдаудың ең жақын жолдары, жергілікті бірлесіп жұмыс

жүргізу және жергілікті тұтынушылар арқылы даму) сияқты сипаттамасына ие.

- «Солтүстік» кластерлеу бағыты. Бұл кластерлеу бағыты білімнің құндылығына негізделген, кластерлердің негізгі сипаттамаларына инновациялық оқыту және жергілікті жерлерде қалыптаспаған білімдер құндылықтарын ықшамдау, одан әрі жетілдіру процестерін қамтиды.

Біздің зерттеу бағытымызда осы мектептің мақсаты мен маңыздылығы кластердің дамуында ең басты ролді атқаратындығын көрсетеміз. Ғылыми еңбекті ұйымдастыру теориясымен жетекшілік ету - бәсекелестік маңызында, мамандар деңгейіндегі қалыптасқан жалпы білімділіктің айырмашылықтары мен адам капиталының іскерлік сипатына ие.

- «Калифорниялық» кластерлеу бағыты. Бұл үлгідегі кластерлеу бағыты тік интеграциялды, тасымалдау шығындары азайту, мамандандырылған жергілікті еңбек нарықтарын біріктіру, территориялық шарттар, қалыптаспаған білімдер мен әдет-ғұрыптарды азайту сипаттамаларына ие.

Бұл жұмыста, аймақтық экономиканы кластерлеу әдістемесінің негізін қарастыруда барлық кластерлердің әртүрлілігіне қарамастан олардың *жалпы сипаттамалары мен қатар ерекше сипаттамаларын* атап көрсетуге болады (*Қосымша 1*). Бұл сипаттамалар авторлардың зерттеуі бойынша кластердің бәсекеге қабілетті болуына әсер етуші факторларына байланысты іріктеледі. Кластер кешендерінің тарихи қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу арқылы: олардың шекаралық сипаттамаларға, технологиялық парктер мен зерттеу институттарына тәуелділігі, кластердің әртүрлі кәсіпорындары әрқилы тұтынуға ие екендігі, кластердің өмір циклі әртүрлі және әр аястықғы кластерге әр түрлі факторлар әсер ететіндігі сипатталды. Бұл кластерлердің ерекше сипаттамаларынан жалпы барлық кластерлерді бәсекеге қабілетті дамуына әкелетін жалпы сипаттамаларын негіздеу құралды. Бұл сипаттамалардың барлығынан кластердің дамуы жаңа технологиялық, ғылыми-инновациялық құрылымдар, соның ішінде интеллектуалды адам ресурстарын нығайтушы, шоғырландырушы аймақтың ғылыми әлеуетіне байланысты екендігі анықталады.

Жоғарыда көрсетілген сипаттамалардан аймақтық экономиканы кластерлеудің екі базалық негізін қалыптастырумен қатар, және де кластерлер типологиясын анықтау әдістерін де айқындайды. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирма-аралық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту,

кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аймастық көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аймастықғы бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Ғылыми еңбекті ұйымдастыру теориясымен жетекшілік ету кезінде бәсекелестік маңызында, мамандар деңгейіндегі қалыптасқан жалпы білімділіктің айырмашылықтары мен адам капиталының іскерлік сипатына ие екендігі берілген. Қазіргі таңда қалыптасқан білімнің жоғары деңгейлілігі әлемнің барлық түпкірінде орын алып отырғандығын байқаймыз. Қалыптасқан білімнің өрісі, жинақылығы өсуде. Сонымен қатар, теорияшылардың бір қатары елдің және аймақтардың бәсекеге қабілеттігін арттыруда құндылыққа және тапшылыққа ие қалыптаспаған білімнің де қажеттігі үлкен орын алады деп көрсетеді. Яғни кластерлік кешеннің әлемдік бәсекеге қабілетті болуы интеллектуалды адам факторларын ұйымдастыру мен жетілдіруге байланысты болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. ҚазАқпарат: Қазақстанда ұн бағасы 8 пайызға қымбаттады. <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2022/05/26/213197/>

2. "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысы;

3. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2022 <https://exk.kz/kk/news/140682/kasym-zhomart-tokaievtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauynyn-tolyk-mtini-zhariialandy>

4. Dahmen, Erik. Entrepreneurial Activity and the Development of Swedish Industry, 1939, 8-бет.

5. Mattson, Lars Gunnar. "Management of Strategic Change in a 'Markets-as-Nerworks' Prespektive." In The Management of Strategic Change, edited by Andrew M. Pettigrew. Oxford, New York: Basil Blackwell, 1987, 38-бет.

6. М. Портер Конкуренция. – Издательский дом «Вильямс», 2001.–495 бет.

## КӘСІПОРЫНДАҒЫ БЮДЖЕТТЕУ МЕН ЖОСПАРЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

*А.А.Садықбекова э.э.к.  
А.А.Турсунбеков магистрант  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Нарықтық экономикаға көшу ұйымдар мен кәсіпорындарға құрылымдық, мүліктік және құқықтық өзгерістер енгізді, бұл даму бағдарламаларының жаңа бағыттарын талап етеді, бұл тұтастай алғанда ұйымның және жеке бөлімдердің қызметін басқаруды ұйымдастырудың жаңа арнайы әдістерін ұсынады, бұл өндірістік және өндірістік емес шығындарды ғылыми негізделген бюджеттеу арқылы шығындарды тиімді бақылауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

«Бюджеттеу» терминіне экономикалық әдебиетте әртүрлі түсіндірулер беріледі. «Бюджеттеу-бұл ұйымның қаржылық жоспарлауы» және «бюджеттеу - бұл жоспарлаудың интегралды процесі» Стоянов В.К. өз жұмысында былай деп жазады: «Бюджеттеу – бұл белгілі бір кезеңге және капиталға кірістер мен шығыстарды сипаттайтын жоспардың сандық көрінісі, ол жоспарда белгіленген мақсаттарға жету үшін тартылуы керек» [1].

Біздің ойымызша, бюджеттеудің ең үлкен тұжырымдамасы ұйымның тікелей бюджетін құруда емес, бюджеттік басқаруда және бюджеттеу ережелерін белгілеуде жатыр. Бюджетті қарауға байланысты бюджеттеу-бұл процесс. Ал бюджет-бұл басқарылатын объект туралы мәліметтер негізінде басқару шешімдерін қабылдау үшін шұғыл және орта мерзімді шаралардың жоспары. Жұмыстың негізгі бағыты кәсіпорын қызметін жедел жоспарлауды, сондай-ақ жоспарлау және басқару әдістемесінің басқа да жаңа жүйесін ұсынуға бағытталған. Сондықтан, ыңғайлылық үшін жұмыста «бюджетті жоспарлаудың жедел және ағымдағы жүйелерін дайындау» термині қолданылатынын атап өтеміз.

Бюджеттеудің негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

1. Мерзімді жоспарлауды жүзеге асыру;
2. Үйлестіруді, кооперацияны, коммуникацияны қамтамасыз ету;
3. Менеджерлерге олардың жоспарларын сандық негіздеу талабы;
4. Шығындар туралы хабардар болуды қамтамасыз ету;
5. Орындауды бағалау және бақылау жүйесін құру;
6. Ұйымның мақсатына жетуге бағдарлау арқылы қызметкерлерді ынталандыру;
7. Заңдар мен шарттардың талаптарын орындау.

Жалпы бюджеттеу ұйымның жоспарлау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, оның жалпы көрсеткіштері жоспарлау жүйесінде көрінеді.

Кәсіпорындарда бюджеттеу жүйесін жетілдіру еңбекті көп қажет ететін процесс болып табылады. Қажетті ақпаратты алу айтарлықтай шығындарды

талап етеді, сондықтан осы мәселелерді шешу экономикалық тиімділікке және бюджеттің үйлесімді жүйесін құруға ықпал етеді.


Мақсаттарға қол жеткізу жоспары, оның мүмкіндіктері мен жолдары бухгалтерлік есептің нақты көрсеткіштері мен мүмкіндіктерінің деңгейін көрсетеді. Осыдан шығатын - жоспарлау мен бюджеттеуді «жүйе» ретінде қабылдау керек. Кез-келген ұйымда бюджеттеуді жүзеге асыру үшін қаржылық көрсеткіштен тұрады: ақшаны бюджеттеу, пайда мен шығындар бюджеті, сондай-ақ болжамды баланстарды құру. Бұл көрсеткіштер барлық бизнес-процестерді жүзеге асыру кезінде қажет. Жоспарлау жүйесін құру үшін әр операция есептілікте көрініс табуы керек, сонымен қатар бұл көрсеткіштер қайдан пайда болғанын жүйелі түрде көрсетуі керек.

Бюджеттеуді реформалаудың маңызды құрамдас бөлігі ұйымдық технологияны іске асыру, бюджеттеу мен басқару есебін кешенді қамтамасыз ету жүйесін құру және оны іс жүзінде іске асыру болып табылады.

Ұйымның басқару есебі жүйесінде бюджеттеуді толығымен енгізу іс жүзінде ұйымды қайта құруға және бірыңғай құрылымдық бірлік ретінде басқару есебі мен бюджеттеу жүйесін құруға ұйымның келесі шараларын жүзеге асыруды талап етеді. Негізгі мақсатқа сүйене отырып, міндеттерді түзетуді жүзеге асыру керек, сонымен қатар әр орындаушыға қаржылық мақсаттар жеткізу керек, сонымен қатар бизнес-процестерді шешу қажет.

Әр түрлі бөлімшелердің қызметін қайталауды ескере отырып, ұйымның нақты құрылымдық бөлімшелерін құру қажет, сонымен қатар әр бөлімшенің және қызметкерлердің мақсаттары мен міндеттерін анықтап, олардың қызметін орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша анықтау керек, басқаша айтқанда «жауапкершілік орталықтары» үшін басқару құрылымын құру керек.

Бюджеттік жоспарлаудың схемалық моделінен көріп отырғанымыздай, ұйымның «өндірістік бағдарламасы» орындауға басшылық жасаудың негізгі және негізгі құжаты болып табылады. Ол директордың бұйрығымен бекітіледі, содан кейін ол өзінің функционалдық міндеттеріне сүйене отырып, барлық бөлімшелерді орындау үшін міндетті болып табылады. Кәсіпорындардың орта деңгейіне арналған бюджеттік жоспарлау моделі 1-суретте көрсетілген.



1 сурет - Кәсіпорындардың орта деңгейіне арналған бюджеттік жоспарлау моделі

\* Ескерту-автор жасаған

Оларды жүзеге асыру әр қызметкердің өз міндеттерін тиімді орындауға деген ұмтылысына байланысты. Оны жүзеге асыруда ұйымда және жаңадан құрылған бөлімшеде үнемі дұрыс қолдау көрсетілетін, дамыған, енгізілген және ынталандыру жүйесі үлкен рөл атқарады. Әрбір қызметкерді ынталандыру әдістерінің бірі оның жеке басының маңыздылығын ақпараттық қолдау болып табылады, бұл сөзсіз ұйымның қаржылық дамуына әсер етеді.

Бюджеттеу және басқару есебінің мақсатын түсіну үшін қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру керек. Маңызды мәселелердің бірі - қорытынды жоспарлау, есепке алу және бақылау жұмыстарын жүргізуге арналған жаңадан құрылған бөлімшенің тәуелсіздігін қамтамасыз ету, ол үшін ұйымды басқару құрылымындағы олардың мәртебесін қатаң анықтау қажет.

Басқарушылық есепке алу және бюджеттеу жүйесін қайта құрылымдау бойынша біз белгілеген талаптарды ескере отырып, іске асыру үшін қажетті іс-шаралар тізбесін ұсынамыз:

1. Ұйымның бизнес-процестерінің схемасын бекіту;

2. Бизнес процесін ескере отырып, қажетті функциялардың тізімін жасау және осы функцияларды орындау үшін ұйымдық құрылымдар жасау;

3. Әрбір құрылымдық бірлік, яғни жауапкершілік орталықтары тиісті мәртебені, құқықтары мен міндеттерін бекіту.

Қазіргі уақытта компьютерлік технологияны қолдану жоспарланған көрсеткіштердің өзара байланысын кесте түрінде екі жақты жазу арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, екі жақты жазбаны қолдану әр операцияны өзара байланысты екі шотта автоматты түрде көрсетуді қамтамасыз етеді.

Екі жақты жазу принципін қолдану келесі артықшылықтарды береді:

- Ақпараттық технологияның даму деңгейіне тәуелділік төмендейді, ақпараттық жүйеде жоспарланған көрсеткіштер арасында байланыс орнатуға болады;

- Жүйелі түрде жоспарлы көрсеткіштер туралы ақпарат алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

- Қорытынды жоспарлы көрсеткіштерді құрастыру кезінде қателер деңгейі төмендейді, себебі ескерілмеген ақпарат алынып тасталады, сондай-ақ жоспар көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс күшейтіледі;

- Жоспарлау техникасы жеңілдетіледі, сонымен қатар жоспарлау кезінде ағымдағы шығындар азаяды;

- Жоспарлау туралы ақпарат дерек қорда сақталады және оны кез-келген уақытта талдау мен бақылау үшін қажетті көлемде алуға болады [2].

Жоспарлау кезінде тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін жоспарлау мен есепке алу арасындағы интеграцияның максималды деңгейін қамтамасыз ету қажет. Екі жақты жазбаның негізгі мәні - әрбір негізгі операцияның өзара байланысын анықтауды жетілдіреді, яғни қаражат пен олардың көздерін бірдей мөлшерде жылжытып отыруға мүмкіндік береді. Бұл айқындық бизнеске ұйымның шаруашылық қызметін нақты басқаруға көмектеседі.

### **Библиографиялық тізім**

1. Стоянов К.В., Штарк М. Г. Практиктерге арналған қаржылық менеджмент – М.: баспа перспективасы 2011. – 244 бет.

2. Басовский Л.Е. Нарықтағы болжау және жоспарлау: оқу құралы / Л. Е. Басовский. -М.: ИНФРА-М. - 2012. – 258 бет.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Ескендерова Г.Т. магистр, аға оқытушы*

*Айтқұл С.А. магистр, аға оқытушы*

*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Бүгінгі таңдағы жаһандану дәуірінде мемлекеттің саяси жүйесінің жетілдірілуінде құқықтық дамуының ең негізгі алғышарттарының бірі ресми биліктің мемлекеттің мәселелерін шешуде қандай әдістер мен тәсілдер қолдануымен тығыз байланысты. Бұл мәселеге қатысты мысалдарды көршілес ТМД елдеріндегі және Еуропаның ішкі қақтығыстарды шешудегі билік ұйымдарының іс-әрекеттерінен көре аламыз. Саяси режим әр мемлекеттегі белгілі тарихи кезеңде өмір сүрген, саяси райды сипаттайды. Саяси режимнің мән-мағынасын толық айқындау үшін, оның белгілеріне тоқталып өтейік:

- саяси өкіметті ұйымдастыру тетігіндегі халықтың қатынасу деңгейі және сондай ұйымдасудың жолдары;

- мемлекеттің құқығы мен адам бостандығының және азаматтық құқықтардың арақатынасы;

- жеке адамның бостандығының кепілі;

- қоғамдағы билікті іске асыру тетігінің шынайы сипаты;

- халықтың саяси билікті іске асыру деңгейі;

- ақпарат құралдарының жағдайы, қоғамдағы ашықтық деңгейі мен мемлекеттік аппараттың ашықтығы,

- мемлекеттік емес құрылымдардың қоғамының саяси жүйесіндегі орны және ролі;

- заң шығару мен атқару биліктерінің арақатынастары.

Саяси режим-мемлекетте билік жүргізудің арнайы тәсілдері. Қазақстандағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуы мәселесінің өзекті екендігін ескеріп, біз мақалада саяси-құқықтық режимнің қалыптасуына өте терең ықпал жасайтын саяси факторларының дамуының тарихи-құқықтық қырларын зерделедік.

Елімізде құқықтық мемлекеттің қағидаттарын одан әрі бекіту үрдісінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғарғы ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындауы маңызды.

Мемлекетімізде қалыптасқан саяси-құқықтық режимді дамыту мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіліп, саяси шешімдер қабылданып отырады. Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 17 тамызда «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот



жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының шығуы еліміздегі саяси-құқықтық жүйеге қатысты реформалардың қажеттілігін және өзектілігін көрсетеді [1].

Сонымен қатар мемлекетіміздің саяси-құқықтық оқиғаларына мемлекет басшысының жүйелі түрде талдау жасап, баға беріп отыруының нақты көрінісі.

Ендеше еліміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосқан жиында Елбасының мемлекеттілікке қатысты: «Бұл – Қазақ елінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп: Кеше кім едік? Бүгін кімбіз? Ертең кім боламыз? деген төңіректе ойлансын деген сөз. Бұл әрбір азамат туған елінің, туған халқының тағдыры ешкімдікінен де олқы еместігін түсінсін деген сөз. Бұл әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз» деп саяси-құқықтық тұрғыда тереңінен толғауы жалпы жұртшылыққа ой салумен қатар, қоғамдық ғылым салаларына, әсіресе мемлекет және құқық тарихын зерттеушілерге зор міндеттердің жүктеліп отырғандығын көрсетті.

Құқықтық мемлекетті модернизациялауда ұлттық заңгерлердің мұрасы өткен мен болашақтың рухани көпірі. Олардың тұлғалық мұратын ақиқаттың бағалаудың өзі, саяси-құқықтық болжам жасауға жарайтын білімі мол үрдіс. Әсіресе елдің әр түрлі саяси-құқықтық режимдер аясындағы қажеттіліктеріне бағыт бағдар жеткізіп отыратын саяси зиялылардың ұлағаты.

Демек, біздің де бұл мақаламыздағы мәселелер Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық режимінің қалыптасуына ықпал еткен ұлт зиялыларының қызметі, демократиялық бағыттағы модернизациялық саяси ойлар мен құқықтық көзқарастардың қалыптасып дамуы, мәні, қоғамымызды ілгерлетудің рөлі мен ерекшеліктері, яғни, оған ат салысқан саяси күштер мен ағымдар, көрнекті саяси қайраткерлерінің жанкешті қызметінің айтылмай, зерттелмей келген олқылығын, саяси-құқықтық талдай отырып толтыру қажеттігінен туындап отыр.

Осы орайда біз мақаламызда Қазақстандағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуына ықпал ететін үрдістерді зерделеп, талдауға ұмтылыс жасадық. Қазақстан мемлекетінің жүйелік басқаруын модернизациялау билік органдары мен басқаруды халыққа жақындатудың қамтамасыз етілуіне негізделген. Бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген «биліктің бірден-бір қайнар көзі - халық» туралы ережесін толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан азаматтарына тікелей немесе билік органдары арқылы өз еркін білдіру құқығы берілген. Сондықтан Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық жүйесін реформа жасау арқылы модернизациялау басты бағыты болып табылады [2].

Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына, оның саяси-құқықтық қырларының негізделуінде көп еңбек еткен, өткен ғасырдың басында шыққан зиялылардың қоғамды саяси-құқықтық модернизациялау іс-әрекеті

халыққа танылды: олар бүгінгі құқықтық саясатпен сабақтас, жалпыұлттық мүдделерге қызмет етуге бет бұрып, қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыстың бастауында тұрды. Бұл сол кезеңдегі саяси-құқықтық режимінің талаптарына балама ұсыныстар жасаған, қазақтың жаңадан қалыптаса бастаған аз ғана тұңғыш заңгерлерінің жаңа сапалы легі жалпыұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты. Модернизация мақсаты modernity, немесе қазіргі уақыт жағдайы ретінде танылатын белгілі бір жетістікке жету. Бұл жағдайдың дамыған үлгісі ретінде нарық пен азаматтық қоғам қағидаларына негізделген әлемдік экономика танылады. Модернизация мен жаһандану үрдістерін байланыстырса, онда қарым-қатынастардың капиталистік жүйесі тек модернизациялық қана емес, сонымен бірге жаһандану үрдістердің де негізінде жатқаны анықталады. Олардың бірі саяси-құқықтық жүйені саясат негізінде жатқан идеялар жиынтығы деп дәлелдесе, екіншілері оны өзара қарым қатынас жүйесі деп есептейді.

Қазақстандағы саяси-құқықтың режимді оңтайлы түрде жетілдіруге қатысты принциптердің негізгі бағыты Қазақстан Республикасының 2010 жылыдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында да атап көрсетілген: «Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін дамыту тиімді де жинақы мемлекеттік аппарат құруға жаңа басқару технологияларын енгізуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге бағытталған әкімшілік реформаны құқықтық қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Ал бұл құқықтың әкімшілік тәрізді саласын реттеу аясы, оның маңызды міндеті биліктің барлық деңгейінде мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету» [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында, таяудағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген даму жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз ететін болады. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының шешуші бағыттарын табысты іске асыру үшін тиімді мемлекеттік аппарат қажет. Осыған байланысты мемлекеттік секторды реформалаудың басым бағыттары анықталған. Тиімділік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарымен әкімшілік реформаларды тереңдету көзделеді [4].

Елді индустриалды әлемге бейімдеу мемлекет басшысының «Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында», «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауларына байланысты саяси шешімдер қабылдануда.

Президент Н.Ә. Назарбаев ұстанған саяси стратегиялық бағыттың дұрыстығының арқасында Қазақстанда саяси-құқықтық жүйенің модернизациялық даму жолына түсіп, дүниежүзілік қауымдастыққа танылып отыр. Енді әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 мемлекетінің қатарына қосылу мақсаты осы заманға сай қоғам өмірін жетілдіруді, демократияны одан әрі дамытуды талап етеді.

Қазақстандағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуында саяси-құқықтық ойдың қоғамды модернизациялаудағы рөлі саяси тәжірибесі биліктің жергілікті органдарының дамыған институттары билік құрылымдары болғанымен азаматтық қоғамның маңызды элементі болып табылатыны туралы мәлім етеді [5]. Батыс Еуропаның барлық елдеріндегі мемлекеттік биліктің жергілікті өкілді органдары қоғамдық басқарудың, қоғамды демократияландырудың аса маңызды құрылымдық бөлігі ретінде қаралады. Орталықтан автономияның маңызды дәрежесі бар биліктің өкілді органдарының болуы, мемлекеттік биліктің нақты фрагментациясына әсер етеді, биліктерді бөлу қағидасының тәжірибеде жүзеге асырылуы, қоғамдағы плюрализмнің бейнесі болып табылады. Қазіргі Қазақстан үшін азаматтық қоғам мен жергілікті басқарудың саласындағы бай және терең салт-дәстүрлері бар дамыған елдердің тәжірибесін ажырағысыз және жауапты бөлігі ретінде зерделеу мен тиімді пайдалану ең өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуына қатысты мәселелер әлі де болса толыққанды зерттеуді қажет етеді.

#### ***Библиографиялық тізім***

1. 2010 жылғы 17 тамыздағы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы // Егемен Қазақстан. 2010жыл, 18 тамыз. 7 б.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Астана: 2008.6 б.

3 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009жыл, 28 тамыз. 4 б.

4 Онжылдықта ойдағымыз орындалады. Астана 29 қаңтар 2010 ж.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2010. - 2 ақпан. 2 б.

5 Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Алматы. Заң әдебиеті. 2002. 69 б.

## САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢҒЫРТУ МАҚСАТТАРЫ

*Ескендерова Г.Т. магистр, аға оқытушы*  
*Алимқұлова Ж.М. магистр, аға оқытушы*  
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Жалпы анықтама бойынша, жаңғырту дегеніміз дәстүрлі қоғамнан (аграрлық, патриархалды мәдениеттен және қатаң бекітілген әлеуметтік иерархиядан) ірі машиналық өндіріс пен заңдарға тіренген қоғамдық үдерістерді оңтайлы басқаруға негізделген индустриалды қоғамға көшу үдерісі болып табылады. Әдетте бұл жағдайда қоғамның индустриалдық батыс моделімен жанасатын дамушы елдер кіреді. Теорияда жаңғырту түсінігімен индустрияландыру, секуляризациялау, урбанизациялау, жалпыға ортақ білім беру жүйесінің құрылуы, өкілеттілік саяси үкімет, кеңістіктік және әлеуметтік мобильділікті күшейту және т.б. «дәстүрлі жабық қоғамға» қарсы «қазіргі заманғы ашық қоғамды» қалыптастыруға тартатын үдерістер жиынтығы анықталады.

Қазіргі заманда көптеген елдер қоғамның көшу проблемасын саяси қарапайымнан саяси өмірдің күрделірек ұйымының формаларына көшу арқылы шешеді. Саяси ғылымда саяси жүйенің бір түрінен басқа түріне көшу «саяси даму» немесе «саяси жаңғырту» терминдерімен анықталады.

Саяси жаңғырту саяси өзгерістердің (қазіргі заманға икемдеу) белгілі бір бағыттылығын белгілейді. Саяси жаңғырту мақсаттарының арасында бірінші қатарға үкіметті рационализациялау тапсырмасы яғни бүкіл ұлттық мемлекет шеңберінде заңның ұлықтылығы қағидатының орындалуын қамтамасыз ету.

Саяси жаңғырту үрдісі саяси институттардың сапалы өзгертілудің жүйелілігі мен ақырындап іске асуымен, оның атқарымымен сипатталады. Ал бастысы – мақсатқа бағытталған басқарылатын үрдіс, оның мазмұны саяси тәртіптердің, саяси мінез-құлықтың үлгілерін, идеологиялық құндылықтардың қандай да бір нормаларын, бағдарлау және саяси тілді құрайтын өзгерулерді құрайды [1].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан экономикалық байланысын көптеген дамыған және дамушы елдермен жақсартуға, бұрынғы серіктестермен қарым-қатынасты қайта жөндеуге, интеграция жолында дүниежүзілік нарыққа жылжуға мүмкіндік берді. Сыртқы экономикалық қызметтің либерализациялануы осы салада мемлекеттік монополияны жойды, кәсіпорындарға, фирмаларға және жеке тұлғаларға шетелдік серіктестермен байланыс орнатуға мүмкіндік берді, осы қызмет саласында бәсекелестік негіздер енгізді. Тәуелсіздікті жариялау салдарынан жаңа саяси

институттарды, саяси партияларды, қоғамдық-саяси қозғалыстарды құруды және дамытуды қалыптастыру болды.

Қазақстанда өткізіліп жатқан саяси реформалар, ең басынан саяси жүйені жалпы жетілдіруге, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, мемлекеттің іс-әрекетке қабілеттілігін нығайтуға, экономикалық құрылымдардың либерализациялауын және рационализациялауын қамтамасыз етуге, негізгі бостандықтарды сақтаған кезде әлеуметтік және саяси тәртіпті қорғауға, үкімет органдарының көлденең есеп беру міндеттілігін жетілдіруге, сыбайлас жемқорлықты болдыртпауға бағытталғанын атап өткен жөн.

Қазақстандағы саяси реформалар барысында елдің партиялық жүйесін дамытуға бағдар мен күшті ынталандырмақ болған президенттік институтының жаңғыртушылық сипаты пайда болды, сондай-ақ демократизациялау үрдістерінің қайтымсыздығында сенімділік реформалардың реттілік курстарымен кепіл беріліп, қоғамдық сана-сезімнің құндылықты бағдарларында трансформацияға маңызды түбірлі өзгерістерді қамтамасыз етті.

Демократияландыруға бағытталған, Егемен Қазақстанның саяси жүйесін жаңғырту мемлекеттік биліктің үш тармаққа: заң шығарушы, атқарушы және соттық болып бөлінуі кезіндегі бірлігін сақтап қалды, «ұстанымдар» мен «қарама-қайшылықтар» жүйесін қалыптастырды, мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігіне қажет құқықтық негіздемелер жасады. Бұл Қазақстанда құқықтық мемлекеттің қалыптасуы үшін қажет маңызды шартқа айналды.

Құқықтық мемлекет идеясының негізінде азаматтарды билік тарапынан болатын үстемдік пен озбырлықтан қорғауға ұмтылу, жеке бас еркіндігін, негізгі тұлғалық құқықтарды, дәлірек айтқанда, өмір сүру, қауіпсіздік, меншік құқықтарын қамтамасыз ету жатыр. Бұл, біріншіден, мемлекет пен қоғамды бөлу жағдайында, ал екіншіден, мемлекеттің қызмет аясын құқықпен, бірінші кезекте, халық пен үкімет арасындағы қарым-қатынасты реттейтін негізгі заң – конституциямен шектеу кезінде мүмкін. Осылайша, құқықтық мемлекет – құқық басым болатын, заң үстем болатын, адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігі мойындалатын демократиялық мемлекет.

ҚР Конституциясында былай жазылған: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Бұл сөзбен мемлекет құқықтық мемлекет идеалы жолын ұстайтындығы жайлы және оның негізгі принциптерін жүзеге асыруға ұмтылуы жайлы мәлімдейді [2].

Құқықтық мемлекеттің жалпыға танылған принциптері мыналар: халық егемендігі, Конституцияның ұлықтылығы, барлығының заң алдында тең болуы, мемлекеттік және жеке бас мүддесінің теңдігі, адам мен азамат құқығы мен еркіндігінің тұрақтығы. Құқықтық мемлекеттегі жоғары билік

органдарының қызметі оны заң, атқарушы және сот деп бөлу принципінің негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік және жеке бас мүддесінің теңдігі принципін жүзеге асыру мемлекеттік және жеке меншікті қорғау кезіндегі теңдікті мойындау формасына ие болады (ҚР Конституциясының 6-бабы): «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және ортақ қорғалады».

Адам мен азамат құқығы мен еркіндігінің тұрақтығы принципі 12-бапта: «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» және ҚР Конституциясының 39-бабында: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» көрініс тапқан.

Яғни, Қазақстан Республикасының Конституциясында құқықтық мемлекетке тән негізгі принциптер көрініс тапты, бұл Қазақстанның шынайы құрылуға деген ұмтылысын дәлелдейді. Бұл үшін республикада объективті алғышарттар қажетінше қалыптасқан, олар мемлекет басшылығының, бірінші кезекте, оның Президентінің, яғни, Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық қоғамды әрі қарай демократияландыру мен саяси жаңғыртудағы саяси еркіндігінің болуымен толықтырылады.

Бүгінгі күні Қазақстан елде қоғамның объективті қажеттіліктерінен және жаңа жалпықазақстандық құндылықтар жүйесінің қалыптасуынан туындаған мемлекеттік, экономикалық және саяси салалардағы түбегейлі өзгерістер нәтижесінде болған демократиялық, құқықтық мемлекетті бекітудің жаңартылған жолымен нық әрі сенімді келе жатыр. Бұл ретте заманауи қоғамға өтуге бағытталған барлық жаңғырту үрдістерінің эволюциялық тұрғыда өтетіндігі Қазақстан Республикасының артықшылығы болып табылады. Сонымен бірге, біздің елдегі жаңғыртудың практикалық тәжірибесінің өзі басқа жолды емес, осындай даму жолын таңдауды көздейді. Егемендікті алған күннен бүгінгі күнге дейінгі барлық реформалардың бейбіт және жүйелі түрде жүзеге асырылғандығын айта кеткен жөн. Әр реформа Қазақстанның стратегиялық дамуының басты мақсаты – демократияға көшуге кезең-кезеңмен қол жеткізуге бағытталды.

Қазақстан Республикасының өзгешелігі қазіргі заманғы қоғамға өтуге бағытталған жетілдірілген процестер қоғам тұрақтылығы мен жасалған түрлендірулер реттілігін қамтамасыз ететін эволюциялық жолмен орын алып жатқанындығында екенін атап өту керек. Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан Халқына «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында атап өткендей, барлық қабылданған шешімдердің нақ сындарлылығы мен эволюциялылығы «Қазақстан — 2050» Стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін ең маңызды принциптерінің бірі болып табылады [3].

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамның объективтік қажеттіліктері мен жалпы қазақстандық құндылықтардың жаңа жүйесінің қалыптасуынан туындаған елдің мемлекеттік, экономикалық және саяси құрылымындағын түбегейлі өзгерістер мен шартталған демократиялық, құқықтық мемлекеттің нығаюының жаңғыртылған жолы бойынша нық жүріп келеді

### ***Библиографиялық тізім***

1. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Алматы. Заң әдебиеті. 2002. 53 б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Астана: Елорда, 1995. 5 б.
3. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы. 6 б.

УДК 330.342

## **ҚАЗАҚСТАНДА АСТЫҚ ӨНІМДЕРІ КЛАСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*магистр, аға оқытушы Рысбаева С.К.,*

*э.ғ.к., аға оқытушы Иманбаев А.А.*

*Шымкент университеті. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы*  
[satti\\_01\\_64@mail.ru](mailto:satti_01_64@mail.ru), [ali\\_askar78@mail.ru](mailto:ali_askar78@mail.ru)

**Аннотация.** Тәуелсіздігімізге 30 жылдан асқанымен, Қазақстан әліде шикізат өнімдерін шығарушы, дамушы аграрлық ел болып қалып отыр. Елімізде инфляция деңгейі жылдан жылға өсіп, 2022 жыл 19% жетіп қалды. Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, екіншіше орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды. Бұл мәселелер Қазақстанда

астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Кілтті сөздер: экономика, өндірістік кластер, астық нарығы, мемлекеттік реттеу, баға белгілеу.

**Резюме:** Несмотря на более чем 30 лет независимости, Казахстан по-прежнему остается развивающейся аграрной страной, производящей сырьевую продукцию. Уровень инфляции в стране растет из года в год, достигнув почти 19% в 2022 году. Сами зерновые продукты, которые мы производим, продаются дорого. Данные вопросы свидетельствуют о необходимости совершенствования путей формирования и развития зернового кластера в Казахстане. В свою очередь, эффективная организация зернового кластера и тщательное размещение производственно-торговых отношений способствуют стабилизации цен на зерновые культуры.

Ключевые слова: экономика, кластерное производство, рынок зерновой продукции, государственное регулирование, ценообразование.

**Summary:** Despite more than 30 years of independence, Kazakhstan is still a developing agricultural country producing raw materials. The inflation rate in the country has increased from year to year, reaching 19% in 2022. The grain products that we produce are produced and sold expensively. These issues indicate the need to improve the ways of formation and development of the grain cluster in Kazakhstan, in turn, the effective organization of the grain cluster and careful placement of production and trade relations contribute to the stabilization of prices for grain crops.

Keywords: economy, cluster production, grain products market, state regulation, pricing, supply and demand.

Талдау мәліметтері. Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды, "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633



қаулысымен пилоттық кластерлерді дамытудың негізгі бағыттары айқындалып бекітіліп жүзеге асырғанымен, қазіргі таңда Қазақстандық өндірістік кластерлер дамымай отыр.[2] Сондықтан, Жаңа Қазақстанды құру алғы шартында ҚР Президентіміз Қ.К.Тоқаев 2022-жылдың 1-қыркүйектегі Жолдауында атқарушы билік органдарын сынға алып, жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары ретінде: –жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру; - бәсекелестікті дамыту; - сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу бойынша кезек күттірмейтін мәселелерді шешу қажеттігін ескерді.[3]

Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Экономиканы дамытуға кластерлік тәсілдің маңызды артықшылығы - бұл саладағы еңбек өнімділігін арттырады және шығындарды азайтады. Сондықтан астық кластерін қалыптастыру мен дамытудың салдары интеграциялық байланыстарды қалыптастыру және мемлекеттік реттеуді жетілдіру негізінде ішкі өндірісті кеңейту және астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кластердің жұмыс істеу тиімділігін көбінесе мынандай факторлар анықтайды: ғылыми-техникалық базаның жақындығы; инновациялы-инфрақұрылымды дамыту; ресурстық базаның болуы; венчурлық капиталдың қолжетімділігі; жүйені ұйымдастырушылардың кәсіпкерлік қабілеттері; жоғары білікті кадрлардың болуы.

Зерттелу деңгейі. Кластерлік өндірістік кешен құрылымының пайдалылығы мен тиімділігі, шикізат өнімдерін өндіруден бастап, соңғы түпкі өнімге дейінгі өңдеуге арналған бағыттары, схемалық түзілістері мен кластерлік кешенді дамыту бағыттары отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде соңғы кездері көптеп жарияланып жатыр, себебі бұл біздің экономикамызда жүргізіліп жатырған жаңа өндірістік іс-шара болып табылады. Осы мәселелерді жетілдіру, аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттігін арттыру, адам ресурстарының маңыздылығы жайында келесі Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жарияланған: Кошанов А.К., Калиев Г.А., Алимбаев А.А., Соколенко С., Сабден О.С., Ниязбекова Р.К., Сагадиев К.А., Қалдыбаев О.Қ., Кенжегузин М.Б., Татибеков Б.Л., Берешев С.Х., Утаров А.К., Купешев А.Ш., Таласов М.Ж., Бишимбаев К.В., Ризаходжаев А.А. және т.б. Кластерлеуді экономикалық категория ретінде зерттеген ресейлік ғалымдардың: Третьяк В.П., Евсеенко А.В., Зверев В.С., Огрызко К.В., Иванов В.В., Плетнев К.К. және Цыганов С.А. еңбектерін атап өтуге болады. Ал аймақтық кластердің негізін қалаған шетелдік ғалымдардың: А. Маршал, Е.Дахмен, Л.Г.Мэтсонның және кластер кешенін басқару жүйесіне толық талдау жүргізген М.Портердің еңбектерін алға қойсақ болады.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кластерлерді қалыптастыру арқылы аймақ экономикасын дамыту мен оның бәсекеге қабілеттігін арттыру мәселелері жан-жақты зерттелген. Алайда, астық кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарында ғылыми әлеует пен интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорлары арасында байланыстарды нығайту жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін көрсетеді. Астық кластерін қалыптастыру және дамыту мәселелерін өңдеуде адам капиталының ролі кластердің дүниежүзі бәсекеге қабілеттігін арттырудың ең негізгі факторы болғандықтан, оларды дамытуға кластер пайдасынан қаржы бөлуді ғылыми тұрғыдан негіздеу, зерттеудің мақсаты мен мәселелерін туындатты.

Зерттеудің мақсаты – әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдірудің теориялық, әдістемелік негіздерін жасау және оларды енгізуге тәжірибелік ұсыныстар беру.

«Кластер» түсінігін басқада көптеген зерттеушілер қолданғаны кездеседі, олар әрқилы салалар арасындағы технологиялық байланыс орнату мәселелерін зерттеу жүргізгенде қолданған, себебі ең соңғы өнім өндіруде кластерге әр түрлі саладағы өндірушілер араласқандығы белгілі. Бірқатар француз зерттеушілері технологиялық байланыс орнатқан секторлар туыстарын түсіндіруде «фильер» терминін енгізген. Оның маңыздылығы, бір сектордың технологиялық қуаттылығы басқа секторларға тәуелді екендігін білдіреді.

«Кластер» ұғымының саналуандығы ірі швед корпорациясының қызметін талдау жөніндегі басылымдарда да орын алады. Яғни Е.Дахмен «блоктық дамыту» жөнінде және бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына байланысты екендігін көрсетеді [4. 8-бет].

Л.Г.Мэтсон еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формаларына көңіл аударады.[5. 38-бет]

Ерекше назарды М.Портер кластер ішіндегі кәсіпорындардың байланыстарына аударады. Мұнда тікелей зерттеу объектісі ретінде – аймақтар мен елдер арасындағы бәсекелестік байланыстарын алған. Компанияның бәсекеге қабілеттілік деңгейі, бәсекедегі артықшылығы компанияның ішінде емес, ал оның жабдықтаушылары, әріптестері, еншілес кәсіпорындары арасында да болатындығын көрсетеді.[6. 495-бет]

Біздің зерттеуіміз бойынша, аймақтардың бәсекелестік артықшылықтары сонымен қатар, жалпы экономикалық даму көрсеткіштерімен ғана емес, ал бір-бірімен байланысты сала топтарының бәсекелік артықшылықтарына да байланысты болады. «Бір бәсекеге қабілетті сала, бір-бірімен тығыз қарым қатынас жасау барысында басқа саланың бәсекеге қабілеттігін арттырады. Мұндай салалар жиі сатыпалушыларға тәуелді болғандықтан, олар тарапынан тауар мен қызметтерге талаптардың қойылуына да байланысты болады. Елде мұндай талаптардың болуы, сала-жабдықтаушыларының бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауын анықтаушы қажетті факторға айналады.

Ғылыми жаңашылдығы. Аймақ экономикасын дамытуда кластерлік бағытты қолдану жөнінен ғылыми басылымдар көздеріне шолу жүргізілгенде, ғылыми әдебиеттерде Қазақстан экономикасын дамытуда кластер түсінігі экономикалық категория есебінде және басқару объектісі ретінде жеткілікті дәрежеде зерттел-мегендігін көрсетеді. Алғашқы кластер түсініктері шетелдік әдебиеттерде ғана кездеседі. Бұл саладағы зерттеу жұмыстарына Альфред Маршаллдың шығармасы, инновация және оны өдіріске ендіру туралы әдебиеттерде француз ғалымдары Е.Дахменнің бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына әсер ететіндігін көрсететін және Л.Г.Мэтсонның еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формада болатындығын көрсететін еңбектері жатады. Мемлекет немесе аястықғы кластерлік дамудың әр деңгейлі байланыстары және бәсекелестіктері жайында толық талдауды М.Портер жасады. Ол кластерді «географиялық көршілес байланыстағы компаниялар мен қарым-қатынас жасаушы ұжымдардың, жалпы қоғамдық істегі бірін-бірі толықтырушы сипатындағы анықталған саладағы қызмет көрсетуші топтар» ретінде деп анықтайды.[4,5,6,7]

Аймақтар тарапынан кластерлік даму технологияларын қолдану кәсіпорындар, мемлекет және білім беру ұйымдары ара қатынастарының тиімді жүргізу механизмі тетіктерін құруға бағытталуы мүмкін. Жұмыс нәтижесі аймақтық билік және басқару органдарына, ғылыми және білім беру ұйымдарына, сондай-ақ және аймақ кластеріне қатысуына мүмкін басқа да қатысушыларға бағытталады. Жұмыстың басты бағыты – еліміздің солтүстік өңірінде аймақтық экономиканы дамытудың инновациялық бағыты ретінде кластерлік кешендерді қалыптастыруды жетілдіру, жаһандану жағдайында әлемдік нарықта оның бәсекеге қабілеттігін арттыруға әсер етуші инновациялық факторларды дамыту, инвестициялық тартымдылықты және тұрғын халықты еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету үшін, аймақтық экономиканы кластерлеу қажеттілігін дәлелдеу. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирма-аралық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту, кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар

мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аймастық көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аймастық бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Жаһандану нарығы жағдайында жоғары тиімділікке ие аймақтың экономикалық стратегиясын өңдеу, бар кезде жұмысшыларды оқыту және оларды дайындау, ғылыми және технологиялық мүмкіндіктерін жоғарылату, халықаралық нарықта даму және сол аймақтың экономикалық көтерілуін қамтамасыз етіп отырады.

Біз зерттеу жұмысымызда, аймақтық кластерлеу процесін, технологиясын жинақтаған және өзінің даму бағыттарында негізгі концепцияларын өңдеп жатырған қазіргі таңдағы кластерлеудің экономикалық даму бағыттарын үлкен төрт топқа бөлуге болады:

Салалық аудандар кластерлеу бағыты. Салалық аудандар кластерлеу бағыты сала кәсіпорындарының айнала шоғырланып орналасу, өз-ара инновациялық дамуға алып келетін бір-біріне сенімділік орнату және «өндірістік мамандану» құру арқылы өркендеуге негізделген.

М.Портер кластерлеу бағыты. Бұл кластерлеу бағыты айнала шоғырлана орналасуда күшті территориялық жақындықты орнату (әр түрлі қорларды қабылдаудың ең жақын жолдары, жергілікті бірлесіп жұмыс жүргізу және жергілікті тұтынушылар арқылы даму) сияқты сипаттамасына ие.

«Солтүстік» кластерлеу бағыты. Бұл кластерлеу бағыты білімнің құндылығына негізделген, кластерлердің негізгі сипаттамаларына инновациялық оқыту және жергілікті жерлерде қалыптаспаған білімдер құндылықтарын ықшамдау, одан әрі жетілдіру процестерін қамтиды.

Біздің зерттеу бағытымызда осы мектептің мақсаты мен маңыздылығы кластердің дамуында ең басты ролді атқаратындығын көрсетеміз. Ғылыми еңбекті ұйымдастыру теориясымен жетекшілік ету - бәсекелестік маңызында, мамандар деңгейіндегі қалыптасқан жалпы білімділіктің айырмашылықтары мен адам капиталының іскерлік сипатына ие.

- «Калифорниялық» кластерлеу бағыты. Бұл үлгідегі кластерлеу бағыты тік интеграциялды, тасымалдау шығындары азайту, мамандандырылған жергілікті еңбек нарықтарын біріктіру, территориялық шарттар, қалыптаспаған білімдер мен әдет-ғұрыптарды азайту сипаттамаларына ие.

Бұл жұмыста, аймақтық экономиканы кластерлеу әдістемесінің негізін қарастыруда барлық кластерлердің әртүрлілігіне қарамастан олардың жалпы сипаттамалары мен қатар ерекше сипаттамаларын атап көрсетуге болады (Қосымша 1). Бұл сипаттамалар авторлардың зерттеуі бойынша кластердің бәсекеге қабілетті болуына әсер етуші факторларына байланысты іріктеледі. Кластер кешендерінің тарихи қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу арқылы: олардың шекаралық сипаттамаларға, технологиялық парктер мен зерттеу институттарына тәуелділігі, кластердің әртүрлі кәсіпорындары әрқилы тұтынуға ие екендігі, кластердің өмір циклі әртүрлі және әр аястықғы кластерге әр түрлі факторлар әсер ететіндігі сипатталды. Бұл кластерлердің ерекше сипаттамаларынан жалпы барлық кластерлерді бәсекеге қабілетті дамуына әкелетін жалпы сипаттамаларын негіздеу құралды. Бұл сипаттамалардың барлығынан кластердің дамуы жаңа технологиялық, ғылыми-инновациялық құрылымдар, соның ішінде интеллектуалды адам ресурстарын нығайтушы, шоғырландырушы аймақтың ғылыми әлеуетіне байланысты екендігі анықталады.

Жоғарыда көрсетілген сипаттамалардан аймақтық экономиканы кластерлеудің екі базалық негізін қалыптастырумен қатар, және де кластерлер типологиясын анықтау әдістерін де айқындайды. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирмаларлық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту, кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аястық көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аястықғы бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Ғылыми еңбекті ұйымдастыру теориясымен жетекшілік ету кезінде бәсекелестік маңызында, мамандар деңгейіндегі қалыптасқан жалпы білімділіктің айырмашылықтары мен адам капиталының іскерлік сипатына ие екендігі берілген. Қазіргі таңда қалыптасқан білімнің жоғары деңгейлілігі әлемнің барлық түпкірінде орын алып отырғандығын байқаймыз. Қалыптасқан білімнің өрісі, жинақылығы өсуде. Сонымен қатар, теорияшылардың бір қатары елдің және аймақтардың бәсекеге қабілеттігін арттыруда құндылыққа және тапшылыққа ие қалыптаспаған білімнің де қажеттігі үлкен орын алады деп көрсетеді. Яғни кластерлік кешеннің әлемдік бәсекеге қабілетті болуы интеллектуалды адам факторларын ұйымдастыру мен жетілдіруге байланысты болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚазАқпарат: Қазақстанда ұн бағасы 8 пайызға қымбаттады. <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2022/05/26/213197/>
2. "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысы;
3. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2022 <https://exk.kz/kk/news/140682/kasym-zhomart-tokaievtyn-kazakstan-khalkyna-zholdaunyn-tolyk-mtini-zhariialandy>
4. Dahmen, Erik. Entrepreneurial Activity and the Development of Swedish Industry, 1939, 8-бет.
5. Mattson, Lars Gunnar. "Management of Strategic Change in a 'Markets-as-Nerworks' Prespektive." In The Management of Strategic Change, edited by Andrew M. Pettigrew. Oxford, New York: Basil Blackwell, 1987, 38-бет.
6. М. Портер Конкуренция.-Издательский дом«Вильямс»,2001-495 бет.

## **МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТІЛҮГЕ ЖАТАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ТЕРРОРИЗМ АКТІЛЕРІНІҢ АЛДЫН-АЛУ БАҒЫТТАРЫ**

*Алиев Асылбек Қайдарұлы полиция полковнигі  
Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышұлы оқу орталығы  
(Шымкент қ.)*

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған» Құқықтық саясат тұжырымдамасы елдің 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындады [1, б.1]. Осының негізінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін барлық нормативтік құқықтық

актілерді қазіргі заман талабына сәйкестендіру, қылмыстық іс жүргізу барысында дәлелдемелерді алу, бекіту және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіретін жүйені қалыптастыру керек еді.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасымжомарт-Кемелұлы Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйекте «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан Республикасының халқына жасаған жолдауында адам мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне тағы да тоқталып өтті [2, б.5]. Одан кейінгі Үкіметке берген тапсырмаларында нақты айтқан болатын. Сонымен қатар, Ішкі істер министрі де бірнеше рет бізге осы бағытта жұмысты жүзеге асыруды талап етіп отыр.

Әрине, экстремизм және терроризм - біздің заманымыздың адамдарының қауіпсіздігіне төнетін басты қауіптердің бірі. Соңғы жылдары аталған іс-әрекеттер өзінің қатыгездігін дәлелдеді. Терроризм актілерінің нәтижесінде кінәсіз адамдар, балалар, әйелдер, қарттар зардап шегуде. **Аталған құқық бұзушылық түрі кез-келген жерде және кез мемлекетте орын алып отыр. Террористік қауіп - бұл күнделікті шындық, онымен күресуге әрқашан әзір болу керек.** Бүгінге дейін экстремизм және терроризмге күрес және алдын-алу бағытында Қазақстан Республикасында көптеген жұмыстар атқарылды және аталған қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес өз жалғасын табуы тиіс.

Экстремизмнің бір мақсаты – Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыру болып табылады [3, б.1]. Ал, терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы [4, б.1]. Яғни, аталған әрекеттердің мақсаты ұқсас болып келеді.

Адамдар көп жиналатын объектілер және күзетілетін объектілер терроризм актілерінің негізгі нысандары болып табылады.

«Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы N 85 Заңына сай мемлекеттік күзетілуге жататын объектілер негізгі қорғалатын объектілердің бірі. **Оған: аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілер; стратегиялық маңызы бар және**

**жарғылық капиталында акцияларының бақылау пакетін (қатысу үлестерін) мемлекет тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі экономика салаларының объектілері жатқызылады [5, б.1]. Аталған объектілер террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылады. Террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризм актілерін жасаудың қаупі жоғары, ауыр зардаптарға әкеледі және үлкен қоғамдық резонанс тудырады.**

Аса маңызды мемлекеттік объектілерге тұтастығының бұзылуы мемлекет қауіпсіздігіне, оған жүктелген функцияларды нақты іске асыруға теріс әсер етуі, экономикаға елеулі зиян келтіруі, мемлекетаралық қарым-қатынастарды қиындатуы мүмкін, сондай-ақ мемлекет пен қоғам үшін аса маңызы бар объектілер жатады.

Оларға: Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Әскери сотының, облыстық және оларға теңестірілген соттардың, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің, Құқық қорғау органдары академиясының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратураларының әкімшілік ғимараттары мен объектілері; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілері, оның филиалдары мен қоймалары; Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктер, шетелдік консулдық мекемелер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері кіреді.

Стратегиялық объектілерге Қазақстандық қоғамының орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, зиян келтіру Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне теріс әсер етуі, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін нысандар жатқызылады. Олар: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ішкі істер органдарының бөлімшелерімен бірлесіп күзететін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша бекітетін тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының объектілері, сондай-ақ маңызды мемлекеттік мәні бар объектілер; Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскерлердің және әскери құралымдардың әскери бөлімдері; мемлекеттік материалдық резервтері бар объектілер – жанар-жағар май материалдарын сақтау қоймалары, азық-түлік және киім-кешек қоймалары; аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық, химиялық, есірткі құралдарын және прекурсорларды әзірлеу, өндіру, сынақтан өткізу, зерттеу және сақтау жөніндегі мемлекеттік ұйымдардың және мекемелердің объектілері; ғарыш инфрақұрылымы объектілері; атом энергиясын пайдалану



объектілері, оның ішінде радиоактивті қалдықтары бар аумақтар; тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері, оның ішінде: жылумен жабдықтау саласында жылу электр орталықтары (50 Гкал жоғары); ауыз сумен жабдықтау саласында су жинақтау құрылыстары.

Экономиканың стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакетін (қатысу үлесін) мемлекет тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі салаларының объектілеріне жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, қызметінде төтенше жағдайлардың туындау тәуекелі жоғары ірі салық төлеушілерге жатқызылған Қазақстан Республикасының объектілері кіреді. Олар: су шаруашылығы объектілері - гидротехникалық құрылыстар: гидротораптар, шлюздер, бөгеттер; су ресурстарын басқару үшін пайдаланылатын су қоймалары; республикалық маңызы бар байланыс, теле және радиохабарларын тарату объектілері; жарылғыш және улы заттарды сақтау жөніндегі заңды тұлғалардың объектілері [6, б.1].

Жалпы мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзетуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері, Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

**Алайда, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы аумағында объектілердің жекелеген санаттарын күзету жөніндегі функциялары бәсекелі ортаға беру туралы шешім қабылданды [7, б.3]. Заңды тұлғалар объектілерінің жекелеген санаттарын күзету бәсекелі ортаға беріле бастады. Жоғарғы Сот пен Бас прокуратураға өздеріне ведомстволық бағынысты объектілерді күзету жөніндегі функциялар өздеріне жүктелінді.**

Қазақстан Республикасы ІІМ есебіне сүйенсек, 2021 жылдың 1 мамырынан бастап 3000 жуық штат қысқарды. Бірінші кезеңде 72 объектілер, келесі кезеңде 580 объектілер бәсекелестік ортаға беріліп отыр [8, б.1].

Саралап қарағанда, аса маңызды мемлекеттік объектілердің көп бөлігі бәсекелестік ортаға өтіп отыр. Бәсекелестік ортаға - жеке меншік күзет құрылымдарын жатқызуға болады. Аталған нысандар террористік тұрғыдан осал объектілердің қатарына енеді.

*Алайда, жеке күзет құрылымдары бүгінгі күн талабына толықтай сай келмейді. Күзетшілердің құқықтық мәртебесі заңдармен тиісті дәрежеде реттелмей тұрған тұстары кездеседі. Заманауи құралдармен толық қамтылмаған.*

Мысалы, Қазақстанда меншіктің 90% мемлекеттік емес секторға кіреді, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жеке күзет құрылымдарында жатыр. Олар аса маңызды мемлекеттік міндетті орындайды – Қазақстан Республикасы Конституциясында кепілдік берілген заңды және жеке тұлғалардың меншігін қорғауды жүзеге асыруы тиіс.

Қазіргі таңда елімізде күзет қызметінің 1916 субъектісі бар екен. Оның ішінде 1176 жеке фирма, 295 жеке күзетші, жеке кәсіпкерлердің 5 күзет бөлімшесі, заңды тұлғалардың 424 күзет бөлімшесі, мемлекеттік органдардың 16 ведомстволық күзет бөлімшесі. Күзетшілердің жалпы саны 45 мың 656 адамды құрайды. Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждауды, реттеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді 1345 маман еңбек ететін 365 фирма қамтамасыз етеді [9, б.2].

Сондықтан, біз жеке күзет қызметін жетілдіру бағытында жұмыс атқаруымыз керек. Себебі осы арқылы біз терроризмнің алдын-алу бағытындағы жұмыстарды жетілдіре аламыз.

Б.Баекеновтің пікірінше: «Күзет қызметін, атыс қаруымен және басқа да қорғаныс құралдарымен байланысты мәселелерді шешу керек. Сонымен қатар, дабылдар мен өрттерді сөндірудегі қауіпсіздік құрылымдарының қызметін кеңейту, күзетшінің мәртебесін заңнамалық түрде анықтау, «күзетші» және «инкассатор» ұғымдарын заңға енгізу қажет» [9, б.2] деп санайды. Сонымен қатар, жеке күзет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағытында да жұмыстар қажет. Біз де аталған пікірге қосыла келе, Қазақстан Республикасында «Жеке күзет қызметі және күзетшілердің құқықтық мәртебесі» туралы заң қабылдау керек деп есептейміз. Осы арқылы күзет қызметіне кадрлерді іріктей отырып сапасын арттыра аламыз. Олардың сапалы болуы Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және терроризмнің алдын-алуда зор мүмкіншіліктер туады деп есептейміз.

Сонымен бірге, Қолданыстағы «Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 [6, б.1] және «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы [10, б.5] негізінде аталған объектілерге қойылған негізгі инженерлік техникалық талаптар бар. Алайда бұл бағытта негізгі талаптарға сәйкес емес объектілер кездеседі.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе қорытындылай келе қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді реттеу және мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерге қойылған талаптардың орындалуын қамтамасыз ету керек деп есептейміз.

### **Пайдаланылған ақпараттар көздерінің тізімі:**

1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

2 Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан Республикасы Президенті Қасымжомарт-Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының халқына жасаған жолдауы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

3 Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңы: Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

4 Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңы: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Заңы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

5 Қазақстан Республикасының Күзет қызметі туралы заңы: Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы N 85 Заңы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 24.10.2021) – интернет көздері.

6 Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 Қаулысы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 24.10.2021) – интернет көздері.

7 Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

8 О передачи государственных объектов в частную охранную деятельность: Выступление министра внутренних дел Тургумбаева Е.З. // Айналыс режимі: <http://zanmedia.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

9 Б.Баекенов Законодательство в сфере охранной деятельности требует совершенствования // Айналыс режимі: <http://nomad.su> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

10 Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы // Айналыс режимі: <http://kaz.zakon.kz> (жүгіну күні: 25.10.2021) – интернет көздері.

## АЙМАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Сергазиева М.Р.*

*э.ғ.к., аға оқытушы*

*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

*Ғалымжан Д.Е.*

*магистр, оқытушы*

*Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ.*

Қазіргі таңда шағын және орта бизнестің тиімділігін арттыру мақсатында институционалды қамтамасыз ету олардың инновациялық үрдістерді бейімдеуі арқылы және аймақтың табиғи, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеттеріне үйлесімді пайдалануы факторларын есепке ала отырып, кәсіпкерлік іс әрекеттерін жүргізуге бағытталған.

Өнеркәсіптік өндірісте инновацияны игеруі тәжірибесінің негізінде технологиялық, техникалық құралдарын мен қондырғыларын, нақты климаттық және өндірістік жағдайларын есепке ала отырып өнімдері мен қызмет көрсетуін жаңа немесе жетілдірілген сорты мен нәсілді малдарды қолдану қажет. Сол үшін инновациялық үрдістерін дамытуы арқылы, инновациялық қызметтердің жаңа түрлерін құруы, өнеркәсіптік өндірісінің аймақтық ерекшеліктерінде есепке алыу, ғылыми техникалық және инновациялық саясаттың қалыптастыруына әдістемелік жаңалықтарды негіздеуі өте өзекті мәселеге айналуға және ол өз шешімін табуды қажет етеді [1].

Дегенімен, кәсіпкерлікті дамыту, қазіргі кезеңдегі орта және шағын бизнесті ауыл шаруашылық қызметтерінде және инновацияны игеруі, ғылыми және институционалдық қамтамасыз етуі мәселелері аймақтық өнеркәсіптік өндірісінде инновациялық үрдістерін дамыту бойынша әдістемелік негіздерді анықтауы, болашақта дамытуы және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуді қажет етеді.

Аймақтық шағын және орта бизнестің тиімділігін институционалдық қамтамасыз етудегі ғылыми-техникалық саясатты жетілдірудің басты мақсатының бірі – қоғамдағы экономикалық дамуының тереңдету және оны дамытуға жол көрсетеді. Дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жалпы ұлттық негізде ұйымдастыру талап ететін шағын және орта бизнесін аймақтық институционалдық қамтамасыз ету ғылыми-техникалық жаңартуларының кезеңі күрделі және қаржылай ауқымды болуы мүмкін. Алайда, бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету саясаты арқылы еңгізілген жаңартулары экономикалық дамудың негізгі іргетасы болып қала береді. Аймақтық шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы инновациялық саясатының мақсаты мен негізгі міндеті: бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында ғылым мен техникадағы заманауи жетістіктерді өндірістік барлық инфрақұрылымдарға ұштастыруы,

бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруы болып табылады. Бизнесінің тиімділігін институционалдық қамтамасыз ету қызметін жетілдіруен бүгінде дүние жүзіндегі озық экономикасы мен қоғамдық дамудағы жетістіктері, көзге түсіп отырған өркениетті елдерінің қатарынан көрінуге талпыныс жасауы және оған қол жеткізуі негізгі мәселе болып отыр. Шағын және орта кәсіпкерлікті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында бизнесті аймақтық институционалдық ғылым мен техниканың нарықтық қатынас жағдайында басқа салалары сияқты өз алдына дербес даму беруі кейде қабілетсіз болып табылады. Алайда, инновациялық қызметті қолдап отырған елдерде санатына кіріп отырған АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің тәжірибелері толықтай дәлел болып табылады. Инновациялық саясатты дамытуы – бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету, жетістіктерінің нәтижесінде индустриалды қоғамды ары қарай дамытуға қол жеткізеді. Сонымен негізгі мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, инновациялық саясаттың басым бағыттарын дамытуы жолдарын саяси жүйеде жүзеге асыруы басты қажеттілік болуы қажет [2].

Сонымен бірге, оның жаңа өндірістік формалары – концерндер, өндірістік салалар арасындағы мемлекеттік бірлестіктері, әртүрлі ассоциациялары, түрлі серіктесіктері мен акционерлік қоғамы және тағы басқа түрінде бағалау жиі кездеседі. Аймақтық және тұтастай мемлекеттік деңгейдегі шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық тиімділігін арттыру, ғылыми-техникалық прогресивті басқарудағы өзара байланысы мен өзара тәуелділік инновациялық саясатының бірлігін тануға әкеледі. Қазақстанның Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясында «Шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз етуді ғылыми-техникалық және инновациялық қолдау» - деп аталатын бөлімінде анық көрсетілген. Экономикалық қатынастарының жалпы жүйесі ретінде, инновациялық қызметтің түпкі нәтижелері:

- өндірістің тиімділігін арттыруы;
- еңбек өнімділігімен капиталдың өсуін қамтамасыз етуі;
- жоғары технологиялы өнім көлемін арттыру.

Инновациялық саясатын іске асыру өнеркәсіп, кәсіпорындарын көбіне экономикалық өркениетке ұмтылуға тырысады. Жалпы, мемлекет жүргізіп отырған инновациялық саясатты қалыптастырудың негізгі принциптеріне келетін болсақ, олар төмендегідей:

орта және шағын бизнесі субъектілерін инновациялық қызметке тартуы, олардың қаржылық- несиелік салада толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуін талап етуі;

инновациялық саясаттың дамытуы халықаралық серіктестіктерін тарту және ұлттық мүддені, интеллектуалдық әлеуетті қорғау;

инновациялық саясат экономикалық-әлеуметтік бағыт бойынша жеке дара қарастыру;

элеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық дамудың жаңа бағыттарын таңдау;

шағын және орта кәсіпкерлікті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында ғылым мен техниканың басым бағыттарын іске асыру үшін ресурстарын бір жерге топтастыру;

шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында ғылым-өндіріс-тұтыну жүйесіндегі халықаралық еңбек бөлінісінің объективті үрдістерін көрсету алу үшін, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтарды, топтарға мүше болу;

осы жүйені жүзеге асырып қалыптастыру үшін қажетті орталықтың болуы міндетті.

Сонымен қатар, инновациялық саясат принциптерін дайындауында кезеңінде келесі аспектілерін қарастыру тиіс [3]. Бүкіл мемлекет деңгейінде шешілетін сұрақтары арасындағы бірлікті, сонымен қатар аймақтық жүйелері деңгейіндегі шешілетін мәселелерінің бірлігін ұмытпауы қажет. Кез-келген мәселенің шешімін табу оған жауапты құрылымдарының бірлігі аса маңызды рөліне ие екендігі сөзсіз. Аймақтық жүйелердің инновациялық саясатын қалыптастыру және оны жүзеге асыра алуы. Сондықтан да, шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық тиімділігін арттыру негізін ғылыми еңбектеріне, әдебиеттерінде аймақтық инновациялық саясат мәселелері (алдыңғы қатарлы ірі өндірістік қалалары, облыстары деңгейінде), сондай-ақ инновациялық саясаттың оқу орындары, академиялар, өндіріс жүйелері деңгейінде қарастыруы керек. Жаңа шаруашылықтың даму жағдайында инновациялық саясатын қалыптастыру мен оны жүзеге асыруда шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету жолдары ғылыми мекеме ретінде қарастыру жиі орын алады. Негізінде базалық моделін инновациялық даму, ішкі және сыртқы көздерден инновациялар арасындағы қарым-қатынас. Даму стратегиясы зерттеулеріне негізделген, іргелі және қолданбалы инновация, озық технологиялар, ынталандырады меншікті жеке елдерде қолданылады. Стратегия технологиялар трансферті, әзірлеу іргелі және қолданбалы жеке және елдің ресурстарын осы мақсатқа жоқ [4].

Сонымен қатар, қамтамасыз ету мақсатында өңірлік институционалдық тиімділігі шағын және орта бизнес ғылыми-техникалық қызмет және оларға және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары болып табылады:

өңірлік шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысуымен венчурлік капитал маманданған мемлекет институционалдық, ғылыми-техникалық және инновациялық саланы дамыту;

инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау;  
инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы инновациялық инфрақұрылымды құру;

инновациялық саладағы кадрларды дайындау және қайта даярлау;  
жаңа технологиялық құрылымдардың базалық салаларында өнеркәсіптің көзі - лицензиялау шарттары үшін жасау өркендетті нарығы

технологиялар, яғни, авторлық құқық, патенттер, сауда белгілері мен тану барлық халықаралық конвенцияларды ортаны қорғау саласындағы ынталандыру арқылы шетел технологиясының трансфертін жүргізу;

жандандыруы өту отандық кәсіпорындарға сапа мен үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес. Инновациялық шағын және орта бизнестің қоғамдағы ғылыми-техникалық прогресс және жолдарын анықтау [5].

Бұл негізгі белгілері инновациялық дамудың, қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарынан көрінуі. Жоғары технологиялық өндірісті дамыту, арттыру, бюджетке түсетін түсімдер көлемінің өсуі, өнімнің шағын және орта бизнесті дамыту арқылы өңірлік ғылыми ауқымды институционалдық, экономикалық және әлеуметтік проблемалар мүмкіндік береді негізінде жаңа технологияларды пайдалану. Институционалдық инновациялық саясат, бизнес, аймақтық ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу нақты тетіктерін жетілдіру көрсету мақсатында ғылыми-техникалық прогрестің тиімділігі. Демек, анықтау нақты мақсаттар мен міндеттерге инновациялық дамуының әр түрлі салаларында біздің елімізде оған терең теориялық талдау, одан әрі жетілдіруге бағытталған инновациялық саясатты ашады. ХХІ ғасырдағы дамуына елеулі үлес қосқан қоғам және басым бағыттары инновациялық саясат, игеру болып табылады озық технологиялар.

Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену концепциясына сәйкес, ғылымды қажет ететін экономиканың басты құрауыштары - инновациялар, инвестициялар және кәсіпкерлік. Еңбек өнімділігінің ұзақ мерзімді өсімі, инновациялардың дамуы, өндіріс пен экспортты әртараптандыру, сондай-ақ сыртқы ресурстарды тарту және ішкі ресурстарды белсенді пайдалану арқылы елдің бизнес секторларын дамыту экономикалық өсімнің негізі болмақ. Экономиканың әрі қарай дамуы үшін маңызды артықшылық ретінде экономикалық өсімнің негізгі «қозғалтқышы» ретінде дамыту, соның ішінде заманауи бизнес дағдыларды жетілдіру арқылы дамыту (ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай 50%-ға дейін артады) міндеті қойылып отыр.

Қазақстандағы және оның аймақтарындағы кәсіпкерлікке кешенді қолдау көрсетудің маңызды құралы бірыңғай бағдарламасы болып табылады. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2050 жылға дейінгі Қазақстанның стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру мақсатында жетілдірілді. Бағдарламасының мақсаты - бар жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру, сондай-ақ, экономиканың шикізаттық емес секторларындағы аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету. Кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің негізгі критерийлері:

- экономика секторына артықшылық беру;
- экспортқа негізделу және/немесе қазақстандық қамтуды арттыра отырып, болашақта сыртқы нарықтарға шығу;
- жаңа жұмыс орындарын жасау.

Өз кезегінде кәсіпорындар өз жұмысын жүзеге асыру барысында бағдарламалардың бюджеттік тиімділігін және экономикалық дәйектілігін арттыра отырып, бюджетке төленетін түсімдерді қамтамасыз етеді.

### **Библиографиялық тізім**

1.Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Теория и практика агробизнеса. - Алматы: «СП «Франклин». -2020, 215 с.

2.Попов Н.А. Экономика сельского хозяйства. - М.: ЭКМОС, 2019, 352с.

3.Калиев Г.А., Сатыбалдин А.А., Григорьяж В.В. Трудовые крестьянские (фермерские) хозяйства. - Алматы: Экономика-2018, 285с.

4.Молдашева А.Б. Ауылшаруашылығындағы ылғал сақтау технологиялары. Аль Пари ғылыми журнал, Алматы, 2019, №1, Б.86-93.

5.«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.akorda.kz/>

ӘОЖ 338.1

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ МӘСЕЛЕСІНДЕ МӘМС ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ**

*Әбілқасым А.Б., э.ғ.к., Иманбаев А.А. э.ғ.к.  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жыл, 1-қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына жолдауы қазіргі таңда орын алып отырған қиыншылықтарды жеңудің жаңа бағыттары мен жолдарын ұсынады. Мұнда «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінен пандемия барлық елге үлкен ауыртпалықтар әкелгендігін баяндады. Пандемиямен күрес жөнінде кешенді бағдарлама әзірленетіндігін және мемлекет тарапынан әлеуметтік саладағы және экономиканы қолдауға бағытталған барлық міндеттемелер орындалғанын жеткізді. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 1 триллион теңге бөлінді, әлеуметтік төлемдерді индексациялау жұмысы жалғасын тауып жатыр.[1]

Осыған байланысты, бұл салаға мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлінді. Біз тек мемлекеттік бюджетке сүйеніп өмір сүре берсек, әрі қарай медицина дамымайтынын, сондықтан елімізде Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін (бұдан әрі МӘМС жүйесі) құру, осындай ұзақ талқылау барысында туындағанын Денсаулық сақтау министрі жеткізді. Сөз



барысында, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап МӘМС жүйесі іске қосылды, бір жылдың өзінде медицинаға бағытталатын қаржы 60 пайызға ұлғайғанын, бұл өз кезегінде, 600 миллиардтай теңге және оны біз қайда жұмсау қажеттігін жоспарлап отырғанын жеткізді.[2]

МӘМС жүйесін құрылымдаудың бастамасы 2015 жылдардан басталған еді. Сол кезден, халыққа бүкіл медициналық көмек осы жүйе арқылы беріледі деп болжанды, ал тегін медициналық көмектің кепілдендірілгені көлемі (ТМККК) тек жедел медициналық жәрдем болады деп жоспарланған еді. Алайда, соңғы жылдары біз ақпараттандыру жүйесі арқылы есеп бергенімізде, 2,5 миллионнан астам өзін - өзі жұмыспен қамтитын адамдарды жүйеге енгізу қиындықтар әкелді. Сол үшін асықпай, Үкіметке өзін - өзі жұмыспен қамтитындардың кімдер екенін анықтау, тізімін жасау қажеттігі орнаған болатын. Екіншіден, мемлекет тарапынан беріліп жатырған ТМККК-ні анықтауымыз қажет болды. Өйткені ТМККК жоспардағы көрсетілгеннен екі есе көбейіп кетті, мысалы бұл іс-шараға арналған қаржы 2021 жылы 363 млрд. теңге дефициттік әкелді. Оның ішінде технологияның жетістіктеріне байланысты қарт адамдар көбейді, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы артты. Сосын туу көрсеткіші ұлғайды, балалардың саны көбейіп жатыр. Соңғы жылдары халықтың саны 15 пайызға, оның ішінде қарт адамдар көрсеткіші 27 пайызға, балалар 24 пайызға көтерілді. Қазір ең көп медициналық көмекті пайдаланатындар – қариялар мен балалар. Және бір себеп, соңғы жылдары ауру түрлері көбейді. Бұрын аурулардың құрамы бірізді болса, соңғы жылдары түрленіп, хроникалық жұқпалы емес дерттер пайда болды. Бұл тек Қазақстанда емес, дүние жүзінде проблемаға айналуда. Науқастардың саны 2,5 есе көбейді. Жыл сайын пайдаланып жатырған технология түрлері көбеюде. Оған мемлекет тарапынан қаншама ақша жұмсалып жатқанын көпшілік біле бермейді. Мысалы, соңғы 10 жылда ауруханада емделетін науқасқа жұмсалатын шығын 1,5 есе көбейді. Бұл мемлекеттік емдеу мекемесіндегі жағдай болатын.

Соңғы 5 жылдың ішінде ТМККК ұлғайып келді. Оны доллармен есептесек, шығындарымыз еселеп көбейді. Өйткені дәрі-дәрмектердің көбі, отандық өнімдердің де қоспалары шетелден әкелінеді. Сонымен қатар, қолданысқа қажетті медициналық құрылғылар да сырттан тасымалданады. Тек медицина қызметкерлерінің жалақылары ғана теңгемен есептеледі. Осылай медициналық дефицит жыл сайын ұлғайып барғандықтан МӘМС жүйесін құрылымдау қажеттігі орын алды.[3]

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап МӘМС жүйесі іске қосылды. Көп ғалымдардың пікірінше, елімізде бұл қордың өзін-өзі қамтамасыз етуі жақсы жолға қойылып кететіндігін жеткізеді. Осы жағдайларда келесідей сұрақтар туындайды:

-Экономикалық жағдай нашарлаған жағдайда қор қандай шараларды қолға алады? қордың резерв қалыптастыруға арналған дағдарысқа қарсы жобасы бар ма?

Жауап: Елдегі экономикалық ахуал нашарлаған жағдайда қор мынадай контрциклдік шараларды қолға алады. Яғни, мемлекет әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындар үшін жарнаны биылға есептелген орташа айлық жалақы бойынша емес, екі жыл бұрынғы орташа жалақы көрсеткіші негізінде төлейді. Экономикалық ахуал күрт нашарлаған жағдайда бұл шара бюджеттен түсетін жарна деңгейін жоғары қалпында сақтап қалуға, сол арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеспек. Күтілмеген шығындарға арналған резерв қор активінің 3 пайызы көлемінде жасақталады.

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржысын әртүрлі қауіп-қатерлерден, бірінші кезекте инфляциядан қорғау жағы қарастырылған ба?

Жауап: Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында қаржы сақталмайды. Қаражат медициналық ұйымдар тарапынан күн сайын көрсетіліп жатқан қызмет ақысын төлеуге тұрақты түрде жұмсалып отырады. Сондай-ақ медициналық қызмет құны өскен жағдайда шығын жұмыскерлердің жарнасы есебінен өтеледі. Мұнда инфляциялық тәуекелдер қарастырылған.

-Қолданыстағы жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрған болса, міндетті медициналық сақтандырудың не қажеті бар?

Жауап: Тиімді денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыруға деген қажеттілік әлдеқашан туындаған. МӘМС жүйесін енгізуге түрткі болған негізгі мәселе – денсаулық сақтау саласында ортақ жауапкершіліктің жоқтығы, жүйенің қаржылық тұрақсыздығы мен көрсетілетін медициналық көмектің тиімсіздігі. Азаматтар мен жұмыс берушілердің ортақ жауапкершілігі болмағандықтан денсаулық сақтау міндеті тек мемлекеттің мойнына жүктеліп келді. Азаматтар аурудың алдын алу немесе өз денсаулығын күту мәселесіне тиісінше көңіл бөлмейді.

Қазіргі қолданыстағы денсаулық сақтау жүйесі саладағы негізгі деген бірқатар мәселелерді шешіп беруге қауқарсыз.

1. Медициналық ұйымдардың арасындағы бәсекелестіктің төмендігі. Қолданыстағы жүйеде қызметтерді негізінен мемлекет жеткізеді. Ол медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қаржыны барлық медицина мекемелеріне теңдей бөліп береді. Қаржыны теңдей бөлу салдарынан профилі де, қабылдау мүмкіндігі де бірдей медицина ұйымдары көрсететін қызмет сапасына қарамастан, ақшаны бірдей алады. МӘМС жүйесінде медицина ұйымдары қабылдаған емделушілердің санына, көрсетілген қызметтің сапасы мен көлеміне қарай қаржыландырылады.

2. Төлемдердің теңестірілуі және биресми төлемдер көлемінің артуы. Өкінішке қарай, бір профиль дәрігерлері еңбек өтілі бірдей болған жағдайда тәжірибесі, білімі мен біліктілік деңгейіне қарамастан, бірдей жалақы алады. Салдарынан емделуші таңдаған білікті дәрігерлердің басым бөлігі жекеменшік емханаларға ауысып кетеді немесе өзінің жеке кабинетін ашып алады.

3. Әлеуметтік патернализмнің сақталуы. «Кепілдендірілген тегін медициналық көмек – әр азаматтың денсаулығы үшін мемлекет жауапты» деген түсінік қалыптастырып келгені жасырын емес. Шын мәнінде, деннің саулығы тек медицинаға емес, өмір сүру салты, генетика, қоршаған орта және жұмыс істейтін жерімен тығыз байланысты. Қолданыстағы денсаулық сақтау жүйесінің бүгінгі күйі медицинаны қаржыландыру мен медициналық көмекті ұйымдастыру жолдарын түбегейлі өзгертуді талап етеді. Егер жарна дер кезінде төленіп, дұрыс жұмыс істейтін болса МӘМС жүйесі осындай мәселелерді шешіп беруі тиіс.

- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде санаторлық-курорттық ем алуға бола ма?

Жауап: Міндетті әлеуметтік сақтандыру пакетінде шипажайда емделу мүмкіндігі қарастырылмаған. Бірақ әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде сақтандыру қаржысы есебінен бірқатар сырқаттарға шалдыққандарды (инсульт, инфаркт, онкология, трансплантология) оңалту көмегі қарастырылған. Сұрақ: МӘМС жүйесінде ВИЧ індетіне шалдыққандар қамтылған ба? ВИЧ-ті емдеу тетіктері қандай? Жауап: Медициналық қызметтер ВИЧ індетіне шалдыққандарға кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі шеңберінде көрсетіледі. Алдағы уақытта сақтандыру пакеті кеңейтіліп жатса, ВИЧ-ке байланысты қосымша медициналық қызмет түрлері де әлеуметтік сақтандыру пакетіне енгізілуі мүмкін.

-Зиянды өндіріс орындарында жұмыс істейтіндер үшін жарна төлеуде қандай жеңілдіктер қарастырылған?

Жауап: Мұндай азаматтар үшін жеңілдіктер қарастырылмаған. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңына сәйкес, 2021 жылдан бастап жұмыс істейтін тұрғындардың барлығы бірдей көлемде жарна төлейді. Жарна мөлшері – келер жылдың 1 қаңтарынан бастап тапқан табысының – 1 пайызы, 2022 жылдан бастап – 2 пайыз.[4]

Бұл аталған іс-шаралардың бәрі тәптіштеліп көрсетілген орынды бастамалардың бірі болып танылады. Себебі Ұлт денсаулық жағдайының көрсеткіші – мемлекеттің өз азаматтары алдындағы жауапкершілігінің көрінісі. Экономиканың бірде-бір саласы, оның ішінде денсаулық сақтау саласы да қаржыландыру көзінсіз дамымақ түгілі адымын да аша алмайды. Бұл, әсіресе, елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгелі өткір сезіле түскендей. Қазақстандық медицина саласын қаржыландыру мәселесі тек министрліктің ғана емес, денсаулығы үшін алаңдайтын кез келген азаматтың бас қатырар мәселесіне айналып келеді. «Тұрғындарға медициналық көмек көрсету үшін қанша қаржы керек?», «Егер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізбесе, бюджет қаржысы денсаулық саласын қаржыландыруға жете ме?» деген сауалдар үлкен жауаптарды қажет етеді.

Медицина саласының шығыны жыл сайын миллиондап артып отырады. Бірақ осы сұранысты толық қанағаттандыруға, тиісінше қаржы

бөлуге мемлекеттік бюджеттің шамасы жете бермейді. Жыл өткен сайын денсаулыққа бөлінетін қаражат кеміп отырғаны сондықтан. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, дамыған мемлекеттерді айтпағанда, экономикалық деңгейі біздікімен шамалас елдердің өзі ішкі жалпы өнімінің 6,3 пайызын денсаулық жүйесіне беріп отырады екен. Біздің елде 2019 жылы ұлт саулығын сақтауға бөлінген қаржы көлемі 1,6 трлн теңгені құраған болса, 2020 жылы ол 1 трлн теңгеге де жетпей қалған. Салдарынан денсаулық сақтау жүйесіне жұмсалатын жалпы шығынның 40 пайызға жуығы азаматтардың қалтасынан шығып отыр. «Өткен жылы денсаулық сақтау саласының шығыны ІЖӨ-нің 3,4% құраған болатын. Бұл Африка елдерінің деңгейімен бірдей. Оның екі пайызын мемлекет бөлсе, қалғаны азаматтардың қалтасынан шығатын шығындар» екендігін көрсетеді.[5]

Министрлік мәліметіне сүйенсек, кепілдендірілген тегін медициналық көмекке 451 миллиард теңгеге жуық (38 пайыз) қаражат жетіспейді. Атап айтар болсақ, стационарлық көмек 61 млрд теңгеге, консультативтік-диагностикалық қызмет 51 млрд теңгеге, амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласы 41,9 теңгеге, онкология қызметі 37 млрд теңгеге зәру. Салдарынан емханаларда ұзын-сонар кезек пайда болады. Әсіресе, салалық дәрігерлердің тапшылығынан кезек күтіп шаршаған жұрт ауруы жанына батқанда жеке меншік сектордың көмегіне жүгінуге мәжбүр. Сондықтан біз, мақаламыз соңында елімізде МӘМС жүйесін құрылымдау дұрыс жолға қойылып жатырғандығын түсінеміз, және болашақта денсаулықты сақтау саласында үлкен жетістіктерге жететінімізді алға тартамыз.

*Түйіндеме: Бұл мақалада Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту мәселелері берілді, яғни бұл өз кезегінде еліміздегі денсаулық сақтау саласының жаңа бағыттары мен нәтижелері тиімділікке әкелетіндігі сөз етіледі.*

*Резюме: В данной статье рассматривается развитие системы обязательного социального страхования в Казахстане, что, в свою очередь, приведет к новым направлениям и результатам здравоохранения в стране.*

*Abstract: This article examines the development of the compulsory social insurance system in Kazakhstan, which, in turn, will lead to new directions and results of health care in the country.*

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 01 Қыркүйек 2020 ж. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына жолдауы;

2. <https://rgmedia.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=28&id=4334>

3. <https://rgmedia.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=28&id=4333> 4.

<http://old2.aikyn.kz/2017/05/24/14368.html>

5. Айгүл Аханбайқызы. «Егемен Қазақстан»: <https://egemen.kz/article>

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

*Андреева Ж.М. э.ғ.к., аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

*Ғалымжан Д.Е. магистр, оқытушы  
Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ.*

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі - бұл қоғамның үдемелі дамуын, оның экономикалық, әлеуметтік-саяси тұрақтылығын, қолайсыз сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен жоғары қорғаныс қабілетін, тиімді басқаруды, ұлттық және халықаралық деңгейде экономикалық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ете алатын ұлттық экономиканың жағдайы. Экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздіктің мәнін түсіну үшін оның "даму" және "тұрақтылық" ұғымдарымен байланысын түсіну қажет.

Даму - экономикалық қауіпсіздіктің құрамдас бөліктерінің бірі. Егер экономика дамымаса, онда мемлекет теріс сыртқы және ішкі факторларға, сондай-ақ әскери сипаттағы қарсыласу мүмкіндіктерін күрт төмендетеді.

Тұрақтылық - экономиканың біртұтас жүйе ретіндегі маңызды сипаттамасы. Бұл оның элементтерінің беріктігі мен сенімділігін, жүйенің ішіндегі тік, көлденең және басқа байланыстарды, ішкі және сыртқы жүктемелерге төтеп беру қабілетін көрсетеді.

Сол жағдайда, егер экономикалық жүйе дамуға қабілетсіз болса, оның төзімділік, өмір сүру және сыртқы және ішкі ортаның қауіп-қатеріне бейімделу мүмкіндіктері азаяды. Сондықтан даму мемлекеттің ұлттық экономикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ажырамас элементі болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздіктің екінші негізгі компоненті-экономиканың тұрақтылығы. Ол өзінің көрінісін оның элементтерінің сенімділігі мен беріктігінен табады, сонымен қатар сыртқы және ішкі жүктемелерге төтеп беру қабілетін сипаттайды.

Экономикалық қауіпсіздік - бұл экономикалық жүйелердің тәуелсіздігін, олардың тұрақтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін және олардың үздіксіз жетілдірілуі мен жаңаруына ықпал ететін факторлар мен жағдайлардың жиынтығы.

Тұтастай алғанда мемлекеттің және оның аймақтарының экономикалық қауіпсіздігі өндіргіш күштердің даму деңгейімен және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жай-күйімен, ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) дамуымен және оның жетістіктерін халық шаруашылығында, сыртқы экономикалық алмасуда және халықаралық жағдайда пайдаланумен анықталады.

Экономикалық қауіпсіздіктің материалдық негізі:

- біріншіден, кеңейтілген өндірісті қамтамасыз етуге қабілетті өндіргіш күштердің дамуы. Мұнда экономикалық қауіпсіздіктің негізгі критерийі қоғамдық еңбек өнімділігінің тұрақты өсуі, әдетте, кем дегенде 5% деңгейінде деп айтуға болады. Бұл көрсеткіш ұлттық табыстың материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа жылдық санына қатынасы ретінде анықталады;

- екіншіден, экономикалық қауіпсіздіктің материалдық негізін азаматтардың өркениетті (жоғары) өмір сүру деңгейі құрайды;

- үшіншіден, мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігі;

- төртіншіден, экономиканың барлық деңгейлерінде тиімді басқару (оның ішінде мемлекеттік басқару).

Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі деңгейлеріне жалпы ел, жеке аймақ, шаруашылық жүргізуші субъект, азамат немесе кәсіпкер жатады. Осылайша, экономикалық қауіпсіздік көп деңгейлі сипатқа ие, бірақ олардың әрқайсысында ол өзінің маңыздылығын сақтайды.

Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі мақсаты мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру мүддесінде оның экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

"Экономикалық қауіпсіздік" санатының мәні немесе мазмұны әртүрлі аспектілерден қарастырылуы мүмкін:

- мемлекет ретінде;

- процесс ретінде;

- жүйе ретінде.

Экономикалық қауіпсіздік мемлекет ретінде - бұл репродуктивті циклды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін экономикалық, өндірістік және технологиялық факторлардың жұмыс істейтін кешені.

Экономикалық қауіпсіздік процесс ретінде ұлттық экономиканың даму барысында оның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау және нығайту болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздік жүйе ретінде келесі құрылымдық элементтерді қамтиды:

- өндірісті материалдық қамтамасыз ету;

- жұмыс күшінің жағдайы;

- негізгі өндірістік капиталдың (қорлардың) мөлшері мен прогрессивтілігі;

- зерттеу, әзірлеу және технологиялық инновациялар саласын дамыту,

- сыртқы және ішкі нарықтарда өнімді өткізу мүмкіндіктері.

Экономикалық қауіпсіздік оның әртүрлі деңгейлерінің өзара байланысты жүйесі ретінде қарастырылуы керек:

1. халықаралық;

2. ұлттық;

3. жеке шаруашылық құрылымының деңгейі;

#### 4. тұлғалар.

Халықаралық экономикалық қауіпсіздік деп экономиканың ұлттық және халықаралық (жаһандық) проблемаларын шешуде тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығы, олардың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын еркін таңдауы және жүзеге асыруы және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы қамтамасыз етілетін әлемдік экономиканың жай-күйі түсініледі.

Елдің экономикалық қауіпсіздігі (ұлттық) ел экономикасының кеңейтілген ұдайы өндіріс режимінде жұмыс істеу қабілетін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын, сыртқы сауданың ұтымды құрылымын, ғылыми әлеуетті қажетті деңгейде ұстап тұруды, Ресей нарығының біртұтас экономикалық кеңістігі мен тұтастығын сақтауды, қоғамды криминализациялауды болдырмайтын экономикалық және құқықтық жағдайлар жасауды, экономикалық процестерді қажетті реттеуді қамтамасыз етуді қамтитын көрсеткіштер жүйесін сипаттайды, халықтың қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету.

Кәсіпорынның (жекелеген шаруашылық құрылымның) экономикалық қауіпсіздігі деп қолда бар капиталды тиімді пайдалану, өсу тұрақтылығы, басқарудың жоғары сапасы, технологиялар мен ақпараттық базаны үнемі жаңартып отыру қамтамасыз етілетін жағдай түсініледі.

Жеке тұлғаның экономикалық қауіпсіздігі деп адамның өмірлік мүдделерін құқықтық және экономикалық қорғау, конституциялық құқықтар мен міндеттерді сақтау қамтамасыз етілетін өмір сүру жағдайы түсініледі. Экономикалық қауіпсіздіктің мәнін зерттеу негізгі ұғымдарды қарастыруды қамтиды.

Экономикалық қауіпсіздік объектілері. Олар жалпы экономикалық жүйе де, оның құрамдас бөліктері де: табиғи байлықтар, өндірістік және өндірістік емес қорлар, жылжымайтын мүлік, қаржылық ресурстар (сонымен қатар қаржылық экономикалық ресурстар), экономикалық құрылымдар, отбасы, жеке тұлға және басқалар.

Экономикалық қауіпсіздік субъектілері. Олар: мемлекет және оның институттары (министрліктер, ведомстволар, қызметтер және т.б.), заңнамалық құрылымдар, мемлекеттік және жеке экономика секторының мекемелері мен ведомстволары.

Қазақстан FATF (ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу топтары) стандарттарына сәйкестігін өзара бағалау рәсімінен сәтті өтті.

"Basel AML Index" Базель басқару институтының жыл сайынғы рейтингінде (кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ең беделді дереккөз) біздің еліміз 2012 жылдан бастап ең жақсы көрсеткішке қол жеткізе отырып, өз позициясын бірден 27 пунктке жақсартты.

Біз 41 елден (АҚШ, Канада, Австралия, Жапония және т.б.) тұратын ақшаны жылыстатуға қарсы Азия-Тынық мұхиты тобында (ФАТФ типі бойынша аймақтық топ) бақылаушы мәртебесін алдық.

Көлеңкелі экономика деңгейін ЖІӨ-ге 18,78% - ға дейін (болжамды мәні 19,75% болған кезде) төмендету қамтамасыз етілді.

Келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- 36 қаржы пирамидасын жою, зардап шеккендерге 4,6 млрд теңге қайтару, олардың қызметін жарнамалайтын 7,7 мыңнан астам сайттар мен аккаунттарды бұғаттау;

- есірткі сатушылардың қаржылық операцияларын бұғаттау тәжірибесін жолға қою, есірткі табыстарын жылыстату үшін пайдаланылған 924 банктік шотты жабу;

- ЕДБ және қаржы реттеушілерімен бірлесіп 21 жасқа толмаған адамдардың кеңсеге ақша аудару және сол арқылы олардың ойындарға қатысуына тосқауыл қою мүмкіндігі алынып тасталды;

- 4,2 мың күдікті сайтқа кіруді жабу;

- жеткізу тізбегінен 38 өнімсіз делдалды алып тастау және 14 облыста әлеуметтік себеттен 14 тауардың бағасын төмендету;

- күдікті операцияларды 77 млрд теңгеге тоқтата тұру;

- қылмыстық қолма-қол ақшамен 27 көлеңкелі алаңның қызметін тоқтату;

- 14,4 млрд теңгеге бюджет қаражатының негізсіз шығыстарының алдын алу;

- жәбірленушілерге 85 млрд теңгеге залалды өтеуді және активтерді мемлекетке 187 млрд теңгеге қайтаруды қамтамасыз ету.

### **Библиографиялық тізім**

1. Экономикалық қауіпсіздік және экономикалық қауіпсіздікке төнетін қауіп түрлері. Электрондық портал: <https://doingbusiness.kz/news/46-fondovuyu-rupok-i-tsennye-bumagi>

2. Экономикалық қауіпсіздік. Электрондық портал: <file:///D:/%D0%B7%D0%B0%D0%D0%B3%D1%80%D1%83%/367.pdf>

3. Қауіпсіздік кеңесі. Электрондық портал: [https://www.akorda.kz/ru/executive\\_officer/executive\\_office\\_news/обеспечение-экономической-безопасности-один-из-основных-prioritetov-raboty-apparata-soveta-bezopasnosti](https://www.akorda.kz/ru/executive_officer/executive_office_news/обеспечение-экономической-безопасности-один-из-основных-prioritetov-raboty-apparata-soveta-bezopasnosti)

4. Ұлттық қауіпсіздік. Электрондық портал: [https://www.akorda.kz/ru/security\\_council/national\\_security/zakon-respubliki-kazahstan-o-nacionalnoy-bezopasnosti-respubliki-kazahstan](https://www.akorda.kz/ru/security_council/national_security/zakon-respubliki-kazahstan-o-nacionalnoy-bezopasnosti-respubliki-kazahstan)

5. Әлемдік қоғамдастыққа интеграция жағдайында ҚР экономикалық қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді талдау және бағалау. Электрондық портал: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-i-otsenka-ugroz-ekonomicheskoy-bezopasnosti-rk-v-usloviyah-integratsii-v-mirovoo-soobschestvo>



## НОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ В КАЗАХСТАНЕ

*Куланова Д.А., к.э.н., профессор,  
Абдикеримова Г.И. к.э.н., профессор,  
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
\*Автор для корреспонденции: [k\\_dana\\_a@mail.ru](mailto:k_dana_a@mail.ru)*

В выступлении Главы государства Касым-Жомарта Токаева на расширенном заседании Правительства от 07.02.2024 г. были рассмотрены актуальные задачи текущей экономической повестки[1]:

**ПЕРВОЕ.** Требуется кардинально повысить эффективность бюджетной и налоговой политик.

**ВТОРОЕ.** Предстоит запустить новый инвестиционный цикл.

**ТРЕТЬЕ.** Реформа системы государственных закупок, государственно-частного партнерства, регулирования строительной отрасли.

**ЧЕТВЕРТОЕ.** Необходимо принять системные меры для комплексной либерализации экономики.

**ПЯТОЕ.** Нужно придать новый импульс промышленному развитию страны.

**ШЕСТОЕ.** Развитие агропромышленного комплекса и рациональное использование водных ресурсов.

**СЕДЬМОЕ.** Требуется ускорить модернизацию коммунально-энергетического сектора.

**ВОСЬМОЕ.** Следует активизировать усилия по укреплению транспортно-логистического потенциала страны.

**ДЕВЯТОЕ.** Крайне важно продолжить цифровизацию экономики и обеспечить широкое применение технологий искусственного интеллекта.

**ДЕСЯТОЕ.** Особое внимание нужно уделить социальной сфере.

Нарратив Президента о цифровизации процессов является вполне обоснованным. Ведь благодаря широкому распространению доступа к интернету, человечество уже находится в "цифровом будущем". 14 раз делает отсылку к цифровым технологиям: будь то цифровая платформа или цифровой тенге. Согласно докладу [Digital 2024 Global Overview](#), 66,2% населения мира пользуются интернетом, при этом 97,6% из них обладают смартфонами. Средний пользователь проводит в сети порядка 6,5 часов в день, что составляет треть суток (без учета 8 часов сна). И интересно то, что сегодня 38,8% пользователей используют интернет для образовательных целей.

Будущее страны полностью зависит от нашей способности адаптироваться к неизбежной глобальной цифровизации. Поэтому ключевым критерием, определяющим успех в этом процессе, является процесс цифровизации сферы **образования**.

Одним из видных примеров цифровизации отечественного образования на сегодняшний день является трансформация системы оценки знаний, а именно переход от традиционных бумажных тестов к онлайн-экзаменам.

Главным преимуществом онлайн-тестирования является его удобство. Студенты могут сдавать экзамены в любое удобное для них время и место, лишь бы был доступ к интернету. Более того, результаты становятся доступными гораздо быстрее благодаря **автоматизированным** системам проверки, что способствует оперативной **обратной связи** и улучшению образовательного процесса. Кроме того, автоматизированная проверка исключает человеческий фактор, обеспечивая беспристрастность и объективность оценки.

В Казахстане, помимо применения в вузах, онлайн-системы тестирования также активно используются в школьном образовании. Однако, из-за прямой связи школьного Единого национального тестирования с распределением государственных грантов, проведение этого тестирования требует более сложных цифровых систем и оборудования.

Среди используемых на сегодняшний день технологий:

- Биометрическая идентификация личности с помощью Face ID перед входом в аудиторию для тестирования;
- Распознавание личности тестируемого перед началом теста с помощью веб-камеры;
- Камеры видеонаблюдения для каждого посадочного места в зале тестирования с трансляцией в ситуационный центр и другие технологии.

На текущий момент такую инфраструктуру может предоставить лишь одна отечественная компания – USTUDY, которая обеспечивает проведение обязательного ЕНТ на бесплатной основе.

Казахстан, как и многие другие страны, активно внедряет цифровые технологии в образование. Буквально в прошлом году помимо онлайн-систем тестирования казахстанские вузы начали применять возможности мировой онлайн-образовательной платформы "Coursera".

В конце 2023 года министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек сообщил, что как минимум три университета будут специализироваться на разработках в этой сфере[2]:

1. на базе Коркыт-ата регионального университета будет запущена семилетняя программа совместно с Сеульским национальным университетом науки и технологии по созданию Школы искусственного интеллекта.
2. планируется на базе Университета Сатпаева при поддержке городского университета Гонконга.
3. Где создадут третий центр по изучению ИИ в Казахстане, в министерстве пока не определились.




Рисунок 1- Условия образовательного хаба в Казахстане

Использование современным педагогом цифровых ресурсов на уроке закономерно и является реальным вызовом XXI века.

Согласно теории поколений, Исследователи делят поколения на[3]:

- «беби-бумеров» — люди, родившиеся между 1944 и 1963 годами;
- «поколение X» — люди, родившиеся между 1964 и 1984 годами;
- «поколение миллениум» (Y) — люди, родившиеся между 1985 и 2002 годами;
- «поколение хоумлендер» (Z) — люди, родившиеся между 2003 и 2024 годами.

Поколению Z характерна вдумчивость, способность к много-задачности, прямолинейность, экономность, замкнутость.

Чаще всего у учителей, педагогов или родителей другого поколения возникает мысль, что современные Z совершенно неспособны к саморазвитию и обучению, однако это совершенно не так. Возможно проблема в том, что мы не можем подстроиться под них. В частности, нам, как педагогам новой формации, необходимо приспособиться к поведенческим и образовательным особенностям детей поколения Z.

С конца прошлого столетия на смену знаниевоориентированному направлению в педагогику всё активнее стало приходить **личностно-ориентированное**.

*МИССИЯ* педагога в данном направлении, заключается уже не в передаче знаний, а в педагогической поддержке индивидуального развития личности через вхождение и самоидентификацию обучаемого в мире культурных ценностей.

Выделено ключевые **тренды** в обучении детей поколения Z:

- это желание к непрерывному обучению и их инновационное мышление
- поколение Z привыкло к получению знаний в социальной среде
- поколение Z тратит 52% дневного времени на онлайн-игры

Таким образом они будут использовать в жизни нанотехнологиями, трехмерной печатью и беспилотными автомобилями.

- Будут владеть профессиями, названия которых еще не придуманы.
- Осваивают технологии и не представляют мир без digital.
- Научить исследовать и познавать мир.

### **Библиографический список**

1. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на расширенном заседании Правительства от 07.02.2024 г.
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/about/people/28373?lang=ru>
3. <https://trends.rbc.ru/trends/education/5ef1ddbc9a794733b37dcfff>

ӘОЖ 343.2

## **ҚАЗІРГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Жарылкапова Г.П.*

*Магистр, аға оқытушы*

*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қылмыскерге тек қылмыстық жазалау шараларын, оның ішінде ауыр, қатал жаза қолдану арқылы ғана қылмыскерлікті біржола жеңе алмайтындығымызды тарих дәлелдеді. Ал, қылмыскерліктің алдын алу, одан сақтандыру шараларының бұл күресте көмегі көп екендігі сөзсіз.

Қылмыскерлікпен күресте мемлекет басқа да шараларды қолданады. Мұндай шаралардың бірі - жаза.

Қылмыстық заң нормаларын сақтауды мемлекет мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етеді, себебі бұл нормалардың бұзылуы заңның басқа салаларындағы нормалардың бұзылуына қарағанда мемлекет мүддесіне, қоғам мүддесіне немесе жеке азаматтар мүддесіне үлкен зиян келтіреді.

Жаза қолданудағы мақсат - адам мен азаматтың құқығын, бостандығын, заңды мүдделерін, бейбіт өмір мен адамзат қауіпсіздігін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты және Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заң қорғайтын мүдделерін қара ниет қастандықтан қорғау[1].

Қазақстан аумағында бұрын күшінде болған қылмыстық заңда (1998 жылдың 1 қаңтарына дейін 1922 және 1926 жылдарғы РСФСР Қылмыстық кодексі, одан кейін 1959 жылғы Қаз ССР ҚК-і) жазаға анықтама берілмеген. Сондықтан да жаңа ҚР Қылмыстық кодексі қабылданғанға дейінгі қылмыстық - заң әдебиеттерінде жазаға берілген әр түрлі анықтамаларды кездестіруге болады. Олардың бір-бірінен онша айырмашылығы жоқ, оларда жаза дегеніміз - қылмыстық заң негізінде қылмыс жасаған адамға қатысты сот қолданған мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы деген мазмұн бар.

Республиканың Қылмыстық кодексі жаза түсінігіне мынадай анықтама береді: Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша -дайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады. (38-бап).

Бұл анықтамадан жаза белгілерінің жиынтығы шығады. Оны қылмыс жасаған адамға мемлекеттік ерекше орган - сот ғана үкім негізінде қолдана алады.

Үкім тек Қазақстан Республикасының атынан шығарылады. Мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шаралары лауазымды адамның атынан немесе қандай да бір мемлекеттік органның атынан қабылданады.

Заңды күшіне енген сот үкімі барлық мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады, ол Қазақстанның барлық аумағында орындалуға тиісті.

Үкімде тағайындалған жаза қатаң дара сипатта болады, ол тек қылмыс жасаған адамға ғана қатысты және басқа адамдарға (сотталғанның туған-туыстарына) таралмайды.

Жазаның орындалуы мемлекет күшімен жүзеге асырылады. Қоғамдық ықпал жасау шараларының жазадан айырмашылығы сол - олардың артында мемлекеттік күш емес, қоғамдық пікір тұрады.

Қоғамдық ықпал ету шараларын мемлекеттік органдар емес, қоғамдық ұйымдар қолданады. Жаза – сот үкімімен тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеудің шарасы. ҚК-тің 39-бабында жаза түрлері түгелдей келтірілген. Қылмыс жасаған адамға сот жазаңың бұлардан басқа түрін қолдана алмайды.

Қылмыс пен жаза - өзара тығыз байланысты құқықтық түсінік. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыс үшін қолданылады[2].

Жазаға тән ерекшелік - міндетті түрде жазалаудың болуы. Жазалау дегеніміз жазаның мәжбүрлеу, зорлау сипаты. Олар күш көрсету, моральдық, материалдық және басқадай ықпал ету арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы: бас бостандығынан айырғанда, қамауға алғанда сотталған адамның көптеген құқықтарына шек қойылады, ол бостандығынан айырылады, оның отбасымен, дос-туыстарымен байланысы үзіледі. Мүлкін тәркілегенде, айыппұл алғанда ол материалдық шығын көреді. Белгілі бір қызметке тұру немесе қызметпен айналысу құқынан айыру сияқты жаза

шарасы адамның қызмет, кәсіп таңдау құқына шектеу салады. Жазаның жазалау сияқты элементінде қорқыту сипаты бар. Тағайындалған жазаның ауыр-жеңілдігі жасалған қылмыстың сипатына және қаншалықты ауыр екендігіне, айыпкердің жеке басына және басқа мән-жайларға байланысты.

Жазалау жазаға тән ерекшелік бола тұрса да Қылмыстық кодексте ол жаза мақсаты ретінде қаралмайды (ҚК-тің 39-бабының 2 бөлігі). Бұрынғы ҚК-терде де жазалау жазаның мақсаты ретінде қарастырылмаған.

Дегенмен, бірқатар ғалымдар жазалауды жаза мақсаты ретінде қарастырған. Атап айтқанда, Н.А.Беляев былай деп жазды «Жазаның мақсаты жазалау, ол дегеніміз жасаған қылмысы үшін айыпкерді күйзелту, бостандығынан айыру».

И.И. Карпец (2) пен А.Н.Тарбагаевтың (3) еңбектерінде де осындай пікірлер айтылған.

Мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы болып табылатын жазада соттылық сияқты өзіне тән сипат бар, ол кейін құқықтық және моральдық тұрғыдан өзінің теріс зардабын тигізеді. Мысалы, егер адам жаңадан қылмыс жасаса, оның бұрынғы қылмысы үшін соттылығы қылмыстық жауапкершілікті ауырататын мән-жай болып табылады.

Бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамның жаңадан қасақана қылмыс жасауы қылмыстың қайталануы деп танылады (ҚК-тің 14-бабы). Қайталанудың болуы тағайындалған жазаның түріне және мөлшеріне, сондай-ақ бас бостандығынан айыру жазасын тағайындағанда колонияның нысанына әсер етеді (ҚК-тің 46-баб.). Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының басқа түрлерінен жазаның айырмашылығы сол - қылмыс жасаған адамға және оның әрекетіне сот тек құқық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар моральдық тұрғыдан теріс баға береді.

Сондықтан да жаза тағайындау дегеніміз қылмыс жасаған адамға мемлекет атынан берілген теріс баға. Сонымен қылмыстық жаза - қылмыстық заңмен белгіленген мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, оны қылмыс жасап айыпты болған адамға қатысты сот өз үкімімен қолданады, онда жазалау сипаты болады және осы қылмысты жасаған адамның айыбы мемлекет атынан бетке басылады (теріс баға беріледі).

Әрбір мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының өз міндеті, өзіне тән мақсаты болады. Жазаның мақсаты дегеніміз тікелей жаза тағайындау, оны қолдану және іске асыру арқылы мемлекет қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже.

Жазаның нақты мақсаты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарының алдында тұрған жалпы міндеттерден туындайды (ҚК-тің 2-бабы).

Жазаның мақсатын анықтаудың, бәрінен бұрын, соттың заң қолдану қызметінде маңызы зор. Нақты адамға қатысты жазаның түрін, мөлшерін анықтай отырып сот жазаның заңда белгіленген мақсаттарын басшылыққа алуға тиіс. Бұл талапты елемей - заңсыз, дәлелсіз жаза тағайындауға, әділетті емес үкім шығаруға әкеп соғуы мүмкін.

Жазаның мақсатына заң тұрғысынан анықтама беру - жаза қолданудың тиімділігін ғылыми зерттеу үшін де қажет. Мысалы, бірінші рет жасалған қылмыстардың жалпы санының көбеюі, не азаюы жалпы қылмыстың алдын алуға мақсаттың көрсеткіші бола алады. Ал қайталанған қылмыстың деңгейі - арнайы алдын алу шаралары үшін және сотталғанды түзеу үшін сондай көрсеткіш болады[3].

Жазаның мақсаты ҚК-тің 39-бабында былай көрсетілген: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады».

Яғни, жазаның мақсаты:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;

б) сотталғанды түзеу;

в) сотталған тарапынан жаңа қылмыстың (арнайы, жеке сақтандырудың мақсаты);

г) басқа адамдар тарапынан қылмысты сақтандырудың мақсаты).

Жаза қолданылған әрбір жағдайда осы мақсаттар бірге қарастырылуы тиіс.

Сонымен әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру - жаза мақсаттарының бірі болып табылады. Қандай қылмыс болмасын әлеуметтік әділеттілікті бұзады. Мысалы, күші басым адам әлсіз адамды соққыға жығады. Ер адам күш көрсетіп, әйел зорлайды. Лауазымды адам өз қызмет бабын пайдаланып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі нұқсан келтіреді. Осы көрсетілген жағдайлардың әрқайсында біреу жасаған қылмыстың нәтижесінде екінші адамға қатысты әлеуметтік әділеттілік бұзылған.

Айыпкерге жаза тағайындағанда сот тек жәбір шеккен адамға ғана емес, жалпы қоғамға қатысты әлеуметтік әділеттілікті біршама болса да қалпына келтіруге әрекет жасауға тиіс. Қылмыскерді бас бостандығынан айыру, оны күйзелту жәбірленгеннің аз да болса көңілін басады, жасалған қылмыс нәтижесінде өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келеді жасалуын болдырмау (жалпы деп үміттенеді). Мысалы, мүлкі ұрланып жәбір көрген адам ұрланған мүлкін қайтарып алады немесе өзіне келген залалды ақшалай өндіріп алады.

Ал, жалпы қоғам көлемінде әлеуметтік әділеттілік қалпына келу үшін сот әділ жазаны көпшілік алдында (сот процестері негізінен ашық мәжілістерде өтеді) тағайындайды, сол арқылы көпшілікке қылмыстық заңды бұзған адамды мемлекеттің жазалайтындығын, жазалай отырып қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, жалпы халық денсаулығын, басқа да игіліктерді қорғайтындығын білдіреді. Қылмыскердің жазаланғанын естіген адамның көңілі орнына түседі. Жазаның мақсатын заң әлеуметтік әділеттілікпен байланыстырады, сондықтан сот тек ғана әділ жаза тағайындау үшін өте ұқыптылық танытуға тиіс. Онсыз жазаның әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудегі мақсатына қол жеткізу мүмкін емес.

Жаза қолданғанда адамдар әділеттікті сезінеді, ал кейбір жағдайларда қылмыскердің жасаған әрекеті олардың наразылық сезімін тудырады. Сондықтан да қатаң болса да әділ жазаны көпшілік қанағаттанғандық сезіммен қабылдайды. Керісінше, әділетсіз, кінәсіне сай емес жаза тағайындау жазаның мұндай маңызды мақсатын жоққа шығарады. Жазаның басқа бір маңызды мақсаты - сотталғанды түзеу. Ондай мақсаттың болуы Қазақстан Республикасы қылмыстық заңындағы адамгершілік сипатты көрсетеді[4].

Қылмыс жасаған адамға заңды қолдана отырып, мемлекет ол адамның жазаны өтегеннен кейін қоғамға басқа қылмыс жасамайтындай болып оралуын көздеуге тиіс.

Түзеу дегеніміз - адам бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттерді жою. Түзеудің мақсаты адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін қайта қалыптастыру, жаңа қылмыс жасауға себеп болатын бойындағы теріс қасиеттерден оның арылуына мүмкіндік туғызу. Түзеу барысында сотталғанның бойына бұрын онда болмаған әлеуметтік-пайдалы қасиеттер егіледі, бұрын болып кейін жоғалып кеткен жақсы қасиеттердің көзі ашылады. Ол қасиеттер, мысалы, басқа адамды, оның құқықтары мен мүддесін сыйлау, қоғамдық тәртіпті сақтау, т.б. Жазаны орындау барысында сотталған адамның көзқарасы, сенімі, әдет-салты жақсы жаққа қарай өзгерсе - түзеу мақсатының орындалғаны болып табылады. Түзелген адам қылмысты жазадан қорыққандықтан ғана емес, жазаны орындау барысында қандайда бір дұрыс ықпал болғандықтан жасамайды.

Түзеу процесі алдын ала тергеу кезінен басталады, бірақ сот мәжілісі кезінде белсендірек жүргізіледі. Содан кейін, жазаның нақты түрі тағайындалғанда, сол жазаның орындалу барысында ол өз жалғасын табады.

Әр түрлі жаза шаралары түзеудің әртүрлі тәсілін, әдісін және жолын қарастырады. Жазалау шарасы да, түзеу тәсілдері мен қайта тәрбиелеу әдістері де қылмыстың ауырлығына, оны жасаған адамның жеке басына қарай қолданылуға тиіс.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтегенде сол жазаны өтеу режимі, қоғамдық-пайдалы еңбек, тәрбие жұмыстары түзеудің; басты тәсілдері болып табылады. Қылмыстық-орындаушылық заңдарда түзеудің басқа да тәсілдері қарастырылған.

Бұл мақсатқа барлық уақытта бірдей қол жете бермейді, ал өлім жазасы сияқты жаза тағайындалғанда оған қол жеткізу тіптен мүмкін емес.

Сотталған адамды түзеу мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатымен тығыз байланысты. Егер тағайындалған жаза өте қатаң немесе өте жұмсақ болса, бұл жағдай әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің орнына сотталған адамды түзеу процесіне кесірін тигізеді, себебі жосықсыз қатаң жаза оны алған адамның ыза-кегін тудырады, ал өте жеңіл жаза алған адам қандай қылмыс жасасам да қатаң жаза алмаймын деген сенімде болады.



Жазаның өзіндік, жеке мақсаты - арнайы (жеке) сақтандыру мақсаты. Оның мәні де, мазмұны да - сотталған адам тарапынан жаңа қылмысты болдырмау. Қылмыстан сақтандыру шарасы сол қылмыс жасаған адамға тікелей бағытталады.

Әдебиеттерде арнайы сақтандыру шараларының мазмұны және оған қол жеткізу тәсілдері жайында ортақ пікір жоқ. А.И. Марцевтің пікірінше, арнайы сақтандыру шараларының мәні - «қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның жаңа қылмыс (немесе жаңа қылмыстар) жасауына жол бермеуде» және бұл мақсатқа жазалау, тәрбиелеу арқылы тікелей қол жеткізуге болады [5].

Ал, И.И. Карпецтің пікірінше, нақты адамға жаза тағайындағанда арнайы сақтандырудағы мақсатқа мына әдістермен қол жеткізуге болады: қылмыскерді қылмыс жасау мүмкіндігінен айыру; қылмыскердің көңіл-күйіне ықпал жасау; зәресін алу [6].

Арнайы сақтандырудағы мақсатқа мына жолдармен қол жеткізуге болады. Біріншіден, сотталған адамды жаңа қылмыс жасау мүмкіндігінен айырады.

Қылмыстық заңда белгіленген жазалар жүйесінде сотталған адамның жаңа қылмыс жасау мүмкіндігін жоққа шығаратын көптеген амалдар қарастырылған.

Мысалы, бас бостандығынан айырғанда, қамауға алғанда тиісті режим сақталады, тұрақты күзет қойылып, қадағалау жасалынады, туыстарынан, дос-жарандарынан оқшау ұсталады, қылмыс жасау құралы немесе қаруы боларлықтай ақшаны немесе заттарды өзінде ұстауына тыйым салынады. Белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айырғанда адам бұрынғы жұмысын атқара алмайды, жаңа қылмыс жасау үшін ол қызметті пайдалана алмайды.

Екіншіден, арнайы сақтандырудағы мақсатқа жазамен қорқыту арқылы қол жеткізуге болады. Жазамен қорқыту сол жазаның қалай да болатындығына байланысты. Егер де жаңадан жасаған қылмыс үшін жазадан құтылмайтынын мойындаса, ол қылмыстан бас тартуы мүмкін.

Сотталған адамның басына қандай да бір күйзеліс келсе, ол жаңа қылмыс жасаудан бас тартуы мүмкін, себебі қайталап жасалған қылмыс үшін заңда қатаң жаза қарастырылған (ҚК-тің 54-бабының 1 бөлімінің «а» тармағы). Бұрынғыдан да бетер қатаң жазалану үрейі адамды жаңа қылмыс жасаудан бас тартуға мәжбүр етеді.

Үшіншіден, арнайы сақтандырудағы мақсатқа жазаны өтеу барысында сотталған адамның көңіл-күйіне ізгі ықпал ету арқылы қол жеткізуге болады, ол да сотталған адамның жаңа қылмысқа бармауына сеп болады.

Сонымен қылмыстан арнайы сақтандырудағы мақсат сотталған адамды түзеу мақсатымен тығыз байланысты.

Ал, қылмыстан жалпы сақтандырудағы мақсат қылмысты сотталған адам тарапынан болдырмау емес, негізінен, қылмысты басқа адамдарға, заң талаптарын сақтауда сенімсіздік танытатын адамдарға жасатпау.

Қылмыстан арнайы сақтандырудан оның айырмашылығы -мұндағы мақсат қылмыс жасаған жеке адамға емес, заңды, басқа да нормативтік актілерді бұзуға икемді, тиянақсыз адамдарға ықпал жасау. Жазамен қорқыту, қылмыс жасаған жағдайда оны қолдану қаупі қылмысқа бейім адамдарға тосқауыл болады, қылмыстық ниеттен қайтарады. Жасалған қылмыс үшін жаза қолдану үрейі тұрақсыз адамдарды қылмыс жасаудан сақтандырады.

Жазаның жалпы сақтандыру шараларындағы ықпалы, біріншіден, қылмыстық заңның жарияланып, онда әрбір нақты қылмыс үшін белгіленген жазаның көрсетілгендігінде; екіншіден, қылмыс жасаған нақты адамға соттың жаза тағайындауында, үшіншіден - тағайындалған жазаның орындалу процесінде, деп жазады М.Д. Шаргородский [7].

С.В. Полубинская жалпы алдын алу шараларын екі түрге бөледі: жалпы сақтандыру шаралары, тар мағынада түсінгенде, негізінен қорқыту шаралары және біршама тәрбие арқылы қылмыс жасауға бейім адамға ықпал жасау; жалпы сақтандыру шаралары, кең мағынада түсінгенде, қоғамның барлық мүшелеріне жазаның тәрбиелік ықпал етуі [8].

Жазаны қолданғанда жазаның барлық мақсаттары бірден қамтылады. Бірақ бұл, сол мақсаттардың бәріне бірдей қол жеткізу емес. Мысалы, қылмыскерді колонияда ұстап оны оқшаулағанда, ол сол жаза өтеп жатқан кезінде ешқашан жаңа қылмыс жасай алмайды (мұнда арнайы сақтандырудағы мақсатқа қол жетеді), бірақ бұл жағдайда барлық уақытта бірдей түзеу мақсатына қол жеткізе алмаймыз.

### ***Библиографиялық тізім***

- 1.Комментарий к уголовному кодексу. (общая часть). Борчашвили И.Ш., Даулбаев А.К. А, 2015.
2. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексіне түсінік. А. Ағыбаев, А, 2015.
- 3.Уголовное право Республики Казахстан общая часть. Учебное пособие (практикум). Бимолданаов Е.М. Алматинская академия МВД РК Алматы, 2013 г.
- 4.Ағыбаев А.Н.Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқулық. Алматы: Жеті Жарғы, 2007.
5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық жалпы бөлім оқулық Алматы жеті жарғы 1998 ж .
- 6.Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық жалпы бөлім оқулық Алматы жеті жарғы 2001 ж.
7. Алауханов Е.О., Рахметов С.М. ҚР қылмыстық құқығы жалпы бөлім. Оқулық. Алматы, 2001 ж.
8. Бапанов Т.Ә., Әбілезов Е.Т. ҚР Қылмыстық құқығы альбом үлгісі жалпы бөлім Алматы дәнекер 1998 ж.

## ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ БАҒЫТЫНДА ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НАРЫҚТАРДАҒЫ БАҒА ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫН ШЕШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Иманбаев А.А., э.ғ.к., аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Экономикамызда орын алған нарықтық экономиканың талаптары, ұсыныс-сұраныс жағдайында халқымызды әлеуетті әрі экономикалық дамыту мен орнықтыру және халықтың шаруашылық қызметтерін жүргізу шаралары нарықтық механизмдер арқылы жүзеге асады. Мұнда, мемлекетіміз елдің экономикалық орнықты дамуын, халқымыздың қолайлы өмірлік тыныс-тіршілігі және елімізде бар экономикалық ресурстық әлеуетті ұтымды қолдануымыз үшін жүйелі жағдай орнатып, өрлеуді қамтамасыз етуіміз қажет. Жаһанданудағы және халықаралық бәсекелестік ортаның күшеюі, еліміздің әлемдік нарықтарда тиімді ұстанымдармен және стратегиялық орнықты бағдарламалық жұмыс жүргізуді талап етіп жатыр. Аймақтар мен ірі қалалық орталықтарда бәсекелік стратегияны тұжырымдауда, еңбек бөлінісін отандық деңгейде ғана емес, аймақтық және әлемдік қалыптасқан жүйеде өз орындарын табуға тиіс. Бұл жөнінде ҚР Елбасымыздың халыққа «Қазақстан-2050» жылдарға арналған даму стратегиясы мемлекеттің қалыптасатын жаңа саяси бағыттарын орынды келтіріп өз жолдауында да басты назар аударады [1].

Елбасымыз тарапынан бекітілген ҚР-ның 2025 жылдарға дейінгі уақытқа арналған ұзақмерзімді стратегиялық даму жоспарыда орынды тұжырымдалып және мұнда, жаһандық экономиканың дамуын бағалау келтіріліп, қалпына келтіру баяу жүретіндігіне негізделген болатын. Әлемдік сұраныстың азаюына орай экспорттық нарықтағы бәсекелестік күшейе түсетіні, ал тауарлардың бағасы орнықты өсерліктей жағдай болмайтындығын немесе қалай болғанда да өткен онжылдыққа қарағанда ақырын өсетін деп болжанған болатын [2]. Мұндай стратегиялық даму бағдарламаларының елімізді нақты стратегиялық дамыту бағыттары мен жолдарын негіздесе де, еліміз ішінде жылдан жылға тұтыну нарықтарында бағаның тұрақталмауы орын алып отыр.

Қазақстандағы соңғы жылдардағы экономикалық құбылыстардың, соның ішінде тұтыну заттары нарықтарындағы қатынастар нарықтық ұсыныс, сұраныс тетіктері арқылы жүргізіліп отырғаны баршаға аян, бірақ бұл жергілдікті нарықтардың дамуында кемшіліктер мен өзекті мәселелер өте көп. Жоғарыда баяндалған, экономикалық реформалар мен стратегиялық бағыттар дұрыс қойылғанымен, тұтыну нарықтарында бағалардың тұрақсыздығы, жылсайын тауарлар бағасының көтерілуі, баға құру жүйесінің тәптіштеп ретке қойылмағандығы көңілді кеңшітпейді. Яғни бізде Аймақтық жоспарлау мәселелерін әртүрлі ведомстволар реттейді, алайда аймақтар

арасындағы баға алшақтығын орталық мониторингтік деңгейде үйлестіру қызметтері жоқтың қасы, жоқ.

Аймақтарды дамыту бағыттарында біздің елімізді стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарымыз мыналарды көздейді:

- Аймақтық өңірлер бойынша және әлемдік экономикада өз орынын табатын бәсекеге қабілетті мамандандуды қалыптастыруымыз қажет, ол үшін экономикамыздығы ұтымды орын алған кеңістіктік ұйымдастыру негіздерінде халықты таратып орналастырумен қатар, елдің әлеуметтік орнықты дамуын қамтамасыз етуіміз, сондай-ақ халқымыздың тұрмыс-тіршілігі үшін жақсы қолайлылық жағдайлар жасауымыз қажет;

- Еліміздің бүкіл аумақтарында "локомотив" рөлін атқарушы "басып оза алатын" іріктелінген өсу өңірлерін (өсу полюстерін) қалыптастырумызбен қатар, елімізде экономикалық белсенділік пен потенциалдылықты шоғырландыру; мұнда Орталық Азиядағы сервистік-технологиялық және сауда-экономикалық орталық ретінде құрылымдауда Қазақстанның экономикалық потенциалдығын әлемдік шаруашылық жүйесімен байланыстыру.

Мұндай стратегиялық мақсаттарды іске асырудың негізгі бағыттары есебінде келесідей іс-шаралар жүргізіліп жатыр:

- қаржы секторын дамыту мен макроэкономикалық реттеу, инвестициялық ауа райын қалыптастыру мен қолайлы іскерлік ортаны құру, өндірістегі адами капиталдылық рөлі мен ғылыми-техникалық әлеуетті жоғарылату, осындай басқа да бағыттар бойынша ықпал жасаушы факторларды тұтастай дамытуымыз қажет мәселелерді үйлестіруіміз керек;

- елдің өңірлік және әлемдегі бәсекеге қабілетті экономикалық аймақтардың ұстанымдарының тиімділіктерін стратегиялық зерттеу мен тұжырымдау және аймақтардың, сондай-ақ тұтас еліміздің орнықты стартегиялық дамуын қамтамасыз етуіміз қажет;

- әлемдегі ұлттық экономикалардың жаһандануы, әрі әлемдік нарықтардағы өткір бәсекелестік күрестерді ескеріп, ішкі нарықтар бойынша аз сыйымдылығы орын алғандығын ескеріп, Қазақстан және оның аймақтарын болашақта ары қарай дамыту перспективаларында еліміздің әлемдік нарықтарға шығуында тек ғана шикізат ресурстарын экспорттаушы ретінде, транзиттік аймақтар ретіндегі әлеуеттілікті дамыту ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия өңірінде жоғары және орта технологиялық тауарларды өндіру мен жеткізуге бейімдеу, әрі сервистік (көліктік-ақпараттық, сауда-логистикалық, білім беру, сондай-ақ қаржылық қызметтер және басқалары бойынша) қызмет көрсетулер бойынша ауқымды мәселелерді шешуге арналған бағдарламалармен орнықты экономикалық жүйенің ұстанымдарын қалыптастыру;

- Қазақстанның әлемдік нарықта ұстаным бағыттарында: Қазақстан - астық өнімдерін өндіруші, табиғи минералдық-шикізаттық өнімдерін алпауытты өндірушісі әрі жеткізушісі ретінде дамыту арқылы, Еуропалық нарықтар, Азия - Тынық мұхит нарықтарында және сондай-ақ Оңтүстік

Азиядағы экономикалық жүйелерінің іс-қимылдарының жүргізілуінде Қазақстанды трансконтиненталдық экономикалық көпір ретінде негіздеу қажет;

- Қазақстанның өңірлік нарықтардағы ұстаным бағыттарында: Қазақстан - өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу мен жеткізуші ретінде ғана емес, Қазақстанды - қазіргі заманауи сервистік орталық ретінде, сондай-ақ Қазақстанды – өңірлер бойынша инновациялық орталықтар ретінде болуды қарастыруымыз қажет [2].

Статистикалық мәліметтерден аумақтардағы баға құрылысы мен нақты жалақы айырмашылықтарын шешу мәселелері аумақтық даму стратегиясында еш аталып өтілмеген. Ойымыз, нарықтық экономикада баға құру және нақты жалақы көрсеткіштері ұсыныс сұраныстарға қарай реттелетіндігі көп әдебиеттерде келтіріледі, бұл жетілген нарық шартында ғана ғой! Бүгінгі күнде мемлекеттік реттеу ықпалдары жасалып жатыр. Бірақ монополияға қарсы басқармалардың қызметтерінің нәтижелері еш көрінбейді. Біздің жоғарыдағы басшы тараптар барлық кезде кеш қимылдайтындығы ішімізді ауыртады. Сыртқы әлемдік нарықта баға көтерілуі, жоғары болуы салдарынан біздің монополист коорпорациялар астықты сыртқа сатқысы келетіндіктерінен, біздің елдің ішкі нарығы, халықтың жағдайы ойға алынбайды да. Мұның бәрі экономиканы мемлекеттік реттеу шараларының, монополия қарсы басқармалардың қызметтерінің дұрыс жолға түспегендігінің бірі болып табылады.

Ал көрші ел Ресейде «Ресей Федерациясының аймақтарының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік – экономикалық дамуындағы айырмашылықтарды қысқарту» мақсатты Бағдарламасы Ресей Федерациясының Үкіметі тарапынан қабылданған және тиімді жұмыс жүргізіп жатыр және мұнда аумақтар айырмашылықтарын 2015 жылға дейін 1,5 есеге, ал 2020 жылға дейін 2 есеге қысқарту мақсаттары мен іс – шаралар белгіленген [4].

Осы бағдарлама сияқты, бізде де осындай аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму айырмашылықтары мен іс жүргізетін іс-шаралар, механизмі жүргізілсе жақсы болар еді. Неге еліміз аймақтарында белгіленген дәрежедегі арақатынас тарифтік баға айырмашылықтары бекітіліп, солармен жұмыс жүргізу, азайту іс-шаралары жоқ. Себебі жоғарыдағы көрсетілген статистикалық мәліметтердегі (кестел) екі есеге жуық баға алшақтықтар экономикалық-әлеуметтік даму есептерін жүргізуде (ІЖӨ, ЖҰӨ нақты есептеуде, т.с.с) кері әсерлерін тигізіп, аймақтарды салыстыру және кәсіпорындардың экономикалық қатынастарының (өзіндік құн, баға құру, тауарлар сату, т.с.с) және қызметтердің нақты айқындалуына кері әсерін тигізіп жатыр.

Қазақстанда бәсекелік жетілмеген нарық, яғни монополиялық, олигополиялық нарықтардың үстем жүргізіп отырғандықтан, тұтыну нарықтарында баға құру жүйесі жетілмеген, әр өндіруші бәсеке жоқтығынан өнімдерге бағаны асыра қоюы орын алып отыр. Тұтыну нарықтарында мемлекет қызметтер арқылы бәсекені ынталандырып, нарықтың ұсыныс-

сұраныс механизмдерін орнықтыру іс-шараларын жүргізуіміз қажет. Қазақстан халқының 20 пайызы дерлік тұтынушы заттар нарықтарында (жергілікті базарларда) еңбек етіп, олардың өзін-өзі жұмыспен жабдықтап отырғандарында, біз оларды қолдауымыз қажет, өкінішке орай қазіргі таңда базарлардың жабылуы, өртеніп кетуі, сатушыларды басқа сату орындарына күштеп апару істері кері әсерін тигізді.

Осы жерде айта кететін басты жәйт, біз нарықтарда бәсекені көбейтіп бағаның тұрақталуына, нарықтың ұсыныс-сұраныс механизмдерінің тиімді жұмыс жүргізілуіне баса назар аударуымыз керек. Өкінішке орай, бұл мемлекеттік реттеу қызметінде нарықтық экономика механизмінің дұрыс жұмыс жүргізілуіне көңіл аударылмай отырғандығын көреміз.

Нарықтағы тұрақсыздықты, бағалардың шарықтамауын игеру мақсатында келесі ұсыныстарды алға тартамыз:

- Әр тұтынушы нарықтарында мониторинг жүргізуші және орталық жүйеге мәлімет жинақтаушы экономист-инспекторларды туындату. Олар арқылы күнделікті бағалар бойынша мониторинг жүргізуіміз қажет, баға көтерілуінің себептерін анықтап, нарықтың ұсыныс-сұраныс, бәсеке тетіктерін ынталандыруға септігін тигізеді;

- Бағалар өсімі тұрақсыз болған жергілікті сауда орталықтарында (базарларда) мемлекеттік реттеу қызметін құрылымдау. Бұл қызметтер жоғарыда аталған инспекторлар арқылы жүргізіліп, тұтыну тауарларына бағалардың өсу себептерін анықтау және ондай бағаларға бәсекелік әдістер мен ықпалдар жасау және бағаның тұрақтануына жол ашу қызметтері жүргізіледі. Мұндай нарықта әкімшілік әдістер емес ал, нарық механизмдерін жандандыру үшін жанама әдістер қолдануды мақсаттауымыз қажет;

- Қазіргі таңда орын алып отырған тұтынушы нарықтарда әлеуметтік топтарды қолдау мақсатындағы жеңілдетілген бағамен тауарларды сату, мәселені тұтқиықты шешуді қамтамасыз ете алмайды, бұл тек уақытша қолдау шарасы ғана. Сол үшінде нарықтағы тұрақылықты дамыту үшін ең бастысы ұсыныс-сұраныс және бәсеке механизмдерін жанама әдістермен қолдауды туындатып, нарықтың өз жұмысын алып кетуіне ықпал жасауымыз қажет;

- Нарықтардағы қалыптасып отырған жабайы капитализм ықпалдарын азайту, яғни жүйелілігі жоқ бағаның себепсіз шарықтауына жол бермеу, күштінің ғана заманы ұстанымын жою, мемлекеттік қаржыландыру істерінде сыбайлас-жемқорлықты болдырмау, жұмысшылардың еңбегін қанау процесіне көңіл аудару жұмыстары нарықтағы мемлекеттік қызметті жандандыра түседі, нәтижесінде орталықтандырылған баға мониторинг жүйесін туындатуымызды қажет етіп отыр, ол өз кезегінде нарықтағы бағаның тұрақтануына, нарықтың тиімді жұмыс жүргізуіне ықпалдар жасайды;

- Тұтыну нарықтарын, яғни жергілікті базарларды тек талапқа сай емес деп әкімшілік әдіспен жабуды ғана көздемей, Үкімет тарапынан мақсатталып отырған Сауда орталықтарын біріншіден құру, оларды арзан тауарлармен

жабдықтау, сондай-ақ бәсекелестік орталарды туындату іс-шараларын қамтамасыз ету талап етіледі. Бұл өз кезегінде сауда орталықтарында бәсекелестік жағдайлардың туындауына, мұнда сатып алушылармен қатар, сатушылардың таңдау жүргізуіне ықпал жасайды.

Ойымызды қорытындылап келгенімізде, бұл іс-шаралардың бәрі нарықты реттеуде әкімшілік әдістермен емес, ал нарықтың ұсыныс-сұраныс, бәсеке механизмдерін дамыту арқылы баға тұрақтылығына қол жеткізу, мұнда әр өңірде талдау жүргізуші мониторингтік орталықтардың қызметтерін туындатып, нарықтардың тиімді ұйымдастырылуымен қатар, тұтыну таураларына баға тұрақтылығын әкелуіне ықпал жасайды, нәтижесінде бұл өз кезегінде еліміздегі барлық салалар бойынша баға құрылымдау жүйесінің дұрыс жолға бағытталатындығын көрсетеді.

#### АННОТАЦИЯ

В Казахстане каждый год повышаются цены на продукты питания, а также проблема ценообразования сильно различаются в разных регионах страны. Это естественно влияет на социальную среду населения. Анализированы цели и основные пути реализации Стратегии развития Республики Казахстан до 2025 года, по сравнению с целями и задачами программы «Сокращение различий в социально - экономическом развитии регионов Российской Федерации до 2020 года». А также изложены меры и пути стабильного ценообразования в потребительских рынках Казахстана. Выявлены воздействия конкурируемой среды и методы влияния на цен в потребительских рынках страны.

Ключевые слова: экономика, торговая экономика, потребительский рынок, стратегия развития, государственное регулирование, структура цен, спрос и предложение.

#### ABSTRACT

In Kazakhstan, food prices increase every year, and the problem of pricing varies greatly in different regions of the country. This naturally affects the social environment of the population. The goals and main directions of implementation of the development Strategy of the Republic of Kazakhstan until 2025, compared with the goals and objectives of the program "Reducing differences in the socio - economic development of the regions of the Russian Federation until 2020" are analyzed. And also measures and ways of stable pricing in the consumer markets of Kazakhstan are stated. The influence of the competitive environment and methods of influence on prices in the consumer markets of the country are revealed.

Key words: economy, trade economy, consumer market, development strategy, government regulation, price structure, supply and demand.

#### Библиографиялық тізім

1. ҚР Елбасының халыққа ұсынған «Қазақстан-2050 жылдарға арналған стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы, Астана, 14.12.2012

2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген.

3. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің сайты мәліметтері. <https://baribar.kz/30052/elimizde-azyq-tulik>

4. Қазақстан Республикасы статистика агентігі, Ю.Шоқамановтың статистикалық мәліметі, 2023ж.

5. «Ресей Федерациясының аймақтарының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік – экономикалық дамуындағы айырмашылықтарды қысқарту» мақсатты Бағдарламасы. 2011 ж. 11-Қазанында №717 Ресей Федерациясының Үкіметі тарапынан бекітілген.

ӘОЖ 338.439.5:339.188.2

## ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ТАЛДАУ

*С.Қуашбай* э.ғ.д., профессор

*А.А.Садыкбекова* э.ғ.к., аға оқытушы

*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

*Г.И Абдикеримова.* э.ғ.к., доцент

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.*

Тамақ өнеркәсібі барлық елдерде басымдық болып табылады, өйткені азық-түлік маңызды тауар болып табылады және оған әрқашан сұраныс бар. Дамыған елдер өздерінің брендтерін әзірледі, соған сәйкес тіпті елдер де танымал болды. Азық-түлік – ең маңызды стратегиялық тауар, әлемдік экономика мен саясаттың басым бағыттарының бірі. Қазіргі әлемде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасы шиеленісіп отыр, бұл әлемдік агроазық-түлік нарығының тұрақсыздығы мен ауыл шаруашылығы өндірісіндегі дағдарыстардан туындайды.

Қазақстанның тамақ өнеркәсібі шарап жасау, кондитерлік, жарма, сүт, ет, ұн тарту, қант, балық өнеркәсібі және тағамға дайын тағамдар өндіру, т.б.

Қазақстан Республикасының экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес тамақ өнеркәсібіне тамақ өндірісі, сусындар өндірісі және темекі өндірісі кіреді.

Шымкент Қазақстандағы үшінші мегаполис болғандықтан, тамақ өнеркәсібі өнеркәсіп өндірісінің жетекші саласы болып табылады. 2023 жылғы жағдай бойынша ол өнеркәсіп өндірісінің 18,4%-ын және тамақ



өнеркәсібі өндірісінің республикалық көлемінің 4,8%-ын құрайды (1-кесте)[1].


1- кесте – Шымкент қаласының тамақ өнеркәсібі дамуының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	2022	2023	2019-2023 жылдарға арналған өзгерістер
Тамақ өнеркәсібі өнімінің көлемі, млн.теңге	106032,3	101859,1	109423,1	128655,0	149806,3	141,3%
Республикалық тамақ өнеркәсібі көлемінің үлесі, %	5,5	5,1	4,9	4,9	4,8	-0,7%
Шымкент қаласындағы жалпы өнеркәсіп өнімінің үлесі	24,9	20,7	18,9	19,2	18,4	-6,5%
Тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары мен өндірістік объектілерінің саны, бірлік.	94	87	83	83	93	98,9%
Тамақ өнеркәсібіндегі жұмысшылар саны, мың адам.	5,7	4,8	4,6	4,4	4,1	71,9%
Өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %	25,7	21,8	21,3	21,0	19,4	-6,3%
Орташа айлық жалақы, теңге	81048	99262	117929	133899	154128	190,2%
Тамақ өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялар, млн.теңге	-	3608,0	7011,0	5542,0	5842,8	161,9%

Шымкентте тамақ өнеркәсібі өндірісінің жалпы көлемі 2019 жылғы 106 032,3 миллион теңгеден 2023 жылы 149 806,3 миллион теңгеге немесе 41,3 пайызға өсті.

Шымкенттегі тамақ өнеркәсібінің ең ірі сегменті азық-түлік өндірісі болып табылады, ол 2023 жылы тамақ өнеркәсібінің жалпы өнімінің 82,1%-ын құрады. 17,9%-ы сусындар өндірісіне тиесілі.

Шымкент қаласының тамақ өнеркәсібінің негізгі салалары: май-май өнеркәсібі (тамақ өнеркәсібі өндірісінің жалпы көлемінің 31,2%), ұн тарту өнеркәсібі (23,9%), сусындар өндірісі (17,9%), нан және кондитерлік өнімдер (14,6%) (1-сурет).



1 сурет – 2023 жылы Шымкент қаласының тамақ өнеркәсібінің құрылымы, %


2019-2023 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы азық-түлік өндірісі бойынша. Өсімдік майының өндірісі ең көп өсті (2,7 есе), тамақ өнеркәсібінің жалпы өндірісіндегі үлесінің аздығына қарамастан сүт өнімдері өндірісі (2,1 есе), басқа да тамақ өнімдері (4 есе) өсті.

Халық саны үнемі өсіп келе жатқан қала үшін (2023 жылдың аяғында Шымкенттегі халық саны 1112,5 мың адам [2]) үшін азық-түлік өндірісінің көлемі жеткіліксіз екені анық. Шымкент қаласы бойынша жан басына шаққандағы жеке азық-түлік өнімдерінің өндірісі мен тұтынуын салыстыра отырып, тек қана майлар мен тоң майлар өз өндірісі арқылы қала тұрғындарының қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз ететіні анық (2-кесте). Жұмыртқаны өндіру мен тұтыну көрсеткіштері осыған жақын. Жалпы, Шымкент қаласы тұрғындарының сұранысы Түркістан облысы мен Қазақстанның басқа да өңірлеріндегі өнімдерді өндіру арқылы, ал жекелеген тауарларға деген сұраныс импорт арқылы қанағаттандырылады деген қорытынды жасауға болады..

2-кесте – Шымкент қаласы бойынша жан басына шаққандағы жеке тамақ өнімдерін өндіру мен тұтынуды салыстыру

Өнім атауы	Жан басына шаққандағы өнім, кг				Жан басына шаққандағы тұтыну, кг			
	2020	2021	2022	2023	2020	2021	2022	2023
Ет және ет өнімдері	4,8	15,8	16,3	17,6	72,6	53,2	53,2	52,6
Балық және теңіз өнімдері	0,03	0,01	0,01	0,01	9,1	6,6	4,9	4,6
Сүт және сүт өнімдері	53,4	48,7	49,6	48,5	279,2	192,8	165,7	140,1
Жұмыртқа (дана)	157,2	119,1	150,8	139,7	193,1	163,2	168,1	164,3
Май және майлар	35,9	34,5	57,0	71,8	16,5	12,8	13,3	12,6
Қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер	3,3	2,5	3,2	2,4	59,4	36,6	33,7	29,6

Азық-түлік өнімдерінің көптеген түрлерінің өндірісінің өсуіне қарамастан, Шымкент қаласындағы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының қуаттылығын пайдалану төмен деңгейде қалып отыр (2-сурет)[3]. Азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлері бойынша қуаттар тек жартылай жүктелген немесе одан да аз.



2 сурет – Шымкент қаласындағы тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша өндірістік қуаттарды пайдалану

Өңдеу ұйымдарының өндірістік қуаттарының толық пайдаланылмауы бірқатар себептерге байланысты:

- 1) Шикізаттың жетіспеушілігі;
- 2) Азық-түлік нарығындағы қатал бәсеке және соның салдарынан сатуға қиындықтар;
- 3) Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен өңдеуші өнеркәсіптер арасындағы өндірістік-экономикалық байланыстың әлсіреуі.

Шымкенттегі тамақ өнеркәсібінің шикізат базасы қаланың және Түркістан облысының ауыл шаруашылығы болып табылады.

Осылайша, анықталған бірқатар проблемаларға қарамастан, Шымкенттің де, тұтастай алғанда республиканың тамақ өнеркәсібі облыс пен еліміздің өмірі мен өркендеуінде орасан зор рөл атқарады және одан әрі дамудың болашағы зор. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары халықты дәмді және пайдалы тағаммен қамтамасыз етеді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. <https://stat.gov.kz/>
2. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/117669/>
3. <https://apk-news.kz/news/item-2648>

## ҚАЗАҚСТАНДА АСТЫҚ ӨНІМДЕРІ КЛАСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

*Рысбаева С.К., Иманбаев А.А.*

*Шымкент университеті. Шымкент, Қазақстан  
[satti\\_01\\_64@mail.ru](mailto:satti_01_64@mail.ru), [ali\\_askar78@mail.ru](mailto:ali_askar78@mail.ru)*

**Özet:** Kazakistan, 30 yılı aşkın bağımsızlığına rağmen hâlâ hammadde üreten gelişmekte olan bir tarım ülkesi olmayı sürdürüyor. Ülkenin enflasyon oranı yıldan yıla artarak 2022'de neredeyse %19'a ulaştı. Kendi ürettiğimiz tahıl ürünleri yüksek fiyatlarla satılıyor. Bu sorular, Kazakistan'da bir tahıl kümesi oluşturma ve geliştirme yollarının iyileştirilmesi ihtiyacına işaret ediyor. Buna karşılık, tahıl kümesinin etkin organizasyonu ve üretim ve ticaret ilişkilerinin dikkatli bir şekilde yerleştirilmesi, tahıl ürünleri fiyatlarının istikrar kazanmasına katkıda bulunuyor.

**Anahtar kelimeler:** ekonomi, üretim kümelenmesi, tahıl piyasası, hükümet düzenlemeleri, fiyatlandırma.

**Аннотация.** Тәуелсіздігімізге 30 жылдан асқанымен, Қазақстан әліде шикізат өнімдерін шығарушы, дамушы аграрлық ел болып қалып отыр. Елімізде инфляция деңгейі жылдан жылға өсіп, 2022жыл 19% жетіп қалды. Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды. Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

**Кілтті сөздер:** экономика, өндірістік кластер, астық нарығы, мемлекеттік реттеу, баға белгілеу.

**Талдау мәліметтері.** Өзіміз шығарып отырған астық өнімдеріміздің өзі қымбат өндіріліп, сатылып жатыр. 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,2 млн тонна ұн өндірілген. Бұл өткен жылмен

салыстырғанда 4,6% артық. 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында ұн экспорты бір жылда бірден 78,2%-ға өсіп, 172,8 млн АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне 126 мың тонна ұн жөнелтілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,8% артық. Алайда, өкінішке орай, еліміз ішінде өткен жылмен салыстырғанда, ұн бағасының өзі 8 пайызға қымбаттады.[1] Бұл мәселелер елімізде азық-түлік бағысын реттеу, сондай-ақ өндіріс пен экономикалық сауда қатынастарының дұрыс, тиімді жолға қойылмағандығын білдіреді. Өндірісіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру, бұл өз кезегінде аймақтар экономикасын тұтас көтеретіндігін айқындайды, "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысымен пилоттық кластерлерді дамытудың негізгі бағыттары айқындалып бекітіліп жүзеге асырғанымен, қазіргі таңда Қазақстандық өндірістік кластерлер дамымай отыр.[2] Сондықтан, Жаңа Қазақстанды құру алғы шартында ҚР Президентіміз Қ.К.Тоқаев 2022-жылдың 1-қыркүйектегі Жолдауында атқарушы билік органдарын сынға алып, жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары ретінде: –жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру; - бәсекелестікті дамыту; - сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу бойынша кезек күттірмейтін мәселелерді шешу қажеттігін ескерді.[3]

Бұл мәселелер Қазақстанда астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді, өз кезегінде астық кластерін тиімді ұйымдастыру мен өндірістік-сауда қатынастарын тиянақты орналастыру дән-дақылдары бағаларының тұрақтануға ықпал жасайды.

Экономиканы дамытуға кластерлік тәсілдің маңызды артықшылығы - бұл саладағы еңбек өнімділігін арттырады және шығындарды азайтады. Сондықтан астық кластерін қалыптастыру мен дамытудың салдары интеграциялық байланыстарды қалыптастыру және мемлекеттік реттеуді жетілдіру негізінде ішкі өндірісті кеңейту және астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кластердің жұмыс істеу тиімділігін көбінесе мынандай факторлар анықтайды: ғылыми-техникалық базаның жақындығы; инновациялы-инфрақұрылымды дамыту; ресурстық базаның болуы; венчурлық капиталдың қолжетімділігі; жүйені ұйымдастырушылардың кәсіпкерлік қабілеттері; жоғары білікті кадрлардың болуы.

Кластерлік өндірістік кешен құрылымының пайдалылығы мен тиімділігі, шикізат өнімдерін өндіруден бастап, соңғы түпкі өнімге дейінгі өңдеуге арналған бағыттары, схемалық түзілістері мен кластерлік кешенді дамыту бағыттары отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде соңғы кездері көптеп жарияланып жатыр, себебі бұл біздің экономикамызда жүргізіліп жатырған жаңа өндірістік іс-шара болып табылады. Осы мәселелерді жетілдіру, аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттігін арттыру,

адам ресурстарының маңыздылығы жайында келесі Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жарияланған: Кошанов А.К., Калиев Г.А., Алимбаев А.А., Соколенко С., Сабден О.С., Ниязбекова Р.К., Сагадиев К.А., Қалдыбаев О.Қ., Кенжегузин М.Б., Татибеков Б.Л., Берешев С.Х., Утаров А.К., Купешев А.Ш., Таласов М.Ж., Бишимбаев К.В., Ризаходжаев А.А. және т.б. Кластерлеуді экономикалық категория ретінде зерттеген ресейлік ғалымдардың: Третьяк В.П., Евсеенко А.В., Зверев В.С., Огрызько К.В., Иванов В.В., Плетнев К.К. және Цыганов С.А. еңбектерін атап өтуге болады. Ал аймақтық кластердің негізін қалаған шетелдік ғалымдардың: А. Маршал, Е.Дахмен, Л.Г.Мэтсонның және кластер кешенін басқару жүйесіне толық талдау жүргізген М.Портердің еңбектерін алға қойсақ болады.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кластерлерді қалыптастыру арқылы аймақ экономикасын дамыту мен оның бәсекеге қабілеттігін арттыру мәселелері жан-жақты зерттелген. Алайда, астық кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарында ғылыми әлеует пен интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорлары арасында байланыстарды нығайту жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін көрсетеді. Астық кластерін қалыптастыру және дамыту мәселелерін өңдеуде адам капиталының ролі кластердің дүниежүзі бәсекеге қабілеттігін арттырудың ең негізгі факторы болғандықтан, оларды дамытуға кластер пайдасынан қаржы бөлуді ғылыми тұрғыдан негіздеу, зерттеудің мақсаты мен мәселелерін туындатты.

Зерттеудің мақсаты – әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті астық өнімдері кластерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын жетілдірудің теориялық, әдістемелік негіздерін жасау және оларды енгізуге тәжірибелік ұсыныстар беру.

«Кластер» түсінігін басқада көптеген зерттеушілер қолданғаны кездеседі, олар әрқилы салалар арасындағы технологиялық байланыс орнату мәселелерін зерттеу жүргізгенде қолданған, себебі ең соңғы өнім өндіруде кластерге әр түрлі саладағы өндірушілер араласқандығы белгілі. Бірқатар француз зерттеушілері технологиялық байланыс орнатқан секторлар туыстарын түсіндіруде «фильер» терминін енгізген. Оның маңыздылығы, бір сектордың технологиялық қуаттылығы басқа секторларға тәуелді екендігін білдіреді.

«Кластер» ұғымының саналуандығы ірі швед корпорациясының қызметін талдау жөніндегі басылымдарда да орын алады. Яғни Е.Дахмен «блоктық дамыту» жөнінде және бір саланың дамуы, екінші бір саланың қарқынды ілгері жылжуына байланысты екендігін көрсетеді [4. 8-бет].

Л.Г.Мэтсон еңбегінде кластер ішіндегі фирмалар арасындағы байланыстардың әр қилы формаларына көңіл аударады.[5. 38-бет]

Ерекше назарды М.Портер кластер ішіндегі кәсіпорындардың байланыстарына аударады. Мұнда тікелей зерттеу объектісі ретінде – аймақтар мен елдер арасындағы бәсекелестік байланыстарын алған. Компанияның бәсекеге қабілеттілік деңгейі, бәсекедегі артықшылығы

компанияның ішінде емес, ал оның жабдықтаушылары, әріптестері, еншілес кәсіпорындары арасында да болатындығын көрсетеді.[6. 495-бет]

Біздің зерттеуіміз бойынша, аймақтардың бәсекелестік артықшылықтары сонымен қатар, жалпы экономикалық даму көрсеткіштерімен ғана емес, ал бір-бірімен байланысты сала топтарының бәсекелік артықшылықтарына да байланысты болады. «Бір бәсекеге қабілетті сала, бір-бірімен тығыз қарым қатынас жасау барысында басқа саланың бәсекеге қабілеттігін арттырады. Мұндай салалар жиі сатыпалушыларға тәуелді болғандықтан, олар тарапынан тауар мен қызметтерге талаптардың қойылуына да байланысты болады. Елде мұндай талаптардың болуы, сала-жабдықтаушыларының бәсекеге қабілеттігінің жоғарылауын анықтаушы қажетті факторға айналады.

Ғылыми жаңашылдығы. Аймақтар тарапынан кластерлік даму технологияларын қолдану кәсіпорындар, мемлекет және білім беру ұйымдары ара қатынастарының тиімді жүргізу механизмі тетіктерін құруға бағытталуы мүмкін. Жұмыс нәтижесі аймақтық билік және басқару органдарына, ғылыми және білім беру ұйымдарына, сондай-ақ және аймақ кластеріне қатысуына мүмкін басқа да қатысушыларға бағытталады. Жұмыстың басты бағыты – еліміздің солтүстік өңірінде аймақтық экономиканы дамытудың инновациялық бағыты ретінде кластерлік кешендерді қалыптастыруды жетілдіру, жаһандану жағдайында әлемдік нарықта оның бәсекеге қабілеттігін арттыруға әсер етуші инновациялық факторларды дамыту, инвестициялық тартымдылықты және тұрғын халықты еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету үшін, аймақтық экономиканы кластерлеу қажеттілігін дәлелдеу. Мұнда авторлар тарапынан аймақтық экономиканы кластерлеуде: «Жергілікті кіші фирма-аралық кластерлеу», «Сырттан фирмаларды тарту арқылы кластерлеу әдісі» және «Ірі фирмаларға негізделген кластерлеу» әдістерін бөліп қарастырып, олардың күшті, әлсіз жақтарын көрсетіп, оларды қолдау саясатын ұсынады.

Кластерлеу әдістерінде де еңбек нарықтары, аймақтың ғылыми әлеуеті қажетті маңызға ие екендігінің бір дәлелі ретінде көрініп отыр. Ал бұл өз кезегінде автор тарапынан ұсынылып отырған жұмыстың маңыздылығында аймақ кластерлерін қалыптастыру мен дамытуда интеллектуалды адам ресурстарын жетілдіру қорларын нығайту, еңбек нарықтарын нығайту, кластер кешені мен ғылыми институттардың байланысын нығайту кластердің бәсекеге қабілеттігін арттыруда ең басты фактор екендігін дәйектейді. Жалпы кластерлік кешеннің дамуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сипатында, кластерлік кешеннің табысынан осы институттарға қаржы бөлу керектігі туындайды, ал аталған институттар мамандарды даярлау, ғылыми жобаларды қамтамасыз ету, т.с.с. іс-шаралармен қамтамасыз етіп отырады.

Бұл топтардан басқа және өз ерекшелігіне қарай еңбек ресурстары негізінде кластерлеу әдісін туындатуға болады. Еңбек ресурстары негізіндегі кластерлеу - егер мамандықтың белгілі бір түрі қандайда бір аймақтық

көптеген жұмыс берушілер тарапынан қажеттілік туындатса, сол аймаққа сондай мамандық иелерін көптеп шақыруды туындатады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жерде сол мамандыққа оқуға көптеген сұраныс туындауы, өз кезегінде жергілікті оқу орындарының және тұтасымен аястықғы бизнес өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. ҚазАқпарат: Қазақстанда ұн бағасы 8 пайызға қымбаттады. <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2022/05/26/213197/>
2. "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысы;
3. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2022 <https://exk.kz/kk/news/140682/kasym-zhomart-tokaievtyn-kazakstan-khalkyna-zholdaunyn-tolyk-mtini-zhariialandy>
4. Dahmen, Erik. Entrepreneurial Activity and the Development of Swedish Industry, 1939, 8-бет.
5. Mattson, Lars Gunnar. "Management of Strategic Change in a 'Markets-as-Networks' Perspektive." In The Management of Strategic Change, edited by Andrew M. Pettigrew. Oxford, New York: Basil Blackwell, 1987, 38-бет.
6. М. Портер Конкуренция.-Издательский дом «Вильямс»,2001.-495 бет.

ӘОЖ 631.15

## **КӘСІПОРЫННЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘУЕКЕЛІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ**

*Турабаева Г.Қ., магистр аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Кез келген қаржылық немесе шаруашылық операциялардың тиімділігі мен онымен бірге болатын тәуекел деңгейі бір-бірімен байланысты. Тәуекел факторын есептемей толық инвестициялық талдау жүргізу мүмкін емес. Сондықтан тәуекел деңгейін бағалай және оның нақты операция табыстылығының деңгейімен байланыстылығын бағалай білу қажет.

Тәуекелдің мәні мен түріне тәуелсіз кәсіпкерліктің негізгі мақсатына – салынған капиталдан табыс алуға – тәуекелді анықтау сәйкес келеді.



Төмен табыс табу немесе шығыстарға ұшырау ықтималдылығы қаншалықты жоғары болса, соншалықты жоба тәуекелді болатыны белгілі. Капиталды салу мүмкін нұсқауларды таңдау кезінде жиі «бұл жобаның тәуекелі төменірек сияқты» дегендей абстрактілік пайымдаулармен шектеледі. Алайда, көбінесе тәуекел деңгейін нақты анықтауға болады, сонымен қатар осы тәуекелге сәйкес келетін, ұсынылатын жобаның табыстылық деңгейін де анықтауға болады. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, салымшы оған тиімді ақша салымын таңдай алады, сонымен қатар мүмкін болатын тәуекел деңгейін де төмендете алады.

Тәуекелдің жоғары, орташа немесе төмен деңгейлерін ажыратады. Тәуекелдің көлемін (не деңгейін) екі критерий арқылы өлшенеді (бағаланады): орташа ауытқу мәнімен (дисперсия) және мүмкін болатын нәтижелерді өзгермелілігімен (вариация).

Сонымен бірге тәуекелдің орташа күтілетін мәні мүмкін болатын нәтижелерді де бағалайды. Ауытқу орташа күтілетін мәнің орташа көлемнен ауытқу өлшемі мен деңгейін көрсетеді.

Кәсіпорынның тәуекелдерін бағалаудың негізгі әдістері болып статистикалық әдістер есептеледі. Олардың ішіндегі перспективалы әдіс қаржылық тәуекелдерді факторлық талдау (факторлық жүйе моделін қолдану) болып табылады. Мысалы, диверсификацияланған инвестициялық тәуекелді инвестиция объектісінің даму перспективаларының бар-жоқтығы бойынша, бәсекелестік деңгейі, тапсырыстар саны, келісілген шарттар саны бойынша, ал диверсификацияланбаған – несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер, инфляциялық күтілімдер, ел экономикасының дамуының жалпы беталыстары бойынша бағаланады.

Қаржылық тәуекелді бағалаудың басқа да аналитикалық әдістері кеңінен қолданылады. Іскерлік белсенділік, қаржылық тұрақтылық коэффициенттері есептеледі, банкроттылыққа ұшырау ықтималдылығы анықталады, жалпы қаржылық даму деңгейі талданады.

Тәуекел деңгейінің түрлі салыстырмалы сипаттамалары жасалып, рейтингтер анықталады.

Тәуекелді бағалаудың перспективалы әдісі модельдеу болып табылады. Бұл әдістің негізгі қиындағы нақты жағдайларға байланысты модельді дұрыс таңдау. Модельдер қаржылық тәуекел ықтималдылығын бағалап, нақты жағдайды болжамдауға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде тәуекелдерді бағалауда аналогиялар әдісі қолданылады. Қаржы менеджерлері, мамандар түрлі шығарылымдар немесе басқа кәсіпорындар тәжірибесі негізінде белгілі бір жағдайлардың болуы, қаржылық нәтижелер алу ықтималдылығын, қаржылық тәуекел деңгейін анықтайды. Осы әдіс негізінде көптеген кәсіпорындардың тактикасы мен стратегиясы құрылады. Бірақ әр кәсіпорынның өзіндік кадрлік, шикізаттық және салалық сипаттағы ерекшеліктері бар екенін ескеру қажет. Тәуекелді бағалаудың негізгі әдісі кәсіпорынның қаржылық жағдайын

кешенді талдау, оның қаржылық тұрақтылығы пен төлемқабілеттілігін талдау болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын экспресс-талдау кеңінен тараған. Оның мақсаты – кәсіпорынның балансы мен қаржылық нәтижелер және оларды қолдану туралы есебі негізінде жалпы қаржылық жағдайын және даму динамикасын бағалау. Мұнда қаражаттарды (активтерді) орналастыру мен қолдануына, олардың көздеріне (меншікті капитал мен міндеттемелер, яғни пассивтер) назар аударылады.

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелін компьютерлік имитациясы перспективалы болып табылады. Қазіргі кезде тәуекелді бағалау бойынша дайын бағдарламалық өнімдер жиынтығы жасалған. Әр кәсіпорынның қаржылық тәуекелді жекеше модельдеу мүмкіндіктері бар.

Қаржылық жағдайды болжамдау қаржылық тәуекел ықтималдылығын анықтауға, болашақта кәсіпорынның даму перспективасын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге болжамдау қаржылық талдау мен жоспарлауға сүйенеді.

Қаржы тәуекелінің сыртқы белгілері келесілер: міндеттемелерді орындамау, төлемдерді тоқтату, салықтарды төлеу мерзімдерінің кешіктірілуі, өндірістік, коммерциялық дәстүрлі байланыстардың бұзылуы. Ішкі белгілері: өндірістің тоқтап қалуы, өткізу көлемінің төмендеуі, жұмысшылардың қызметтен босатылуы, мерзімі өтіп кеткен кредиторлық қарыздың жоғары үлесі, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерінің төмен көрсеткіштері, қаржыландыру көздері ретінде қарыздық қаражаттарды қолдану үлесінің жоғарылығы.

Кәсіпорынның тәуекелін бағалау үшін рейтингтік әдіс қолданылуы мүмкін. Оның мәні: негізгі көрсеткіштер корреляциялық-регрессиялық талдау көмегімен топтастырылады. Кейін кәсіпорынның эксперттік өлшем бойынша белгілі көрсеткіштердің орта салмақты рейтинг мәні (орны) ретінде есептелетін интегралды рейтингі анықталады. Келесі кезеңде кәсіпорындардың талданатын топтарындағы тәуекел деңгейі бойынша әр кәсіпорынның интегралды рейтинг мәні есептеледі. Рейтинге бірінші орынды экономикалық потенциалы жоғары және төмен деңгейлі тәуекелді кәсіпорын алады.

Басқару стратегиясы қойылған мақсаттарға жету үшін қаражаттарды пайдалану әдістері және бағыттарымен түсіндіріледі. Бұл әдіске шешімді қабылдау үшін белгілі бір ережелер мен шектеулер жиынтығы сәйкес келеді.

Тәуекел менеджментінде ынталандыру қаржы менеджерлерін, басқа мамандарды өз еңбектерінің нәтижесіне қызығушылықпен түсіндіріледі.

Тәуекел менеджментіндегі бақылау тәуекел деңгейін төмендету бойынша жұмысты ұйымдастыруды тексерумен түсіндіріледі. Бақылау арқылы тәуекелді капитал салымының табыстылығы, пайда мен тәуекелдің арақатынасы туралы, қызмет етудің бағытталған бағдарламасын іске асыру деңгейі туралы ақпарат жиналады. Осы ақпарат негізінде қаржылық бағдарламаларға, қаржылық жұмысты ұйымдастыруда, тәуекел

менеджментін ұйымдастыруда өзгерістер енгізіледі.

Тәуекел деңгейін төмендету бойынша шаралар нәтижесін талдауды ұсынады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейдахметов, А.С. Кәсіпкерлік, Алматы, 2021
2. Дональд Ф.Куратко. Кәсіпкерлік теория, процесс, практика. 10 басылым. Алматы. Оқулық. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, Астана.2018ж.
3. Ондаш А.О. Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметтер. Оқу құралы Алматы, Қазақ Университеті-2019ж.
4. Касенов К.Р.Агзам Ә.К.Аманкосов А.Ж. Кәсіпкерлік стратегиялар. Оқу құралы.Алматы.Қазақ Универ. 2018ж

**Web сайттар**

[www.wfin.kz](http://www.wfin.kz).

[www.ontustik.stat.gov.kz](http://www.ontustik.stat.gov.kz)

[www.group-global/publication/](http://www.group-global/publication/)

## **ШЫҒЫС ТҮРКІЛЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЭТНО-САЯСИ ҮДЕРІСТЕРІНЕ ЫҚПАЛЫ**

*Ералиева Ғазиза Жарылкасынқызы*  
*Шымкент университеті, магистр, аға оқытушы*

*Сапарбеков Ахан Арапатұлы*  
*«Жалын» жалпы білім беру мектебі*

Қазақстанның қалыптасу тарихында түркі дәуірі маңызды орынға ие. Ежелгі түріктер қысқа уақыт ішінде әлемдік дәрежедегі мемлекет құрып, сол уақыттағы әлемдік тарих сахнасындағы ең ірі мемлекеттермен байланыс орнатып, тіпті олардың кейбіреулерін кіріптар қылып қойды. Өз кезегінде Түркі қағанатының саяси дамуы көрші мемлекеттермен тайпаларға ықпал етіп, әлсіздерін өздеріне бағындырып отырды.

Француз тарихшысы Рене Груссе: «Қытайша деректерге негізделгенде түріктер бөріні төтем тұтады. Олар-ғұндардың ұрпақтары, Пеллиоттың пікірінше, ғұндардың бойында түріктерге тән кейбір ерекшеліктер бар» дейді.[1]. үгінде түріктердің ғұндардың ұрпағы екені ғылымда бұлжымас ақиқатқа айналды. Түрік қағанаты алғаш құрылған кезде (552ж.) Таң патшалығы әлі өмірге келмеген. Бұл кезде Түрік қағанатының оңтүстігінде

Қытайдың Солтүстік Ци (550-577) және Батыс Вэй (535-557) патшалықтары қатар өмір сүріп тұрған.

Түріктер жұржан ақсүйектерінің қолынан өз тәуелсіздігін алу үшін ұзақ уақыт күресті. Ең алғаш 487 жылы қаңлылардың жұржандарға қарсы күресіне қатысты. Кейін VI ғасырдың орта шенінде түріктер әр жылы өзен суы қатқан кезде Батыс Вэй хандығының солтүстік шекарасына басып кіріп, олардың мал-мүлкін барымталап алып отырды.[2]. Бұл кезде түріктер Идікұт патшаларына өз қыздарын беріп, олармен жақсы қарым-қатынаста болған. Себебі Идікұт патшасы олардың қыс кезінде Боғда тауының күнгейіне келіп, мал-жандарын өсіріп, қыстап шығуына жағдай туғызатын. 545 жылы Батыс Вэй патшасы Ю.Вэнтай Цзючуанда тұратын ғулардың өкілі Ано-Пантоны елшілікке жіберіп, бір-бірімен өзара көмекте болып, тату-тәтті өтуді өтінді. Өйткені оларға көршілері Шығыс Вэйге қарсы күресте түріктердің көмегі керек еді. Түріктер де олардың тілегін жерде қалдырмай, жауласқан екі мемлекеттің тіресуі кезінде өзінің әскери қуатын арттырумен болды.

Қытай деректері түріктердің алғашқы көсемдерінен Апаңбо, Еженшидо, Нар Тілек шад, Ежен шад, Ұлы Ябғұларды атайды. Бірақ бұлар жайлы егжей-тегжейлі деректер жоқтың қасы. Дей тұрғанмен Күлтегін, Білге қаған ескерткіштеріндегі түрікше мәтіндерде Түмен (мәтінде Бумын қаған делінеді) қаған мен Істеми қағандарды түріктердің ержүрек ата-бабалары ретінде суреттейді. Қытай деректері бұл екеуі ағайынды, Ұлы Ябғұның ұлдары дейді.[3]. Дерекке сәйкес, түріктер ұлы Ябғұның заманына келгенде көбейіп, күшейе түскен. Күлтегін ескерткішінде ол екеуі туралы; *«Үстінде Көк тәңірі, астыда қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, Адам баласы үстінде ата-бабам Бумын қаған, Істеми қаған тақта отырды, Таққа отырып түрік халқын, елін, төрін (үкіметін) тұтты, қалыптастырды»*, -дейді. [4]. Шынында да 546 жылы Ашына Түмен (Бумын) түрік тайпаларына басшылық етіп, алдымен телелерді бағындырып, олардан 50 мың адамды өзіне қосып алды, одан соң Алтай тауындағы Жужан (жұржан) ханы Анағайға кісі салып, қызын сұрады. Бұдан сәл ертерек түріктер осы жужандардың қол астындағы темір ерітетін күл еді. Түменнің сәлемін естіген Анағай *«сен менің темір ерітетін құлым бола тұра бұл сөзді айтуға қайтіп дәтің барды»* деп оған елші жіберіп, құқай көрсетеді. Түменнің де тілегені осы еді. Дереу келген елшіні ұстап алып, өлтіріп. Анағаймен ат кекілін кесіседі. Бірақ Батыс вэй хандығымен бейбіт қатынасты әлі де сақтап, 551 жылы олардан Чанлэ мәликені әйелдікке алады.

Келесі 552 жылы қаңтар айында Түмен зор қосынмен жұржандарға жорық жасап, олардың ордасын ойрандап, әскерін ойсырата жеңеді. Жұржан хаңы Анағай құсадан өзін-өзі өлтіреді. Әдетте тарихи кітаптарда дәл осы жыл Түрік қағанатының құрылған жылы болып табылады. Түріктер күшейген соң өздерінің бұрынғы ата-бабалары ғұндар секілді, батыс пен шығысты тұтастыратын керуен жолын уысына алып, ортадан пайда табуды көздеді. Бұл кезде Орта Азияның сауда күре тамырын иелеп келген эфталиттер ендігәрі парсы мемлекеті үшін қауіпті күш болудан қалған еді. Керісінше,

олар парсылармен болған соғыста үнемі жеңіліс тауып отырды.[5]. Парсылар мен арадағы бұл күш жаңадан бас көтерген түріктер үшін қауіпті болып көрінді. Сондықтан олар парсылармен одақтүзіп, эфталиттерді жоюды ойлады.

554 жылы Түмен қағанның ұлы Мұқан қаған парсы патшасы Хұсрау II-мен (Наушарбан 531 -579) байланыс орнатты. Келісім бойынша тараптар 554-558 жылдары екі тараптан эфталиттерге қарсы ірі жорық жасады. Нәтижесінде эфталиттер жеңіліп, патшасы өзін-өзі өлтірді. Түріктер мен парсылар екі жақтан келіп, олардың жерін бөлісіп алды. Парсылар мен Түрік қағанатының шекарасы Темір қапық болып белгіленді. Мұқан қаған мұнымен қоймай, шығыста қытандар мен татабыларға соққы беріп, солтүстікте қырғыздарды бойсындырып, Қытай қамалының сыртындағы күдіретті елге айналды. Бұл кезде Түрік қағанатының территориясы, қытай дерегі бойынша, шығыста Ляохайдан (қазіргі Ляохай өзенінің жоғарғы сағасындағы Пиньхай маңы) батыста Батыс теңізге (қазіргі Каспий теңізі) дейін болған 10 мың шақырым, оңтүстікте Құмдықтың солтүстігінен солтүстікте Байқал көліне дейін болған 5 мың шақырым аумақты өз ішіне алатын [6]. Бұл туралы Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде: *«төрт бұрыштағылар қарсы тұрып жау болды. Қол аттандырып, төрт тараптағы халықты бағындырып иеленді. Бағындырып бейбіт қылды. Бастыны жүгіндіріп, тізеліні бүктірді. Ілгері Қыдырхан жынысына дейін, кері Темір қапыққа дейін (халқын, елін) қоныстандырды. Осы екі аралықта көк түріктердің елі иесі иеліксіз өмір сүрген екен. Білікті қағандар болған екен. Алып қағандар болған екен. Бұйрықтары да білікті болған екен. Алып болған екен. Бектері де, халқы да адал болған екен. Сол үшін елдік құрып тұтынған екең. Елдік құрып төрін (Үкіметін) орнатқан екен»*, -делінеді. Осындағы «Темір қапық» сөзі Тоныкөк ескерткішінде де кездеседі. Ол-жоғарыда баяндалған Парсы мен Түрік қағанатының шекарасындағы жер аты. Дәлірек айтқанда Әмударияның солтүстігіндегі бір таудың аты. Ал Қыдырхан тауы-Қытайдың солтүстік шығысындағы Хиньган тауы. Демек, түрік халқы ертеде, дәлірек айтқанда, VI ғасырдың екінші жартысында Қытай мен Парсы мемлекетінің арасындағы осынау ұлан байтақ жерді өз қарамағына алған күшті бір мемлекетке айналды. Қол астына алған иеліктерінің осыншама кеңдігіне қарап, бұл мемлекетті империя деуге де болатын еді. Бұл кезде олар ордасын Алтай тауынан Ханғай тауының солтүстігіндегі Өтікен қойнауына көшірді.

Көне түріктер дәуірінде «Тәңірі» сөзі бірнеше мағынада қолданылады. 1) Аспан, дүние бөлігі ретінде; 2) Құдай ретінде; 3) құдайланған адам ретінде; 4) әмір етуші, әмірші. Осы политеистік менде Тәңірі аспанда, жерде, суда, тау мен жануарлар әлемінде де болса керек. Қазақтарда: «Көк тәңірі», «Жер тәңірі», «Аң Тәңірі», «Су Тәңірі», «Құс тәңірі» деген ұғымдар сақталған. Барлық сөз тіркестерінде «Тәңірі» сөзі «бұйырушы», «құдай», «билеуші» деген мағынаны білдіреді.

Көне түріктердің түсінігі бойынша жердегі өмірмен байланысы бар көк аспанның негізгі атрибуттары бұлар күн мен ай болған. Енисейлік құлыптас

ескерткіштерде «көк аспандағы күн мен айды жоғалттым» деген сөздер жиі кездеседі. Орхон түріктері күнге карап бағыт-бағдарды айқындаған. Көне түрік дінінде түрік Тәңірісі бейбітішілік Тәңірісі болатын, -деп жазды ұлы ойшыл Зия Гөкалып. Түрік дінінің өзегі болып табылатын ил (ел) сөзі «бейбітішілік» мағынасын беретін. «Елші, Елхан» «бейбітішілік қағаны» деген болатын. Түрік елхандары Манчжуриядан Мажарстанға дейін бейбітішілік орнықтырған, бейбітішілік саясатына бастамашылары еді.

Тоғыз қабат аспан әлемі туралы түсінік ұзақ уақыт бойғы даму сатысынан өткен және де өзге халықтар түсінігіне әсер еткен болса керек. Мысалы, монғолдардың түсінігінде аспан тоқсан тоғыз қабаттан тұрады, соған қарай Тәңірі атты 99 құдай бар. Ал еуропалық христиандар шығысқа тән дүниетанымды толық алмай, тек құдайыланған үштік Троица туралы түсінік қалыптастырған

Көне түріктік құдайлар пантеонында да бірнеше Тәңірі болған. Бірақ олардың саны нақты қанша болғанын айту қиын. Әйтсе де осы бағытта арнайы зерттеулер жарық көре бастағанын атап өткен жөн. Тәңіршілдік діни жүйесінде маңызда орын алған Бұт Тәңірінің бейнесі көне түріктер мәдениетінде қаған билігінің символын және қағандық (ер) пен қатундық (әйел) бастаудың бірлігі идеясын әйгілеген құдай болды деп түсіндіреді зерттеушілер Ю.А.Зуев пен Г.Е.Агелеуовтер.

Көне түріктер Жол тәңірі құт-берекеге жеткізеді деп түсінген. «Бірқ бітікте» Ала атты жол тәңірі және Қара атты жол тәңірі туралы мәліметтер кездеседі. Ала атты Жол Тәңіріне тән қасиеттер мыналар: а) оның ала аты бар; ә) ол ылғи қозғалыста болады; б) Адам баласы мен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі бар; г) Адаммен жақсы қарым-қатынас жасауға әзір. Көптеген түрік халықтары тілінде де «Ұмай» мен «ұма» сөзі мағыналас. Олар баланың орны, құрсақ мағынасында қолданылады. Ұмай сөзінің төркіні алтайша ана емген, сақаша бие деген мағынаны береді. Сонымен Ежелгі түркілердің ұғымында Тәңірі аспандағы ер рөлінде көрініп, «Ұмай-жер-ана болып қабылданған. Көне түріктердің Ұмай анаға табынуы Күлтегін, Тоныкөк жырларында байқалады. Мұнда қағанның әкесі Тәңірге, анасы Ұмай анаға теңестіріледі. [7]. Көне түріктер ұғымында Оған сөзі қасиетті жер-су деп беріледі. Жер-су культіне байланысты түркілер таудың жартастың, өзен-көлдердің рухына сиынған. Тау культінің негізіне жерден, судан және көктен келетін әрекеті жатады. Әр рудын өзінің қасиетті тауы болады. Бірінші түрік қағанатының түріктері Гобидің оң жағындағы Бодын-Інлі тауын, ал екінші түрік қағанаты түріктері Өтүкенді (Моңғолия жеріндегі Хангай таулары) қасиетті, құт мекен деп, қадыр тұтқан.

Бұл таулардың, өзендер мен көлдердің киелі аруағын қастерлеу емес, сол таудың, өзен мен көлдің өзін қастерлеп, құдірет тұту, яғни біз бұл арада табиғаттың рух бейнесін емес, өзін тіріге санап, қастерлеу ісін көреміз. Бабалар қалдырған жер-суды қастерлеу — жер-су культінің, басты мазмұны Орхон-Енисей жазбаларында бұл наным жер-суды иесіз қалдырмау қажет, әйтпесе жер-су киесі ұрады деп түсіндіріледі. Көне түріктер ұғымында жер-су адамның өзі өмір

сүретін әлемді білдіреді. Түріктер табиғатқа табынғандықтан өлген адамның денесін өртеп, жер ананың қойнына күл мен көмірін ғана жерлеген. Егер адам күзде не қыста қайтыс болса, әдет-ғұрыптарын жасап көктемде жер көгеріп, шөп шығып, жапырақтар жайқала бастаған кезде жерлейтін болған. Бұл әдет наным-сенімінен табиғаттың төрт кезеңіне толық табыну байқалады. Көне түрік жазба ескерткіштерінде адамдарға ажал жіберетін жер астындағы өлім құдайы Эрклиг жайлы айтылады. Ол әрбір адамның жанын алып, өмірін қысқартатын құдай бейнесі ретінде ұғынылған. [8].

Адамдар мен құдіретті күштер арасында жүретін қоғамдағы ерекше әлеуметтік топ шамандар болды. Шамандар көне түріктердің қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарған. Шаман атауы көне түріктерге дейін белгілі болған. Бұған б.э.д. бірінші мың жылдықтың аяғына қарай ғұндарда шамандар болды деп мәлімдейтін қытай деректері куә бола алады, қытай тарихшылары шамандарды ву деп атаған. Қазіргі заманда оқымыстылар бұл сөзді шаман деп нық сеніммен аударып жүр.

Қытай деректерінде ғұн шамандары «Жер рухына» құрбандық шалатыны туралы айтылады. Сондай-ақ ғұн жауынгерлеріне шамандар магиялық күштер арқылы жәрдем бергендігі баяндалады. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін қытай деректерінен үзінді келтірейік: «Сюннулер өздері жүрген жолдың өне бойында, сонымен бірге асуларда қой мен өгіздерді жерге көміп, рухтардан хан әскеріне өлім жіберілмеуін сұрауды өтінген». Тарбағатай өңіріне дейін жеткен юебань тайпаларының шамандары 449 ж. жужандармен соғыс кезінде жауға соққы беру үшін нөсерлі жаңбыр, қарлы боран және су тасқынын шақырған. Жоғарыда келтірілген мысалдар ғұндарда шамандар болғанын және оның кейбір қызметі мен әдістері біздің заманымызға шейін келіп жеткенін дәлелдейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ұлы түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. Үрімжі, 2006.
2. Киселев С.В. Из истории китайской черепицы. “Советская археология”, 1959, №3. 173-177 б.
3. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – Алматы, 2006.
4. Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр.-Астана:Елорда, 2001.-208б.
5. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы /ежелгі және ортағасырлық кезең/.-Астана: Адамар, 2007.-542б.
6. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. кн.1., М.-Л., 1952, 136-б.
7. Омарбеков Т. Қазақты құрған түркі тайпалары (VI-XIIIғғ.)// Қазақстан музейлері-Музеи Казахстана. – 2006, №4. -22-24бб.
8. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.

## ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО РЫНКА ЦЕННЫХ БУМАГ

*Ескендерова Г.Т. - магистр, старший преподаватель  
Байтерекова К.Б. - магистр, старший преподаватель  
Шымкентский университет, г. Шымкент*

Понятие ценной бумаги, привычное для казахстанского юриста, отличается от принятого во многих других государствах. В большинстве стран под ценной бумагой (securities) обычно понимаются такие инструменты финансового рынка, которые в Казахстане охватываются в основном понятием эмиссионной ценной бумаги. Деятельность по выпуску и обращению именно таких «ценных бумаг», называемых еще фондовыми или инвестиционными, и является объектом пристального внимания международного сообщества.

Объясняется такое внимание тем, что международный оборот инвестиционных ценных бумаг может существенно затронуть не только частные, но и публичные интересы, повлиять на удовлетворение не только экономических, но и политических интересов государства. Поэтому, далее речь пойдет преимущественно о фондовых (инвестиционных) ценных бумагах (акции, облигации, производные ценные бумаги и т. п.).

Современное состояние правового регулирования. Поиск инвесторами наиболее привлекательных рынков для вложения своих средств, с одной стороны, и стремление эмитентов осуществлять заимствования этих средств путем размещения ценных бумаг с другой, привели не только к широкому разнообразию экономических решений, но и к необходимости правового регулирования деятельности на международном рынке ценных бумаг.

Состояние кооперации международного сообщества в сфере правового регулирования рынка ценных бумаг можно вкратце охарактеризовать следующим образом [1].

Во-первых, право многих государств по-прежнему имеет существенные различия в регулировании рынка ценных бумаг. Многообразие подходов проявляется как в самом определении понятия ценной бумаги, так и в окружающих его правовых институтах и их конструкциях (принципы регулирования, требования к раскрытию информации, организация деятельности фондовых бирж и др.). Значительные расхождения можно обнаружить и в правилах, утверждаемых саморегулируемыми организациями.

Между тем правовые различия не могут исключить проявления экономических законов, неизбежно находясь под их воздействием. Так, стремление предпринимателей привлечь дополнительные капиталы через размещение или повышение котировки выпускаемых ими ценных бумаг на зарубежных фондовых биржах стимулирует эмитентов учитывать требования таких бирж, а также иностранного права.



Кемшілігі әр жерде- ақ көрініп тұр-ау, — деп, өзіне дейінгі бір топ ел ішінде аты белгілі ақын, жырауларды қатты сынға алса да, олардың шығармаларын оқып білді. М.Әуезов кезінде дәл басып танып: Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Бұның өз шығармасы — толғау. Жыраудың мақсаты міндеті — не болса сол көңіл ашар, әлдене дерліктей сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжамын, тарихи оқиғаның мазмұн бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады, — деп бағаласа, ақындық дарынның ерекшелігін Е.Ысмайылов: Ақын өмірдегі құбылысты, тарихи оқиғаны өзінің ой — өрісі дәрежесінде таниды. Ақын естігенінен гөрі, көзі көргенін тез сезіп, жылдам жырлап кетеді,-деп жазады. Бұл тұста ең алдымен М.Мағауиннің Қобыз сарыны атты кітабы мен Қ.Сыдықовтың Ақын — жыраулар, Е.Тұрсыновтың Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері деген зерттеулерін, Ә.Дербісалиннің Дәстүр және жалғастығы атты монографиясы мен Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті атты бірлескен еңбекті бөліп атауға болады. М.Мағауин аталған зерттеуінде ХҮ —ХҮІІІ ғасырларда жасаған ақын, жыраулар шығармашылығын алғаш рет жеке алып арнайы қарастырумен қатар, сол кітаптың Ақын және жырау атты соңғы тарауында бұл күрделі мәселені жыр құрлысы (ұйқас, ырғақ, бунақ, тармақ т.б.) ерекшеліктері тұрғысынан да байыппен ашып талдайды.

Жырау деген термин өзіміздегі жырлау, жыр айту, жырламақ сөзінен келіп шыққан. Мұның түп төркіні байырғы жыр, жыршы деген ұғымдармен астасып жатыр. Ш.Уәлиханов кезінде жырдың белгілі бір әуенмен қобыз сүймелдеуі арқылы орындалып, батырлардың ерлік істерін дәріптеуге құрылатынын айта келіп: Жыр дегеніміз- рапсодия Жырламақ

етістігінің өзі белгілі бір әуенмен жырлау мағынасын білдіреді. Бір жәйт: батырдың өмірі мен ерліктеріне қатысты оқиганың бәрі қара сөзбен баяндалады, жыр поэма қаһарманы мен басты кейіпкерлерді сөйлету қажеттігі туған кезде ғана қолданылады, — деп жазды. [1, 35 б].

Рас, жыр, жыршы деген ұғымдар әдебиетімізде ерте кезеңдерде- ақ туып қалыптасқан. Бұған өз жанынан шығарып айтуға мүмкіндігі бар әр алуан суырып салма ақындар жатқызылып келген. Қазақтағы жыр өлеңнің түр мазмұн құрлысындағы айырмашылық белгілерін алғаш танып әңгімелеген кісінің бірі – Құрбанғали Халидұлы ол ақын мен жыршының өлеңшілердей емес, өз жанынан шығарып айтатын дарын қасиеті бар деп санап: Ақындардың бір бөлігін жыршы дейді. Бұлар ақынмен тең түседі. Шығармаларында айырмашылық бар.

Ақын шығармасын өлең дейді. Олардың бір жолы төрт немесе одан да көп сөзден тұрады. Ал жыр болса, одан гөрі қисынға құрылған қиыннан қиысқан үш сөзден тұрады. Мысалы, Бұхар жыршының жыры (поэзиясы), Асан атаның мақал сөздері және Абылай хан қайтыс болғандағы Бұхардың көңіл айтуы да жырға жатады. В.В.Радлов жырды шумаққа бөлінбейтін импровизация, қайғылы жыр жоқтау деп жіктеп, ал жырауды – жыршы, көнені жырлаушы, алдын болжаушы (предсказатель) деп түсіндіреді.

Сондай-ақ, қазақ жырының көнелі сипатын әңгімелегенде Қайсібір жырларда көне түрік ұйқастарының заңдылық іздерісайрап жатыр, бұны, әсіресе сондағы аллитерация, акростих және ішкі ұйқастар мен көне мәтелдерден айқын аңғаруға болады,- дейді. Сөйтіп, жыр мен жыраудың импровизация тарихында ең көне тип екендігі Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, В.В.Радлов, Жирмунский, Х.Зарифов, М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Мағауин, Ә.Дербісалин, З.Ахметов, Х.Сүйіншалиев, Н.Келімбетов, Е.Ысмайлов, Р.Бердібаев, Н.С.Смирнова, Е.Тұрсынов, Қ.Айымбетов зеттулерінде түгел мақұлданған. Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, З.Ахметов сияқты әдебиетшілер жыраулардың эпикалық жыр тудырудағы рөлімен қатар, алдын болжағыш, білгір көрегендік қасиеттері баса көрсетеді.

Е.Ысмайылов жыраулардың қоғамдық рөлін аса жоғары бағалай келіп: Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып көбінесе заман- дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар мен болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған,- деп ой түйсе, Ә.Марғұлан: Жырау ру басы ақсақал, халықтың көкейтесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда ғана болмаса, суырып салып жыр бермеген.

Ел құрметіне бөленген жырауларға жұрт болашағына қауіп төніп, қалың бұқара жол таба алмай, тығырық тығылған екіталай ауыр сағаттарда ғана ақыл салып, кеңес сұрайтын болған. Болашақты барлап болжам айту – көреген де білгір жыраулардың поэтикалық өнердің басты тәсілі болып саналған,- деп жазады. Ал, З.Ахметов жыраудың әлеуметтік қызметтің эпостық жырлармен байланыстыра қарап: Жыраулар творчестовасының жанрлық ерекшеліктері, олар өз жырларын қазақ халқының көне поэтикалық

үлгісі-толғаулар арқылы таратқан. Жырау сөзінің көп мағынасы эпостарда ғана сақталып қалған. Мұны эпостық кейіпкерге айналған Сыпыра бейнесінен анық аңғарамыз. Бертін келе бұл ұғым өзгерген, жаңа мағынасында қолдана бастады,-дейді.

Жыраулар импровизация дәстүрін қалаушылар емес, оларды жалғастырушылар Ә.Тәжібаев: Жырау- сөз жоқ ақын. Ақын болмай жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық – ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы,- деп жыраулық дәстүрді әдебиетте орны бөлек, жеке сала ретінде қарастырады. Ал, Ә.Марғұлан: Жыраулар эпикалық жырды жасаушылар болумен қатар, қоғамдық өмірдің барысын, болашақты болжап айтатын жеке профессионалдық топтың да ірі өкілдері. Бұл пікірді Ә. Қоңыратбаев әрі қарай жалғастырып:Ертегі, ұсақ салт жырлары жәй айтушылардан басталса, эпос профессионал жыраулардың үлесінде болған- дейді. Бұл- әдебиетіміздің дамуындағы өзге де қайталанбас басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. [1, 38 б].

Қазақ жырларының сан ғасырлық шығармашылығын негізінен үш кезеңге бөліп қарастырған жөн сияқты. Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалағаналғашқы өкілдері: Қорқыт, Аталық ( Кетбұға), Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуір ХІ-ХІҮ ғасырларды қамтиды.Жыраулықтың қалыптасу кезеңін белгілейтін екінші топқа Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет шығармалары кіреді.

Мұның кезеңі ХҮ-ХҮІ ғасырлар.Үшінші топты жыраулықтың әбден толықсып, кемелденген кезеңіндегі өкілдері: Үмбетей, Жиёмбет, Тәтіқара,Ақтамберді, Бұқар жыраулар құрайды. Бұған ХҮІІ –ХҮІІІ ғасырлар жатады.Сондықтан бұл кезеңдердің ерекшеліктерін ашып әңгімелеуді жыраулық поэзиясының бірде-бір көрінісі- толғау жанрының қалыптасуынан бастау қажет. Толғау – әдебиетіміздің өз ерекшеліктерімен көрініп, көне дәуірлерде туып қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі-, дейді Б.Әбілқасымов.

Толғау қазақтың жыр толғау, толғап айту деген сөзінен алынып, жеке термин ретінде әдебиетімізде кейінгі Кеңестік дәуірде ғана қалыптасты. Толғаулар өзінің жүйелі табиғатымен оқиғасы бар жырға тонның ішкі бауырындай жақын, үндес. Бізге жеткен толғаулардың халық өмірінің аса бір жауапты, күрделі қиын бір тұсында айтылып таралғаны аңғарылады. Жыраулар толғаған суырып- салма жырлар философиялық ойға құрылған тұжырымдармен де, жеке адам бейнесін жасаған салиқалы да тартымды, мазмұнымен де дараланады. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы жүйелі сөз болады. Осы ерекшеліктермен мұны эпикалық жырларға көп ұқсатады. Мәселен, Сыпыра жырларының жеке күйінде жетпей, эпостарда кездесуі де көп мәселенің сырын аңғартса керек.

Әрбір әдеби туындылардың алғаш пайда болуы мен қалыптаса дамуы соның авторларының аренаға шығуы мен тікелей байланысты десек, толғау

жанырының ең алғашқы өкілдерінің бірі деп, ең алдымен, Сыпыра жырауды айта аламыз.

Рас, оған дейін де кейбір деректерге қарағанда Ұлық жыршы, яки Аталық жыраудың (13ғ) бар екенін білеміз. Тіпті бұдан ілгері, Шоқан Уәлиханов айтқандай: Өзгелерге жыр жырлау өнерін үйреткен бірінші жыршы -Қорқыт ата бар. Өкінішке орай, Қорқыт атаның жырлары белгісіз бір себептермен бізге жетпей, оның орнына сол туралы тек үзік-үзік аңыздар мен әпсаналар ғана сақталып қалған. Ал, Ұлық жыршы, яки Аталық жырауға (кейде Кетбұға деп те аталады) келсек, оның Жошы хан өлгенде әкесінің айтқаны деген жалғыз жоқтау жыры мәлім. Оғызнаме дастанында да Оғыз қағанға жыр толғап, болашақты болжайтын керемет толғаулар айтады.

Дегенмен, әйгілі Қорқыт ата кітабында әрбір келелі оқиғаларды баяндау алдына үнемі Қорқыт атынан бірде Дерсе, енді бірде Баяндүр ханға арналып айтылатын сөздердегі Қорқыт атам сөз сөйлеп, жыр толғады. Бұл хикаяны өзі шығарып, өзі жырлады деп, үнемі қайталанып келетін жолдардың өзінен- ақының жырды суырып салып айтқан Көмекей әулие - жырау болғаны айқын аңғарылады. Осы баяндаулар өзінің арнау үлгісінде келуі мен ұлағатты мазмұны арқылы да қалыпты жыраулар поэзиясына жақын тұр. Бір кезде толғау түрінде айтылған бұл жырлар кейін қара сөзге айналған тәрізді. Бұлардан Сыпыра жырау жырларының табиғаты біршама өзгешелеу.

Сыпыра жыраудың аты да, толғауы да белгілі бір себептерге орай эпикалық жырлар (Ер Тарғын) мен ертегілерде (Құбагүл) ғана ұшырасады. Бұларда ол ел-жұртқа қадірлі ақыл иесі, көп жасап, көпті көрген дана, алдын болжағыш абыз, сәуегей кісі болып суреттеледі. Ханда, қара да ақыл таппай қысылып тығырыққа тірелгенде, көпті көрген көне Сыпырадан кеңес сұрайды.

Мұның бәрінде де Сыпыра Алтын Орданың белгілі ханы Тоқтамыстың қасындағы көреген биі, кемеңгер ақылшысы ретінде сипатталады. Қазақ жырлары мен ноғай ертегілеріндегі Сыпыра бейнесі бір-біріне табиғи өте ұқсас, көп жасағаннан адам көрер түсі жоқ, аузында отыз тісі жоқ деп сиықсыз да ұсқынсыз қарт болып сипатталады. Сол аңыз — ертегілер мен батырлық жырларда жиі аталып, өзінің 180жыл жасаған өмірінде тоғыз ханды қолынан өткізіп, тоғыз ханды түзеткен Сыпыра туралы тарихи деректер жоқтың қасы. Алайда, Сыпыра жырау туралы айтқанда, ең алдымен, білікті ғалым Ә.Марғұлан еңбектерін негізге алған жөн. Ол кісі дала эпостарын жасаудағы жалпы жыраулардың, соның ішінде Сыпыраның рөлін өте жоғары бағалай отырып, оны XV-XVII ғасырлардағы көптеген қазақ ақындарының көшбасшысы және ноғай-қазақ эпостарын (Ноғайлы жыры) бірден- бір жасаушы кісі — деп көрсеткен еді. Заман талабына сәйкес жыраулар қашанда хан қасынан табылып отырған, демек, бұған Сыпыра жырау өмірі де айқын дәлел. Ол әр алуан жырларда ең әуелі Тоқтамыс хан мен Ер Тарғын батырды татуластырушы, енді бірде Едіге мен Тоқтамыс арасындағы кек- жанжалды басушы, тағы бірде Тоқтамыс ханға

қарсы көтерілген халық толқуын кемеңгерлікпен тоқтатушы данышпан ретінде көзге түседі.

Сөйтіп, жыраулар, көбінесе, өзінің көріпкел, болжағыштық, дана кемеңгерлік қасиеттері арқылы әр кезеңде белгілі бір ханның қысылғанда кеңес сұрар ақылгөй жыршысы, салауатты биі болғанын көреміз. Бұған дәлел ретінде көне дәуірдегі Қорқыт пен Дерсе, яки Баяндүр хан, Ұлық жыршы мен Оғыз қаған, Ұлық жыршы мен Шыңғыс ханнан бастап, бертіндегі Сыпыра мен Тоқтамыс, Асан қайғы мен Жәнібек, Шәлгез бен Би Темір, Жиёмбет пен Есім, Бұқар менен Абылай хандардың іс-әрекет, қарым- қатынастарын айта аламыз. Бұл туралы кезінде: Әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш, өткір деген суырылған шешеннен, судырлаған ақыннан алатын. Бұлардың саяси салмағы зор болғандықтан, аузынан шыққан сөз де олқы болмауға тиіс. Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қоржындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Бұлар қазақтың жоғарғы табынан шығып, ел меңгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің бәрі ел мұңына, ел қамына арналған сөздер болады, -деп М.Әуезов айтқандай, жыраулардың әлгіндей өз бастарындағы артық қасиеттерінен тыс, азулы жуан, саны көп рулардан шығуы да тіпті өзінің ел тағдыры шешілетін ауыр кезеңдерде қол бастайтын әскербасы- батыр болуы да хан қасынан табылуға мәжүр еткен.

Олардың хан қаһарынан қаймықпай қашан да батыл сөйлеп, шындықты тайсалмай бетке айтуы да осыдан. Қазақтағы Әр ханның тұсында бір сұрқытай деген мәтелдің шығу төркіні де осы айтылған оймен терең сабақтас.

Бұған ақындар өмірі де айғақ бола алады. Мәселен, Сыпыра тұлғасы үнемі біздегі батырлар жыры мен ертегілердің басты қаһарманы ретінде суреттелу арқылы өзінің жыр толғаумәнерімен де, көреген сәуегейлігімен де қалыпты жырау болып танылды. Сөйтіп, бұл туындыларәлеуметтік мазмұнға құрылған сипаттары мен ел болашағын жырлауы тұрғысынан дараланып келген, осы дәстүр кейінгі жырлардан да мол көрініп, кең көрніс тауып, мазмұны мен көркемдігі жағынан кемелдене түсті.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Ардановский С.Н. Историческое единство человечества и взаимное влияние культур. Л., 1967.- 112-113б.

2. Әуезов М., Соболев Л. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. А., 1962. – 87 б.

3. Бердібаев Р. Дәстүр тағлымы. А., 1973. - 38 б.

4. Бисембиев К.Б. Очерки истории общественно-политической и философской мысли в Казахстане. А., 1976.

5. Қасымжанов А., Алтаев Ж. Ежелгі рухани таным және қазақ философиясы. Альманах. «Мұрагер», 1992.№1.2.

6. Қасыбек А.Қ. Қазақ философиясы дамуының тарихи ерекшеліктері. ҚазМУ Хабаршысы. А., 1994.

7. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. А., 1996 – 12 б.

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕУЛЕР**

*Нуржанова Айсулу Нагашибаевна –  
ҚТМ-22тобының 2 курс магистранты  
Шымкент университеті, Тассай*

Қазіргі әдеби тіліміздің екі түрі бар екенін зерттеушілер мойындап жүр. Оның бірі жазба әдеби тілде, екіншісі әдеби тілдің ауызекі сөйлеу түрі. Бірақ олардың пайда болуы генезистік арналарына келгенде ғалымдардың пікірі түйіспейді. М.Балақаев әдеби тілдің ауызекі сөйлеу түрі тек жазба әдебиетімен байланысты пайда болды десе, «қазақ әдеби тілінің қалыптасуы тарихымен даму жолдары» деген еңбектегі беташар кіріспе мақаланы жазған редакция алқасының мүшелері: «әдеби тіл, бір қырынан алып қарағанда, жазба тілге тәуелді болса, екінші жағынан одан дербес бағытта қалыптасады, өз бетімен дамиды». Сондықтан қазақ әдеби тілінің тарихын тек қазақ баспасөзінің шығу тарихына келіп қараудың қажеті жоқ сияқты деп жазады.

М. Әуезов былай деген еді: «Әлі біздің әдебиеттік тіліміз қазақ тілінің бүгінгі барлық қорын жазба бетіне түсіріп болмаған жағдайда жазушы да, әсіресе, қазақ тіліне өздері шорқақ тіл мамандары да біліп болмаған, баурап алмаған тіл қасиеттері, сөздік байлықтары Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарында мол болып жатқан шақта, «анау лайықты сөз қабыл алынады, мынау диалект, бұны қолдану орынсыз» деушілер тіл баюына жәрдем етпей, шалағайлық етеді. Халық көпшілігі бір өлкеде сөйлеп жүрген сөзді алғызбай, «анау сөз балғын, мынау сөз қалғын» деп омырау жасау, өздері зерттеп, еңбек етіп жүрген тілінің қадірін түсінбеу – мезгілсіз солақайлық» [2, 136].

Түрік және парсы мәдениетінің нәрлі ұйтқысында туындап, араб дүниетанымының қуатты ықпалымен толыққан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын дүниеге келтірді. Оның «құтты білік» атты кітабы-бограхан тілінде түрік сөздерімен жазылған өмірлік ақыл-ойдың өмірлік ескерткіші.

Бұл еңбекте ғылым мен мәдениеттің әр қилы салалары саяси жағының басылмағандығымен әр қырынан ашылды, мінсіз қоғам қағидалары беріліп, үлкен өмірлік деректер жалпыланып, жазушы өмірінің дүниетанымдық негіздері ашылды. Белгілі бір теориялық тұжырымдар негізінде адамның өмір сүруінің нақты күнделікті бағыттары белгіленеді, өмір міні пайымдалды. Шығармада көтерілген әр түрлі адамдар арасындағы қатынас қағидалары қоғамның әлеуметтік орнын айқындауда белгілі рөл атқарады. Мұнда қоғамда сол кездің өзінде бар әлеуметтік шындық көрініс тапты. Сондықтан да адам мен қоғамның айқын да нақты философиясы көзге ұрып тұр.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны да соншалық мол мазмұнды арқау еткенмен, негізгі айтар ойы -адамның адами жетілуі мен



кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамда қуатты құтты ету. Дастан мазмұны өте астарлы, танымы терең де тұңғық-түсініктерге толы. Оған ерекше үңіліп, зерттей қарар болсақ. Шығарманың өзегі- толық адам екенін танымыз. Дастандағы құт-береке мен бақ толық, жетілген адамның еншісі. Ақынның айтуы бойынша, құттың кілті- кісінің ділі, тілі, қылығын бірдей қамтыған жан-жақты жетілуі мен кеіелденуі. Толық адам –өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол кісілікке жат қасиеттен әбден арылып, тазарған, ішкі рухани дүниесі, ділі, діні ағарып, періштелікке бет алған адам. Түптің түбінде, дастан мазмұнынан құт-береке, бақытқа өз әлемін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі дастанның ең басты идеясы.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны адамдық мектебінің оқулығындай көрінеді. Ақында «Өзіңді сақта» деген көп қайталанатын қағида бар. Оның «Өзіңді сақта» дегені кісінің өзін танытар қасиеті – адамдығы мен кісілігіне қатысты айтылған. Затың адам болған соң, қасиетіңе лайық бол, діліңе дақ түспесін, адал бол деп жар салудан ақын жалыққан емес. Адамның өзі адамдық, кісілік қасиетінсіз қаңырап бос қалады. Оның адам атанып жүруі де қасиетін танытар адамгершілік бар. Кезінде ғана болатын жағдай. Әр нәрсеге де тірлігіне тірек, қасиетіне негіз болар ділі мен мәні қажет. Адам ділімен, адамдық, кісілік қасиеттерімен ғана ардақты, қадірлі. Әдетте адам жоқты аңсап, армандайды, асыл нәрсе қашанда зәру, сиректігімен қымбат. Кісілік те көрінгеннен табылып, әр кісіде кездесе бермейтін асыл қазына секілді. Дастанда шын мәніндегі көңіл тоярлық кісіліктің сиректігі, жоқтығы жиі айтылады. Ақын шығармасы да осы зәрулік пен қажеттілікке байланысты туса керек. Дастан мазмұны кісіліктің қадір – қасиетін жан- жақты танытуға құрылған.

Ақын кісілікке кенделік пен құштарлықты өз қадірін тұтқан тұтқан кейіпкері Күнтуды Елікке айтқызып отыр. Күнтуды бек кісілікті жоқтаған осы күңіренісінен бастап бүкіл тірлігінде түрлі қасиеттерден сол кісілікті құрап, қуатты етіп, кемелдендірумен көрінді. Төрт кейіпкердің өзара сұхбаты мен әрекет-тірліктерінен танылатын керемет кемел кісілік -ақын арманы мен қиялының жемісі. Көбіне ақын ақыл, арман-қиялымен тапқан кісілігін өмірден ұшырата алмай қиналады, қатты қамығады.

Соншалық сирек, тіпті жоққа айналған кісілік- кісінің тіні, негізі, қасиеті екені көп айтылады. Егер аты мен затын танытар кісілігі мен адамгершілігі жоқ болса, адам адам, кісі кісі емес. Дастан әр нәрсенің сыртқы құбылысын ғана танып, сон ғана қанағат көріп қоймай, ең түпкі негізгі- мәнін ашып әңгімелеумен құнды.

Жүсіп Баласағұн мен Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы мен жетістігі де осы. Олардағы адамгершілік мәселесі құбылыс ретінде әбден жетілген толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні – махаббат пен әділет, ізгілік аралығында адамгершілік асыл қасиеттің қыр-сыры жан-жақты ашыла береді.

Жүсіп Баласағұн мен Абай бізге Платонның жолын қуған ой сапарындағы шәкірті Плотин айтқан адамдықтың мүсіншісіндей көрінеді. Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым Эль –Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Жүсіпте әбден жетілген, толық адамның дәстүрлі таным екенін тағы да бекіте түседі. Плотин мен Эль-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз парқынан ләззат алу танымы Жүсіп Баласағұнда бар.

Тек Жүсіп әл- Фарабидегі кемелділікті әбден жетілген, толық адам, ал жүректі мекендейтін үстем күш пе талпынғыш күшті шексіз сүю мпен ыстық ықылас түрінде танытады. Әл- Фарабидің ғылыми танымын Жүсіп көпшілік қауымға жетуі көркем әдебиет туындысы арқылы өз санасынан өткізіп барып қайта ұсынатындай көрінеді. Әрине ақын ойы да оқырмандарына оңай, жеңіл таныла бермейді. Сөйтсе де Әл- фарабидегі ғылыми таным ақын арқылы талапты тыңдаушыларына біршама жеңіл жетеді. Мәселен ,Әл- Фарабидің соншалық терең толғаныстан туған мына бір түйінді танымын Жүсіп өмірі мен шығармашылығына бірдей дарытып, өмірлік мұратына айналдырған: «Дене жан үшін , алжан мінсіз жетілгендік үшін , яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді . Демек, жан даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді». Әл-Фарабидің осы ойы -өзінің ғана емес, ой сапарындағы өзінен кейінгі көп кісілердің қасиетті құбылнамасына айналғаен аталы сөз. Орта ғасырдағы суфизм өкілдерінің шығармаларында тәнді тежеп, нәспіні жою жиі айтылады. Олар уағыздаған шексіз ізгілік , тәңірін риясыз сүю кісіні тәнті етеді. [3, 13б]

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны да соншалық мол мазмұнды арқау еткенмен , негізгі айтар ойы таным мен ізгілік атты екі арнадан табылады. «Құтты білік» дастанының мазмұнынан ұғарымы кісі өзін- өзі құрметтеп, кісілікті болып көрінсе, өзіне ғана тән тірлігі мен қасиетін танытады,кісілерге жақсылық, ізгілік жасап, адамдығын асырады. Әйтеуір тірі жүріп кісі атана қою қиын, әркім де кісілік жасап қана адам атанады. Тірліктің де, адам болудың да ақтауы мен кепілі-кісілік пен адамдық. Ал кісілік пен адамдық әл- Фараби айтқандай, даналық пен қайырымдылықтан, яғни ізгілік пен танымнан тұрады. Адамдағы барлық қасиет танып-білу мен ізгі болудан бастау алады. Жүсіп Баласағұнның адамдық пен кісілікті шексіз құрметтеп, дәріптеуі осы танымнан туса керек. Дастанның бүкіл мазмұны кісіліктің қадыр-қасиеті, мән- мағынасы , қырсырын әңгімелеуге құрылған. Сөйтсе де ақын шығармасының әр тұсында түпкі ойын тыңдаушысына соншалық жеңілдетіп, жалаңаштап, ашық айтып жеткізуге тырысады. Көбіне қат- қабат қыртысты, күрделі күйде келетін астарлы асыл ойларын әр түрлі әдеби тәсілмен онан сайын «тұмшаламай», тура ашық айтады.

Кісінің де, қоғамның да жетіліп, кемелденуін көздеген Ж. Баласағұн әрбір жеке адамның ең әуелі кеселді қасиеттерден тазарып, арылуын тілейді. Жан- дүние, ділің мен әрекетінің кеселді қасиет, ой, қылықтан тазаруы – кісілік кемелділіктің кепілі, әрі оның алғашқы асуы секілді. Кісілік

кемелділіктің кеселі асуы- кеселді қасиеттерден арылып, тазарған жан-дүние , діліңе асыл қасиеттерді сіңіріп, дарыту. Ақындағы адами асыл қасиеттердің жырлануы өз алдына үлкен әңгіме. Кеселді қасиеттерден арылып,, тазарған әр адамның енді асыл қасиеттермен толығыуы –кісілік кемелділік көрінісі. Ақынның басты мақсаты да осы.

Қазақ елінде сопылық жол , оның ішінде әдебиеттің асыл жауһарындай Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» аса жоғары бағаланған. Бұл шығарма алғаш қолжазба күйінде қолдан- қолға тарап, мәнерлеп оқи алатын кісінің белгілі бір әуен , сазбен дауыстап оқыған жыр жолдарын ұйып тыңдайтын болған. Ал Шығыс мектеп , медреселерінде білім алған адамдар жырды өз беттерінше оқып тәлім алатын болса, он бір, он екі буынды әуенге негізделген жырларды алқа қотан отырып , зікір айтушылар да еркін пайдаланатын мәлім. Бұған қарағанда араб тілінде жазылған Құран Кәрімді оқи алмайтын, оқыса да түсіне бермейтін қалың қауымның мұсылманшылықтың қағида – шарттарын бірден-бір қажетті кітабы сол «Диуани хикмет» болғаны даусыз. Кешегі дінге шабуыл жасаған Кеңестік дәуірде де мұсылмандар Түркстандағы Яссауи кешеніне келіп дұға қылуды сәті бәсеңсіткен жоқ. «Кіші мекке» атанған қасиетті орынға жұртшылық легі толастаған емес. Мұхамед пайғамбар негізін қалап, Жер жүзінің көптеген елдері қабылдаған ислам дінінің , алдымен, Қазақстанда, қала берді Орта Азия мен Кіші Азияда орнығып қанат жаюына осы кітаптың айрықша қызмет атқарғаны ешбір дау туғызбады. [3, 136]

Сол себепті бұл аталған кітаптың қасиеттілігі мен құндылығына ешкім шек келтіре алмайды. Қайта бүгінгі қылмыс пен рухани азғындау күшейіп тұрған тұста әлсіретіп алған дініміз бен тілімізді қайта қалпына келтіруге «Диуани хикметтің» әлі де септігі тиері сөзсіз. Бұл еңбекте адам баласының әділдік , адамгершілікпен өмір сүруі үшін қажетті мәселелер толық ашылып дәлелденген. Тек бұған жан-жақты мүмкіндіктер қарастырылып, кең жол ашылуы қажет. Қазақ ақын-жырауларының арасында , әсіресе , Шығыс медреселерінде оқып, білім алғандар сопылық жолды құрмет тұтып, жоғары бағалаған. Бұл бағытта жол ұстаған кісілерді әулие санап, қастерлеп келген. Шынында да дүние қызығын тәрк етіп, құлшылықты ұстанған күнәдән пәк, адал жандар ғана сопылық жолға түседі деп санаған.

Керісінше өле- өлгенше әділетсіздікпен арпалысып, ел әкімдеріне қарсы сөз айтқан ақын бізге белгілі. Дегенмен , сопылық іліммен терең қаруланған ақындарда өздерін түрлі нәрселерге теңеу көптеп кездесіп отырады. Бұл дәстүрлі сипатқа ие болған .

Сондықтан Шортанбай жұрт алдында өзінің діни ұстанымын көрсету үшін де аз ғана дүниесін көпке балап отыр деп айтуға толық негіз бар.

Яссауи үлгісін Шортанбайдың қаншалықты қабылдап, өз шығармаларына өзек еткенін аңғарып білу үшін салыстыру жасасақ артық болмайды.

Яссауидің бір кезде патша мен уәзір, дәруіштері, ақырзаман ғалымдарын қайырымсыз, әділетсіздігі үшін сынағаны мәлім. Ақын олардың тобын әшкерелеп:

Ендігі бір тонның ішкі бауындай жақын, астасқан ой- пікірлері ертелі-кеш бір келетін өлімнің хақтығы жөнінде болмақ. Шортанбай өлімнің бай , кедей патша деп таңдамайтынын әрбір пәнденің ажал құшағына түсетінін, оған жиған мал, асыл жиһаздардың пайдасы жоқ, дегенмен ой бірлігін тану үшін де бұларды қатар қойғанның артықтығы бола қоймас.

Бұлардан Шортанбайдың дидактикалық мазмұнды пайдаланғанда Қожа Ахмет пен одан кейінгі ақындар дәстүрін жалғастыра отырып, дамыта көркейте жырлағанын көреміз. Әсіресе әділетсіздік , жауыздық, зұлымдық жайын сынағанда, оларға әлеуметтік- қоғамдық іділ бағасын беріп, дін, шариғат талаптарыменг ұштастырады.

Әбубәкір өзіне дейінгі және кейінгі қазақ ақындары қалыптастырған жас сипатын бейнелеу үлгісін ауытқып, жас ерекшеліктерін ғылым- білімді игеру тұрғысынан алып суреттейді.

Рас, қазақ ақындары жас шамасын жырлауда оның күш- жігер, қайратқа қатысын ашуға ерекше мән бөріп келгені мәлім. Әсіресе, бұлар күш –қайраттың әбден жетілген шағы жігіттік кезеңді жиырма бес жасты аңсап, кәріліктің азап қиыншылықтарын өкіне еске алатынын білеміз. Бұхар жырау - «Жиырма деген жасыңыз, Ағып жатқан бұлақтай , Отыз деген жасыңыз, Жарға ойнаған лақтай, Қырық деген жасыңыз,Ерттеп қойған құр аттай », десе мұны басқалар, мәселен, «Он бес деген жасым-ай, Жарға ойнаған лақтай, Жиырма деген жасым-ай, Көлге біткен құрақтай, Отыз деген жасым-ай, Қырымға да көз салған, Байлаулы тұрған құр аттай », -Шал, «Он бес деген жас қайда , Жарға ойнаған лақтай. Қайда кеттің жиырма бес, Тастан шыққан бұлақтай», -Дулат, «Тостағанды қолға алып, Айқай салған жиырма бес, Шаншатұғын найзадай, Қылтың еткен жиырма бес,...Жиырма бестен өткен соң, Орда бұзған отыз бес ... Елу бестен өткен соң, Әрмен-бермен алпыс бес », -Шернияз, «Ақын боп жиырмамда желдей бодлдым, Отызда асқар биік белдей болдым, Отыз асып қырыққа келгеннен соң, Қаптаған жердің жүзін селдей болдым...Жетпіс асып сексенге келгеннен соң, Жігіттік көрген түспен теңдей болдым», - Сүйінбай, «Қырық жаста қырмызыдай қылаңдадым, Елуде шортандай боп бұлаңдадым. Алпыста алшаңгердей алшаң басып, Жетпісте жер таянбай тұра алмадым» , - Зілқара, деп жырлайды. ал Әбубәкірдің жас шамасын бейнелеуіне оралсақ , бұлар жоғарыда жырлағандай емес, адамның оқуға деген қабілет –дарынын бағалау тұрғысында болып келеді. Осы сипаттармен де бұл жырлар Яссауи өлеңдеріне тым жақын Айталық , ол алтыға дейінгі жасты ойынға тоймайтын балалық бал дәурен деп сипаттаса, жеті жасты ғылым-білім үйренуге бірден-бір қолайлы кезең санайды. Содан он төртке дейінгі мерзімді түгелдей оқу мен білім жолын игеретін кезең деп қорытады. Ақынның алғашқы жеті жасты бөліп алып сипаттауы ойға қонымды әрі ұтымды дей аламыз.

Қазақ ақындарында жалпы адамгершілік, әділдік мәселесін жырлауда ерекше бір орын алатын салыстырудың тұрақты түрі: жеті қазынаның бірі ит пен адам бейнесіне байланысты туып, қалыптасқаны аңғарылады. Мұның алғашқы бастаулары қтығын ескере отырып, оның дүниеқоңы Яссауи жырларынан өріс алып, әр алуан сипаттан түрлене дамығанын көреміз. Айталық, Яссауи иттің өзі тойса да, көзі тоймайтын ашқарақтығын ескере отырып, оның дүниеқоңыздықтың бейнесі ретінде сипатталатыны бар. Дулат- қоғамдағы өз орнын білген сауатты ақын. Сондықтан ол өзін жайдан-жай «төбетке» теңемесе керек. Сондағы ақынның халық алдындағы, тарих алдындағы кінәсі не? Заманның күйін күйттеп, келешегін ойлап, сары уайымға салынғаны ма, әлде Ресей империясының отаршылдық саясатына ашықтан- ашық қарсы шыққаны ма? Осы жерде ақынның өзге де қалтарысы мен құпиясы мол өлеңдерімен салыстыра отырып, өлеңдегі «меннің» орнына «сенді» ауыстырса дұрыс болар еді-ау деп те ойлайсың. Сонда аталмыш өлеңнің бүкіл табиғаты өзгеріп, заман келбеті, ақынның ойы ашыла түсіп, өзге өлеңдермен үндесіп шыға келеді. Дегенмен, ақын өз заманында айтарын айтты. Оны қайта түзету біздің еншіміз емес. Біз тек ақын айтқан ойды дұрыс ұғынып, әділетті бағасын беруіміз керек.

Ақын бітім- болмысымен халықтың қамын ойлап замана шындығын сыни тұрғыда айта отырып өз- өзінің сол әрекеті үшін сынамаса керек-ті. Оның үстіне ақын шығармашылығында бай- шонжарлардың сойылын соғып күн кешкен, тамақ асыраған кездері байқалмайды. Керісінше ақынның ащы сыны «әттегенайы» байқалады. Тұрлаусыз заманның келбетін жырлап, жарға соғылған шабақтай бірде есеңгіреп, бірде тыныш таппай аласұрып күн кешкен ақын өзі арқылы өзгенің тірлігін ащы сынға алуы әбден мүмкін. Бәлкім ақын айтпақшы ойын өзінің бойы арқылы өткізіп сол арқылы өзгенің әрекетін сынамақшы болар. Қайткен күнде де ақынның «мені» сол дәуірдегі адасып орынын таба алмай, шалыс басып шалдыққан, дем ала-алмай шаршаған, өз-өзінен жиіркенген образдың жиынтығын танытады.

Сонымен Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» арқылы өзінің діни-философиялық, үгіт насихаттық мазмұнымен алғаш қыпшақ,, оғыз тайпалары арасында, кейін жеке-жеке ұлт болып қалыптасқан қазақ, өзбек, түрік, татар, башқұрт, тағы басқа халықтар ішінде кең тарап, ислам дінінің сол мекендерде орнығып қалыптасуына толық жағдай жасайды. Түрік тілінде жазылған алғашқы шығарма болғандықтан, оны қалың бұхара да, соның ішінде ескіше оқыған зиялы қауым, сауатты ақын-жыраулар да аталған туындыны құрмет тұтты, оған еліктеп өз шығармаларын жаратты. Әсіресе қазақ ақын- жыраулары өз жырларындағы діни мазмұн мен дидактикалық сипаттың мол көрініп, тың серпінмен дамуына мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде Шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрлі қазақ поэзиясының өнімді де өнегелі таусылмас арнасына айналды.

#### **Пайдаланаған әдебиеттер тізімі**

1. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. Алматы: Қазмемоқуыпедбас. 1961. -79 б.

2. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы: Ғылым. 1967. -47-48 б.
3. Құрышжанұлы Ә., Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы: Қайнар, 2001 – 469 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті .-Алматы:Атамұра, 2006
5. Жұбанов Қ. Қожа Ахмет Яссауи // Жұлдыз, 1999
6. Наджиб Э.Н. Первый тюркоязычный поэт-мистик века Ахмад Есеви его «Диван-и хикмет» // Исследования по истории тюркских языков XI- XIV в.в. Москва, 1989

ӘӨЖ:821.512.3: 39

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕУЛЕР

*Оразбай Назым Алмасқызы –  
ҚТМ-22 тобының 2 курс магистранты  
Шымкент университеті, Тассай*

IX-XII ғасырларда Жетісу қоғамдық ой- дүниесіндегі көрнекті тұлғалардың бірі Жүсіп Баласағұн болды.

Түрік және парсы мәдениетінің нәрлі ұйтқысында туындап ,араб дүниетанымының қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын дүниеге келтірді. Оның «құтты білік» атты кітабы-бограхан тілінде түрік сөздерімен жазылған өмірлік ақыл-ойдың өмірлік ескерткіші.

Шығыс ойы аса жоғары поэтикалық бейнелілігімен ерекшеленеді. Нақты философиялық еңбектерге қадам тартқан мамандар аз болғандығымен негізгі еңбектерді әдебиетшілер, ақындар, ойшылдар, сопылар мен сүнниттер жазып қалдырды. Сондықтан да Жетісу мәдениетін қазіргіше айтсақ , Орталық Азияның немесе Орта Азия мен Қазақстанның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі деп қабылдауға болады. Ерекше атап өтетініміз Жүсіп Баласағұн еңбегінің түрік тілінде жазылғандығы.

Бұл жұмыс жайлы Кононов былай деп жазады: «Поэтикалық шымылдыңтың ар жағынан , меңзеу буалдыры тереңінен сол заман адамдарының күнделікті тіршілігінен көрініс береді. Өзінің насихаттық мәтелдерінде Жүсіп ойдан шығарылмаған, нақты бар өмірінен алынған и олардың жарқын бейнелерін берді ».

Бұл еңбекте ғылым мен мәдениеттің әр қилы салалары саяси жағының басылмағандығымен әр қырынан ашылды, мінсіз қоғам қағидалары беріліп, үлкен өмірлік деректер жалпыланып, жазушы өмірінің дүниетанымдық

негіздері ашылды. Белгілі бір теориялық тұжырымдар негізінде адамның өмір сүруінің нақты күнделікті бағыттары белгіленеді, өмір міні пайымдалды. Шығармада көтерілген әр түрлі адамдар арасындағы қатынас қағидалары қоғамның әлеуметтік орнын айқындауда белгілі рөл атқарады. Мұнда қоғамда сол кездің өзінде бар әлеуметтік шындық көрініс тапты. Сондықтан да адам мен қоғамның айқын да нақты философиясы көзге ұрып тұр.

Адамгершілік - барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де сол қаламгердің бәрә де бұрын айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып-адамгершіліктің өзіндік жүйесін, толық қалыбынн танымын жасай бермеген. Біз сөз етіп отырған Жүсіп Баласағұн өзге ақындардан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолы, өзіндік танымын жасай білуіне байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыдан суреттеумен шектелмей , оны ілім, таным, ойшылдық деңгейіне көтере жырлайды. Екеуі де негізін Аристотель қалаған, ал Шығыста Әль-Фараби бекіте түскен ғылымдар жүйесіндегі «практикалық философия» тұрғысынан толғанады. «Практикалық философия» мемлекет пен жеке адамның игілігі мен бақытын ,кемелдікке жетуін сөз ететін саясат пен этиканы қамтиды. Ұлы ойшыл Әль- Фараби «Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы» трактаты туралы пікірлерді айта келіп, этиканың қасиетін көре білген Теофарыстың көзқарасын келтіреді: «Теофарыстың жолын ұстанғандар этикадан бастау керек деп санайды, өйткені мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға да қолы жетпейді дейді». [7, 136]

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік » дастаны да соншалық мол мазмұнды арқау еткенмен, негізгі айтар ойы -адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамда қуатты құтты ету. Дастан мазмұны өте астарлы, танымы терең де тұңғыық-түсініктерге толы. Оған ерекше үңіліп, зерттей қарар болсақ. Шығарманың өзегі- толық адам екенін танимыз. Дастандағы құт-береке мен бақ толық,жетілген адамның еншісі. Ақынның айтуы бойынша, құттың кілті- кісінің ділі, тілі , қылығын бірдей қамтыған жан-жақты жетілуі мен кеиелденуі. Толық адам –өзінің қасиетіне, қалыбы меннегізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол кісілікке жат қасиеттен әбден арылып, тазарған,ішкі руханиидүниесі, ділі, діні ағарып, періштелікке бет алған адам. Түптің түбінде, дастан мазмұнынан құт-береке, бақытқа өз әлемін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі дастанның ең басты идеясы.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны адамдық мектебінің оқулығындай көрінеді. Ақында «Өзіңді сақта» деген көп қайталанатын қағида бар. Оның «Өзіңді сақта» дегені кісінің өзін танытар қасиеті – адамдығы мен кісілігіне қатысты айтылған. Затың адам болған соң , қасиатіңе лайық бол ,діліңе дақ түспесін, адал бол деп жар салудан ақын жалыққан емес. Адамның өзі адамдық , кісілік қасиетінсіз қаңырап бос қалады. Оның адам атанып жүруі де қсиетін танытар адамгершілік бар. Кезінде ғана болатын жағдай. Әр нәрсеге де тірлігіне тірек , қасиетіне негіз

болар ділі мен мәні қажет. Адам ділімен , адамдық, кісілік қасиеттерімен ғана арджақты, қадірлі. Әдетте адам жоқты аңсап, армандайды, асыл нәрсе қашанда зәру, сиректігімен қымбат. Кісілік те көрінгеннен табылып, әр кісіде кездесе бермейтін асыл қазына секілді. Дастанда шын мәніндегі көңіл тоярлық кісіліктің сиректігі, жоқтығы жиі айтылады. Ақын шығармасы да осы зәрулік пен қажеттілікке байланысты туса керек. Дастан мазмұны кісіліктің қадір – қасиетін жан- жақты танытуға құрылған. Өйткені адам да, қауым да кісілікке зәру

Кісілер көп, кісілікке кендеміз,  
Адалы-аз адам атты пендеміз  
Толып жатыржүрген жандар жер басып,  
Көңілі ашық, әділ ерге ел ғашық.  
Кісі сирек емес, сирек –кісілік,  
Кісіліктің қадірін біл түсініп? [8, 136]

Ақын кісілікке кенделік пен құштарлықты өз қадірін тұтқан тұтқан кейіпкері Күнтуды Елікке айтқызып отыр. Күнтуды бек кісілікті жоқтаған осы күңіренісінен бастап бүкіл тірлігінде түрлі қасиеттерден сол кісілікті құрап, қуатты етіп, кемелдендірумен көрінді. Төрт кейіпкердің өзара сұхбаты мен әрекет-тірліктерінен танылатын керемет кемел кісілік -ақын арманы мен қиялының жемісі. Көбіне ақын ақыл, арман-қиялымен тапқан кісілігін өмірден ұшырата алмай қиналады, қатты қамығады.

Бәрін таптым, тек кісілік таппадым,  
Кездесе егер, жүзін көр-баққаным.

Соншалық сирек, тіпті жоққа айналған кісілік- кісінің тіні, негізі, қасиеті екені көп айтылады. Егер аты мен затын танытар кісілігі мен адамгершілігі жоқ болса , адам адам, кісі кісі емес. Дастан әр нәрсенің сыртқы құбылысын ғана танып, сон ғана қанағат көріп қоймай, ең түпкі негізгі- мәнін ашып әңгімелеумен құнды.

Кісі екенсің, тінің сенің кісілік,  
Кісілерге адамдық ет кішіріп.  
Кісілікпен танытасың затыңды  
Кісілікпен шығарасың атыңды  
Кісілерді кісі еткен кісілік,  
Кісілікпен аты шығар кісінің

Жалпы діни-философиялық ойдың даму тарихында «Адам» ұғымының алатын орны аса зор десек те, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруде көш басы болған философ- Сократ. Жүсіп Баласағұн мен Абайдың адами жетілуі, толық адам туралы танымдары сол Сократтан басталатын, бастау алатын Платон, Плотиндердегі сүюді сүйеніш, тірек еткен адам қытайлардың дао іліміндегі әбден жетіліп адам, шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсани мен бенделіктің кәмәләттығына ұмтылған адам, және жәуәнмәртлікпен сабақтасып, туыстасып жатады.

Жүсіп Баласағұн мен Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы мен жетістігі де осы. Олардағы адамгершілік мәселесі құбылыс



ретінде әбден жетілген толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні – махаббат пен әділет, ізгілік аралығында адамгершілік асыл қасиеттің қыр-сыры жан-жақты ашыла береді.

Жүсіп Баласағұн мен Абай бізге Платонның жолын қуған ой сапарындағы шәкірті Плотин айтқан адамдықтың мүсіншісіндей көрінеді. Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым Әль –Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Жүсіпте әбден жетілген, толық адамның дәстүрлі таным екенін тағы да бекіте түседі. Плотин мен Әль-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз парқынан ләззат алу танымы Жүсіп Баласағұнда бар.

Тек Жүсіп әл- Фарабидегі кемелділікті әбден жетілген, толық адам, ал жүректі мекендейтін үстем күш пе талпынғыш күшті шексіз сүю мпен ыстық ықылас түрінде танытады. Әл- Фарабидің ғылыми танымын Жүсіп көпшілік қауымға жетуі көркем әдебиет туындысы арқылы өз санасынан өткізіп барып қайта ұсынатындай көрінеді. Әрине ақын ойы да оқырмандарына оңай, жеңіл таныла бермейді. Сөйтсе де Әл- фарабидегі ғылыми таным ақын арқылы талапты тыңдаушыларына біршама жеңіл жетеді. Мәселен ,Әл- Фарабидің соншалық терең толғаныстан туған мына бір түйінді танымын Жүсіп өмірі мен шығармашылығына бірдей дарытып, өмірлік мұратына айналдырған:

«Дене жан үшін , алжан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді. Демек, жан даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді». Әл-Фарабидің осы ойы -өзінің ғана емес, ой сапарындағы өзінен кейінгі көп кісілердің қасиетті құбылнамасына айналғаен аталы сөз. Орта ғасырдағы суфизм өкілдерінің шығармаларында тәнді тежеп, нәспіні жою жиі айтылады. Олар уағыздаған шексіз ізгілік , тәңірін риясыз сүю кісіні тәнті етеді. [9, 13б]

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны да соншалық мол мазмұнды арқау еткенмен, негізгі айтар ойы таным мен ізгілік атты екі арнадан табылады. «Құтты білік» дастанының мазмұнынан ұғарымы кісі өзін- өзі құрметтеп, кісілікті болып көрінсе, өзіне ғана тән тірлігі мен қасиетін танытады,кісілерге жақсылық, ізгілік жасап, адамдығын асырады. Әйтеуір тірі жүріп кісі атана қою қиын, әркім де кісілік жасап қана адам атанады. Тірліктің де, адам болудың да ақтауы мен кепілі-кісілік пен адамдық. Ал кісілік пен адамдық әл-Фараби айтқандай, даналық пен қайырымдылықтан, яғни ізгілік пен танымнан тұрады. Адамдағы барлық қасиет танып-білу мен ізгі болудан бастау алады. Жүсіп Баласағұнның адамдық пен кісілікті шексіз құрметтеп, дәріптеуі осы танымнан туса керек. Дастанның бүкіл мазмұны кісіліктің қадыр-қасиеті, мән- мағынасы , қыр-сырын әңгімелеуге құрылған. Сөйтсе де ақын шығармасының әр тұсында түпкі ойын тыңдаушысына соншалық жеңілдетіп, жалаңаштап, ашық айтып жеткізуге тырысады. Көбіне қат-қабат қыртысты, күрделі күйде келетін астарлы асыл ойларын әр түрлі әдеби тәсілмен онан сайын «тұмшаламай», тура ашық айтады.

Ұрпағыңның ұрпағына үлгі ет те

Кісілікті кісілікпен құрметте.  
Тірі кісі кісілігін асырсын.  
Кісілікпен,ей, мәрт ерім, ұлы бол,  
Кісілікке түсер содан ұлы жол  
Адамшылық жаса адамға, адам бол,  
Адам атын мақтаныш қып алар ол!

Ал адамдық пен кісілікті астарлап, көркемдік құралдармен көмкеріп жеткізетін жолдар қаншама! Ақын қолданысындағы «Ділді оңдау, пәк тұту, кісілік тереңіне бойлап, өмір нәрін ойлау, жанталасып өзін өрге сүйреу; әзіз, биік мақсатқа қол сөзып, асқақтау»- бәрі де кісіліктің асыл қасиетін аша түсудің амалы дер едік.

Не қыласың түн-түнекке түншығып,  
Мәңгі жарық әлемге ұмтыл құлшынып.

Өтпелі, өткінші өмірден баянды боп қалар мәңгілік тірегін табу қиын. Сөйтсе де дастан мазмұны бізге «Мәңгілік жарыққ әлемнің» кісілік екенін ұқтырады. Кісілер қаза болып, адамдар өмірде ауысып жатса да, адамдық қана мәңгілік арасымен үзілмей жалғасып келеді. Ақында «Өзіңді сақта» қағидасымен қатар «Өзіңді ұмытпау» жайы жиі айтылады.

«Өзіңді ұмытпау», қағидасының өзегі- кісілікті сақтау. Адамның басты мұраты кісілігін сақтап, өзін, яғни адам екенін ұмытпау болуға тиіс. Ақын қашан да адамдық атты арна- деңгейден асып- таспай, көкірек кермей, кісілік қалыпта қалуды өсиет етеді.

Бектер қаншша жақын тұтсын,құнықпа,  
Түзу жүргін, өзіңді әсте ұмытпа»  
Өзіңді ұстап, дұрыс жолдан жаңылма!  
Кішік болғын, кекірейме, кекіріп,  
Әскер, күшім көп деп керме көкірек!  
Көтерме иық сен бектікке мақтанып,  
Артық көкірек керме, өзіңді сақтағын

Әр адамның қашан да өзін-өзі бағып, кісілігін күзетіп, адам атты қасиетті тегін біліп жүруі «Өзіңді ұмытпауың» көрінісі ретінде дастанда жүйелі жырланады. Өтпелі де өткінші, тым келте өмірде кісілікке титтей қылау түсірмей, ауыз толтырып айтарлықтай өмірден адам боп өткендер өте аз. Өйткені адам болу әрі өмірден адам боп өту- тірліктегі ең қасиетті де күрделі кәсіп, өте нәзік әрі ауыр жол.

Замандас ақынымыз Қ. Мырзалиевтің:

Адам боп оңай туғанмен,  
Адам боп қалу көп қиын!-

деуі тегін емес. Өткен ғасырдағы Абайдың:

Атымды адам қойған соң,  
Қайтіп хайуан болайын?-

деп кісіліктің шінгіне жете алмай, дағдаруы осыдан. Кейінгі ұрпақ қаламгер қауым жаңашылдықпен жалғастырып алып кеткен «Тегінді біліп, қасиетінді сақтап, өзіңді үнемі бағып, қарауылдап жүру» танымын Жүсіп

Баласағұн да өз дастанында соншалық қадалып, қағида етіп сөз етеді. Жалпы ақын қай тақырыпта да жүйелі таным, қағидалы қалыпқа салып жырлайды.

Әр кезде де тегің адам екенін біліп, өзінді бағып жүру жайы да-ақындығы жүйелі тақырып.

Өзге үшін құрбан болма тектен- тек,  
Текке күйме, бағаңды біл, кеткенше!  
Өзінді бақ, қиялыңа алданба,  
Өз тегінді білмеу-қорлық жалғанда.  
Сақта өзінді қосылма іске көрінген.  
Өзінді ойла, атыңа шаң тимесін.

Дастандағы өзінді ұмытпай, қасиетінді сақтап жүру қағидасының ең биік шыңын шығармадағы басты бағыт, нысана саналған- құт береке, бақытпен байланысты танымыз. Ақын әр адамның аты мен затына лайық кісілік, адамгершілікпен өмір сүруін құт береке, бақыт деп біледі. Ақиқатты әркім өз ақыл ойымен, өресің жеткен жеріне дейін ғана танып келеді десек те, ақынның адамдық пен кісілікті құт көруі -көпшілік көңіл қойып қабылдай қоятын шындық. Кісілік пен адамгершілікті ең жоғары игілік, бақыт, құт санау танымы Әл-Фарабиде де бар.

Біліксізден без, өзінді тұтып жүр,  
Өзін тұтқан- құты тасып, ұтып жүр.  
Өзінді ойла, тура жолдан жаңылма,  
Келер бақтың жолын кесіп, қағылма!

Сөйтіп адам қасиетімен қадірлі екен, ал қасиеті -кісілік пен адамдық ділі

Діл парсы тілінде жүрек ұғымын береді. Ақындар мен ойшылдардың барлық асыл қасиеттерді жүрекке жинап, халқымыздың ділді пір тұтуы тегін емес. Оның үстіне кісінің ділі- оның негізі, тіні де секілді. Әр нәрсе де негізінен бастау алып, тінін тірек етіп өсіп өнетіні белгілі. Адам да өзін адамдық, кісілік қасиеттерімен сақтар қалады. Өмірден адам болып өтеді. Ақынның «Өзінді сақта», «Өзінді ұмытпа» атты қағидасынан «Адам бол» дегенді ұғамыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. Алматы: Қазмемоқупедбас. 1961. -79 б.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы: Ғылым. 1967. -47-48 б.
3. Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алматы, 1957. 23б.
4. Исаев С.М. Қазақ тіліндегі қосымшаларды жіктеу мәселесі. Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Алматы. 1982, №2.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан. 1998. –138 б.
6. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Мектеп, 1989 –83б.
7. Құрышжанұлы Ә., Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы: Қайнар, 2001 – 469 б.
8. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті .-Алматы:Атамұра, 2006

## М. ШАХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Отарбекова Жанна Амангалиевна –  
ҚТМ-22 тобының 2 курс магистранты  
Шымкент университеті, Тассай*

Жалпы өткен ғасырдың 60-80-ші жылдардағы жазылған эпикалық шығармалар ұлтымыздың басынан өткен тарихына назар аудара отырып, көркем туындының негізгі нысанасына айналдыра білді. Міне, осымен байланысты сол тұста халық басынан өткен тарихи өмірінің бел белестерін арнайы суреттеген поэмалар жазылды. Атап айтқанда Т.Әлімқұлов «Ақбикеш», У.Мәмбетов «Достық туралы аңыз», М.Мақатаев «Ару ана», М.Шахановтың «Махаббатты қорғау» атты туындылары. Ақындар бұл поэмаларында әр кездегі халық басындағы ауыртпалықты, әділетсіздікті зұлымдық, қайғы-қасіретті көркем бейнемен жеткізе жырлады. Тарихи өмірді суреттеуде әр ақынның дүниетанымы, түсінік түйсігі, жазу мәнері әр түрлі болып келетіні түсінікті. Т.Әлімқұлов, У.Мәмбетов реалистік тәсілге бой ұсынса, М.Мақатаев, М.Шахановтар романтикалық лепке сүйенеді.

Ақындар қандай тәсілге сүйенсе де кейіпкерлердің өмір тағдырын, көркемдік келбетін шеберлікпен суреттеп шығу нысаны тұратыны белгілі. Осы орайда М.Шахановтың «Махаббатты қорғау» поэмасының тақырыптық аясы кең. Мұнда автор өткен мен бүгінгі қатар алып, кейіпкерлерінің сезім сырларын шебер өрбіте білген. Әрине махаббат тақырыбына жазылған дүниелер әдебиет әлемінде жетерлік. Ал М.Шаханов болса өзінің дара талантымен сол қалың нөпір арасында көрінбей қалмай, өзіне тән стилімен өз үнін естіртіп, өзіндік ойын айта білген.

Көзімді алмай маздап жанған оттардан

Саған сенем,

Саған сенім артамын,

Қорықпаймын түсінігі жоқтардан.

Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын! – деп махаббаттағы сенім мен тұрақтылықты, батылдықты жырлаудан басталған. Аталмыш поэмадағы автордың кіріспе іспеттес «махаббат» тұрғысындағы толғанысы кейінірек қырғыз классик жазушысы Ш.Айтматовпен бірігіп жазылған «Күз басындағы аңшының зары» кітабындағы кей ойлармен үндеседі. «...Күдай-ай, баяғыда неге жолықпадық. ..Осы екеуінің бір-біріне деген іңкәрлік ғашықтық сезімін кінәлай аламыз ба?» - деген ақын сұрағына Ш.Айтматов: «Сенің бұл сұрағыңа мен кезінде Жәмила образы арқылы жауап беруге тырыстым. Иә, рухани теңсіздіктен, өз ойың мен сезіміңнің жалғасын таба алмаудан өткен азап жоқ» деп жауап берген екен. «Махаббатты қорғау» поэмасы 1. Саматтың жұбайы Айжанармен жекпе-жек; 2. Ғайша; 3. Түркістан аңызы деген үш бөлімнен тұрады. Бірі қазіргі замандастар бейнесінен алынып жазылса, екіншісі аяулы жары мен ұлын майданға аттандырып, оның қайғы-қасіретін арқалап бейнет кешкен Ұлы Отан соғысы кезіндегі әйелдер өміріне арналса,

үшіншісі сонау аңызға айналған киелі мекен Түркістан жерінде бой көтерген Қ.А.Иассауи мешітінің құрылысын жүргізген Әмір Темір заманынан сыр шертеді. Уақыт кезеңдерінде ғасырлар алшақтығы болғанмен оларды тұтастырып тұрған адам болмысының нәзік қылын тербетер – махаббат атты ұлы сезім. Кішкене бір эпизодқа үлкен жүк арқалату Мұхтар Шаханов шығармаларына тән ерекшелік. Бір шағын туған күн кешіндегі лирикалық кейіпкердің тост айтудан өрбітеді. Байлық тілегенмен ол мәңгілік жолдас бола алмайды, ал ерлік пен сұлулық бір өзіңнің бойынан табылады, одан да «кез келгеннің бақшасында піспейтін, кез келгеннің уысына түспейтін, зор махаббат тілейінші мен саған», - деген тілегіне туылған күн иесі – кейіпкер қыздың әпкесі Айжанардың «Махаббат жоқ» деген сөзі отырғандардың назарын аудартқызады. Сөйтсе ұяң да сұлу болған жастық шағында өз махаббатын кезіктіре алмағаны оның жүрегіне «мұң» болып ұялап қалғаны сыр болып шертіледі. Бүгінде момын күйеуі, екі-үш баласы бар, байлығы да бір басына жетерлік күйі бар болғанымен, бір кездері өзіне ғана ғашық болған жандардың сәлемдесуге жарамай қалған немқұрайдылық күйге ауысқаны, яғни тағдырына деген өкпесін көзіне жас ала отырып жеткізеді. Сол сәтте мосқал көрінетін тарихта болған ғашықтықтың асыл үлгілерін алға тарта сөйлеген ақылды ойларын бере келіп, оның себебі адам болмысындағы қасиеттерде екені ақындық шебер тілмен жырланады.

Иә, махаббат қайсар құзды жарып өтер,  
Махаббатта сезім ғана ойнамайды басты рөл,  
Жеткен жерге талабың мен ақылың,  
Сезімің мен батылың,  
Қырсыққанда жетпей қалды шыдамың,  
Әне, соның кесірінен қаншама жыл жыладың.  
Шыдам жоқта, төзім жоқта,  
Жүрегінде ерлік жоқта қорғай алар шаттығын  
Махаббатта жоқ, күнім.  
...Бүкіл адам іздегенмен бақыт жолын, бақ жолын,  
Ешкім оңай таба алмайды Абайы мен Тоғжанын.  
Өйткені асқақ азаматтық жоқ жерде,  
Қайсар сенім жоқ жерде,  
Махаббат та жоқ, жаным! –

Ақын шығармаларында негізгі өзек болып жүрер махаббатқа деген адалдық «Ғайша» бөлімінен де айшықты ой өрнегін табады.

Ғайша жеңгей сүйген жарын аттандырды майданға,  
Сенген жүрек серттен оңай тайған ба?  
Соғыс бітті.  
Ал күйеуі келмеді.  
Үш жыл күтті.  
Бес жыл күтті...  
Өлді деген суық сөзге сенбеді. [5, 68 - б.]

Иә, бұл жолдарда сезімін отқа ораған қаншама қазақ әйелдерінің көз жасынан құралған тағдыры жатыр. Соғысқа лағынет те айтасың. Ғайша сондай жанның бірі – трагедиялық образ. Майданға кеткен күйеуін қанша жылдар күтіп, көрші қартқа ерге шыққан күні, арман болған күйеуі терезені қағып тұрады. Бұл тағдырдың тосын сыйы тым кеш келген еді.

«Сенім патшалығы» поэмасын оқыған адам осының куәсі болар еді:  
Бірдей төзіп ыстыққа да,

Салқынға

Жер астында жатпай ма алтын көзден таса қалпында?

Қашан қазып алғанша күтетін

Шындық кейде ұқсайды сол алтынға!

Сен ақынсың өніп шыққан ертеңге

Қандай өрсі ұсынасың ертеңге?

Қандай жеміс ұсынасың ертеңге?

Ойлан, ойлан...

Әділеттің қылышы

Енді сенің желкенде,

Енді сенің желкенде! (2. 294 бет)

Ол ой маржанын бүкіл әлемнен, ал поэзияның басуларын халықтық жырдан іздейді. Мұхтардың «Жеңілген жеңімпаз хандығы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты шағын поэмасындағы қираған қаланың тағдыры бүгінгі халық тағдырымен тікелей астасып, ұрпаққа ауыр да абыройлы жауапкершілік жүктелгендей болады. Сатқындықтың құрбаны болған Отырар ойран болды. Осы кезге дейін дауасы табылмаған сатқындық туралы, адам бойындағы ең жек көрінішті қасиетті ақын осылайша өз жырына арқау етті.

Қазір адамның ақыл-парасатымен бірге нәпсісі үстемдік құрған кезең. Нәпсі қуаты бүгінгі жылтырақ «бұқаралық мәдениетті» туғызады. Адамды өлтіру, қорлау, зорлау, азаптау, міне қазіргі күннің қызықтырар басты тақырыптары. Ал, қазір жер жүзі «соғыс алаңына» (ойындар, кинофильмдер арқылы) айналды. Мұның бәрі жас ұрпақ санасына мысқалдап сіңе бермек. «Нәпсі философиясынан Рух философиясын жоғары қою адамзат мүддесіне сай екенін Мұхтар Шаханов тамаша дәлелдеп шыққан және ол Рух болмысын қорғауды проблема етіп көтерген. Бұл биік гуманистік позиция автордың әлемдік деңгейдегі ой-санасының көрінісі».

Жалпы байқап отырсақ нені жырласа да – достықты ма, махаббатты ма, табиғатты ма – тереңнен тартып, философиялық ойға құру, күтпеген тың байламдар жасау – Мұхтар творчествосына тән бір ерекшелік.

Мұхтар Шахановтың «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғысханның пенделік құпиясы) атты поэмасы екі жыл бұрын оқырман қолына тиген «Өркениеттің адасуы» атты кітабымен үндес, бір-бірін толықтырып тұрған, терең философиялық астары бар, мәңгілік өмір айналымының сыры мен жұмбағына үңілген, оқырманның алдына түйіні күрделі сауалдар тастап, терең ойға тартатын дүние екеніне көз

жеткіздік. Мәңгілік өмір айналымының қозғаушы күші не? Ақ пен қара... Оң заряд пен теріс заряд... Жарық пен қараңғы... Періште мен шайтан... Махаббат пен зұлымдық... Міне осылай жалғасып кете береді

Мәңгілік өмір осылай жалғасып кете бермек пе? Егер қозғалыстың қозғаушы күші қарама-қарсы екі күш дейтін болсақ, онда зұлымдықтың да азаматтың дамуына қосқан өзіндік үлесі болғаны ғой, деген заңды сұрақ туындайды. Иә, белгілі бір дәрежеде солай екені рас. Екі күштің күресі қалай, қашан басталды десек түп тамырымызға үңілуге тура келеді. Құл сырттай ғана бағынышты болуы мүмкін. Ішкі байламы берік, рухы мықты болса ол адамдық қалпын жоғалтпайды. Ал ішкі «Менінен» айырылған адам рухсыздық дертіне шалдығады. Рухсыздық – барлық бақытсыздықтың бастауы. М. Шаханов адамзатты осы РУХСЫЗДЫҚ АПАТЫНАН сақтандырды...

Әуел баста Алланың рухынан жаратылған Адам өмір айналымына не үшін жіберілді. Әрине, эволюциялық жетілу жолынан өтіп, өсіп, өркендеп, пенделіктен періштелік биіктікке дейін көтеріліп, тазалап барып Ұлы Рухқа – Аллаға қайта қосылу үшін жіберілген деп түсіндіреді қазіргі заман ойшылдары. Адамзаттың эволюциялық даму жолына көз жіберетін болсақ, талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Мың өліп, мың тірілді. Қазір біз компьютер, интернет дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Шегімізге жеттік, енді Жерді қойып, Ғаламның тағдырына да жауаптымыз біз! Біз енді Мейірім мен Махаббатты төрге шығаруымыз керек. Біз сонда ғана Ұлы Мейірімге, Ұлы Махаббатқа қосыла аламыз. Онсыз тұйыққа тірелеміз.

Жапон ғалымы Хироенори Итоның Мұхтар Шахановтың «Жазагер жады космоформуласы» романы туралы жазған: «Это произведение уникально тем, что в историческом плане освещает смертельную борьбу добра и зла, наталкивает нас на мысль о надвигающейся катастрофе бездуховности, способной уничтожить человечество или привести к такой безобразной форме существования, которая обусловит его саморазрушение и самоуничтожение» (3. 2 бет) деген пікірі көпке ой салады ғой деп топшылаймыз.

Адамзат Рухсыздық апатының алдында тұр. Ақшаға құл болу, материалдық байлыққа бас ию адамды рухани азғындыққа бастайды. Бұлай жалғаса берсе, адам санамен емес қарынмен ойлайтын халге жетпек. Бізге енді «Менен асқан мықты жоқ!» деген озбыр күш иесі емес, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» дейтін жылы жүрек керек. М. Шаханов – осындай поэзиялық ақын. Ал өзінің «Өркениеттің адасуы» деген дастаны да шоқтығы биік туынды. Бұл поэма қазіргі әлемдік поэзиядағы жетістіктердің бірі ретінде ЮНЕСКО тарапынан жоғары бағаға ие болып, көптеген елдердің қызығушылығын туғызғаны мәлім.

Шаханов «Өркениеттің адасуында» маңызды мәселені көтерген, ол – адамзаттың қазіргі адасуы. Енді оның екінші проблемасы бой көрсетпек, ол – адасқан цивилизацияны жөнге салу. Міне, осы тұста жалған пайғамбарлар, әуесқой әулиелер, дүмше саясаткерлер көптеп өсіп-өніп кетсе, сөйтіп олар

жығылған үстіне жұдырық дегендей, суға батыр–батпас болып тұрған жанды мүлдем батырып жіберсе не болмақ? Шаханов саға поэмасын оқығанда осындай терең ойларға ақынмен бірге сүңги бересің, ол адамды ой тұңғиығына батыртып, санаға салмақ, ойға өріс береді. Мұхтар Шаханов «Желтоқсан оқиғасына» орай азаматтық әрі парасаттылық көрсетті.

Өзі айтқандай:

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,  
Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қоры жоқ.  
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп  
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,  
Тұрған олар аяз сорған қызыл беттің ары боп,  
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп. (4. 3 бет)

Мұхтар Шаханов жайлы қандай еңбек жазылса да, «желтоқсан оқиғасы» мен ақын Мұхтар есімі аталары хақ. Халық намысы жер етілген сол жылдары Мұхтар Шаханов болмағанда күні бүгінге дейін «желтоқсанға» қатысты мәселелердің кейбірі, бәлкім, әлі де жабулы қазан күйінде қалар ма еді?

«Желтоқсан» Мұхтардың азаматтығының, парасаттылығының, нағыз халық ақыны екендігінің айшықты мезеті болғаны аян.

М.Шаханов поэзиясы тоғанға жиналған судың бөгетін ашқанда арындап ағатындай көрінеді. Мұхтардың да көкірек сарайында көптен жиналып қордаланған ой-армандары арындап жыр жолдарына құйылғанын байқаймыз.

Ақын шығармасына ойлы сөз жазған Шыңғыс Айтматов «Қазақ поэзиясында бұрын-соңды мұндай қуатты дүниені кездестірген емеспін», - деп өте жоғары бағалапты. Шыңғыс айтса айтқандай, адамзат тарихынан сыр тартқан небір тағлым аларлық жәйттер, кесек-кесек қанатты тың ойлар, батыл тұжырымдар жан-дүниенді баурап алып, асыл армандарға жетелейді. Тек өзің емес еліңнің, бүкіл адамзаттың болашағы үшін ақынмен бірге толғанасың.

Өзіңе де бір міндет жүктелгендей болады. Өмірден өз орныңды іздейсің. Қанша оқығанда сусының қанбайды. Қазақ поэзиясының әлемдік деңгейге көтерілгеніне мақтанғың келеді.

Өлеңдерін айтпағанда алғашқы поэмасы «Танакөзбен»-ақ ол талайды тамсандырған. Бұған қарап талантты таланттың танитынына көзің жететін секілді. Мұхтар Шахановтың поэзиясының мықты бір ерекшелігі – бұрынғы дәуірлерден қалған үлгі, ғибрат әңгімелерді қазіргі заманның құбылыстарына байланыстыра айта алатындығында. Оның халыққа кең танылған поэмаларының, өлеңдерінің басқа ешбір ақынның жаратылысына ұқсамайтын тосын келбеті осы тарапта болатын. Қандай тақырыпта ой қозғамасын өлеңдерінің ішкі астарында адамға, достыққа, халыққа, Отанға деген құрмет сезімі сезіліп тұратын рухани-адамгершілік құндылықтарға толы екенін байқадық. Егемендігімізді алғанымызбен, қоғамдағы көптеген жастарымыздың ұлттық рух пен ұлттық болмысын жоғалтып бара



жатқандығы бәрімізді толғандырады. Сол рухсыздық апатынан сақтануда Мұхтар Шахановтың адамгершілік құндылықтарға толы поэзиясы көмекке келетініне сенімім мол.

Адамзаттың Айтматовы атанған Шыңғыс Төреқұлұлы: «Поэзия – рух пен сұлулық перзенті» - дейді. Үздіксіз ағатын өзен сияқты ұрпақтан-ұрпаққа, дәуірден дәуірге ұласатын поэзия да мәңгілік.

Өзгесін айтпағанда «Тарлан» сыйлығынан тартып, «Нобель» атындағы алтын медальге дейінгі иеленген қайраткер, қаламгер Мұхтар Шаханов мәңгілік поэзияның ірі өкілі. Оның шығармашылығы халқының, ұлтының рухани кәусар бұлағының сусынымен қанығып, қазіргі күнде әлем мойындап отырған терең сезімді, философиялық жағымды шығармаларға толы ақынның бар шығармасына ортақ алтын өзек — отанын сүю, адалдық, ізгілік екендігін танып отырмыз.

Бүгінгі күні аңсап отырған, сусап отырған ұлттық идеология қалыптастыруда осындай дәуір дауылпазы дерлік, ақын жырларының ролі ерекше.

Біз әдебиетшілер ұлы орыс ақыны Некрасовтың «Ақын болу-өз еркін, азамат болу –міндетін» деген қанатты сөзге айналған екі жол өлеңін жақсы білеміз және осы жыр жолдарының кімдерге айна қатесіз тиісті екенін іздейміз де олардың бірі емес, бірегейі біздің жерлесіміз Отырарда туып, Төлебиде өскен М.Шаханов. Бірінің тарихы, бірінің табиғаты таң қалдырған өлкенің екеуіненде ақын М.Шаханов рухани азық ала білген. М.Шахановтың ақындығын азаматтығынан бөліп қарауға болмайды.

Халқымыздың «Ел басына күн туса, етікпенен су кешер, тұлпар басына күн туса, ауыздықпен су ішер», - демекші жастарымыз мұз жастанған Желтоқсан ақиқатын айтар дуалы ауыз табылмай қиналғанда, басын бәйгеге тігіп, қызыл империяның отаны Мәскеуде өткен съезд мінберінен ақиқатты айтып сөйлеген М.Шахановқа таң қалмасқа болмайды. Бұл Мұхтар Шахановтың ақындық пен азаматтықты бір кеудеге біріктіріп, жасаған аса ірі ерлігі. Ол сөз жоқ дауылпаз ақын.

XX ғасырдың соңының өзі сан алуан оқиғаларға толы, Тәуелсіздік үшін күрестің күшейе түсуі, экологиялық апат зарлаптарының алабұртуы халық жанына оңай тиген жоқ. Мұның бәрінде де халқының жанашыр азаматтары күрестен тайынбады. Халыққа экологиялық зардап шектіріп отырған Арал суының тайыздануы оны қалпына келтіру жөніндегі халықаралық мемлекеттік бірлестіктердің жоспарлы бағыттарына талайлар атсалысты. Тарих еншісіне кеткен жырдың соңғы шеніндегі Желтоқсан оқиғасы ұлттың бой көтеру мен күрестің тәуелсіздік табалдырығындағы өршіген жалыны болды. Айтып келе жатқан «тар жол, тайғақ кешулердің» лепті толқыны халқымыздың аңсары болған тәуелсіздікке жетіп егемендік алдық.

Ақын және азамат болып танылып келе жатқан М.Шаханов өзі көріп куәсі болған жәйттердің бәрінің қасында, басында болғысы келді. Оның жаратылыс болмысы да осыған лайық. Желтоқсан оқиғасының мәні мен мағынасын депутат ретінде Кремль сарайының мінберінен айқара ашты.

Құрбан болғандардың мұңын жоқтап, құнын даулап дабыл қақты. Ұлы рухын төмендетпей, жоғары көтеруді аңсады.

Ақын өзінің «Рух мектебіндегі мұң» өлеңінде:

Кейде албырт Батырлық та Тасырлықтан кетпекке  
Оймен, мұңмен көз тастайды Рух атты мектепке.  
Ол мектептің түсі жадау, терезесі қираған,  
Ішіне даңқ сыйғанымен, даңқы байлық жимаған.  
Содан оған жұрттың көбі құлықты емес баруға,  
Шу менен Бу дес бермейді мектеп парқын тануға  
Сол мектептің ұстазы едік, нәпіге бас имеген,  
Аңқау, сенгіш адамдығын қайсарлығы сүйреген.  
Күллі рухсыз биіктердің парқы, даңқы сұйықтау,  
Біз шыққан тау – Шындық тауы, барлықтан таудан биік тау!. [3,44]

Төлегенді Махамбетпен қатар қояды. Төлегенді заманының ырқына жүрмей кеткен іңкәр даусын сағынышпен тілге алады. Тіршіліктің өксігіне өмірі тола келсе де, Айбергеновтің ұлт рухы алдында ары мен жаны таза өткендігін пафоспен жырлайды. Ұлт рухы әрқашан биік тұратындығын айта келіп халқы үшін туған ер азаматқа толмастай қанат қақтырып қондыратын да сол дейді. Бұл арада ақынның ұлтжандылығы өз елінің айбынды күрескерлерін өмірде халық мұраты жолында қайсарлықпен қайтпастай күресе алатын ерлерін, ақын және адамдарына сый-құрмет көрсетуінде.

«Қалдаяқов өзені» өлеңін оқып отырғанымызда да ақынның өз елінің асыл тұлпарларын ардақтап, олардың өмірі мен өнеріне сүйсінгендігін танимыз. Халық арасынан шығып, оза шауып өнерде бәйге алған Шәмші Қалдаяқовтың ән жүйрігі екендігін Мұхтар ерте таныған. Ақын сөзімен айтқанда, асатын тау белестерінде мұқалған сәттері бөгет – тосқыннан қиналғандықтан қайратын қажытқан тіршілік сыбағасына сынбаған дарынның тұлғасын жарқырата суреттейді.

Көріп отырғанымыздай ұлт рухын биікке көтергендердің есімі де, еңбегі де уақыт өткен сайын жарқырай түсіп мәңгілікке айналатындығын өз кезінде ақын айтса, өмір оны дәлелдеп отыр. Кезінде жеті жасар баладан жетпіс жасар шалға дейін өз өнерінің құдіретімен әуелетіп ән салдырған Шәмші Қалдаяқовтың есімі өз халқымен бірге өмір сүре береді. 60-шы жылдардың ішінде ән қойнауына алтын дінгек болып енген «Менің Қазақстаным» бұл күнде ресми түрде Қазақстан Республикасының Әнұраны болып отыр. Бұл халық рухының аласармайтын табиғаты Ш.Қалдаяқов өзінің халық жүрегіне тапқан жолының жарқылы.

Туа бітті жүрегі, сезімі нәзік болған халқымыздың ұлттық қасиетін қастерлеу әр заманның, әр ұрпақтың міндеті емес пе?

Сондықтан халқымыздың даласы, данасы бар екендігін әсіресе көзімізбен көріп жүрген кезімізде айнала төңірек мойындап отырғаны ақиқат.

Ел іші кеніші демекші, халқымыздың данасы да, дарасы да бар дедік. Қазақ халқы көбіне ұлдарының атын Мұхтар қойып жатады. Сол Мұхтарлардың да дарасы және данасы бар. Олардың біз ХХ ғасырдың заңғар

жазушысы М.Әуезовтің ұлылығын мақтанышпен айта келіп, бойындағы талантын от жалындай танытып үшмыңжылдықтың табалдырығына бүкіл әлем таныған Мұхтар Шахановтың келуі тек қана әдебиетіміздің емес тарихи ғұмырнамамыздың да биікке көтерілгендігін байқатады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана, Елорда, 2001
2. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. А., Жазушы, 1984
3. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. Алматы: Жазушы, 1993
4. Әбдиманұлы Ө. Аңыз адам // 2012. №12
5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. А., Ана тілі, 1998
6. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Ғылым, 1992
7. Әскербекқызы Ж. Ұлт рухының шырақшысы / Егемен Қазақстан. 2012, 3 шілде
8. М.Шаханов «Эверестке шығу» - Алматы: Атамұра, 200

ӘӨЖ:821.512.3: 39

## **XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН – XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бектурганова Жанат Ескендировна –  
ҚТМ-22 тобының 2 курс магистранты  
Шымкент университеті, Тассай*

XX ғасырдың басынан қазақ халқының тарихында, әдебиетінде, руханиятында, мәдениетінде үлкен өзгерістер орын алды. XVIII ғасырдан басталған Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қозғалыстар басталды. Қазақтың жеке авторитарлы ел болу мүддесі жолында күрескен Алаш зиялылары ел мен жер мәселесін, халық ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді. Уақыт өте келе кеңестік биліктің күш алуымен, қазақ жерінде қозғала бастаған тәуелсіздік, еркіндік идеялары ыдырай бастады. Дегенмен, халықтың тәуелсіздікке деген ұмтылысы XX ғасырдың соңында ата-бабалар аңсаған мұратына жеткізді.

Арғы тереңінде түркі мұраларынан бастау алатын тәуелсіздік идеясы хандық дәуірде жалғасын тауып, көшпелі халықтың негізгі өмір сүру философиясы болғанын көреміз. Ресей патшалығының отаршылдығы

тұсында империализм саясатына қарсы наразылық ақындардың шығармаларының негізгі арқауына айналып, «зар заман» әдебиеті қалыптасты. Уақыт өте келе, халықтың басына түскен қиындықтар Абай, Ыбырай, Шоқан сынды зиялы қауымды қалыптастырды. Осы орайда Қ. Жұбановтың «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» зерттеу мақаласында отаршылдық жайын тереңінен қорытындылай келе, империализм дәуірінде ешбір елдің саясаттан аулақ қалмайтынын, қандай да бір империя жаулап алудың, индустриализациялаудың жолын табатынын айтады [2, 324]. Мақалаға өзек болған үнді жұртының ағылшын империясымен отарлануы негізінде үнді халқының бір тілім жерге байланып, әлемде болып жатқан жаңалықтардан оқшауланып, одан қала берді мемлекеттегі өзгерістерге мән бермеуі үнді халқының аса бір тән сипаты болғанына қарамастан, ағылшын империализмінің ойрандауды көздеген құбылысы осы екенін зерттеуші дәлелді жеткізеді [2, 326]. Осы негізден қазақ жерінде орныққан Ресей империализмінің үш ғасырдан бергі зерттеулері аясында қазақ халқының болмыс-бітімін анықтап, ірілікті ұсақтатуға кіріскенін тарихи жағдайлардан анық көреміз. Одан қала берді кеңес дәуірінде де бұл саясат жалғасын тапқаны тарихи уақиғалардан анық көрінеді.

Сонымен бірге жоғары таптың халықты бірлікте ұстап, тұрақты армиясының болмағына қарамастан соғыс пен бітімге шақырып, мәселенің түп-төркінін шешуге көмектескен мықты құрал – тіл екенін зерттеуші Қ. Жұбанов атап өтеді [2, 328]. Халық арасынан шыққан ақын, тілі тас жаратын шешен, ескі дала заңына шебер ақсақал елді бірлікке шақырып, даулы мәселені шешіп, ұйымшылдықта ұстап отырды. Дегенмен қоғамдық өзгерістердің негізінде әрі Қ.Жұбановтың көрсетуінше, жерді, шекараны қорғау, қалың көпшілікті бірлікте ұстау үкіметтің міндетіне ауысқандықтан халықтың басым бөлігі тек қана жеке басын күйттеп, шаруашылығымен ғана айналысқанын айтады. Солай, халық патшалық Ресейдің отарлығына өткеннен бастап, өз қарақан басы мен өз малының шаруасын ойлаудан ары аспады. Сондай-ақ, үстем таптың басты ермегі – болыстық, ауылнайлық қызмет екенін Қ. Жұбанов та атап өтеді [2, 329].

Қазақ әдебиетінің кезеңдерін зерделеу негізінде С. Қирабаевтың «Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет» зерттеуінде тәуелсіздік идеясының тереңде екенін айтады. Зерттеуші ғалымның анықтауынша, тәуелсіздік идеясы «Күлтегін» жырынан бастау алады. Халық жанын қиған батырдың үлгісі негізінде елдің тұтастығын, бірлігін сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

3. Қабдолов пікірінше, әр дәуірдің өзінің шындығы бар және ол бір-бірін қайталамайды. Мүсіреповтың трагедиясы Шекспирдің немесе Бальзактың трагедиясынан терең екенін айтады [5, 62]. Ғалымның сөзінің жаны бар. Әр кезеңнің басты мәселесін тап басып айқындаған шығармалар уақыт өте өзектілігін көрсетті. Осы негізден әдеби кезеңдерді қарастыру арқылы әр дәуірге тән қиындықтар мен мәселелер тіл өнері арқылы көркем бейнеленіп отырды.

«Қай халықтың әдебиетінде болса да, бөгде мәдениет пен діннің әсері әдебиеттің дәуірлік сипатын айқындайтын белгілердің бірі» [6, 21], - деген пікірі арқылы зерттеуші И. Нұрмұхаметұлы қазақ жеріндегі орын алған өзгерістер мен халықтың болмыс-бітімінің қалыптасуына да әсер ететінін жеткізеді. Сонымен бірге Х.Досмұхамедұлы қазақ ауыз әдебиетінің халық тұрмысында кеңінен қолданылатынын әрі оған терең ықпал ететінін атап өтеді [7, 59].

Ежелгі дәуір әдебиетінен кейін орта ғасырдағы негізгі идея - «қайырымды мемлекет» болу. Халықты, мемлекетті біртұтастықта ұстап, дұрыс саясат жүргізу, сыртқы жауға қарсылық сынды тақырыптар көтерілді. Орта ғасырда дүниеге келген «Құтты білік», «Даналық кітабы» сынды шығармалар мемлекет болу, дұрыс билеуші болуды, өмірдің, әлемнің сырын түсінуге шақырды. Абайтанушы М. Мырзахметов Абайдың «толық адам» ілімінен бұрын қазақ жерінде төрт түрлі таным болғанын айтады. Төрт түрлі таным ежелгі түрік танымының, Ж. Баласағұнның, Қ.А. Яссауидің, Әл-Фарабидің зерттеулері арқылы көрінетінін атап өтеді [4, 213]. Осы негізден, қазақ жеріндегі терең философиялық ойлардың қалыптасуы да сол заманның қажеттілігі деп ұғынамыз. Мәселен, Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы өзі өмір сүрген кезеңдегі қарахандар арасындағы, сырт жаудың әрекетіне тоқтауыл салу мақсатында жазылған. Солай, әрбір тарихи шығарма тарихи қажеттіліктің негізінде жазылғанына көз жеткізе түсеміз.

Қазақ хандығы Қозыбасыға өз туын тігіп, ел болғанында қазақ әдебиетінде хандық дәуір әдебиеті қалыптасты. Бұл ретте жыраулар алдыңғы сапыға шығып, халық пен билікті байланыстырушы көпірге айналды. Ал сол кезеңдерде ұлы географиялық ашылулар жүргізіліп жатты. Теңізге тікелей шыға алмайтын хандығымыз кейінгі жылдары алпауыт империялардың қысымы болатынын аңғармады. Дегенмен, Асан қайғының суда жатқан балықтың қарағайдың басын шалар деген бір ауыз сөзін кейбір зерттеушілер патшалық Ресейдің отаршылдығын алдын-ала болжаған деген пікірлерін айтады. Осы орайда, Х. Досмұхамедұлы болжал әдебиет деген терминін қарастырамыз. Бұл – ақын-жыраулардың болашаққа көз тастап, алдағы уақытты болжауынан қалыптасқан атау. Келешекте халықтың болмыс-бітімінің, мінезінің өзгеретінін, жаман әдеттер көбейетінін, бұл әдеттерден арылмаса болашақта құлдық қаупі барын болжағанын аңғарамыз. Хандық дәуірі әдебиеті негізінде жыраулар поэзиясы қалыптасып, ел ішіндегі түрлі жайттарға назар аударып, болашаққа көз тастады. Осылайша, халық арасында жыраулардың беделі артты.

Жыраудың басты функциялары негізінде жыраулық поэзия жоғары деңгейде дамыды. Зерттеуші Қ. Мәдібай қаһармандық эпосты тудырып, батырлардың бейнесін сомдап қана қоймай, ұлт-азаттық, жауынгерлік рухты, бостандық арманы шығармаларының басты сарыны екенін айтады [1, 19]. Осы негізден, жыраулар поэзиясы дәстүрлі сарынның күйін, заманының қалпын, бар мақсат-мұратын, тұрмыс-тіршілігін тұтасымен суреттеген қазақ әдебиетінің әдеби арнасы екенін көреміз.

Автор категориясы сияқты тыңдаушы категориясы эстетикалық, философиялық, қоғамдық-саяси мәнге ие. Философиялық негізде тыңдаушы категориясы автордың ақиқатқа, шындыққа деген көзқарасын, танымының, туындысын, тыңдап, көріп, қабылдап, дүниенің диалектикалық заңдылықтары турасында ойланушы ретінде көрінеді. Эстетикалық негізде тыңдаушы автордың пікірін саралай отырып, ақынның ішкі «менін» түсінуші, ел мәселесінен бастап, жалпыадамзаттық, адамгершілік мәселелерін сезінуші ретінде анықталады. Қоғамдық-саяси аспектіде тыңдаушы қарастырылған дәуірде орын алған экономикалық, саяси, діни, тарихи, әлеуметтік құндылықтарын жасаушы әрі туындаған мәселенің шешуші, күресуші, әлеуметтік және физиологиялық жіктен құралғанын көреміз [1, 7].

Автор қалыптастырған дыбыс тыңдаушымен қабылданып, санасында сол дыбысқа сәйкес дыбыстарды еске түсіріп, еске түсіруі негізінде санада сол жөнінде ой тудырады, егер де сөйлеушінің дыбысы санадағы естелікке еске түсірмегенде ұғыну мүмкін болмайтынын зерттеуші Н.Кенжеғараев атап өтеді [1, 10]. Аталған сөйлеуші мен тыңдаушы коммуникациясы табиғи түрде жүзеге асатын болса, автор мен тыңдаушы байланысы көркем шығарма арқылы жүзеге асады. Осы орайда, зерттеуші Н. Кенжеғараев автор мен тыңдаушы категориясының байланысын С. Азбелевтің кестесін негізге алатынын атап өтеді.

Осы орайда, зерттеуші Н.Кенжеғараев былай дейді: «Автор мен тыңдаушы категориялары «сөйлеуші мен тыңдаушы» психолингвистикалық категорияларының жетіліп, дамып, толыққан түрі, қарапайым сөйлеушіден даралық, шығармашылық қабілеті асып, қалыптасып, кемелденген тұсы, творчестволық ойдың, білім мен ғылымның, ізденудің, қабілеттің жемісі. Сөз өнеріндегі автор мен тыңдаушы категориялары мен көркем өнердің түрлі салаларындағы автор мен қабылдаушы категориялары тиісті нысандарына, пәндеріне келгенде өзгешеленгенмен, психофизиологиялық, материалдық, шығарманың тууы, пайда болуы жағынан ұқсас. Өнер туындысын тудырушы және қабылдаушы адам болғаннан кейін, адам бойындағы психофизиологиялық қасиеттер, қабілеттер баршаға ортақ» [1, 13], - деген пікірін білдіреді.

Осылайша, зерттеуші жыраулық поэзияны былайша қорытындылайды: «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ сөз өнері қазақ халқының осы кезеңдегі әдебиетінің әлемнің басқа да халықтары әдебиетінен ерекшеленген, өзіндік қасиетке, табиғатқа ие екендігін көрсетеді. Ауызша әдебиет жазба әдебиеттің қызметін атқарып және сол деңгейден абыройымен, мықтылығымен танылып, міндеттелген жүкті қайыспай көтеруі, сөз өнеріне байланысты қажеттілікті қанағаттандыруы, өнерді тұтынушы тыңдаушылардың межесінен шығуы, тілдік көркемдікпен бейне жасауда кең қадамдар жасауы, қиын-қыстау заманда ел рухын көтеріп, адаспас жол іздеуі, сол мұратқа бел шешіп кірісіп, мақсаттарына жетуі – феномендік құбылыс», [1, 17], - деп бағалап, жыраулық поэзияның құндылығын арттыра түседі.

Елдің болашағына алаңдаған жыраулық поэзия өкілдері заман өзгерісін анық сезінді. Алдағы күннің қауіпінен сескенді. Олар қауіптенген отаршылдық, құлдық тақырыптары шындыққа айналды. Отаршылдық саясаты бірден екінші елді жаулап, басып алудан басталмайды. Ең алдымен, жаулап алатын елді алдын-ала психологиясын, мінезін, болмысын, құндылығын анықтап алып, кейін келе жаулаудың небір тәсілдерін қолданады. Осы орайда, мынадай мысалды келтіргіміз келеді. Осман империясы алғашында ру-тайпа деңгейінде қалыптасып, кейіннен алпауыт империяға айналды. Империяға айналуы киелі Константинопольді жаулап алуымен басталды. Халық арасында Фатих атанған Мехмед сұлтан қаланы жауламас бұрын қаланы бақылап отыру мақсатымен қамал салдыртады. Қала әкімшілігінің қарсылығына қарамастан, бекінісін алдыртпай, қаланы өзінің бақылауына алады. Солай, біртіндеп жүзеге асқан әрекеттері арқылы, бақылау негізінде діттеген мақсаттарына жетті. Сол секілді патшалық Ресей жетіп келіп, бірден қазақ жерін жаулаған жоқ. Алғашында патшалық Ресейде түрік билеушісінің тәсілін қолданды. Қазақ жерінде қамалдар сала бастады. Әсіресе, шығыс аумақта бірнеше қамал салынып, қазақ жерін бақылауға алды. Қамал салынған жылдар XVIII-ші ғасырдың бас кезінде еді. Содан соңғысы Әбілқайыр ханмен келісімі тарихта үлкен әріптермен жазулы қалды. Ә.Кекілбаев бастаған зерттеуші-жазушылар ханның бұл әрекетінің сол заманға сай екенін, сол кезеңдегі дұрыс шешім екенін айтқан болатын.

Аталған өзгерістер зар заман әдебиетінің тұтастай болмысын көрсетіп, патшалық Ресейдің саясатының қазақ жеріне әсерін көрсетеді. Зар заман пессимизмінің генозисін қарастыру барысында Б.Омар Асан қайғы жырларындағы шортанның қарағай басын шалуы жайындағы өлеңіне тоқталып, шортанның ұшпайтынын, көкпен таласқан қарағайдың басына ұмтылуы жақсылықтың нышаны емес екенін анықтайды. Сондай-ақ бұл халықтың басынан болашақта өтетін құқайлардың символдық белгісі екенін де айтып өтеді [3, 88]. Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір өлеңдерінде заманның азып, байлар мен төрелердің байлыққа, дүниеге құнығып, қайырымсыз болғанын, малдың, айырбас сауда орнына ақша шыққанын қарғыстай көреді [3, 89]. Көшпелі өмір сүрген халқымыз сауда-саттық айырбас арқылы жүргізілгендіктен, ақшаның шығуын, жаңа индустриалды қоғамның келуін қабылдай алмады. Жоғары да атап өткен Ұлы географиялық ашылулар Ұлы Жібек жолын жауып, оның маңыздылығын төмендетіп, су жолы арқылы сауда-саттық қарым-қатынасты дамытты. Осыдан монета, ақша арқылы сауда айырбасы жүргізіле бастады.

Қазақ арасындағы байлық концептісінің өрісін былайша көрсетеді: *төре, би, бек, ақсүйек, хан, тархан, алпауыт, әмір, ұлық, әкім, ояз, жасауыл, қожя, старшын, шабарман, атқамінер* деген түсініктер арқылы анықталатынын айтады [4, 15]. Алайда, бай деген атау қалыптасқанмен, аталған қызметтерді бай ретінде елестету қалыптасқан оларға деген негативті көзқарас пен бағалау әлеуметтік, қоғамдық-саяси факторлардың әсерінен орын алды. Қазақ жерінде отаршылдық саясат XIX ғасырдың 60-жылдары

толықтай аяқталып, қазақ жері тұтастай патшалықтың мекеніне айналды. Сол жылдары қазақ баспасөзі басталды. Бұл орайда ағылшын зерттеушісі Б.Льюис «Таяу Шығыс» зерттеу еңбегінде отаршылдық империяның баспасөзді екі түрлі қызметте қолданатынын атап өтеді.

Аталған екі функцияның ішінде ХІХ ғасырдың аяғынан бастап қазақ жерінде патшалық Ресейдің пропагандасы енді. Патшалық билік дінге рұқсат берді, діннің ықпалымен патшалықтың билігін нығайта түсу көзделді. ХІХ ғасырдың екінші жартысы қазақ әдебиетінде ағартушылық әдебиет деп аталды. Бұл кез – Шоқан, Ыбырай, Абайдың ағартушылық идеяларының танылу кезеңі. Абайдың болыстық жайындағы өлеңдері «Зар заман әдебиетінде» көтерілген тақырыптардың тереңдей түскенін көрсетеді. Абай өз заманында халықты төрт аяқты малдан да жамансың, мал төртаяқты болса, қазақ сегізаяқты деп қатты сынаған болатын. Абай өзі таныған, білген шындығын, заманның жетістіктерін игеруді орыс оқуынан анық білгендіктен, орысша оқу керектігін айтады. Өз балаларынан бастап, ауылының балаларын орыс мектебінде сауат ашу керектігін жеткізеді.

Абайдың бұл идеясында өсек айтып, өзгені жамандағанша, өзге адамға рақымшылықпен қарап, өсектегенше жағдайын түсініп, рақыммен көмектесу керектігін жеткізеді. Өтірік айтып, жұртты алдағанша, терең ой ойлап, халықтың қамын жеуді, айналаға қалай көмек көрсету керек екенін ойлану керектігін айтады. Мақтанып, жұрттан өз артықшылығыныңды айтып, көрсетіп уақытыңды зая кетіргенше, талаптанып, айналаның қажетіне жарауды ойлау керек деген ойы танылады. Еріншектеніп, ешбір істің басын қайырмай, тіленіп жата бермей, еңбектенудің маңыздылығын жеткізеді. Бекер мал шашып, шашыла бергенше, қанағатшыл болу керектігін, диалектикалық құндылықтар арасында балансты сақтау маңыздылығын жеткізеді. Абай қарасөздерінде қазақтың мінезі өзгергенін бірнеше рет атап өтеді. Дегенмен ағартушы қазақтың сөзге тоқтайтын мінезін жоғары бағалайды.

Зар заман әдебиеті мен ағартушылық әдебиеттің ізін ала қазақ әдебиетінде «Алаш әдебиеті» қалыптасады. Бұл кезең үлкен тарихи өзгерістерге толы ХХ ғасырдың басында болды. Алаш әдебиетін қарастыра отырып, ХХ ғасыр әдебиетінде жаңалық болған «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу» шығармаларының орыс әдебиетінің үлгісінде жазылғанын көреміз. ХІХ ғасырда орыс әдебиетінде революциялық әдебиет дамыды. Бұл қозғалыстардың басында Н.Чернышевский, И.Тургенев сынды революционерлер патшалық Ресейге қарсылықтарын жеткізген болатын. Аталған революционерлер шығармаларында басты кейіпкердің мұңын жеткізумен бірге, қоғамдағы өзгерістер мен қиындықтарды, қарама-қайшылықтарды жеткізуді өздерінің басты міндеті деп есептеді. Біздің алаш зиялыларымыз осы үлгі негізінде шығармаларын жазған болатын. Н.Карамзин «Бедная Лиза» шығармасы арқылы қоғамдағы болып жатқан оқиғаларды, өзгерістерді диалектикалық қайшылықта суреттеді. Б.Майлин, М.Дулатұлы сынды жазушылар халықтың болмысына жақын етіп әрі халық



арасындағы әйел тақырыбын көтеріп, шығармаларын терең идеялық сипатта жазды.

Елдің бүгіншіл екенін, өзінің ертеңін ойлап әрекет еткен А.Байтұрсынұлы шығармаларында да өз ауылының иті өзін қапқанын айтып, халықтың көрсеқызарлығын, қызғаншақ мінезін атап өткен болатын. Алаш зиялылары поэзиясында оқу, білім, ғылым мәселелері көтеріліп, тыңдарманын оқуға шақырған болатын. Автор болса, тыңдаушысына әсер етуде символдық образдарды қолданып, қалың ұйқыда жатқан халықты «маса» сияқты ызыңдап оятуды көздеген болатын.

Бұл кестеден сыртқы факторлардың автор санасына деген әсерін, сонымен бірге санада орын алған шығармашылық актінің көрінісі ретінде көреміз. Алаш зиялыларының маса, азамат идеялары шығармашылық актінің көрінісі ретінде анықталады. Көркем сұхбаттастықта алаш әдебиеті ақындары тыңдаушымен символдық байланыс орната отырып, басты құндылықтарын жеткізуді көздейді.

Кейіннен қазақ жерінде толықтай кеңес билігі орнағаннан кейін қазақ әдебиетінде кеңес билігін жақтаған, кедейлердің жаршысына айналған ақындар кеңес әдебиеті поэзиясын қалыптастырды. Т.Кәкішевтің пікірінше, қазақ совет поэзиясының жаңаша бағытта дамығанын, шығармашылық кадрдың алғашында аз болғанын, халық өмірін реалды түрде суреттегенін, революциялық романтика қалыптасқанын айтады. Сондай-ақ зерттеуші былай дейді: «Жаңа шындықты жаңаша жырлау процесі барлық жанрдың творчестволық мүмкіндіктерін пайдалануды, жетіспей жатқан саланы жетілдіруді, жоқты тыңнан жасауды, тудыруды талап етті. Жаңа мазмұн ескі форманың ауқымына әрдайым сия бермеді, көп жағдайда жаңа тың ізденістерге бастады» деген болатын. Кеңес поэзиясының басты мақсаты халық өмірін реализммен суреттеу екенін, жаңа заманның шындығын лайықты түрде бейнелеп, бұқараның болмысын танытуға тырысты. Бұл кезеңде Б.Льюис атап көрсеткен цензура қатты қадағаланды. Кеңес өкіметі орнағанмен, зиялылар қатарында өткен заманды аңсаушылар, діни бағытта жазатын авторлар әлі де болса өлеңдерінде жаңа заманның шындығын емес, өткен заманның шындығын жеткізуге тырысқан болатын. Бұл ол уақыттың цензурасына сай емес. Кеңес әдебиетін мақтап, жаңа өзгерісті жырламаған адам ақын емес, оның өлеңі баспа бетінде жарық көрмеді. Жарық көрсе де, кеңес билігін даттаған тұсы басылмай қалатын. Прозада «Көшпенділердің» жарық көруі біраз зиялыларды қорқытқан болатын. Өйткені ол заманда қазақ халқы өзінің өткен тарихын қозғамауы керек болатын. Осылайша, қысыммен өткен жетпіс жылда аяқталып, Кеңес Одағы ыдырап, қазақ халқы өзі аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т.21: Қирабаев С. Тәуелсіздік және әдебиет. – 416 б.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., – 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дайындау институты, 2010. – 608 б.

3. Ісімақова, А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: Монография. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
4. Қабдолов, З. Ахаң һәм әдебиеттің әліп-биі. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1993. – 144 б.
5. Қабдолла, З. Шығармалары. 6-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 314 б.
6. Нұрмұхамбетұлы, И. Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін (б.з.б. X ғ. – XVIII ғ. дейін): Ғылыми зерттеу. – Астана: ЕҰУ, 2005. – 195 б.
7. Досмұхамедов, Х. Шығармалары. Бірінші том. – Алматы: Арыс, 2017. – 496 б.
8. Келімбетов, Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

ӘӨЖ:821.512.3: 39

## **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДА ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

*Сабырова Гүлнұр Сабырқызы –  
ҚТМ-22 тобының 2 курс магистранты  
Шымкент университеті, Тассай*

Абай Құнанбаев XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, ұлы тұлғасы. Ол қазақ әдебиеті тарихында қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, сыншыл реализмнің де негізін қалаған кеменгер ақын.

Қазақ қоғамдық ой-пікірлерінің тарихында рухани даму кезеңі деп ағартушылық философия негіздерінің пайда болуы мен қалыптасу кезеңдерін санауға болады. Қазақ тарихында философиялық ой-пікір саласында шыққан ойшыл кайраткерлер шығармашылығы өз алдына бір кен. Оны білуге ұмтылмаған жан, адам болмайды, хайуанға тең дер еді қазір Абай Құнанбайұлы.

Абай Құнанбайұлы өзі көріп, білген өмірден сопылық талғамнан көп бұйым алады. Абай Құнанбайұлыдан қалған мұраның ішінде көп кезігетіні даусыз сын айту, сопылық сарын айқын сезілетін сыртқы көркем әдебиет белгілері бар. Ол сопылық сарыннан қосылған белгілер. Екінші, бұдан бөлек,

ақынның өз тұлғасы сияқты боп қалыптанған барлық әдебиет мұраларынан: бұтақша таралып өсіп, жырыла шыққан тумалары тағы бар.

Қазіргі қарастыратынымыз сопылық ілімнің қазақ ортасындағы орны. Көлденең тұрып көз жіберсең, бұл ақынның шығармалық еңбегі ұзын аққан ағын су сияқты. Рухани танымдар легі адам жанын толық ететін мұсылман заңдылықтарын таныс етеді. Кейде тастақ, керіш арна мен көк шағыр мөлдір сулы Ертіс басындай боп, кейде құмды сары топырақты еспе арнамен жылжып, Сырдың аяғындай құла түсті боп ағады. Жолшыбай өзіне көп құятын әр түрлі тың арналардың неше алуан суларын сіміре барып, әр жерде өзінен де кейде көлшік, кейде өзен тармақ шығарып кете барады. Осы айтылған жағырапиялық теңеу ақыннан қалған мұраның тарихи орын мәнін алсақ, көңілте қонымды, үйлесімді теңеу сияқты көрінеді.

Барлық Абай Құнанбайұлы шығармалары мәдени тарихи тұрғыдан ой саналық шекараларын жүлгелей жүріп жетілдіретін қазақ даласының бір ағыны сияқты. Тағы бір теңеу, Абай Құнанбайұлы бала күнінде екі шешенің қолында қатар тәрбиеленгендіктен жеңгелері «Телғара» деп атандырған екен. Шынында, бұның ақындық өмірі де өзіндік, қазақтық қалпынан басқа жаңағыдай екі жағадан қатар нәр алу арқылы бір әдеби «Телғаралықпен» ерекшеленіп туған сияқтанады.

Әрине, бұған қарап Абай Құнанбайұлының өз пішіні — қазақ тұлғасы жоқ демейміз. Жаға — жаға да, арна — арна. Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан қайнар көздер — ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды. Екі анаға тел болуда екеуінен нәр алу болғанмен соны өзінше қорқытып, өзінше сіңіріп пайдаланып отырып, бала дөнесі өседі.

Абай Құнанбайұлы «адам жанындағы асыл қасиеттің бірі еңбек» [1, 26] -деген. Бұл тек өзінің кара басының қамын ғана күнттейтін еңбек емес, пайдасы көпке тиетін еңбек деп біледі. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуан боласың, әрекет ет, пайдасы көпке тисін» [2, 86] деген пікірі тағы бар. К.Маркс осы мәселеде еңбек етуді бәрінен жоғары деп білгені мәлім.

Абай Құнанбайұлы «адамның ақылды, білімді болуы оның тумысынан емес, айналадағы дүниені сөзіп, біліп, үйренуінен, еңбек етуінде. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз» [3,866] – дейді.

Жаралап, жасалып қойған нәрселерді көзбен көріп, ақылмен біліп, сезбекпіз. Демек, Абай Құнанбайұлы білудің сезімдік және ақылдық таным арқылы болатынын құптайды. Бірақ ол ақиқатты анықтаудың өлшемі ақыл деп есептейді: «Ақыл сөзбен сенбеңіз, бір іске көз келсеңіз, ақсақал айтты, бай айтты, кім болса, мейлі сол айтты, ақылменен жеңсеніз». «Ақыл мидан, өлшеу қыл» [4,56] деп танымдағы ақыл ролін кетермелейді. Абай Құнанбайұлы гуманистік көзқарасты насихаттаушы десекте боларлық. Ол адам атаулы жаратылысында бірдей деп қарады. Өзін өзгеден артық санайтындарды сөгіп, «Мені мен сен теңбе деп мақтанасың, білімсіздік белгісі ол баяғы» дейді. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деп «Атаның

баласы болма, адамның баласы бол» [5,216] дейді. Ол жалпы адамзатты түгел сүюге және оларды тең көруге үндейді.

«Дүние бір қалыпта тұрмайды,  
Адамның қуаты, өмірі бір қалыпта тұрмайды»,  
«Дүние - үлкен көл, заман - соққан жел»,  
«Алдыңғы толқын -ағалар, артқы толқын інілер» [6,86] -  
дейді.

Абай Құнанбайұлы өз кезінде қазақ қоғамының болмысына үңіле қарап, адамгершілік мінез-құлық формасын ұсынады: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз Өсек, өтірік,мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ - бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, бес асыл іс көрсеңіз» [7,46] -деп әдептілік пен қайырымдылықты дәріптейді.

Абай Құнанбайұлының ойынша елдің жақсы жаман болуының тетігі оның ынтымақ-берекесіне байланысты. Ол «Берекелі болса ел жағасы жайлау ол бір көл, берекесіз болса ел-суы ашыған батпақ көл», [4,186] -дейді. Абай Құнанбайұлының байқауынша, ел еңбекпен көркейеді, елдің шырқын бұзатындар еңбек етпейтін арамтамақтар, еңбексіз жатып ішу адам баласын аздырады: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» [4,126] -дейді.

Семей педагогика институтының филология факультетін 1941 жылы бітірген. Содан көп жыл әдебиет пәнінің мұғалімі, Абай мұражайының директоры қызметін атқарған, «Абайдың әдебиет мектебі» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғаған (1951). Ұлы Отан соғысына қатысқан. Әдебиетке 1930 жылдың орта шенінде келген ол алғашқыда өлең-жырлар, драматургия жанрында бірқатар шығармалар жазды, тәржіме жасаумен де көбірек шұғылдан ды.

Абай Құнанбайұлы адамдарды осы дүниеде еңбек етіп өнер білім тауып, өз тіршілігін оңалтып, рахат көруге насихаттайды. Халықты өнер-ғылым жолына жұмылдырады. «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», «Болмасаң да ұғып бақ, бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз» [8,36] дейді. Дүние бір алып бір құрылыс, оған әрбір адам өз үлесін қосу керек деп тұжырымдайды. «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» [7,146] дейді. Абай Құнанбайұлы ақыл -парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. Абай Құнанбайұлының философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы мен алға басарлық мәні, міне осында.

Абай Құнанбайұлының философиялық көзқарасының мұрасында бір жүйеге түсірілген көзқарасын тұжырымдайтын арнайы философиялық шығармасы жоқ. Дегенмен, Абай Құнанбайұлының көптеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз» Абай Құнанбайұлы шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті

болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жан жоқ. Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны ақырына дейін ашылып, түсіндірілмей келеді. Бұған қоғамдық болмыстың өзекті мәселелері жөніндегі оның көзқарасының курделілігі, жүйесіздігі, тіпті, кейде қарама-қайшылықтары белгілі дәрежеде қиындық туғызды. Абай Құнанбайұлы шығармашылығын зерттеудің алғашқы көзеңінде, жиырмасыншы және отызыншы жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай Құнанбайұлы философиясын» руханилық басым. Әдеттегі идеалистік философия көптің қолдауына ие болады.

Қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр мұсылмандық мәдениетке ұласып жаңа келбет алғанын Абай Құнанбайұлы шығармаларынан көреміз. Ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармаларына назар аудару да өз жемісін берді. М. Әуезов идеялық бағытта бір-бірімен табиғи ұштасып, жалғасып кететіндігін айта келіп, Абай Құнанбайұлы дәуірі үшін орыс классиктерінің шығармаларымен таныстықтың маңызы да зор болғанын атайды. Қазақстандағы қоғамдық ойдың болашақта жандана түсуіне Абай жолының қаншалықты маңызды екенін білгеніміз жөн екенін атап көрсетті.

Ғалым Абай Құнанбайұлының орыс әдебиетінен аударған шығармаларының идеяларына жете назар аудара білді және ықпал етті деген қарапайым түсініктерді еске алумен ғана дәлелдемек болған «жеңіл-желпі, кара дүрсін пікірлерге» қарсы шықты. Ол Абай Құнанбайұлы шығармашылығының өткен заман ойшылдарының теориялық мұраларымен байланысын анықтайтын мәселелердің тым тапшы зерттелгеніне өкініш білдірді.

Абай Құнанбайұлының орыс әдебиетіне ғана емес, сонымен қатар адамзаттың бүкіл рухани мәдениетіне катынасын тұтастай даму үстінде: «орыс және қазақ халқының байланыстарын сол көзеңнің мазмұнын анықтайтын саяси оқиғалармен тығыз органикалық байланыста қарастыратынының» [3,54б] методологиялық маңызы аса зор.

Абай Құнанбайұлы философиясында рационализм мен демократизм рухындағы өзінің ең басты идеялық, ұстазы және тәрбиешісі болған Чернышевский көзқарастарының негізін терең түсіне білді. Ойшыл-ақын оның әр түрлі филос. жүйелерге сын көзбен қарап, қорытынды жасайтын еңбектері арқылы Демокриттен бастап Фейербахқа дейінгі Батыс Европа философиясымен танысты.

Абай Құнанбайұлы табиғаттың объективті шындығын, әлемнің адамдар еркінен, қалауынан және санасынан тыс өмір сүретінін мойындайды. Ол әлемнің пайда болуы мәселесін « дүние әрбір бір турлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына

өлшеу бермейтұғын көркем законға қаратылып жаратылды», [2,436] - деп түсінген.

Абай Құнанбайұлы адамды табиғаттың бір бөлігі деп санап, имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір калыптастырады деп есептейді. ал объективті дүниенің құбылыстары адам басында сәулеленеді де, оның психикалық қызметінен көрініс табады. Адам мәселесін Абай Құнанбайұлы әр түрлі: философиялық,биологиялық, психологиялық, эстетикалық және әсіресе, этикалық, көзқарастан қарастырған.

Абай Құнанбайұлының адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» деген еңбегінде айтылатын ойлармен ұштасады.Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам танақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сөзеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай Құнанбайұлы Жетінші сөзінде. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі - ішсем, жесем, ұйықстасам деп тұрады .. Біреуі білсем екен демеклік... Дүниенің көрінен Һәм жерінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп біпмесе, адамдықтың орны болмайды »-дейді ойшыл.

М. Әуезовтің Шәкәрім жөнінде айтқан мына бір салиқалы пікірі ойға оралады: «Абайдың дәл өз тұсын-да, өз дәуірінде еңбек еткен ақындар төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия - Абайдың балалары. Қалған екеуі - Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынасындағы шәкірттері.

Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен кара сездерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған... Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзетудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын-шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады» Абайдың дүниетанымы да жаратылған болмыс атаулыдан мән іздеуімен ерекшеленеді.

Абай сананы, «өз рухын» адам нағандыққа қарсы күресте, қажырлы еңбек арқылы үнемі нығайтып отыруы керек деп есептейді. Бір жағынан «сана ерікпен бірігуі қажет», екінші жағынан – сана мен еңбек әркашаңда бір жерден көрінуі керек. Ары таза, еңбекқор, білімді адамдар үшін табиғат құпияларын танудың шегі жоқ. Ақын білімді адам құбылыстар мен заттардың өзінен бурыңғы беймәлім жаңа қырлары мен қасиеттерін тануға кең мүмкіндік алатынын атап көрсетеді.Абай "Ойланшы,сыртын қойып, сөздің ішін, деген өлеңінде әлемнің, адамның, істің, өмірдің, сөздің, жаратылған барлық болмыстардың мәніне, түпнегізіне үңіледі. Яғни, Абай ілімі бойынша танымның объектісі - жүрек. Бұл туралы, "Халиққа махлук ақылы жете алмайды, ақылмен, оймен білген нәрсенің бәрі- дәһрі" -деп, ол танымдық негізін ислам философиясының эпистемиологиялық ұстанымынан алады.

Абай адамдарды осы дүниеде еңбек етіп өнер білім тауып, өз тіршілігін оңалтып, рахат көруге насихаттайды. Халықты өнер-ғылым жолына жұмылдырады. «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», «Болмасаң да ұғып бақ, бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз» дейді. Дүние бір алып бір құрылыс, оған әрбір адам өз үлесін қосу керек деп тұжырымдайды. «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» дейді. Абай ақыл - парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. Абайдың философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы мен алға басарлық мәні, міне осында.

Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны ақырына дейін ашылып, түсіндірілмей келеді. Бұған қоғамдық болмыстың өзекті мәселелері жөніндегі оның көзқарасының курделілігі, жүйесіздігі, тіпті, кейде қарама-қайшылықтары белгілі дәрежеде қиындық туғызды. Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы көзеңінде, 20-30 жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды.

Абай: "Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас" немесе Оның Бар және Бір екендігі туралы "Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын"-деп, ислам дінінің имандылық тұғыры мен шартына берік екендігін баса көрсетеді. Бұл - А.Ясауидің іліміндегі шарифат мақамы. Бірақ, Абайдай хақимнің дін-иман арқылы берілген құдайлық таным шеңберінде калуы мүмкін емес-ті. Ол үшін жан құмарлығының талабын қанағаттандыратын рухани тыныштыққа жету басты мақсат. Сондықтан Абай, "Ақылдың жетпегені арман емес, құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын", "Және оған қайтпақсың, Оны ойламай, өзге мақсат ақылға тола ма екен?- деп, адамдарға "құмарсыз, құр мүлгіп" иіліп-бүгіліп, құлшылық парызын атқарып жүргендерден басқа бағытты меңзейді. Абайдың түсінігінде құдайлық танымға ақыл жеткізбесе де "терең ой" (тафаккур) арқылы талаптануға болады. Терең ой - адамды кемелділікке жетелейтін сопылық дүниетанымдағы негізгі ұстанымдардың бірі.

Дүниежүзілік ұлттық сипатын анықтап, қазақ үшін ұлттық дін ретінде қаралады. Қазақ топырағында мұсылман діні қарлұқтар кезінде мемлекеттік дін ретінде тіршілік ете бастады. Бұл анық. Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда. Бұл үлкен территория. Яғни, протоқазақтар мемлекеттік дін ретінде қабылдаған. Бұл аз уақыт емес. Қазақ шала мұсылман деген қағидаға қарсы және дәлелді ой. Одан кейін қараханидтер, Алтын Орда, әр кезеңде қайталанып мемлекеттік діндік жаңа бір сипат алады. Сондықтан мемлекеттік дін ретінде сақтала береді, сопылық күшейе береді, тағы да өзгешеліктер туындап отырады.

## **Пайдаланылғано әдебиеттер**

1. Мырзахметово М. Абай және Шығыс. - Алматы.:Қазақстан, 1994. - 205б.
2. Есімо Ғ. Санао болмысы.Бесіншіо кітап. -Алматы.: Ғылым, 1998,- 307б.
- 3.Абай.Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. - Алматы.: Жазушы. -2002. - 335б.
4. Ғарифолла Есімов. Хакім Абай: (даналық дүниестанымы) - Алматы.: Атамұра -Қазақстано -1994. - 200б.
- 5.Құнанбаев Абай. Шығармалыр. Екі томдық.Т.2-Алматы.:Жазушы-1968. -250б.
- 6.Мұхамедханово Қ. Абай мұрагерлері.-Алматы.: Атамұра, 1995. -208б.
- 7.Абай Құнанбайұлы. Абай қара сөздері. -Алматы, Жазушы 2004.-154б
- 9.Қоңыратбаево Ә.Қазақ эпосы және түркология. -Алматы, Ғылым 1937. - 329б.

ӘӨЖ:821.512.3: 39

### **III. МҰРТАЗАНЫҢ АЙ МЕН АЙША ШЫҒАРМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Сәрсенбаева З.–ҚТ-222 тобының 2 курс студенті  
Н.Ш.Базарбекова аға оқытушы  
Шымкент университеті, Тассай*

"Ай мен Айша романы қазақ елінің тарихи мекендерінің бірі-Жамбыл облысына қарасты Жуалы ауданының Мыңбұлақ ауылында туып өскен Барысхан дейтін баланың өмірін арқау еткен.Кішкентай кейіпкер автордың өзі екені бірден сезіледі.Ал,негізгі кейіпкер баланың анасы Айша.Шығармада соғыс жылдарындағы аналардың,"41-жылғы келіншектердің"символына айналған Айшаның тағдырдың ауыр тауқыметін тартып,айға сырын ақтарып,сыртқы жаумен емес,ішкі қас дұшпанмен арпалысқандығы шебер суреттеледі.

Романның өзегінде басқа түскен қиындыққа үнсіз мойынсұна салу емес,кез келген тығырықтан алып шығар айқын мақсат,табанды мінез,батыл қайсарлық жатыр.Кейіпкерлер арасындағы эмоциялық байланыстар мен диалогтар тұрғысынан қарағанда,бұл шығарманы шынайы"драмалық роман"кейіпкерлердің бір қырымен немесе бір жақты мінезімен шектелмей,өзгеріп отыратын әр алуан мінезді шеберлікпен жеткізу арқылы айшықталған"классикалық және реалистік роман"бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған.Романда ашаршылық жайлаған зұлмат жылдарда дүниеге келіп



,қазақ зиялылары репрессияға ұшыраған жылдарда әкесінен айырылып, одан кейін Ұлы Отан соғысының тауқыметін бастан өткеріп қанша қиыншылық көрсе де, еңсесі түсіп езілмей, ағынға қарсы жүзе білген Барысхан деген баланың өмірі және сол балаға өшпестей үміт сыйлап, өмірлік шамшырағы, қайсар қаһарманы болған анасы Айша жайында баяндалған. Күйеуі Мұртаза тұтқындалған нан кейін 3 баласымен қалған ана колхоздастыру үшін болған науқанның құрбаны болады. Жоқшылықтың азабын, жалғыздықтың зардабын шегеді. Арсыздықпен арпалысып, үш баланың болашағы үшін күреседі. Айшаға күш беретін - жаратушы, ал оны жұбататын аспандағы ай. Автор "Ай мен Айшаның" арасындағы рухани байланысты тамаша орнатқан. Осы себептен романның тақырыбы ішкі мазмұнына сай.

"Ай мен Айша" романында шындыққа жанаспайтын сәттер, болмысқа қарама-қайшы келетін факторлар жоқ. Керісінше, шығармада оқырманнан ештеңе жасырмай, бір дәуірдің трагедиясын қаз-қалпында суреттеп, тайға таңба басқандай ашып көрсетеді. Өйткені бала Барсханның басынан кешкендері - заманымыздан озған заңғар жазушы Ш. Мұртазаның өз өмірі. Романның көркем тілі және баяндау тәсілі бұрынғы дастандарға, сонымен қатар әлем әдебиетінің классикалық шығармаларына келеді. Шығарма фольклорлық және этнографиялық құндылығымен ерекшеленеді және бір деммен оқылады. Автор сөзді орын-орнымен шебер қолданғандықтан, шын мәнісіндегі сөз зергері екені бірден байқалады. Жазу стилі арқылы автор оқырманның назарын бірден өзіне қарай баурап әкетеді. Сондай-ақ, автордың өз көзімен көріп өскен куә болған оқиғалар мен кейіпкерлер алынғандықтан, шығарманың шынайы жазылғандығы сезіледі. Жазушының жан дүниесіне жылымық болып түскен кей сөз тіркестері де өз орнын тауып баяндалғандықтан, оқырман еріксіз түрде сол бір тылсымға толы сәтті бастан кешіріп отырады. Бір мезетте дөп басып айтылған әлгі сөзден аттай алмай тұрады. Кейіпкердің образын, сөзбен салынған суреттері көз алдыңнан кетпейді. Кей кейіпкерлермен сырласқың келіп тұрады, кейбіреуіне қолұшыңды бергің келеді. Енді бірінің тұрмыстық жағдайын көз алдына елестетіп-жыюағың келсе, кей жағымсыз кейіпкерлерге ашуланасың. Ал, Айшаның жөні бөлек, жаны басқа, болмысы мен мінезі ешкімге де ұқсамайды. Жазушы оқиғаларды, кейіпкерлерді бұрамаламайды және өзінің ойын ашық білдіреді. Оқырмае мен туындының арасында нысана жоқ, оған жазушы жол бермеген. Өзіндік баяндау стильімен сөз сахнасын құрады, тіршілік пен өмірдің көрініс спектаклін ойнатады. Сондықтан романның ішінде орын алған әрбір әңгімесі бір-бір сурет болса, тұтас шығармасы қоғамды, заманды және табиғатты бейнелеген галерия. Мұңбұлақтағы суреттер, Барысхан мен Айшаның тіршілігі киноның естен кетпес фрагменттері тәрізді қайта-қайта көз алдына тіріліп келеді. Қол бұлғасаңыз сізге де қол бұлғап, сәлем беретін тәрізді.

Барлық романдар қысқа әңгімелерден құралады. Дегенмен роман жанрының қаншалықты дамығанын Шерхан Мұртазаның шығармасынан байқау қиын емес. Жазушы кейде роман жазамын деп үстелге отырмайтыны

сөзсіз. Яғни, жанр таңдамайды. Әсіресе шығарма шынайы жазылған болса. Оның мақсаты-сөз арқылы санаға ықпал ету. Шығармадағы уақыт тек қала соғыс жылдарымен шектелмейді. Сол кездегі әлсізге сес көрсету, күштіге жалтақтау сынды жағымсыз мінез кеше де болған, бүгінде де бар. Ал шығармадағы жер мен мекенге келер болсақ, оны да Мұңбұлақпен шектеуге болмайды. Иә, әрине ол жердегі теңдессіз табиғаттың суреттері, Тәңіртауы суы мен нуы бөлек әңгіме, бірақ Қазақ жерінде бұндай сұлу ерлер өте көп. Өмірде қаншалықты әртүрлі образ болса, шығармада да Тасбет пен Жуанкүл секілді жағымсыз бейнелер бар.

Романға нәр берген бір жетістік-ұлттық характерге мән беру. Қазақ халқына ғана тән ұлттық ерекшеліктер жазушы кейіпкерлерінің бойынан көптеп кездеседі. Қазақ әйелдерінің ата-ене, өзінен жасы үлкен қайынаға, абысынымен бірге қайынсіңілі, қайныларының атын атамай, оларға ат қоюы. Не болмаса бас әріпін өзгертіп айтуы-ұлттық әдет-ғұрпымыздың бір нышаны. Айшаның ата-бабадан қалған керегені отқа жақпай сақтауы, елден кетерде бүкіл әруақтан кешірім сұрап, шаңырақ пен қимай қоштасуы. "Мына иесіз қалып бара жатқан шаңыраққа бас көз болып жүресің"-деп, иесіз үйді көршісі Баянға тапсыруы. Кие тұтқан шаңырақты қандай жұт келсе де, көздің қарашығындай сақтау біздің ұлтымызға тән қасиет екендігін көрсетеді. Үйдің оты сөнуін шаңырақтың шайқалуына балайтын қазақтың от анасын қадірлеуі -бес жасар ойнап келіп, жетілік шамға түкіріп, отты өшіре жаздағаны үшін оңбай жазалануы арқылы бейнеленген.

Бал балалықтың дәмін татып үлгермеген, бұл шығарманың авторы үшін аналары мен әжесінің аяулы алақаны жанға дауа, тәнге шипа болғаны шығармаларынан -ақ білін тұр.

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Әулиеата уезі, қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ топырағында дүниеге келген.

Әкесі Мұртаза 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Шерхан 1941 жылы Талапты мектебінде бірінші кластың табалдырығын аттаған кезден бастап-ақ оқумен бірге еңбекке де араласты. Балалық шағы соғыстың қиямет, қиын-қыстау кезеңіне тұспа-тұс келді.

1950 жылы Жамбыл қаласында интернат үйінде жүріп, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң әуелі Мәскеу полиграфия институтында, үшінші курстан бастап Мәскеудің мемлекеттік Ломоносов атындағы университетінде оқып, журналистика факультетін 1955 жылы бітіріп шығады. Сол жылдардың өзінде-ақ ол башқұрт жазушысы Мұстай Кәрімнің бір повесін, Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» романын қазақшаға аударды.

Шерхан Мұртазаның ел, қоғам, мемлекет, әдебиет үшін істеген еңбектері өте көп. Оның бәрін бір мақалада қамтып шығу мүмкін де емес. Алдымен өзі әдебиетке келген аударма ісінен бастасақ. Шерағаң әлемге әйгілі қырғыз елінің жазушысы Шыңғыс Айтматовтың негізгі

шығармаларын қазақ тіліне аударыпты. Иә, Шыңғыстың сан-қилы пәлсапалық тұжырымдарға толы шығармаларын аудару кез келген қалам ұстаған адамға оңай шағыла салатын жаңғақ емес. Осының өзінен жазушының көп ізденгендігі, әрі жазушының ойын терең түсіне білгені анық көрініс береді. Шерағаң Шыңғыс Айтматовтың «Қош, Гүлсары», «Ботагөз», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пида» атты повесть, романдарын орысшадан аударды. Осы шығарманың кез-келгенін екі тілде алып оқып отырсаңыз, шығарманың шұрайлы тілмен өте көркем аударылғанын байқайсыз. Мен бұл жерде Шерағаңның тек жазушы, қоғам қайраткері ғана емес, үлкен аудармашы екенін де айтқым келеді.

Шерхан Мұртаза өзінің шығармаларында адам бейнесін табиғаттың сұлулығымен астастыра өте көркем бейнелейді әрі әр кейіпкердің ойын терең түсіне отырып, адам мен табиғаттың тынысы бір екенін көрсете біледі.

Шерағаңның «41-жылғы келіншек» атты әңгімесінде Хадишаның өмір бойы күткен Мақсұт есімді жары майданға кеткеннен оралмады. Хадиша күні-түні Мақсұтты күтумен болды;

«Сорлысың, сорлы, — деп Ақшай ернін шығарды, ерніңе күйдіргі шыққыр.

- Тағы отыз жыл күт, келеді Мақсұт,- деп кекетті.

- Күтемін, — дедім. — Жүз жыл күтемін, -дедім.

Сөйттім де, ызаға шыдай алмай, айқай салып далаға атып шықтым.

- Қайдасың, Мақсұт! — деп айқайладым.

Үйге енді кіріп отырғаным да осы еді, сен келіп қалдың, Мақсұт. Ақшай енді не бетін айтар екен, бәлем.

Ол үндемеді. Бәрін үнсіз тыңдап босағада әлі тұр.

- Неге үндемейсің, Мақсұт?! — деп, Хадиша сонда шыңғырып жіберді.

- Хадиша өз даусынан өзі шошынып оянды. (Шерхан Мұртаза. Алты томдық шығармалар жинағы, Алматы, Қазығұрт, 2002. 41 жылғы келіншек. 301-бет)

Бұндай эпизод Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы әйелдер бейнесімен де үндесіп, сабақтасып жатады. Жазушының адам, әйел бейнесін жасаудағы шеберлігі, таным, түсінігі Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын қазақшаға аудару үстінде де үнемі сезіліп отырады. Бұдан қорытынды: таланттар ұқсастығы, әдебиеттер байланысы, қазақ-қырғыз әйелдерінің әдеби толыққанды бейнесі ұқсас екені анық байқалып отырады.

Жазушының кең құлашты, өзекті шығармасы — бес кітаптық «Қызыл жебе» эпопеясы. Қазақ халқының бір туар ұлы Тұрар Рысқұлов туралы бұл көлемді туынды Тұрар тағдыры арқылы қазақ халқының басынан кешкен қилы-қилы кезеңдерін камтиды. «Қызыл

жебе» халықтың ыстық ықыласына бөленген шығарма. Тағы бір айта кететін жай, «Қызыл жебе» романындағы Тұрар Рысқұловтың туған, жүрген жерін, әсем табиғатын аса бір шеберлікпен, керемет көркем оймен шынайы суреттеуі.

Әрбір адам дөңгеленген тарихта әртүрлі оқиғаларға куә болып қана қоймай, сол күрделі оқиғаларға тікелей қатысты және жасаушы болып тарихта қалатынын оқырманның алдына тартады. Тұрар Рысқұлов сияқты күрделі тұлғаны әдебиетке әкелу жазушының үлкен ізденімпаздығы, тарихи оқиғаларды таразылауы үлкен ерлікке парапар деп айтсақ, асырып айтқандық емес. Шын мәнінде Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов сияқты ел тұтқасы бола білген азаматты әдебиеттендіру арқылы қазақ әдебиетіне үлкен бір сом туынды қоса отырып танытып берді. М. Әуезов «Абай жолы» романы арқылы қазақ халқының ғасырлық тарихын дүниеге паш етсе, Шерхан Тұрар бейнесі арқылы қарама-қайшылыққа тұнып тұрған қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, ең ауыр кезеңін шынайы суреттей білді.

Ал, проза саласында жазушының әдеби тұлғасын айқындай түскен шоқтығы биік шығармасы, көлем жағынан да мазмұны

Шерхан Мұртазаның 70 жылдық мерейтойы қарсаңында 6-томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Бұл оқиға жазушының 70 жылдық мерейтойына науқангершілікпен қарау емес, оның әдебиеттегі еңбегін бағалағандық деп айтуымыз орынды. Біздің ойымызша, жазушының аударма туындыларын жеке жинақ етіп шығарса да, артық болмаған болар еді. Себебі, аудармашылық қызмет әр жазушының қолынан келе бермейтін тіршілік. Аудармашылық — әдеби саладағы үлкен шығармашылық құбылыс. Оны жеке басылым етіп шығару, оған талдау жасау, жазушының төл туындысымен қатар санау, қадірлеу жазушының шығармашылық тұлғасын аша түседі.

Шерхан Мұртаза 70 жасқа үлкен табыспен келді. Жазушының еңбектерінде үлкен саналы да сындарлы ой жатыр, ізденіс жатыр, еңбек жатыр, талант жатыр. Жазушының 70 жылдық тойы Тараздың 2000 жылдығымен қатар келіп отыр. Мұны бекер айтып отырған жоқпын, Шерағаң жазушы ретінде де, қайраткер ретінде де ой-санасымен де, жекелеген ісімен де қаланың, өңіріміздің гүлденуіне, өсуіне, еңбеккерлерінің рухани жағынан бай болуына үнемі күш салып келе жатқанын тараздықтар жақсы біледі. Оған бір мысал, қаланың орталық Төле би көшесінің бойынан арнайы өз қамқорлығымен Ш. Мұртаза деген тараздықтардың жиі баратын кітап дүкенінің ашылуы. Бұл біз үшін үлкен қуаныш десек, артық болмас.

Бұл жасқа жазушы үлкен қаламгер, прозашы, публицист, аудармашы, ірі қоғам қайраткері, халықтың жанашыры, жоқтаушысы болып келіп отыр. Ш. Мұртаза әлі де ізденіс үстінде. Болдым, толдым деп отырған жағдайы жоқ. Әлі де туған халқының рухани қажетін етей

беруге қам жасау үстінде. Біз қашанда жазушының сол мақсаттарына жете беруіне тілектеспіз.

«Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіздер, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер», деген екен Қаныш Сәтпаев.

Жазушы да осындай жеңіске жетті.

Шерағанның ел, халық үшін атқарған еңбегін, 70 жасқа толған мерейтойы қарсаңында мақтанышпен айтсақ, жас ұрпақ тәлім-тәрбие алар өнегелі іс болады-ау деп ойлаймын.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шалғайдан сәлем жолдаймын. Қазақтың Шерағасы. 3-кітап. –Тараз, 2012.
2. Ш.Мұртаза. Жеті томдық шығармалар жинағы. 6-том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005
3. Мұртазаев Ш. Не жетпейді? Алматы., Жазушы, 1990.
4. Ергөбек Қ. Баян ғұмыр. Алматы, «Жазушы» 1991.
5. Қалдыбаев М. Атақ пен шатақ. Алматы, 2004 ж.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, «Санат» 2002 ж.
7. Модзалевский Б.Л. Предисловие к книге Пушкин. Письма. т. I, М. - Л., 1926.

ӘОЖ 378.02

## **ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҚАРАМА-ҚАРЫЛЫҚТЫҢ ЛОГИКО-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Халыкова Н. филология  
ғылымдарының кандидаты  
Алимбекова Л.Б. магистрант  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйе ұғымы ғылымның түрлі салаларында қолданыла бастады. Бұған Ч.Дарвиннің даму теориясы, қатысымдылық теориясы, кванттық физика, құрылымдық лингвистика және т.б. қалыптасуы бастама болды. Бұлар жүйе ұғымының нақты анықтамасын құрып, оны талдау тәсілдерін анықтау міндетін қойды. Бұл бағыттағы қарқынды зерттеулер XX ғасырдың 50-60 жылдары қолға алынды. «Жалпы жүйелер теориясы» бағдарламасын алғашқы болып биолог Л.фон Бергаланфи жасаса, 50-60 жылдары кибернетиканың дамуына байланысты жалпы жүйелік концепциялар ұсынылып, жүйе ұғымына анықтамалар беріле бастады.

Жүйелілік ұстанымы нақты ғылымдардан алынған табиғат туралы білімдерді жинақтауға ұмтылған натуралистік философия шеңберінде қалыптасты. Ғалымдар пәндік білімдер қарапайым, орташа болып келетіндігін айтып, «одан күрделі, жүйелі білімге көшу» қажеттігін, сонда ғана пәннің кең жүйенің құрамында қарастырылатындығын дәлелдеді [1, 3-9; 2, 613].

Барлық жаратылыстану ғылымдарының әдіснамалық базасы жүйелілік тәсілі болып табылады. Ол зерттеуді объекті мен оның механизмдерінің тұтастығын ашуға, күрделі объектілердің көпқырлы байланыс түрлерін, олардың тұтас теориялық бейнесін анықтауға бағыттайды. Жүйелілік тәсіл қызметі құрылымдық сипатқа ие және зерттеу пәнінің жетімсіздігін, жаңа ғылыми міндеттерге сәйкессіздігін табу, сондай-ақ, білімді түсіндіру мен құруда қолданылып отырылған ұстанымдар мен тәсілдердің жетіспейтіндігін анықтау болып табылады [3, 613].

Философия ғылымы жүйе мен ортаның тұтастық, құрылымдылық, иерархиялық, өзара тәуелділік сияқты жалпы жүйелік ұстанымдарын алға тартады. Аталған алғашқы үш ұстаным жүйе және құрылым терминдерінің аражігін ажыратуда маңызды. Тұтастық – әрбір элементтің, қасиет пен жүйе қатынасының бүтін ішіндегі орны мен қызметі

және т.б. тәуелділігі. Құрылымдылық жүйені оның құрылымы, яғни жүйенің байланыстар желісі мен қатынастары, тұрғысынан

сипаттауға мүмкіндік тудырады. Иерархиялық жүйенің әрбір құрылымдық бөлшегі жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін, бұл жағдайда зерттеліп отырылған жүйе одан да кең жүйе бөлшегі болып табылады. Иерархиялық, көпдәрежелік, құрылымдылық құрылым,

жүйе морфологиясы қасиеті ғана емес, оның мінез-құлқы да: жүйенің жекелеген дәрежелері мінез-құлықтың кейбір аспектілеріне негізделеді, ал тұтас қызмет оның барлық қыры мен дәрежелерінің өзара әсер нәтижесі болып табылады [4,610].

Философияның теориялық қағидаларын тілдік қырынан қарау арқылы тіл мақсатқа бағытталған, өзгермелі, кеңейтілген жүйе деген қорытындыға келеміз.

Тілдің түрлі жүйелік-құрылымдық құрылымдардағы орнын В.М. Солнцев жан-жақты айқындаған.

Н.Б. Мечковская тілді күрделі динамикалы жүйе ретінде айқындайды.

Автор тілдің келесі белгілерін көрсетеді:

Тілдің өзгермелілігі –тілдің ішкі табиғатын ашатын қасиет.

Тілдік жүйе бейімделгіш, ол бір жағынан, жүйенің ашық сипатын білдірсе, екінші жағынан болуы мүмкін өзгерістерді адамның психофизиологиялық мүмкіндіктеріне қарай шектеу шекарасын белгілейді.

Тілдік жүйе өзін-өзі реттеуге қабілетті: жүйенің бір бөлігіндегі өзгерістер басқа ішкі жүйедегі өзгеріске себеп болады.

«Тілді күрделі динамикалы жүйе ретінде тану тілді жүйелі ұйымдастыру сипатындағы терең тілдік өзгерістер алдына үңілуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл жалпы тілдің даму үрдістерін анықтауға жол ашады. Ол үрдістер, біріншіден, адамның қатысымдық және танымдық қызметтерінің өзгермелі шарттарына тілдік жүйенің бейімделуінен, екіншіден, тілдік жүйенің тілдің кейбір ішкі жүйесі мен дәрежелеріндегі корреляциялық өзгерістер арқылы өзін-өзі реттеуінен көрінеді [5, 194-195].

Структурализм тілдік жүйені субъектіден тіл құрылымының белгілер жүйесі ретіндегі санасыз, жасырын, терең механизмдерін барынша ғылыми объективті зерттеу мақсатында әдейі бөліп қарады. Бірақ, кез-келген тілдік талдауды ойлау, сөйлеу қызметіне ие шынайы субъекті адамсыз жүргізу ақылға сыйымсыз. Зерттеушілер тек кейбір тілдік ұжымдардың ерекшеліктерін ғана емес, одан да кең тілдік жүйеге енетін «тіл қолданушысының жеке концептілік жүйесін» де [6, 4] қарастырады.

Тіл – өзгермелі, кеңейтілген жүйе. Ал, жүйе дегеніміз өзара байланысты бірліктердің жиынтығы. Лексикалық жүйе синонимия, антонимия, полисемия және т.б. бірліктерден тұрады. Лексикалық жүйені тану үшін оның құрамдас бөліктерін бірлікте қарастыру керек, ол үшін әрқайсысының табиғатын, бүтін ішіндегі орнын айқындау маңызды. Жұмыс лексикалық жүйенің басты бірліктерінің бірі антонимия құбылысының жекелік ерекшеліктері мен тілде атқаратын қызметтерін саралау, оны жоғарыдан кейінгі білім беруде оқыту әдістемесін жасау мақсатында жасалды.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесінде антонимия теориясы жана даму кезеңін өткеруде. XX ғасырдың 50-90-жылдарында 50 жылдай құрылымдық бағытта зерттеліп келген антонимия құбылысы кейінгі зерттеулерде жұмсалымдық қырынан қарастырыла бастады. Қазіргі тіл білімінде танымдық ұстанымдар тұрақты орнығып жатыр. Сондықтан да, көптеген ғалымдарымыз табиғат пен қоғамдағы қарама-қайшылықты концепт тұрғысынан қарауға бет бұрды. Ұлттық тіл біртекті емес. Алуан тілдік қатынас жағдаятында түрлі тілдік құралдар қолданылады. Адамның сөзіне қарап өзі туралы да білуге болады. Өзің туралы жағымды әсер қалдыру үшін әдеби тіл нормаларын білу, тілдік құралдарды қарым-қатынас жағдайы мен мақсатына сай, орынды стильде қолдану қажет. Тілдік бірліктерді ұтымды қолдана білу оның жұмсалымдық қызметін терең білу арқылы мүмкін болады. Шындықты философиялық таным, тілдік сипат, объективті және субъективті шындықты психологиялық таным, психологиялық әсер, эмоциялық бағалау мен көркем салыстыру қызметтері, оқиғаны баяндау қарама-қарсылық мәнді стильдік фигуралардың қызметі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гвишиани Д.М. Диалектико-материалистический фундамент системных исследований // Философские аспекты системных исследований.

Труды философского (методологического) семинара. – Москва: ВНИИСИ, 1980. – С. 3-9.

2. Блауберг И.В., Юдин Э.Г. Системный подход // Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – С. 613.

3. Арнольд И.В., Буга Н.Н. Вопросы теории системных отношений в лексике и ее межсистемные связи // Арнольд И.В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность: Сб. статей. – Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 1999. – С. 67-77.

4. Садовский В.Н. Система//Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – С.610-611.

5. Общее языкознание: Сущность и история языка: Уч. Пособие / Н.Б. Мечковская, А. Плотников, А.Е. Супрун; Под общ. ред. А.Е. Супруна. – 2-е изд., перераб. и доп. – Минск: Высшая школа, 1993. – 287 с.

6. Грецкий М.Н. Структурализм // Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – с. 657-658.

8. учебное пособие к спецкурсу. – Санкт-Петербург: Образование, 1994. – 86 с.

ӘОЖ 821.13.14

## **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ**

*Боранбаева А.*

*PhD доктор*

*Айшева М.М. магистрант*

*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазақ тіл білімінде, түркітануда фразеологизмдердің ортақ мәселелері мен ерекшеліктері жан-жақты зерттелмеген.

Басқаша айтқанда, тәуелсіз ғылыми зерттеуге жатпайтын көптеген фразеологиялық тізбектер тек қазіргі сөздіктерде қолданылады, ал осы тақырыпта жазылған мақалалар тек материалдың сипаттамалық санаты үшін қолданылады. Түркология ғылымында елеулі орын алатын көне сөздіктерде де фразеологизм-нің түрлері әлдеқайда аз кездеседі. ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу басталды. Фразеологиялық оралымдар – тілдің ажырамас бір бөлігі. Сөзбен салыстырғанда, фразеологизмдердің құрылысында, тұрақтылығында, формасында, семантикасында өзіндік ерекшеліктер бар. Фразеологиялық оралымдарды талдамас бұрын "фразеология" сөзінің мәнін анықтап алуымыз



керек. Фразеологизм, фразеологиялық оралым, сөйлеу айналымы - сөздердің тұрақты тіркесімі.

Фразеологизмді (немесе идиоманы) сөзбе-сөз аудару мүмкін болмағандықтан (мағынасын жоғалтады), түсіну қиындықтары жиі туындайды [1]. Қазақ тілінде сөзімізге әсемдік, көркемдік, эмоционалдылық пен экспрессивтік мән беретін фразеологиялық оралымдардың түрлері көп. Тілдің бай қазынасы болып табылатын фразеологизмдер мақал-мәтелдер секілді жоғары бағаға ие болады. Сондықтан тілдегі түрлі тізбектерді зерттеу, фразеологиялық оралымдардың мағынасын түсіндіру аса маңызды. Фразеологизмдердің көпшілігі адамның эмоциясымен байланысты болып келеді. Олардың біршамасы эмоционалдык көңіл-күйді білдіреді. Контексте фразеологизмдердің эмоционалдык реңкі айқындала түседі. Жалпыхалықтық тілдегі тұрақты тіркестер қазақ әдеби тілінің ауызша формасын қалыптастыруға негіз болған.

Фразеологизмдерге тұрақтылық пен тұтастық тән. Олардың құрамындағы сөздердің орын тәртібін өзгерту мүмкін емес. Фразеологизмдерді дұрыс қолдану үшін оның мағынасын білу аса қажет.

Фразеологиялық бірліктердің арқасында сөйлеу жарқын эмоционалды бояуға ие болады. Фразеологизмдердің бай қорын ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде тануымызға болады. Қазақ шешендері фразеологиялық оралымдарды қолданып, өз ойларын шебер жеткізе білген. Бүгінгі таңда, өкінішке орай, шешен сөйлеу тым тапшы болды, эмоционалдылық, сезімталдық жетіспейді, өйткені онда мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер жоқ. Көбінесе ойларды білдіру кезінде тұрақты сөз тіркестерін орынсыз қолдану байқалады. Тіліміздегі фразеологизмдердің де жеке сөздер секілді диалектілік варианттары бар. Кейде адамдар фразеологиялық оралымдарға тән әдеби норманы бұзып қолданады. Бұған себеп – отбасылық құндылықтар мен қарым-қатынас, сөйлеу мәдениетінің жеткіліксіздігі. Тіл өмірдің барлық саласына ұлттық сапаны тарату қасиетіне ие. Бұл қасиет фразеологизмдерде айқын көрінеді. Сөздік қорды зерттейтін тіл ғылымының лексикология саласы болып табылады. Лексикологияның фразеология саласы тілдегі фразеологиялық оралымдарды зерттейді. Бұл саланы ғылыми тұрғыдан зерттеу І. Кеңесбаев еңбегінен бастау алады. Әр тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Фразеология бұрын тек лексикология тұрғысынан зерттелсе, кейін келе оның зерттеу аясы кеңейді [2]. Фразеологиялық бірліктерге тән тұтастық, тұрақтылық және бірлік оны басқа лексикалық бірліктерден ажыратып тұрады. Тілдің ең кішкентай единицасы фонема болса, ең ірі единицасы сөйлем. Сөйлемдер де бір-бірінен құрылымы, көлемі, тұрақтылығы, құрамындағы бөлшектердің бірлігімен ерекшеленеді.

Фразеологизмдер – тілдің ауызша формасында да, жазбаша формасында да белсенді түрде қолданылатын тілдік бірліктер. Алғашқыда фразеологизмдер адамдардың ауызша сөйлеу формасында пайда болып, қолданысқа енген. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен байланысты тұрақты тіркестер көптеп пайда болды. Біртіндеп өмірдің барлық саласына

еніп, олар бай мазмұнға ие болды. Фразеологизмдерден халықтың өмірі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі айқын көрінеді. Бұл – ұлттық сана мен халықтың дүниетанымның көрінісі. Фразеологизмдер көңіл-күйге байланысты эмоционалды-экспрессивті реңктер мен түрлі тілдік модельдерді білдіреді. Сөйлем құрамында қолданылған фразеологизмдер қолданылу аясына қарай түрлі стильдік ерекшеліктерді көрсетеді және эмоционалды реңк береді. Филология ғылымдарының докторы, профессор І. Кеңесбаев, "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде" былай дейді: "Әрбір сөздің өзі міндетті түрде бейнелі мағынада қолданыла алмайды" [3,12].

Фразеология XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап өз алдына пән болып қалыптасты. Француз ғалымы Ш. Балли, Ресей академигі В. В. Виноградов фразеологиялық теорияның негізін қалады. Қазақ фразеология саласының қалыптасуына үлес қосқан ғалымдар қатарына І. Кеңесбаев, К. Аханов, А.Болғанбайұлы, Г. Қалиев, Ә. Қайдар және т.б. жатқызуға болады. А.Болғанбайұлы, Г. Қалиев "Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы" атты еңбегінде: "Фразеология – лингвистиканың тәуелсіз бөлімі деп айтуға болатын үш белгі бар. Оларға мыналар жатады: осы формада қолдану, өзгеріссіз; мағынаның тұтастығы және комбинацияның тұрақтылығы" – деп көрсетеді. Осы себепті фразеологиялық айналымдардың қалыптасуы – лингвистиканың пайда болуын-дағы өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ халқы бүкіл тарих бойында көршілес тұрған елдермен экономикалық жағынан, мәдениет жағынан байланыста болып келе жатыр. Ол туралы мәліметтер өте көп. Осындай байланыстың негізінде пайда болған фразеологизмдер де баршылық. Олардың біршамасы түрлі әдебиеттердің арқасында, біршамасы экономикаға, саудаға байланысты қалыптасты. Халықтың дәстүрі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерін салыстырып қарайтын болсақ, ортақ фразеологизмдерді табуымызға болады. Мысалы, "Атымтай жомарт" – қолы ашық, жомарт жанға қатысты қолданылады. Атымтай — шығыс фольклорының кейіпкері, ол мейірімділігімен, жомарттығымен ерекшеленеді. Тыңдарманға жағымды әсер қалдырады. Ал "Наушаруандай әділ бол" тұрақты тіркесі – адалдықты, әділдікті талап ететін фразеологизм. Әр түрлі субъективті, ситуациялық контекст аясында фразеологиялық бірліктерді пайдалану олардың мазмұны мен мағынасын жақсартады. Фразеологизмдер жазба әдебиеттің пайда болуымен байланысты көркем әдебиетте де молынан қолданыла бастады. Осының негізінде фольклор мен көркем әдебиет арасында тығыз байланыс пайда болды, зерттеуде жаңа ғылыми бағыттар қолға алынды. Фольклорлық өлеңдер мен әндерде фразеологизмдер өте жиі қолданылған. Фразеологизмдердің көптігі және олардың әр салаға қатысты болып келетіндігі жазушылар үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

С.Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов сынды т.б. көрнекті қазақ жазушылары фольклор негізінде пайда болған фразеологиялық бірліктерді өте ұтымды қолданған.

Тілдегі фразеологизмдердің бірі екінші тілде бар баламасымен аударылып берілетін болса, аударуға келмейтіндері мағыналық жағынан жақын келетін тіркестермен ауысытырылып беріледі. Фразеологизмдер құрамындағы жеке сөздер арқылы тікелей аударуға келмейді.

Фразеология – тіл білімінің негізгі зерттеу нысандарының бірі. Ал стилистика ғылымы үшін фразеологизмдер стильдік ерекшеліктерді білдіретін экспрессивтік құрал болып саналады. Стилистика мен фразеологияға ортақ мәселелер бар. Сондықтан стилистикалық мағына мен фразеологиялық мағынаны ажырата білуіміз керек. Фразеология құрамында сөздің бастапқы тура мағынасы сақталмайды, сөздің жеке тұрғандағы мағынасы фразеологизмнің мағынасына сәйкес келмейді. Сондықтан фразеологизмдерді дұрыс танып, оны тарихи және этимологиялық тұрғыдан дұрыс талдай білу қажет. Фразеологизмдерді зерттеуді қолға алғанда оның құрамындағы сөздердің өзара үйлесімдігін, сондай-ақ мән-мәтіндегі стилистикалық реңкіне де көңіл бөлудің аса маңызды екендігін есте сақтау қажет.

Бастапқыда ғалымдарымыз (К.Аханов) мақал-мәтелдерді де фразеологизмдердің бір түріне жатқызып, оларды «фразеологиялық сөйлемше» деп атады. Алайда бұлар құрылымдық жағынан да, функционалдық жағынан да бір-біріне ұқсамайды. Олардың арасында айырмашылық көп. Фразеологизмдер – тұтас бірлікте қолданылатын тілдік бірліктер, олар қызметі жағынан сөзбен пара-пар. Ал сөйлем – біршама аяқталған ойды білдіретін, коммуникативтік қызмет атқаратын, синтаксистік жағынан мүшеленетін ірі тілдік бірлік. Бірақ фразеологизмдердің мақал-мәтелдермен ұқсастықтары да бар екендігін атап өтуіміз қажет. Екеуі де дайын единицалар. Фразеологиялық оралымдарды орынды қолдану үшін олардың лексика-грамматикалық мағыналары арасындағы байланыс ес-керілуі тиіс.

Қазақта "Тіл –халық жаны" деген мақал бар, бұл аудармада "Тіл — халықтың жаны"дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда жастардың қазақ тілін меңгеру сапасының проблемасы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өскелең ұрпақ қазақ мәдениетінде ежелден жоғары бағаланған шешендік дәстүрлерін сақтап, дамытуы керек. Алайда бүгінгі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті мүлде басқа бағытта дамуда. Кітап оқуды мүлдем тоқтатқан қазіргі жастардың сөйлеу қабілетінің жетіспеушілігі, олардың тілінде фразалардың үзінділерімен сөйлеу әдеті, ойларды ұсынуда экспрессивтіліктің болмауы күн сайын көбірек көрінеді. Бұлай дамуымен біздің әкелеріміз, аталарымыз бен бабаларымыз айтқан ұлттық тіл бүгінде өзінің мәнерлілігін, эмоционалдылығы мен сезімталдығын жоғалтады. Осылайша, бүгінгі таңда фразеологизмдердің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу филологтар мен тіл мамандарының маңызды зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Фразеологизмдер көркем әдебиеттегі қажетті құрал болып табылады, оның көмегімен оқырманның эстетикалық дүниені қабылдау ерекшелігі тәрбиеленеді.

Тілдің көркемдік, поэтика сияқты маңызды қасиеттері фразеологиялық оралымдардың арқасында ашылады. Қазақ фразеологиялық бірліктерін зерделеу кезінде олардың мағынасын жеткізу және түсіндіру үшін аудару қажет болды. Бір тілде бар фразеологизмдердің екінші тілде де баламасы бар. Олардың басым көпшілігінің лексикалық мағынасы бірдей болып келеді. Фразеологизмдер шешендік өнердің бай қоры болып табылады. Фразеологизмдер этностың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің негізінде қалыптасқан. Фразеологизмдер - көркем, бейнелі мәнге ие болған сөздердің тұрақты тіркесімі, әдеби тіл мен сөйлеу мәдениеті байлығының көрсеткіші.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Фразеологизм>.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –А., 1993
3. І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: ҚазАқпарат, 2007. - 356 б. ISBN 9965-654-96-4
4. Қобыланды батыр//Батырлар жыры.1-том, -Алматы: Жазушы, 2006. 256 б.

ОӘЖ: 811.512.

## **ОНОМАСТИКА – ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ**

*Джаскыпбекова М.  
филология ғылымдарының докторы  
Гуламова Л.У. магистрант  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Ономастикалық лингвокультуремалардың ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді. Айтылған мәселенің тілдің құрылымдық жүйесіндегі көріністері мен ұлттық сипаты Т.Жанұзақов, Қ.Рысбергенова т.б. ономаст ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелген.

В.А.Маслова тіл мәдениетпен тығыз байланысты деп санайды: «... мәдениет тіл ішіне енеді, онда дамиды және сол тілдің мәдениетін білдіреді, халық мәдениетін танытушы ғылым саласы» [1, 76 б.].

Мәдениеттің әр түрлі көріністері мен қызметін мәдениеттану зерттейтіндігі белгілі, өйткені лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының түйісу нүктесінен ХХ ғасырдың өз алдына жеке, жаңа бағыт пайда болады, бұл бағыт В.Н.Шаклейн, В.А.Маслова және т.б. ғалымдардың еңбектеріне байланысты «лингвомәдениеттану» деген атауды қолданады.

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатынастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құрал арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Осы тұрғыдан алғанда лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, халықтың танымдық рухани болмысын, мәдениетін таныту.

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл - өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, мәдениет. Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі. Себебі, бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде бір бүтін етіп тұтастырушы. Сондықтан да, қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары өріс алып келе жатыр [2, 251 б.].

Кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвомәдениеттану пәнінің үлесіне тимек.

Бастау көздерін В. фон Гумбольдт, Э.Сепир т.б. идеяларынан алып, соған сәйкес, сабақтас пікірлер мен теориялық қағида сипаттағы ғылыми нышандарының көріністері қазақ тіл білімінің, мәдениеттануының негізін салушы ғалымдардың еңбектерінде де қалыптасқан. Қазақ тіл біліміндегі осы бағыттағы зерттеулердің дамып, жаңа деңгейде жалғасуының өзектілігі зерттеудің тақырыбына сәйкес былайша нақтылауға болады: жүйесі әртүрлі тілдер арасындағы тіларалық салыстырулар қазіргі заманның сипатына сай тілдерді интеграциялық салыстырудың жаңа әдістерін жетілдіре түседі.

Тілдік деректерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыруды ғылыми негіздейтін бұл тараудың зерттеуде мазмұнының ашылуы «тіл мен таным» және «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағиданы басшылыққа алынуымен сипатталады. Атап айтқанда, бұл бағыттағы зерттеулер «тіл мен таным» сабақтастығын сипаттайды. Себебі, бұл тілдік деректерді сол тілде сөйлеуші

халықтың әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік тәжірибесіне негізделіп, мәдени-танымдық деңгейіне сай қалыптасқан вербалды-ассоциативті категория ретінде қарауға болады. «Тіл мен ұлт біртұтас». Бұл қағида ежелгі мәдениет көріністері, әртүрлі салт-дәстүрлердің тіл арқылы сақталып жетуі ұлтты тұтастырушы, жалғастырушы қызметімен дәлелденіп анықталады.

Тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие. Осымен байланысты лингвистикалық реконструкция мәдени реконструкциямен сабақтасады. Ежелгі дәуір адамдарының әр түрлі әлеуметтік — тарихи кезеңдердегі өкілдердің айналадағы алуан түрлі сыры туралы мифтік бағам-пайымын, наным-сенімін көрсететін тіл деректері, кейбір көне этномәдени сөз қолданыстары бүгінгі заманға халқымыздың бай ауыз әдебиеті, ескіліктері, көркем әдебиет мәтіндеріндегі ұлттық-мәдени компоненттері т.б. шығармашылық көздері арқылы келіп жетті [3, 76 б.].

Бұл тұрғыда Е.Ә.Керімбаев былай деп жазады: «Жалқы есімдерінің ұлттық мәдени ерекшеліктерін зерттеу қазақ тілінің ономастикалық жүйесін зерттеуде мәдениеттанымдық аспектіні пайдалануды қарастырады. Қазақ тілі онимдерінің генезисіне, қалыптасуы мен дамуына қазақ халқының этномәдени өмірі шешуші мәнде әсер етеді. Халықтың этномәдени тарихи фактілерінің тұтас бір жиынтығы қазақ онимдерінің түрлі тақырыптық топтарының пайда болуы мен қызмет атқаруының негізі мен себебі болып табылады. Этностың материалдық және рухани өмірі қазақ тілінің этностық болмысымен өзара байланысты, этностық тұрғыдан өзіндік таңбаға ие болған онимиялық бірліктер өзіндік бейнеге ие болды» [4, 28 б.].

Сондықтан, көне тілдік деректер халқымыздың ұзақ этномәдени даму жолын, материалдық және рухани құндылықтарын, түп-тамырын неғұрлым тереңірек танудың бір құралы, маңызды таным тетігі ретінде зерттеледі. Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады.

Бірақ этностың көне дәуіріндегі тарихынан, мәдени өмірінен хабардар ететін этнографизмдер – тілімізде мағынасы ұмыт болған немесе сөздер мен сөз тіркестері олардың сырын ашуды, танытуды қажет етеді. Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтанышпен жеткізу – ана тіліміздің бай ырысын танытудың бір жолы [5, 107 б.]. Тақырыптың мақсатына сай нәтижеге жеткізуге көмектесетін тілді зерттеудің тиімді саласы — этнолингвистика. Ол — адамзат қауымының этностық деңгейдегі балаң, бастау тұсындағы тек-тамырын, мекен-жайын, өмір тәжірибесін, салт-санасын, кәсібін, жеке этностық топтардың алғашқы анайылық қалпындағы дүниетанымын, мифтік танымын, киімін, ішкен тамағын т.б. яғни мәдениетін тілі арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы. [6, 45 б.]. Себебі жоғарыда атап көрсетілген жайлардың бәрі адамдардың бастапқы ұғым-түсінігіндегі өзіндік «әлем үлгісі» («модель мира») ретінде тек тілде таңбаланып отырған. Міне, осылайша анықталатын

қазақ лексикасындағы лингвокультуремалар ретіндегі этнографизмдер осындай ырысты байлықтың бір көзін құрайды.

Қазақ тіл білімінде қазақ этносының таным-парасатын, дүниетанымы мен мәдениетін тіл арқылы тану – ең маңызды мәселелердің бірі. Соған сәйкес зерттеудің нәтижелері мен түйіндері когнитивтік, прагматикалық, этнолингвистикалардың ғылыми негіздерін жасайды. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері лексикология, этимология, семасиология т.б. салаларында теориялық тұрғыдан толықтыра түседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. Учебное пособие. Москва: Искусство, 2001, С. 76.
2. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). Москва, РУДН, 1997. – С. 251
3. Снасапова Г. Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол. ғылым. канд. дисс. –Алматы, 2003. –8-18 бб.
4. Е.А. Керімбаев Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах. – Алматы:Санат, 1995. – С. 28.
5. Махмұтова А. Эпиграфиялық мұраларды зерттеу тарихынан. Алматы,1971. –34 б.
6. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы. 1997. С.45

ӘОЖ 373.016

### **ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ СИНТАКСИС МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ**

*Джакыпбекова М.  
филология ғылымдарының кандидаты  
Данайқызы Нурила магистрант  
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазақ тіл білімінің синтаксис саласының қалыптасуы мен дамуында өзіндік із қалдырған ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақтың ұлттық ғылым тілінің қалыптасып, дамуы туралы сөз қозғасақ, бірден А.Байтұрсынұлы ойымызға оралады. Төл тілтануымызда синтаксистік ізденістер ғалымның 1925 жылы Қызылордада басылып шыққан «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» деп аталатын кітабынан басталады [1]. Кітап екі бөлімнен: сөйлем мүшелері және сөйлем түрлерінен тұрады. Еңбекте ғалым тіл білімінің

синтаксис саласының теориялық мәселелерімен қоса, оны меңгерту жолдарын да қарастырған. Қазіргі қазақ тіл білімінің синтаксис саласындағы жетістіктер мен жаңалықтар А.Байтұрсынұлының идеяларынан бастау алатыны зерттеушілер тарапынан айтылып та, жазылып та жүр.

Ахмет Байтұрсынұлы сөйлемдер арасында ішкі және тысқы жақындық болатынын, ішкі жақындықтың мағына жағынан болатынын және тек мағына жағынан жақын болатын сөйлемдерді іргелес деп атайды. Ғалым сөйлем мүшелерін талдап көрсетуде сұрақ-жауап әдісін өте ұтымды қолданған. Тілші сөйлем мүшелерін оның ішкі және сыртқы белгілеріне қарап табуға үйрете отырып, оны нақты мысалдармен дәйектеп түсіндіреді. «1-сөйлем: Қой үрікті. Не үрікті? – қой. Бастауыш қой деген сөз болып шықты. Үрікті деген сөз қойдың не істегенін – амалын көрсетіп тұр. ...

Енді тысқы белгісімен тауып көрейік. Баяндауыштың тысқы белгісі – «не етпек?», «не қылмақ?», «қайтпек?», «не болмақ?», «нешік?», «немене?» ... негізді сұрауларға жауап беру. Сондықтан бұл негізді сұраулар баяндауыш сұраулары деп аталады», – дей келіп, әрбір сөйлемге жан-жақты талдау жасайды [2, б.270]. Ғалымның «Жұмыс», «Сұрау», «Жауап», «Көшіру», «Сөз туғызу», «Жауап жазу», «Айтқаннан жазу» (жат жазу), «Құрастыру», «Жаттау», «Жалғаулау», «Нұсқа» және т.б. айдарлармен берген тапсырма жұмыстары оқушыға тілді жан-жақты әрі терең меңгертуге баса мән бергенін байқатады. Ғалым ұсынған бұл тапсырмалардың қазіргі таңда оқушының логикалық ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалармен үндесіп жатқанын байқауға болады. Тілші қолданған бұл тапсырмалар жаңартылған мазмұнындағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тілдік мақсаттармен сабақтасып жатыр. Өйткені аталған тапсырмалар баланың тыңдау, айту, оқу, жазу дағдыларын жетілдіруді көздеген. Сонымен қатар қазақ тіл білімі тарихында мәтін синтаксисіне қатысты күрделі синтаксистік тұтастық туралы алғаш пікір айтқан ғалым екенін пайымдаймыз.

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің ішкі және тысқы байланыстарын кең түрде талдап көрсетпесе де, құрмалас сөйлемдердің екі және одан да көп сөйлемдерден құралатындығы, олардың арасында мағыналық жақындық пен сыртқы тұлғалық байланыстардың болуы сияқты белгілерін атап көрсетуімен құнды [3, б.297].

Құдайберген Жұбанов синтаксисті «құрастыру, құрылыс» деп атап, бірнеше сөзден тұратын сөйлемдер құрамындағы сөздердің бір-бірімен қиындасып тұратынын, қиынын келтірмей құрастырған сөйлем сөз болмай не айтайын деген сөзің болмай, басқа бірдеме болып шығатынын, сөз қиыны дұрыс болуы үшін әр сөзді өз орнына қою керектігін, сөздің орны ауысса қиыны кететін, сондай-ақ, бір сөзді екінші сөзге байлап беретін жалғаулар болатынын әрі оларды дұрыс жалғау керектігін айтады [4, б.158].

Құдайберген Жұбанов сөйлем бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралатынын, бір сөзді сөйлемнің болуы сирек, сөйлемде көбінесе бірнеше сөз болатынын айтады. Сөйлемді адамның дене мүшелері арқылы сипаттайды. Бір сөзді сөйлемде басы, қол-аяғы сияқты бөлек-бөлек мүшелері



болмайтынын, көп сөзді сөйлем – басы, кеудесі, қолы, аяғы бар дене сияқты екендігін, әр сөздің тұтас бір дененің мүшелері сияқтанып, әрқайсысы бір бөлшегін көрсететіндігін,

«көп сөзді сөйлемнің осындай түгел ойдың бір бөлшегін білдіретін әр сөзін сөйлем мүшесі дейміз», - деп тұжырымдайды [5, б.48].

Ғалым Сейіл Жиенбаев та синтаксистік категориялар ішінде толықтауыш пен пысықтауышты айыру, оңашаланған мүшелер мен үйірлі мүшелер, сөз тіркестері, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластарды таптастыру жайлы құнды тұжырымдар айтты.

Ғалым бастауыш пен баяндауышты «бас мүше» деп, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты «тұрлаусыз мүше» деп атайды. Қазақ тілінің алғашқы оқулықтарында септік жалғаулы сөздерді түгелдей толықтауышқа, «қайда?», «қайдан?» сұрақтарына жауап беретін сөздерді пысықтауышқа жатқызған болатын. Сондай-ақ қайда, қайдан сұрағына жауап беретін сөздер жалғаусыз болса ғана пысықтауыш деп есептелген. Осы орайда С.Жиенбаев сөздердің септік жалғауында келуіне байланысты мағыналық өзгеріске ұшырап отыратындығына назар аударып, сырттай қарағанда екі сұраққа да жауап беретін (Сүтті шелекке құйды - неге? немесе қайда?) сөздерді талдағанда пысықтауышқа көбірек орын берген дұрыс деп есептеп, ол ойын: «тіпті жатыс, шығыс, барыс жалғаулы сөздердің көпшілігін пысықтауышқа жатқызғанның өзінде, толықтауыштың үлесі кем болмайды. Бүкіл табыс жалғаулы солайымен, туралы, жайында шылауларымен келетін сөздер де толықтауыш болады» [6, б.14], - деп дәлелдейді. Әрине, бұл жерде ғалымның пікірі табыс септігінде келетін тура толықтауыш пен көмектес септігінен басқа тұлғада келетін жанама толықтауыш туралы екені белгілі.

С.Жиенбаев оңашаланған мүше терминін енгізіп, оңашаланған мүшелер мәселесін дұрыс қарастырып, олардың табиғатын орынды айырып, оңашаланған мүшелердің белгілерін айқындап берді.

Ғалым ұсынған «оңашаланған мүше» термині қазақ тіл білімінде «қосалқы анықтауыш», одан кейін «айқындауыш мүше» деп аталып қолданылса, қазіргі таңда оңашаланған мүшелер айқындауыштың бір түрі ретінде «оңашаланған айқындауыш» деп аталып келеді [7, б.359]. Сондай-ақ ғалымның оңашаланған мүшелер жайындағы алғаш ұсынған пікірлері кейінгі зерттеушілерге салиқалы ой салып, негіз болғаны сөзсіз.

